

Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру, инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық және қаржылық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін түзету, іріктеу, іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2025 жылғы 28 маусымдағы № 59 бұйрығы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 148-бабының 9-тармағына, 149-бабының 9-тармағына, 150-бабының 1-тармағына, 152-бабының 6-тармағына, 153-бабының 3-тармағына, 155-бабының 1) және 2) тармақшаларына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру, инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық және қаржылық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін түзету, іріктеу, іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Экономика салаларын дамыту және инвестициялық жобаларды мониторингтеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсына орналастыру үшін жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар жөніндегі
агенттігінің Ұлттық
статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру, инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық және қаржылық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін түзету, іріктеу, іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру, инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық және қаржылық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін түзету, іріктеу, іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 148-бабының 9-тармағына, 149-бабының 9-тармағына, 150-бабының 1-тармағына, 152-бабының 6-тармағына, 153-бабының 3-тармағына, 155-бабының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес әзірленді және мемлекеттік инвестициялық жобаларды (бұдан әрі – МИЖ) жоспарлау және іске асыру, инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық және қаржылық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау, МИЖ портфелін қалыптастыру, сондай-ақ бекітілген (нақтыланған) параметрлерді түзету, МИЖ іріктеу, мониторингтеу және іске асырылуын бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Арнаулы мемлекеттік қор – Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық жобаларын, сондай-ақ уәкілетті органның заңсыз алынған активтерді қайтару жөніндегі шығыстарын қаржыландыру мақсатында түсімдерді есепке жатқызу және ақшаны жұмсау үшін Кодеске сәйкес мемлекеттік қазынашылықта ашылған қолма-қол ақшаны бақылау шоты;

2) аса маңызды объектілер – қызметінің авариялық тоқтатылуы жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соғуы мүмкін объектілер, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада экономикалық өсу орталықтарының әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін жалпымемлекеттік инфрақұрылымдық объектілер;

3) бағалау (экономикалық сараптама барысында) – мемлекеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық немесе қаржылық-экономикалық негіздемесінде ұсынылған ақпаратты сипаттайтын қорытындылар;

4) бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі (бұдан әрі – ББӘ) – Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзіне жүктелген функцияларға, өкілеттіктерге және құзыреттерге сәйкес айқындалатын, бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты мемлекеттік орган;

5) бюджеттік инвестициялар – бюджеттік инвестициялық жобаларды, бюджеттік инвестицияларды іске асыруға, дербес білім беру ұйымдарының инвестициялық шығындарына, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарына мемлекеттің қатысуына бағытталған республикалық немесе жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат;

6) бюджеттік инвестицияларды қаржыландыру көздері – республикалық және/немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты, оның ішінде қарыз қаражаты, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды іске асыруға бағытталған Арнаулы мемлекеттік қордың қаражаты;

7) бюджеттік инвестицияларды іске асырудан түсетін экономикалық тиімділік – бюджеттік инвестицияларды іске асырудан күтілетін, экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеуде көрсетілген тікелей және жанама экономикалық тиімділік көрсеткіштері;

8) бюджеттік инвестициялардың нәтижелілігі - заңды тұлғаның жарғылық капиталын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту арқылы бюджеттік инвестициялардың экономикалық және қаржылық тиімділігі есептерімен расталған дәлелдемелердің болуы, сондай-ақ нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу мүмкіндігі, тиімділік және сапа көрсеткіштерінің болуы;

9) бюджеттік инвестициялардың орындылығы – заңды тұлғаның жарғылық капиталын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту арқылы бюджеттік инвестицияларды жүзеге асырудың және бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асырудың

экономикалық орындылығының, олардың ел экономикасына ықпалының негіздемесі және жобаның облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму және (немесе) іс-шаралар жоспарларын қоса алғанда, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының ережелеріне сәйкес келуі;

10) бюджеттік инвестициялық жоба (бұдан әрі – БИЖ) – жаңа объектілерді құруға (салуға) не жұмыс істеп тұрғандарын реконструкциялауға, сондай-ақ ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын және аяқталған сипаттағы іс-шаралар жиынтығы;

11) бюджеттік инвестициялық жоба бойынша экономикалық қорытынды – бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне экономикалық сараптаманың қорытындысы негізінде дайындалған, бюджеттік инвестициялық жобаны іске асырудың экономикалық орындылығы, оның ел экономикасына әсері және Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігі тұрғысынан бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның қорытындысы;

12) бюджеттік инвестициялық жобалардың мониторингі – бюджет қаражаты бөлінген кезден бастап пайдалануға берілген кезге дейін жаңа объектілерді құру (салу), жұмыс істеп тұрғандарын реконструкциялау барысы туралы ақпаратты жүйелі әрі тұрақты түрде жинау және талдау жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

13) бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын бағалау – жоба мақсаттарына қол жеткізу дәрежесін және объектіні пайдалануға берген кезден бастап жоспарланған кезге нақты алынған нәтижелерге сәйкестігін анықтау жөніндегі шаралар жиынтығы;

14) бюджеттік инвестициялық жобаны әзірлеуге немесе түзетуге арналған техникалық тапсырма – бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптарды, оның әлеуетті әзірлеушісіне қойылатын біліктілік талаптарын айқындайтын, сондай-ақ бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету жөніндегі жұмыстардың мерзімдері мен көлемін регламенттейтін құжат;

15) бюджеттік инвестициялық жобаның жүзеге асырылуы – жоба нәтижелері көрсеткіштерінің қолжетімділігі;

16) бюджеттік инвестициялық жобаны ресурстық және инфрақұрылымдық қамтамасыз ету – жобаның ресурстық және инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуіне қажеттіліктің жоспарланған және қол жеткізілген деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер;

17) бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің экономикалық сараптамасы – салалық сараптаманың қорытындысы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін басқа да сараптамалардың

қорытындылары негізінде жүргізілетін, жобаның жүзеге асырылуын және тиімділігін айқындау тұрғысынан техникалық-экономикалық негіздемеде ұсынылған ақпаратты кешенді бағалау;

18) бюджеттік инвестициялық жобаның тиімділігі – бюджет қаражатының сұралған көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының азырақ көлемін пайдалана отырып, жобаның мақсаттарына қол жеткізу немесе жобаны іске асырудан оң экономикалық нәтиже алу;

19) бюджеттік кредиттеу – бюджеттік кредитті беру, пайдалану, қызмет көрсету және өтеу туралы шешім қабылдау рәсімдерін қамтитын процесс;

20) бюджеттік кредит есебінен іске асырылатын іс-шаралардың өзін-өзі ақтауы – есептеулермен расталған дәлелдемелердің, бюджеттік кредиттің қайтарымдылығының және жобаның қаржылық тиімділігінің болуы;

21) Гант диаграммасы – уақыт шегінде жобаның жоспары мен жұмыс графигінің дәйектілігін және ұзақтығын графикалық көрсетуді бейнелеу үшін пайдаланылатын диаграмма;

22) дербес білім беру ұйымдары – құқықтық мәртебесі мен қызметінің ерекше құқықтық режимі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым;

23) жанама пайдалар (әсерлер) – жобаны іске асырумен және (немесе) оның нәтижелерімен жанама байланысты субъектілер, халық, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушілер және үшінші тұлғалар алушылар болып табылатын пайданың сандық көрсеткіші;

24) жанама шығындар – жобаны іске асырумен және (немесе) оның нәтижелерімен жанама байланысты субъектілерге, халыққа, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушілерге және үшінші тұлғаларға кері әсерін тигізетін шығындардың сандық көрсеткіші;

25) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың мониторингі – бастапқы жарғылық капиталды қалыптастыру, аталған іс-шаралар түпкілікті жүзеге асырылғанға дейін заңды тұлғалардың акциялар пакетін (қатысу үлесін) сатып алу арқылы, республикалық немесе жергілікті бюджеттен тартылған заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың ақпаратын тұрақты және жүйелі түрде жинау, іске асырылуын есепке алу және талдау жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

26) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды бағалау – іс-шаралар аяқталған соң үш жылдан кейін инвестициядан кейінгі кезеңде жүргізілетін, мақсаттарға қол жеткізу дәрежесін және іс жүзінде алынған нәтижелердің жоспарланған нәтижелерге сәйкестігін анықтау жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

27) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесінің экономикалық сараптамасы – салалық сараптама қорытындысының және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес талап етілетін басқа да сараптамалардың қорытындылары негізінде жүргізілетін, іс-шаралардың негізділік пен нәтижелілік өлшемшарттарына сәйкес келуі тұрғысынан қаржылық-экономикалық негіздемеде берілген ақпаратты кешенді бағалау;

28) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар бойынша экономикалық қорытынды – заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесіне экономикалық сараптаманың қорытындысы негізінде дайындалған бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бюджеттік инвестицияларды жүзеге асырудың экономикалық орындылығы, олардың ел экономикасына әсері және Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігі тұрғысынан қорытындысы;

29) заңды тұлғаның даму мақсаттары – шаруашылық қызметтің ағымдағы шығындарын жабуды және ағымдағы шығыстарды қаржыландыруды көздемейтін, саланы дамытуға, саладағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға бағытталған іс-шараларды іске асыру;

30) заңды тұлғаның жарғылық капиталын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту арқылы бюджеттік инвестицияларды алушы (бұдан әрі – Алушы) – жарғылық капиталды ұлғайту немесе қалыптастыру үшін қаражаттың түпкілікті алушысы болып табылатын, іс-шараларды бюджеттік инвестициялар есебінен іске асыратын заңды тұлға;

31) заңды тұлғаның жарғылық капиталын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту арқылы бюджеттік инвестициялардың негізділігі – іс-шараларды іске асыруға арналған қаржыландыру көлемінің, сондай-ақ іс-шараларды меншікті және қарыз қаражаты есебінен қаржыландырудың мүмкін болмауының құжаттармен және есептемелермен расталған дәлелдемелерінің болуы;

Ұлттық басқарушы холдингтің және (немесе) оның еншілес және (немесе) тәуелді акционерлік қоғамдарының жарғылық капиталын ұлғайту арқылы іске асырылуы жоспарланған бюджеттік инвестициялар бойынша экономиканың басым секторларында жобаларды іске асыру үшін бюджеттік инвестициялардың сомасынан кем емес сомаға нарықтық қорландыру жолымен бірлесіп қаржыландыру тартылған жағдайда іс-шараларды баламалы көздер есебінен қаржыландыру мүмкін еместігі туралы дәлелдемелердің болуы талап етілмейді;

32) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес қарыздар есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобаның

техникалық-экономикалық негіздемесі (бұдан әрі – инвестициялық жобаның ТЭН-і) – инвестициялық жобаның маркетингтік, техникалық-технологиялық, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық зерттеулерінің нәтижелерін, сондай-ақ іске асырылуының тиімділігін негіздейтін қаржылық шешімдерді, инвестициялық жобаның тәуекелдерін бағалау және оларды азайту бойынша, сондай-ақ жобаны іске асыру кезінде тұтастай экономиканың және саланың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері бойынша шешімдерді қамтитын жобалау алдындағы құжаттама;

33) инвестициялық жоба ТЭН-інің экономикалық сараптамасы – жобаны іске асырудың тиімділігін анықтауға мүмкіндік беретін инвестициялық жобаның ТЭН-інде келтірілген экономикалық және қаржылық талдауды бағалау;

34) инвестициялық ұсыныс – Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыру шеңберінде мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асырудың орындылығын негіздейтін, тиісті іс-шаралар жиынтығын қоса алғанда, инвестициялау мақсатын, оған қол жеткізу жолдары мен ықтимал қаржыландыру тәсілдерін көрсететін, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері әзірлейтін тұжырымдамалық ұсыныс;

35) инвестициялық ұсыныстың ақпараттық парағы – мемлекеттік инвестициялық жоба бойынша негізгі ақпаратты қамтитын, оны іске асырудың орындылығын ашып көрсететін құжат;

36) инвестициялық ұсыныстың экономикалық қорытындысы – салалық сараптама қорытындысының және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес талап етілетін басқа да сараптамалар қорытындыларының негізінде жүргізілетін, пайдалар мен шығындардың талдауын пайдалана отырып, инвестициялық ұсыныста берілген ақпаратты кешенді бағалау;

37) квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде Ұлттық әл-ауқат қоры, құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, "Астана" халықаралық қаржы орталығы органдарының, олардың ұйымдарының және қатысушыларының қызметі үшін жағдайларды қамтамасыз ететін коммерциялық емес ұйым;

38) кешенді ведомстводан тыс сараптама – Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға арналған техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама бойынша "бір терезе" қағидатымен жүргізілетін объектілер құрылысы жобаларының сараптамасы (салалық және ведомстволық сараптамаларды қамтитын);

39) кредитор – Қазақстан Республикасының бюджет және азаматтық заңнамасына сәйкес бюджеттік кредит беретін кредит шартының тарапы;

40) қатысушылар (бұдан әрі – Қатысушылар) – заңды тұлғаның жарғылық капиталын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту арқылы бюджеттік инвестицияларды алуға және бөлуге қатысатын ұйымдар;

41) қаржылық схемаға қатысушылар – квазимемлекеттік сектордың субъектілері болып табылмайтын түпкілікті қарыз алушыларды қоспағанда, бюджеттік кредитті алуға және бөлуге қатысатын ұйымдар;

42) қарыз алушы – негізгі борышты өтеу және сыйақы, сондай-ақ кредиттік шартқа сәйкес басқа да төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттеме жүктелген, бюджеттік кредитті не мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарызды алатын кредиттік шарттың тарапы;

43) қаржы агенттігі – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экономиканың белгілі бір салаларында мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәкілеттік берілген және осы мақсаттарда Қазақстан Республикасының қаржы нарығында және (немесе) халықаралық қаржы нарығында қарыз алуды жүзеге асыратын ұлттық басқарушы холдинг және акцияларының жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ банк немесе мемлекет жүз пайыз қатысатын, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

44) қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруын бюджеттік кредиттеудің қаржылық-экономикалық негіздемесі (бұдан әрі – бюджеттік кредиттің ҚЭН-і) – маркетингтік, әлеуметтік-экономикалық талдаудың, сондай-ақ іс-шараларды бюджеттік кредиттеу арқылы іске асырудың өзін-өзі ақтауы мен экономикалық және әлеуметтік тиімділігін негіздейтін қаржылық есептемелердің нәтижелерін қамтитын құжаттама;

45) қаржылық-экономикалық негіздеме (бұдан әрі – ҚЭН) – заңды тұлғалардың жарғылық капиталына бюджет қаражатын салудың орындылығы, негізділігі жөніндегі мәліметтерді және оның нәтижесін бағалауды қамтитын құжат;

46) қаржылық-экономикалық негіздемені түзету – іс-шараларды, техникалық-технологиялық шешімдерді толықтыруға және (немесе) өзгертуге, бекітілген іс-шараларға көзделген шығыстарды ұлғайтуға алып келетін, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың белгіленген қаржылық-экономикалық параметрлерінің өзгеруі;

47) құрамдауыш – іс-шараның аяқталған сипатқа ие құрамдас бөлігі;

48) құрылыстың сметалық құны (бұдан әрі – сметалық құн) – сомасы жобалық материалдардың және сметалық-нормативтік базаның негізінде айқындалатын объект құрылысын жүзеге асыруға қажетті ақша;

49) Қазақстан Республикасының мемлекеттік (үкіметтік, егемен) кепілдігі – Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алушы-Қазақстан Республикасының

резиденті белгіленген мерзімде өзіне тиесілі соманы төлемеген жағдайда берешекті толық немесе ішінара өтеу жөніндегі қарыз берушінің алдындағы міндеттемесі;

50) Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлға – "Концессия мәселелері жөнінде мамандандырылған ұйым құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі № 693 қаулысына сәйкес "Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы" АҚ немесе жергілікті атқарушы органның шешімімен айқындалатын заңды тұлға;

51) қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруын бюджеттік кредиттеудің қаржылық-экономикалық негіздемесіне Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғаның экономикалық сараптамасы – іс-шаралардың "іс-шараларды бюджеттік кредиттеу арқылы іске асырудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігі" және "бюджеттік кредит есебінен іске асырылатын іс-шаралардың өзін-өзі ақтауы" өлшемшарттарына сәйкестігі тұрғысынан қаржылық-экономикалық негіздемеде ұсынылған ақпаратты кешенді бағалау;

51-1) қаржылық схемаға қатысушылар – "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау жолымен қаржыландыруға ұсынылатын "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша кредит алуға және бөлуге қатысатын заңды тұлғалар;

52) маркетингтік орта – нысаналы клиенттермен табысты ынтымақтастық қатынас орнату және қолдау мүмкіндіктеріне ықпал ететін белсенді субъектілер мен іс-шараларды бюджеттік инвестициялар есебінен іске асыратын, жарғылық капиталды ұлғайту немесе қалыптастыру үшін қаражаттың түпкілікті алушысы болып табылатын заңды тұлғаның қызметі жүзеге асырылатын жағдайлар жиынтығы;

53) мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары – мұнда төмен тұрған құжаттарды әзірлеудің қажеттігі мен заңдылығы бір деңгей жоғары тұрған құжаттардан, ал бір деңгей жоғары тұрған құжаттарды мониторингтеу мен бағалау төмен тұрған деңгейлердегі құжаттардың іске асырылуы туралы анық ақпараттың негізінде жүзеге асырылатын біртұтас жүйе;

54) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы – "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шектеулі уақыт кезеңі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипатқа ие, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру жөніндегі реттілікпен болатын іс-шаралар жиынтығы;

55) мемлекеттік инвестициялық жоба – Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген, жаңа өндірістерді құруды, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуді және (немесе) жаңартуды қоса алғанда, активтерді құруға және (немесе) дамытуға бағытталған іс-шаралар кешені;

56) мемлекеттік инвестициялық жобалар бойынша қаржыландыру көздері – республикалық және/немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты, оның ішінде

квазимемлекеттік сектор субъектілеріне берілген үкіметтік қарыздар, жергілікті атқарушы органдардың қарыздары және мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарыздар, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған бюджеттен тыс қордың, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты;

57) мемлекеттік емес қарыз – қарыз алушы ретінде Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметпен айналысатын резиденті, оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін және жергілікті атқарушы органдарды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор әрекет ететін қарыз;

58) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар – квазимемлекеттік сектор субъектісінің жарғылық капиталын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту арқылы оның даму мақсаттарына бағытталған іс-шараларды іске асыру;

59) мультипликативтік әсер – тиісті салаға мемлекеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асыру кезінде экономиканың дамуына ықпал ету;

60) нәтижелер көрсеткіштері – мемлекеттік органның даму жоспарын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шаралар жоспарларын және даму жоспарларын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын және (немесе) бюджеттік бағдарламалар паспорттарын іске асыру бойынша мемлекеттік органның қызметін сипаттайтын нысаналы индикаторлардың, түпкілікті нәтижелердің жиынтығы;

61) өнім – материалдық-заттай (материалдық өнім) немесе материалдық емес (зияткерлік өнім) нысанда не жұмыстар және (немесе) көрсетілетін қызметтер, оның ішінде қаржылық қызметтер түрінде берілген шаруашылық қызметтің нәтижесі;

62) салалық сараптаманың қорытындысы – мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын, техникалық-экономикалық немесе қаржылық-экономикалық негіздемесін саланы дамытудың басымдықтарына сәйкестігі тұрғысынан бағалау;

63) сыртқы сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның салалық қорытындысы – сыртқы сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның экспортты қолдауға мемлекеттік кепілдік беру арқылы саланы дамытудың басымдықтарына, Қазақстанның тиісті Экспорттық-кредиттік агенттігіне сәйкестігі тұрғысынан қорытындысы;

64) техникалық-экономикалық негіздеме (бұдан әрі – ТЭН) – негізгі техникалық, технологиялық және өзге де шешімдер туралы мәліметтерді, сондай-ақ негізгі техникалық-экономикалық параметрлерді айқындай отырып, пайдалар мен

шығындарды экономикалық талдау негізінде жүргізілетін, бюджеттік инвестициялық жобаның жүзеге асырылатынын және тиімділігін зерделеу нәтижелерін қамтитын құжат;

65) техникалық-экономикалық негіздемені түзету – техникалық шешімдердің өзгеруіне және қосымша шығындарға әкеп соғатын бюджеттік инвестициялық жобаның белгіленген техникалық-экономикалық параметрлерінің өзгеруі;

66) техникалық-экономикалық параметрлер – техникалық-экономикалық негіздемеде көзделген негізгі көрсеткіштер;

67) түпкілікті қарыз алушы – кредитор немесе қаржы агенттігі айқындаған шарттарда оған мамандандырылған ұйым немесе жергілікті атқарушы орган атынан қарыз алушы беретін бюджеттік кредиттің түпкілікті алушысы;

68) түпкілікті нәтиже – көзделген бюджет қаражаты шегінде мемлекеттік органның даму жоспарының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының және (немесе) бюджеттік бағдарламаның мақсатына және (немесе) нысаналы индикаторына қол жеткізуді сапалық тұрғыда өлшейтін бюджеттік бағдарлама паспортының көрсеткіші;

68-1) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы – "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы туралы шарт негізінде жаңа өндірістерді құруды, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуді және (немесе) жаңартуды қоса алғанда, активтерді құруға және (немесе) дамытуға бағытталған дәйекті іс-шаралар жиынтығы;

68-2) "толық бітіріп берілетін" құрылыстың есептік құны – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурстық рәсімдерді өткізу және "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттар жасасу үшін жобалау алдындағы кезеңде айқындалатын құрылыс жобасын іске асыру құны. "Толық бітіріп берілетін" құрылыстың есептік құны ғимараттар мен құрылысжайларды салу құнының объектілердің қуат көрсеткішінің өлшем бірлігіне шаққандағы ірілендірілген көрсеткіштері, желілік құрылысжайдың ұзақтығы және ғимараттың, құрылысжайдың функционалдық мақсаты ескерілетін басқа да техникалық сипаттамалар пайдаланылып айқындалады. Қажет болған кезде ғимараттардың (құрылысжайлардың) конструкциялық элементтері мен жұмыс түрлері (кешендері) құнының ірілендірілген көрсеткіштері (оның ішінде ұқсас объектілердің жобалау-сметалық құжаттамасы негізінде құнның ірілендірілген көрсеткіштері) қолданылады;

68-3) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша қаржылық жабу – өнім берушінің жеке немесе заңды тұлғалармен, олардың бірлестіктерімен инвестициялық кезеңде "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасын іске асыру үшін қажетті қарыз қаражатын тартуға келісімдер, шарттар жасасуы және олар бойынша қаржыландыру алуға қол жетімділігі;

68-4) ""толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша қарыз алушы – "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы үшін кредиттік шартқа сәйкес негізгі борышты өтеу

және сыйақы, сондай-ақ басқа да төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді мойнына алатын, мемлекетпен "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы туралы шарттың және "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша кредит алатын кредиттік шарттың тарабы;

68-5) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер – Республикалық бюджет комиссиясы немесе жергілікті атқарушы органның бюджет комиссиясы мақұлдаған "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы жасалған шарттар бойынша тапсырыс беруші қабылдаған және орындамаған қаржылық міндеттемелердің белгілі бір күніне тапсырыс берушінің және өнім берушінің бюджеттен бөлінген сома бойынша құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы;

68-6) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасының объектісі – "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасын іске асыру шеңберінде жасалатын (соның ішінде жобаланатын және салынатын) және (немесе) қайта жаңғыртылатын, пайдалануға берілетін, сондай-ақ "кілтке тапсырылатын" құрылыс туралы шартқа сәйкес тапсырыс берушіге берілетін ғимараттар мен құрылыстар;

68-7) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша өнім беруші – онымен жасалған шартта тапсырыс берушінің контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға, оның ішінде консорциум;

69) жалпыелдік маңызы бар жобалар – кемінде екі облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың экономикалық дамуын қамтамасыз ететін объектілер, сондай-ақ белгілі бір саладағы біртектес жобаларды ел көлемінде бір реттік іске асыру арқылы міндеттерді белгіленген мерзімдерде шешуге бағытталған объектілер;

70) іс-шара – бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру шеңберінде орындалатын міндеттерді орындауға бағытталған өзара байланысты құрамдауыш(тар) кешені;

71) бюджеттік кредиттеу арқылы іс-шараларды іске асырудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігі – есептеулермен расталған дәлелдемелердің болуы, бюджеттік кредиттеу арқылы іске асыру жоспарланып отырған жобадан түсетін әлеуметтік және экономикалық пайданың болуы;

72) Қазақстан Республикасының экспортты қолдау жөніндегі мемлекеттік кепілдігі – Қазақстан Республикасы Үкіметінің экспортты қолдау жөніндегі кепілдік шартының талаптарына сәйкес Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі алдындағы сақтандыру және кепілдік төлемдері бойынша берешегін толық немесе ішінара өтеу жөніндегі міндеттемесі;

73) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның экспортты қолдау жөніндегі мемлекеттік кепілдіктерді ұсынуға арналған қорытындысы (бұдан әрі – қорытынды) – мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігіне экспортты қолдау жөніндегі мемлекеттік кепілдіктерді ұсынудың орындылығы туралы қорытындысы (

индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның оң салалық қорытындысы негізінде дайындалған, оның ел экономикасына әсері және стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттарға сәйкестігі).

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдарының инвестициялық шығындарын қаржыландыруға бағытталған арнаулы мемлекеттік органдардың мемлекеттік инвестициялық жобаларын қоспағанда, мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру тәртібі

1-параграф. Мемлекеттік инвестициялық жобалар туралы жалпы ережелер

3. МИЖ жоспарлау мемлекеттік органдардың немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму және (немесе) іс-шаралар жоспарларын, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдарын дамытудың ұзақ мерзімді стратегияларын қоса алғанда, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылады.

Даму жоспарларын әзірлемейтін мемлекеттік органдардың МИЖ-ін жоспарлау Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормаларын орындау және (немесе) бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру шеңберінде жүзеге асырылады.

4. МИЖ мынадай түрлерге бөлінеді:

1) бюджеттік инвестициялар;

2) МЖӘ жобалары;

3) мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарыздар есебінен квазимемлекеттік сектор субъектілері іске асыратын жобалар;

4) Кодекстің 59-бабының 3-тармағына сәйкес бюджеттен тыс қор, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры есебінен іске асырылатын жобалар;

5) бюджеттік кредит беру;

6) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. МИЖ республикалық және жергілікті болып бөлінеді.

Республикалық және жергілікті МИЖ айқындау өлшемшарттары мыналар болып табылады:

1) меншік түрі бойынша МИЖ іске асыру нәтижесінде алынған мүлікке туындайтын меншік құқығына (республикалық немесе коммуналдық) байланысты республикалық немесе жергілікті;

2) пайда алушылар бойынша егер экономикалық пайданы алушылар екі және одан көп облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың субъектілері болып табылса, республикалық, егер экономикалық пайданы алушылар бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың субъектілері болып табылса, жергілікті.

МИЖ-ді республикалық деп айқындау үшін олардың көрсетілген өлшемшарттардың біріне сәйкес келуі жеткілікті.

Жергілікті МИЖ-ді облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, астана және аудан (облыстық маңызы бар қалалар) МИЖ-і деп жіктеу осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген өлшемшарттар негізінде жүзеге асырылады.

6. МИЖ мыналарға бағытталуы мүмкін:

1) техникалық жағынан күрделі және (немесе) бірегей және техникалық жағынан күрделі емес және (немесе) үлгілік болуы мүмкін объектілерді құру (салуға) және реконструкциялау, сондай-ақ ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту;

2) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы, мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға бюджеттік кредиттеу, квазимемлекеттік сектор субъектісіне берілген мемлекеттік емес қарыз бойынша мемлекеттік кепілдік, заңды тұлғалардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын іске асыруы арқылы жаңа өндірістер құруды, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуді және (немесе) жаңартуды қоса алғанда, саланы (салаларды) институционалдық дамыту.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. МИЖ қаржыландыру тәсілдері:

1) бюджеттік инвестициялық жобаны, оның ішінде мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражаты және республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен қаржыландыру;

2) бюджеттік кредиттеу;

3) квазимемлекеттік сектор субъектілердің жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы;

4) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау;

5) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мемлекет кепілдігімен мемлекеттік емес қарыз тартуы;

6) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын қаржыландыру және олар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. МИЖ қаржыландыру көздері мыналар болып табылады:

1) республикалық және жергілікті бюджет;

2) үкіметтік қарыз, жергілікті атқарушы органдардың қарыздары және квазимемлекеттік сектор субъектісіне мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарыз;

3) бюджеттен тыс қор;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры.

9. Егер Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы туралы ережелерде өзгеше көзделмесе, инвестициялық ұсыныс МИЖ-ді жоспарлаудың негізі болып табылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдардың бюджеттік инвестицияларын жоспарлауды және іске асыруды бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

11. Дербес білім беру ұйымдарының инвестициялық шығындарын қаржыландыруға бағытталған бюджеттік инвестицияларды жоспарлауды және іске асыруды бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша дербес білім беру ұйымдарының басқару органы жүзеге асырады.

12. Ақпараттандыру объектілерін құруды және дамытуды көздейтін мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлауды және іске асыруды бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

13. Ұлттық әл-ауқат қорының борыштық бағалы қағаздарын сатып алу жолымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын МИЖ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен қаржыландырудың баламалы көздерінің болуы тұрғысынан қаралуға және сараптамадан өтуге жатады.

2-параграф. Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау

14. МИЖ жоспарлау төрт кезеңмен жүзеге асырылады:

1) инвестициялық ұсыныстарға сараптамалар әзірлеу және жүргізу;

2) мемлекеттік инвестициялық жобаның ерекшелігіне байланысты құжаттаманы әзірлеу және мыналар:

кейіннен техникалық-экономикалық негіздемені және (немесе) жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлей отырып, инвестициялық ұсыныс әзірленетін бюджеттік инвестициялық жоба;

Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес техникалық тапсырма әзірленетін ақпараттандыру объектілерін құру мен дамытуды көздейтін бюджеттік инвестициялық жоба;

Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес қажет болған жағдайда техникалық-экономикалық негіздемелері әзірленетін, тартылған үкіметтік қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобалар;

техникалық-экономикалық негіздеме әзірленетін мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз;

заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар, осы Қағидаларға сәйкес қаржылық-экономикалық негіздемелер әзірленетін қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруы үшін бюджеттік кредиттеу бойынша сараптама жүргізу;

құрылыс жобасын Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап етпейтін жобалар тізбесіне жатқызу жағдайын қоспағанда, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасына инвестициялық ұсыныс және техникалық-экономикалық негіздеме әзірленеді. Қажет болған жағдайда техникалық-экономикалық негіздеменің орнына тапсырыс беруші техникалық тапсырманы әзірлейді және "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасының есептік құнын бекітеді;

құрылыс жобасын Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап етпейтін жобалар тізбесіне жатқызу жағдайын қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілері іске асыратын "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасына инвестициялық ұсыныс және техникалық-экономикалық негіздемесі бар қаржылық-экономикалық негіздеме ұсынылады. Қажет болған жағдайда техникалық-экономикалық негіздеменің орнына тапсырыс беруші техникалық тапсырманы әзірлейді және "толық бітіріп берілетін" құрылыстың есептік құнын бекітеді;

3) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыруы;

4) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бюджеттік бағдарламалар әкімшілері іріктеп алған ұсыныстардың негізінде бюджетті жоспарлау сатысында мемлекеттік инвестициялық жобаларды айқындауы.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытынды дайындайды, мемлекеттік инвестициялық жобаға экономикалық сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді.

Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган айқындаған заңды тұлғаны мемлекеттік инвестициялық жобаның құжаттамасына экономикалық сараптама жүргізуге тартады.

16. Бюджет жобасына мемлекеттік инвестициялық жобаларды қосу үшін мыналардың:

мемлекеттік органның инвестициялық жоспарының құрамындағы жобалардың;

мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысына оң экономикалық қорытындының;

мемлекеттік инвестициялық жобаның құжаттамасына экономикалық сараптаманың оң қорытындысының;

тиісті бюджет комиссиясының оң ұсынысының болуы негіз болып табылады.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган мемлекеттік инвестициялық жобалар бойынша құжаттар топтамасын қарайды және олар бойынша қорытындыны Кодекстің 5-бабының 17) тармақшасына сәйкес Республикалық және жергілікті бюджет комиссиялары туралы ережелерде айқындалған мерзімдерде тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

17. Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру кезінде мынадай талаптар сақталуға тиіс:

мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асырудың бастапқы кезеңі, мерзімдері мен қаржыландыру көлемдері, сондай-ақ олар бойынша сатып алуларды жүзеге асыру мерзімдері мен көлемдері белгіленген тәртіппен бекітілген құжаттамада көрсетілген мерзімдер мен қаржыландыру көлемдеріне сәйкес болуы тиіс;

құрылыс қызметі Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

іске асыру мерзімі бір жылдан астам, бюджет жобасына енгізілетін мемлекеттік инвестициялық жобалардың қаржыландыру көлемі "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын қоспағанда, белгіленген тәртіппен бекітілген құжаттамада көрсетілген оның құнының үштен бірінен төмен болмауға тиіс;

құрылыс қызметі Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын, техникалық-экономикалық негіздемесін, қаржылық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, мемлекеттік инвестициялық жобалардың портфелін қалыптастыру және мемлекеттік инвестициялық жобаларды іріктеу тәртібі

1-параграф. Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету

18. МИЖ инвестициялық ұсыныстарын әзірлеу, түзету және қарау процесі мынадай негізгі кезеңдерден тұратын іс-шаралар кешенін білдіреді:

1) ББӨ-нің бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға инвестициялық ұсыныстарды ұсынуы ;

2) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның инвестициялық ұсынысты қарауы және оған экономикалық қорытынды дайындауы.

19. МИЖ инвестициялық ұсыныстарын әзірлеуді ББӨ 1-қосымшаға сәйкес Инвестициялық ұсыныстың ақпараттық парағы нысанына, сондай-ақ осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Жобаның қаржылық-экономикалық моделінің базалық параметрлері және Жобаны іске асырудан болатын экономикалық әсердің көрсеткіштерін есептеу нысандарына сәйкес жүзеге асырады.

Біртекті (бір типті) МИЖ бойынша ББӨ бір инвестициялық ұсыныс әзірлеуіне рұқсат етіледі.

20. Жаңа объектілерді салуға арналған инвестициялық ұсынысты әзірлеу техникалық-экономикалық негіздемелерді, Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік құрылыс жобалары банкінен үлгілік жобаларды және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы қолдана отырып жүзеге асырылады.

"Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша қажет болған жағдайда техникалық-экономикалық негіздеменің орнына тапсырыс беруші техникалық

тапсырманы әзірлейді және "толық бітіріп берілетін" құрылыстың есептік құнын бекітеді.

"Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша тапсырыс берушілер мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар мен дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар болып табылады."

"Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары мынадай түрлерге бөлінеді:

"бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру көзделген жобалау, сатып алу және іске асыру (құрылыс және (немесе) реконструкция) бойынша жұмыстар кешенін жүргізу;

"толық бітіріп берілетін" құрылыс объектісін пайдалануға беру актісіне қол қойылған күннен бастап 15 жылға дейінгі мерзімде мемлекеттік міндеттемелерді орындау көзделетін жобалау, сатып алу және іске асыруды (құрылыс және (немесе) реконструкция) өнім берушінің қаражаты есебінен қаржыландыру жоспарланған жұмыстар кешенін жүргізу.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Бюджет процесінде әкімшілік және басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін, оның ішінде МИЖ жоспарлауға басымдық беру үшін мемлекеттік органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың Инвестициялық жоспары қолданылады.

22. Мемлекеттік орган инвестициялық жоспарды әзірлейді, ол:

даму жоспарын әзірлейтін мемлекеттік органның даму жоспарына;

мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлемейтін мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламаларының паспорттарына қоса беріледі.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялық жоспарын әзірлейді, ол облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына қоса беріледі.

23. Мемлекеттік органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялық жоспары МИЖ инвестициялық ұсынысын әзірлеуге негіз болып табылады.

24. Мемлекеттік органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялық жоспарына басым тәртіппен мыналар енгізіледі:

алдыңғы қаржы жылдарында басталған (жалғасатын) МИЖ;

аса маңызды объектілер;

жалпыелдік маңызы бар жобалар;

Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік құрылыс жобалары банкінің

техникалық-экономикалық негіздемелерін, үлгілік жобаларын және жобалық (жобалау-сметалық) құжаттамасын қолдану арқылы жүзеге асырылатын жаңа объектілерді салу.

Мемлекеттік органның инвестициялық жоспары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 93 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24908 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын әзірлеу, іске асыру, мониторингін жүргізу және түзету әдістемесіне сәйкес тиісті тәртіппен және нысан бойынша әзірленеді.

Аса маңызды объектілерге мыналар жатады:

1) қызметінің авариялық тоқтатылуы жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соғуы мүмкін объектілер;

2) ұзақ мерзімді перспективада экономикалық өсу орталықтарының әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін жалпымемлекеттік инфрақұрылымдық объектілер.

Жалпыелдік жобаларға мыналар жатады:

1) кемінде екі облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың экономикалық дамуын қамтамасыз ететін объектілер;

2) белгілі бір саладағы біртектес жобаларды ел көлемінде бір реттік іске асыру арқылы міндеттерді белгіленген мерзімде шешуге бағытталған объектілер.

Объектілерді аса маңызды жобалар мен жалпыелдік маңызы бар жобаларға жатқызу тәртібі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес айқындалады.

25. МИЖ инвестициялық ұсыныстары мынадай құжаттарды қамтиды:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық ұсыныстың ақпараттық парағы;

2) инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасының қорытындысы;

3) жобаның қаржылық-экономикалық моделінің базалық параметрлері және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша жобаны іске асырудан экономикалық тиімділіктің көрсеткіштерін есептеу;

4) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын қоспағанда, құрылыс нормативтеріне не коммерциялық ұсыныстарға сәйкес МИЖ құнының есеп-қисаптары мен негіздемелері;

5) хат – МИЖ-ді іске асыру шеңберінде құрылуы жоспарланған жұмыс орындарының саны бойынша деректердің негізділігін растайтын еңбек және жұмыспен қамту саласындағы орталық уәкілетті органның инвестициялық ұсынысты келісуі;

6) егер бюджеттік инвестициялық жоба инвестициялық ұсыныстың ТЭН-ін әзірлеуді талап етпесе, жобалауға арналған техникалық тапсырма қосымша ұсынылады

;

6-1) егер МИЖ "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары түрінде іске асыру жоспарланған жағдайда инвестициялық ұсынысқа техникалық тапсырма және тапсырыс беруші бекіткен "толық бітіріп берілетін" құрылыстың есептік құны қосымша ұсынылады;

7) БИЖ ТЭН-ін, Инвестициялар ҚЭН-ін, ТЭН-ді не бюджеттік кредиттеудің ҚЭН-ін түзеткен жағдайда:

БИЖ ТЭН не Инвестициялардың ҚЭН-і бойынша техникалық шешімдердің және (немесе) қосымша шығыстардың болжамды өзгерістері көрсетілген салыстырма кесте, сондай-ақ бекітілген БИЖ ТЭН не Инвестициялардың ҚЭН (жаңа объектілерді құруға (салуға) не бар объектілерді реконструкциялауға бағытталған Инвестицияларды жүзеге асыру кезінде бекітілген Инвестициялар ҚЭН-інің құрамында бекітілген ТЭН (осы Қағидаларға сәйкес әзірленген) немесе бекітілген жобалау-сметалық құжаттама (бұдан әрі – ЖСК) ұсынылады;

құрамдауыштар және оларды әзірлеу мерзімдері бөлінісінде БИЖ ТЭН-ін не Инвестициялар ҚЭН-ін, бюджеттік кредиттеудің ТЭН-ін не ҚЭН-ін түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу құнының есеп-негіздемесі;

егер МИЖ шет мемлекеттердің аумағында іске асырылатын жағдайда оның аумағында осы жоба іске асырылатын мемлекеттің құрылыс саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген көрсетілген заңнаманың мәтінін қоса бере отырып, мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аудармасын қамтамасыз ете отырып, МИЖ-дің бастапқы және түзетуге ұсынылатын құнын растайтын тиісті құжаттар ұсынылады;

бұрын бекітілген бюджеттік инвестициялар ТЭН-інің және (немесе) ЖСК-сының жобалық шешімдеріне енгізілетін болжамды өзгерістердің орындылығы туралы ведомстводан тыс кешенді сараптаманың хаты;

бекітілген БИЖ-дің ТЭН-інде не Инвестициялардың ҚЭН-інде, бюджеттік кредиттеудің ТЭН-інде не ҚЭН-інде көрсетілген көрсеткіштерге қол жеткізу не қол жеткізбеу туралы ақпаратты қамтитын, оның ішінде бөлінген бюджет қаражатын толық игерген кезде қол жеткізбеу себептері көрсетілген түсіндірме жазба;

8) квазимемлекеттік сектор субъектілері заңды тұлғалардың активтерін, атап айтқанда жарғылық капиталының үлестерін сатып алған жағдайда:

егер активтердің құны ағымдағы бағамен 1300000 (бір миллион үш жүз мың) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын болса, тәуелсіз бағалау компаниялары;

егер активтердің құны ағымдағы бағамен 1300000 (бір миллион үш жүз мың) айлық есептік көрсеткіштен асатын болса, халықаралық кәсіптік бағалаушылар ұйымдары дайындаған осы активтердің құнын бағалаудың қорытындысын ұсыну қажет;

9) егер ББӨ МИЖ-ді заңды тұлғаның жарғылық капиталын ұлғайту арқылы іске асыруды ұсынған жағдайда, электрондық порталға, сондай-ақ осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық жеткізгіште ұсынылатын бес жылдық

кезеңге арналған іске асырылған, іске асырылып жатқан және іске асырылуы жоспарланған инвестициялық жобалар бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің инвестициялық картасы қосымша ұсынылады;

10) акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) 50%-нан астамы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның жарғылық капиталын қалыптастырған жағдайда, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің нормаларына сәйкес монополияға қарсы органның шешімі қосымша ұсынылады;

11) заңды тұлға жоспарланатын кезең алдындағы кезеңдерде шығынды болған жағдайда заңды тұлғаның атқарушы органы бекіткен заңды тұлғаны қаржылық-экономикалық сауықтыру жоспары ұсынылады;

12) аяқталмаған құрылыс объектісін аяқтауға бағытталған бюджеттік инвестицияларды іске асырған жағдайда техникалық зерттеп-қараумен және техникалық қадағалау қорытындысымен расталған аяқталмаған құрылыстың жай-күйі туралы мәліметтер қосымша ұсынылады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25-1. "Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту" ұлттық жобасы (бұдан әрі – ЭКСЖ) шеңберінде іске асырылатын "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша тиісті бюджеттен қаржыландыру қажеттілігі туындаған жағдайда осы Қағидалардың 25-тармағының 1), 2) және 6-1) тармақшаларында көзделген құжаттарды, сондай-ақ табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органдардың, ЭКСЖ айқындаған техникалық және қаржы операторларының қорытындыларын қамтитын инвестициялық ұсыныс әзірленеді.

Ескерту. 25-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25-2. Егер "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы табиғи монополиялар салаларына жататын болса, табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган МИЖ инвестициялық ұсынысының ББӘ әзірленгенге дейін табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасын Қазақстан Республикасының "Табиғи монополиялар туралы" Заңына сәйкес бекітеді.

Ескерту. 25-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25-3. ББӘ-нің қаржылық-экономикалық негіздемені әзірлеп, қажетті сараптамадан өту қорытындысы бойынша табиғи монополия саласындағы басшылықты жүзеге

асыратын орган ББӘ-ге "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша өнім берушіні іріктеу жөнінде одан әрі конкурстық рәсімдер өткізу мақсатында тиісті тарифті ұсыну туралы кепілдік хат жолдайды.

Ескерту. 25-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25-4. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша ақпараттандыру объектілері болған кезде жобада көзделген технологиялық, техникалық шешімдерді, оның ішінде іске асыру кестесін бағалау ақпараттандыру туралы заңнаманың талаптарына сәйкестігіне де жүргізіледі. Егер "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы ақпараттық жүйелер құруды көздейтін болса ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган жобаны қарау кезінде бағдарламалық қамтамасыз етуді мемлекеттік меншікке қабылдаудың орындылығы мәселесін қарайды.

Ескерту. 25-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25-5. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша тиісті саланың уәкілетті органы салалық сараптама жүргізеді. Егер "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бірнеше салалық мемлекеттік органдардың жауапкершілік саласын қозғаған жағдайда аталған салалық мемлекеттік органдар "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша тиісті салалық сараптамалардың қорытындыларын қосымша ұсынады.

"Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша жүргізілген салалық сараптама нәтижелері бойынша тиісті саланың уәкілетті органдары салалық қорытынды дайындайды.

"Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасының орындылығы, іске асыру мерзімдері, көлемі, құны және іске асыру тетігі мәселелері бойынша сараптамасының нәтижелері, түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу бойынша "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша оң немесе теріс салалық қорытынды дайындалады.

Ескерту. 25-5-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Инвестициялық ұсыныстың ақпараттық парағында мемлекеттік органдардың немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму және (немесе) іс-шаралар жоспарларын, негізгі көрсеткіштерін қоса алғанда, инвестициялық жобалар (жоба) және іс-шаралар бойынша жалпы ақпаратты қоса алғанда, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында белгіленген экономика саласын (аясын) дамытудың басымдықтары жөніндегі ақпарат қамтылады.

27. Инвестициялық ұсыныстың ақпараттық парағында мыналар қамтылады:

- 1) ББӨ және іске асыруға ұсынылатын МИЖ бойынша деректер;
- 2) ретроспектива (МИЖ бойынша, оның ішінде ағымдағы бағдарламалар бойынша бұрын бөлінген және игерілген қаражат туралы ақпарат);
- 3) саланың маркетингтік талдауы;
- 4) МИЖ іске асыруға болжанатын жалпы сипаттамасы;
- 5) МИЖ басқарудың институционалдық схемасы;
- 6) әлеуметтік және экологиялық әсер ету;
- 7) қаржыландырудың ықтимал түрлері мен тәсілдері бойынша МИЖ-ді іске асырудың баламалы нұсқалары.

28. Инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасының қорытындысы мыналарды :

- 1) саланың одан әрі дамуына ықпал ететін оның ағымдағы жай-күйінің проблемаларын, сондай-ақ қолданыстағы берілетін және ұсынылатын қызметтерді салыстырмалы талдауды;
- 2) болжамды МИЖ-ді іске асырудың экономиканың сабақтас салаларына (аяларына) мультипликативті әсерін, оның ішінде бюджеттің кіріс бөлігін толықтыруға, тұрақты және уақытша жұмыс орындарын құруға әсерін;
- 3) шетелдік тәжірибені ескере отырып, оны шешудің оңтайлы жолы ретінде МИЖ таңдауды негіздей отырып, проблеманы шешу нұсқасын таңдау кезінде қаралған баламалы нұсқаларды;
- 4) МИЖ-ді басқарудың болжамды институционалдық схемасының негізділігін (негізгі қатысушылар, олардың өзара іс-қимыл схемасы, баланс ұстаушылардың пайдасы мен шығындарын бөлу, инвестициялық және инвестициядан кейінгі кезендерде МИЖ-ді басқару схемасы);
- 5) жоба бойынша болжанатын тәуекелдер (қаржылық, операциялық, техникалық, кредиттік, нормативтік-құқықтық, технологиялық, маркетингтік, нарықтық, коммерциялық, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер) мен оларды барынша азайту бойынша іс-шараларды;
- 6) мемлекеттік органдардың немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму және (немесе) іс-шаралар жоспарларын қоса алғанда, МИЖ-дің Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігін;
- 7) МИЖ көлемінің негізділігін;
- 8) мемлекеттік инвестициялардың қажеттілігіне байланысты МИЖ-ді іске асыру тетігін басымдықпен таңдаудың негізділігін бағалауды қамтиды.

МИЖ инвестициялық ұсынысына салалық қорытындыны ББӨ квазимемлекеттік сектор субъектілері осы Қағидалардың 25-тармағында көрсетілген құжаттарды енгізген күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде ұсынады.

29. Егер МИЖ-ді республикалық бюджет қаражаты есебінен іске асыру ұсынылатын жағдайда, инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасының қорытындысын тиісті саланың орталық уәкілетті органы ұсынады, егер МИЖ-ді қандай да бір нақты салаға жатқызу мүмкін болмаған жағдайда, салалық қорытындыны ББӨ өзі ұсынады.

Егер республикалық бюджет қаражаты есебінен іске асыруға болжанатын МИЖ бірнеше салалық орталық мемлекеттік органның жауапкершілік аясын қозғаған жағдайда, аталған салалық орталық мемлекеттік органдар МИЖ-ге тиісті салалық сараптамалардың қорытындыларын қосымша ұсынады.

Бұл ретте салалық сараптамалардың қосымша қорытындыларын тиісті салалық орталық мемлекеттік органдар бірінші басшының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір МИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолы қойылып, МИЖ-ді іске асырудың жетекшілік ететін салаға әсерін бағалау және саланың басымдықтарына сәйкестігі бөлігінде ғана ұсынады.

Егер МИЖ-ді Арнаулы мемлекеттік қор қаражаты есебінен іске асыру ұсынылатын жағдайда, инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасының қорытындысы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 165 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33441 болып тіркелген) бекітілген Әлеуметтік және экономикалық жобаларды іріктеу және өлшемшарттарын айқындау қағидаларында айқындалған әлеуметтік және экономикалық жобалардың өлшемшарттарына сәйкестігін бағалауды қамтиды.

30. Егер МИЖ-ді жергілікті бюджет қаражаты немесе нысаналы даму трансферттері және жоғары тұрған бюджеттен кредиттер есебінен іске асыру ұсынылатын жағдайда, инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасының қорытындысын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын салалық жергілікті атқарушы орган береді, ББӨ-ні қандай да бір белгілі бір салаға жатқызу мүмкін болмаған жағдайда, салалық қорытындыны ББӨ өзі ұсынады.

Егер іске асырылуы жергілікті бюджет қаражаты немесе нысаналы даму трансферттері және жоғары тұрған бюджеттен кредиттер есебінен болжанатын МИЖ бірнеше салалық жергілікті мемлекеттік органның жауапкершілік аясын қозғаған жағдайда, аталған салалық жергілікті мемлекеттік органдар МИЖ-дің тиісті салалық сараптамаларының қорытындыларын қосымша ұсынады.

31. Қаржылық-экономикалық модельдің базалық параметрлері және жобаны іске асырудан экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептеулері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша ұсынылады.

32. МИЖ инвестициялық ұсынысы, оның ішінде осы Қағидалардың 25-тармағында көрсетілген құжаттар Ресми құжаттар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделеді.

Осы Қағидалардың 25-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға мемлекеттік орган-ББӨ-нің бірінші басшысы не оны алмастыратын адам не мемлекеттік орган-ББӨ-нің бірінші басшысы уәкілеттік берген адам қол қояды.

33. ББӨ осы Қағидалардың 25-тармағында көрсетілген құжаттарды қамтитын МИЖ инвестициялық ұсыныстарын қалыптастырады және мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – МЖАЖ) арқылы бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

34. МИЖ инвестициялық ұсынысын бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға экономикалық қорытынды дайындау үшін жіберген кезде, ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруді МЖАЖ автоматты түрде жүзеге асырады.

1-1-параграф. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын қаржыландыруға болжанатын мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау

Ескерту. 3-тарау 1-1-параграфпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34-1. Құрылыс жобасын Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес ТЭН-ді немесе техникалық тапсырманы және құрылыстың бекітілген есептік құнын әзірлеуді талап етпейтін жобалардың тізбесіне жатқызу жағдайын қоспағанда, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын қаржыландыру болжанатын МИЖ-ді жоспарлау (бұдан әрі – "толық бітіріп берілетін" құрылысты қаржыландыру бойынша МИЖ) МИЖ және ТЭН инвестициялық ұсынысына бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның экономикалық қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

34-2. "МИЖ инвестициялық ұсынысын әзірлеу және оған қажетті сараптамаларды жүргізу осы Қағидалардың 3-тарауының 1 және 2-параграфтарына сәйкес жүзеге асырылады.

34-3. Техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу және оған қажетті сараптамаларды жүргізу осы Қағидалардың 3 және 4-параграфтарына сәйкес жүзеге асырылады.

34-4. Құрылыс жобасын Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес ТЭН әзірлеуді талап етпейтін жобалар тізбесіне жатқызу жағдайын қоспағанда, МИЖ және ТЭН инвестициялық ұсынысына

оң экономикалық қорытындылардың болуы "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын қаржыландыру бойынша МИЖ-ді Кодекстің 149-бабының 3-тармағына сәйкес қалыптастырылатын МИЖ портфеліне енгізу үшін негіз болып табылады.

34-5. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын қаржыландыру бойынша МИЖ жоспарлау Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің лимиттерін қолданбай жүзеге асырылады.

34-6. Тиісті бюджеттің жобасына енгізу үшін "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын айқындауды және тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығаруды МИЖ портфелі негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

34-7. Өнім берушіні іріктеу жөніндегі конкурс рәсімдері жобаның ерекшеліктеріне қарай Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 19-бабына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 10-2-бабына, Қазақстан Республикасының "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алулары туралы" Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

34-8. ББӨ тапсырыс беруші болып табылатын "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарт ББӨ мен өнім беруші арасында жасалады.";

1-2-параграф. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындауды қарыжалындыру тәсіліндегі мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау

Ескерту. 3-тарау 1-2-параграфпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34-9. Мемлекеттік міндеттемелерді қабылдай отырып, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасының ерекше белгілеріне:

1) мемлекеттік органның, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және өнім берушінің қарым-қатынастарын "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарт жасасу жолымен құру;

2) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдаудың ең ұзақ мерзімі "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасының ерекшеліктеріне байланысты 3 жылдан 15 жылға дейін;

3) өнім берушінің "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасын іске асыру үшін инвестицияларды жүзеге асыруы және инвестициялық шығындарды және/немесе операциялық шығыстарды төлей отырып, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы (қажет болған жағдайда);

4) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша объектіні жобалау, салу, пайдалануға беру кезеңдерін қоса алғанда, инвестициялық кезеңнің болуы жатады.

Пайдалануға беруге тапсырыс берушінің объектіні пайдалануға қабылдау актісін бекітуі және оны "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамында тіркеуі арқылы "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасының объектісін пайдалануға енгізу кіреді.

34-10. Мемлекеттік міндеттемелерді қабылдай отырып, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасын жоспарлау ББӨ-нің оң салалық қорытындысына және өзге де қорытындылар мен сараптамаларға сәйкес мемлекеттік міндеттемелерді қабылдай отырып, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасын іске асырудың орындылығы туралы МИЖ-дің инвестициялық ұсынысына бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның экономикалық қорытындысы, сондай-ақ жобаның ерекшелігіне байланысты осы Қағидалардың 25-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттар болған кезде жүзеге асырылады.

34-11. Техникалық-экономикалық және қаржылық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу және оларға қажетті сараптамаларды жүргізу осы Қағидалардың 3-тарауының 4, 5, 10 және 11-параграфтарына сәйкес жүзеге асырылады.

34-12. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына, Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

34-13. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша қабылдайтын мемлекеттік міндеттемелерінің көлемі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен тиісті жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиттерімен шектеледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиттері республикалық бюджет туралы заңмен бекітіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиттерін айқындау әдістемесін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітеді.

34-14. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау өнім берушіні айқындау жөніндегі конкурс рәсімдерін

жариялауға дейін Республикалық бюджеттік комиссияның немесе жергілікті атқарушы органның бюджеттік комиссиясының мақұлдауына жатады.

34-15. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау Республикалық бюджет комиссиясы немесе жергілікті атқарушы органның бюджет комиссиясы мақұлдаған "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттарға қол қою арқылы жүзеге асырылады.

"Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер шартта айқындалған сомалар мен мерзімдер шегінде әрбір жекелеген "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша тіркелуге жатады және тиісті бюджет комиссиясының немесе мәслихаттың шешімі бойынша мемлекет міндеттемелерін ұлғайту бөлігінде қайта қарауға жатпайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауды Кодекстің 147-1-бабына сәйкес жүзеге асырады.

34-16. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер болмаған жағдайда "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығару талап етілмейді.

"Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелердің жоқтығын бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе жергілікті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тиісті хат ресімдеу арқылы растайды.

34-17. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттар мемлекеттік қазынашылық немесе мемлекеттік қазынашылық органдарында тіркелгеннен кейін, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен күшіне енеді.

"Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы туралы шарттың сомасы мемлекеттің міндеттемелерін ұлғайту жағына қарай қайта қаралмайды.

34-18. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын қаржыландыру және "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша инвестициялық шығыстарды өтеуге бағытталған "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекет міндеттемелерін орындау көлемі "толық бітіріп берілетін" құрылыс объектісін салу және (немесе) реконструкциялау құнынан аспауы тиіс.

Мемлекеттің "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша міндеттемелеріне тартылатын қарыз қаражаты "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша объектілерді құруға (реконструкциялауға) ғана пайдаланылады.

"Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау бойынша есеп айырысуға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген базалық мөлшерлеме, оған қоса конкурстық өтінім берілген күнге 2 (екі) пайыздық тармақ қабылданады.

"Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша кірістіліктің ішкі нормасының (IRR) жол берілетін шекті мөлшері өнім берушінің шығындарды өтеуі мен кірістерді алуы мемлекеттік міндеттемелер бойынша төлемдермен қамтамасыз етілетін "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары үшін дисконттау мөлшерлемесіне қосылған³ (үш) пайыздық тармаққа тең.

34-19. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасын жоспарлаған кезде бір жобаның кезеңдерін бірнеше "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларына бөлуге жол берілмейді.

Уәкілетті тұлғалар/Тапсырыс беруші "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша техникалық, қаржылық, заңдық шешімдерді қалыптастыруға кешенді тәсілді қамтамасыз етеді.

34-20. Өнім берушіні іріктеу жөніндегі конкурстық рәсімдер Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 19-бабына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 10-2-бабына, Қазақстан Республикасының "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

34-21. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарт ЭКСЖ шеңберінде іске асырылатын "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдаған кезде не тапсырыс беруші мемлекеттік қатысуы бар табиғи монополия субъектісі не квазимемлекеттік сектор субъектісі болып табылатын жағдайларда ББӨ, тапсырыс беруші мен өнім берушінің арасында жасалады.

34-22. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын қаржыландыру кезінде өнім берушіні кезең-кезеңімен (траншты) қаржыландыру ұсынылады.

34-23. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттардың түпнұсқалары ББӨ-нің сақтау үшін жауапты құрылымдық бөлімшесінде арнайы бөлінген сейфте сақталады.;

1-3-параграф. Мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау үшін "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасының құнын айқындау

Ескерту. 3-тарау 1-3-параграфпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34-24. Мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау, оның ішінде қарыздар тарту үшін "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасының құнын айқындау өнім берушінің қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша объектіні құру құнын есептеудің бірыңғай талаптарын, инвестициялық және/немесе операциялық шығындарды, сондай-ақ өнім берушінің қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын "толық бітіріп берілетін" құрылыс

жобасы бойынша шығындарды өтеудің және кіріс алудың болжамды көлемдерін сақтай отырып жүзеге асырылады.

34-25. Өнім берушінің қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларының объектісін құру құны "толық бітіріп берілетін" құрылыстың есептік құнына сәйкес есептелген инвестициялар көлемі ретінде айқындалады.

34-26. Өнім берушінің қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша міндеттемелерді қабылдаудың болжамды көлемдерін есептеу қаржылық-экономикалық модельді пайдалану арқылы жүргізіледі.

34-27. Қаржылық-экономикалық модельді әзірлеу кезінде мынадай:

1) жоба мемлекеттік қолдаудың болмауы/болуы жағдайында іске асырылады;

2) жоба коммерциялық көздерден қарыз алудың нарықтық құны (пайыздық мөлшерлеме) бойынша не жеңілдікпен қарыз алу арқылы қаржыландырылады;

3) қаржылай қолдау шаралары сияқты жорамалдар пайдаланылады.

Қаржылық-экономикалық модель шеңберінде жобаның таза дисконтталған құны (бұдан әрі – базалық NPV) есептеледі.

Жобаның базалық NPV көрсеткіші теріс болған жағдайда "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы заңнама ережелері, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің белгіленген лимиттері, пайдалар мен шығындардың арақатынасын, институционалдық схема және "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасының коммерциялық тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасының өзге де ерекшеліктері сақтала отырып, базалық қаржылық-экономикалық модельге өнім берушінің шығындарын өтеуді қосу және табыс алу тетіктерін енгізу арқылы кеңейтілген қаржылық-экономикалық модель әзірленеді.

34-28. Өнім берушінің шығындарды өтеуі мен кіріс алуы мемлекеттік міндеттемелер бойынша төлемдер арқылы қамтамасыз етілетін "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары үшін "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша ішкі кірістілік нормасының (IRR) рұқсат етілетін шекті мөлшері дисконттау мөлшерлемесіне + (қосу) 3 (үш) пайыздық тармаққа тең.

34-29. Өнім берушінің қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылған "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасын жоспарлау кезеңінде "толық бітіріп берілетін" құрылыс объектісін құру кезінде болжамды инвестициялар мөлшері өнім берушінің барлық шығыстарының сомасы ретінде келесі формула бойынша айқындалады:

I – "толық бітіріп берілетін" құрылыс объектісін құру кезіндегі инвестициялардың болжамды мөлшері;

t – "толық бітіріп берілетін" құрылыс объектісін құру кезеңі (жылы);

n – "толық бітіріп берілетін" құрылыс объектісін құру ұзақтығы;

$C_t - t$ кезеңінде "толық бітіріп берілетін" құрылыс объектісін құруға өнім берушінің барлық шығындарының жиынтық мөлшері;

$C_t = C_{\text{срм}}(t) + C_{\text{сыйақы}}(t) + C_{\text{сақ}}(t) + C_{\text{өзге}}(t)$ (2), мұндағы:

1) $C_{\text{срм}}(t)$ – "толық бітіріп берілетін" құрылыс объектісін құруға арналған t кезеңіндегі шығыстар Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 707 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12527 болып тіркелген) Мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілердің құрылыс құнын айқындау қағидаларына сәйкес айқындалады.

2) $C_{\text{сыйақы}}(t)$ – келесі формулаға сәйкес айқындалатын сыйақыларға t кезеңіндегі шығыстар:

$C_{\text{сыйақы}}(t) = R_{\text{қарыз}}(t) + R_{\text{облиг}}(t) + C_{\text{өтін}}(t)$ (3), мұндағы:

$R_{\text{қарыз}}(t)$ – тартылатын қарыздар бойынша есептелетін сыйақылар, олар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі + (қосу) 2 (екі) пайыздық тармақ бойынша есептеледі.

Шетелдік капитал тартылған жағдайда сыйақы төлеуге арналған шығыстар EURIBOR мөлшерлемесін (European Interbank Offered Rate – еуропалық банкаралық ұсыныс мөлшерлемесі – еуроға берілетін банкаралық кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме, бұдан әрі – Euribor) + (қосу) 2 (екі) пайыздық тармақты ескере отырып есептеледі.

$R_{\text{облиг}}(t)$ – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономикасы министрлігінің ресми интернет-ресурсында (<http://economy.gov.kz>) орналастырылған әлеуметтік-экономикалық дамудың және бюджеттік параметрлердің тиісті мақұлданған болжамына және облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде қолданылатын тіркелген маржаға сәйкес есеп айырысу сәтіндегі қаржылық-экономикалық модельде болжанатын инфляция (тұтыну бағалары) деңгейі ретінде айқындалатын "толық бітіріп берілетін" құрылыс объектісін құру кезеңінде инфрақұрылымдық облигациялар (оларды шығару қажет болған кезде) бойынша есептелетін сыйақылар;

$C_{\text{өтін}}(t)$ – кредиттік өтінімді қарауға арналған шығыстар;

3) $C_{\text{сақ}}(t)$ – "толық бітіріп берілетін" құрылыс объектісін құруға байланысты сақтандырудың барлық түрлеріне t кезеңіндегі шығыстар;

4) $C_{\text{өзге}}(t)$ – t кезеңіндегі мынадай формулаға сәйкес айқындалатын өзге де шығыстар:

$C_{\text{өзге}}(t) = C_{\text{тарту}}(t) + C_{\text{облиг}}(t) + C_{\text{ком}}(t) + C_{\text{лиц}}(t) + C_{\text{бюд}}(t) + C_{\text{ауд}}(t)$ (4), мұндағы:

$C_{\text{тарту}}(t)$ – KazPrime индикаторын қалыптастыру туралы KASE ("Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының ресми тізімі) келісіміне қатысушы банктердің көрсетілетін қызметтеріне орташа тарифтер ретінде айқындалатын қарыздарды тарту

бойынша шығыстар (KazPrime индикаторы қазақстандық банкаралық депозиттер нарығында ақшаны орналастыру мөлшерлемелері бойынша орташа мәнді көрсетеді). Тарифтер жария ақпарат болып табылады және тиісті қаржы ұйымдарының интернет-ресурстарында орналастырылған;

St облиг – нарықты зерттеп-қарау нәтижелері бойынша тиісті көрсетілетін қызметтердің нарықтық бағасына сәйкес инфрақұрылымдық облигациялар шығаруды ұйымдастыру (қажет болған жағдайда оларды шығару);

St ком – банктің ақылы көрсетілетін қызметтері және банктің кепілдік беру көрсетілетін қызметтері нарығын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша банктің кепілдік беру көрсетілетін қызметтерінің нарықтық бағасына сәйкес банктің кепілдіктері бойынша комиссия;

St лиц – "толық бітіріп берілетін" құрылыс объектісін пайдалану басталғанға дейін қолданыстағы заңнамаға сәйкес көзделген лицензияларды, патенттерді, рұқсаттарды және құжаттарды алу;

St бюд – уәкілетті мемлекеттік органдар алатын міндетті алымдар мен төлемдер;

St ауд – аудиторлық компаниялардың баға ұсыныстарына сәйкес аудиторлық тексерулер;

34-30. Мемлекеттің инвестициялық шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындау "толық бітіріп берілетін" құрылыс объектісін пайдалануға беру актісі бекітілген және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамында тіркелгеннен күннен бастап "толық бітіріп берілетін" құрылыс объектісін пайдалануға бергеннен кейін жүзеге асырылады.

Бұл ретте "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шартта белгіленген инвестициялық шығыстарды өтеу жөніндегі мемлекеттік міндеттемелерді төлеу мерзімдерін неғұрлым ертерек кезеңдерге ауыстыруға жол берілмейді.

34-31. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы жоба бойынша операциялық шығындардың болжамды мөлшерін есептеу кезінде операциялық шығындардың мынадай топтары:

1) "толық бітіріп берілетін" құрылыс объектісін пайдалануға беруге байланысты шығындар, объектіні пайдалануға беру кезінде бірегей жабдықта жұмыс істеу үшін оқыту;

2) өзге де операциялық шығындар, оның ішінде: заттай нормалар немесе материалдық қорлар, "толық бітіріп берілетін" құрылыс объектісінің жұмыс істеуі үшін қажетті салалық шығыстар ескеріледі.

"Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша шығындар "толық бітіріп берілетін" құрылыс объектісін құруға байланысты қаржыландыруды ұйымдастыру шығыстарын және қарыздар бойынша сыйақы төлеу шығыстарын қамтиды.

2-параграф. Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысының қажетті сараптамаларын жүргізу

35. МИЖ инвестициялық ұсынысына қажетті сараптамаларды жүргізу осы Қағидалардың 25-тармағында көрсетілген құжаттарды қарауды және бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның ББӘ-нің инвестициялық ұсынысына экономикалық қорытынды дайындауды білдіреді.

Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ББӘ-нің инвестициялық ұсынысын мемлекеттік органдардың немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму және (немесе) іс-шараларын жоспарларын қоса алғанда, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында белгіленген жобаны экономикалық орындылығы, мақсаттарының экономика саласын (аясын) дамыту басымдықтарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды субъектілердің және олар бойынша экономикалық қорытындыны ББӘ-ге жібереді.

36. Инвестициялық ұсынысқа сараптама пайдалар мен шығындарды талдауды қолдану арқылы жүргізіледі және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес МИЖ таңдау әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Пайдалар мен шығындарды талдау мынадай көрсеткіштерді бағалаумен сипатталады:

1) бюджеттік тиімділік – бюджет алған нәтиженің шығындарға қатынасы ретінде айқындалатын инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде бюджет үшін тиімділіктің салыстырмалы көрсеткіші;

2) МИЖ өтелімділігі – МИЖ инвестициялық ұсыныстарында көзделген ақша ағындарын генерациялау мүмкіндігі;

3) МИЖ басымдығы – байланысты әлеуметтік, стратегиялық, саяси, экологиялық және басқа факторларға негізделген МИЖ-ді іске асырудың маңыздылығы.

37. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның экономикалық қорытындысының нәтижесі МИЖ-ді бюджеттен қаржыландырудың ықтимал түрі мен әдістерін анықтау болып табылады.

38. МИЖ бойынша инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытындыны бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дайындайды және ББӘ-ге МЖАЖ арқылы ұсынылады.

ББӘ-ге МЖӘ-нің инвестициялық ұсынысына ерекше маңызы бар жобаның өлшемшарттарына сәйкес келетін МЖӘ жобасын іске асырудың орындылығы туралы

экономикалық қорытынды берген кезде бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, оларды әзірлеуге халықаралық қаржы ұйымдарын тарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін МЖӘ-нің инвестициялық ұсынысын және экономикалық қорытындыны МЖӘ-ні дамыту орталығына жібереді және ол туралы уәкілетті тұлғаға хабарлайды.

МЖӘ жобасын ерекше маңызы бар МЖӘ жобасына жатқызу өлшемшарттары " Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Заңның 15-бабында көзделген тәртіппен айқындалады.

39. ББӘ МИЖ бойынша инвестициялық ұсынысқа оң экономикалық қорытынды алғаннан кейін 90 (тоқсан) жұмыс күнінен кешіктірмей, әзірленген ҚЭН-ді бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға енгізеді.

Егер экономикалық сараптаманы қоспағанда, БИЖ-дің ТЭН-іне сараптамаларды қаржыландыру және жүргізу бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жағдайда, ББӘ БИЖ ТЭН-ін әзірлегеннен кейін, сондай-ақ әзірленген БИЖ-дің ТЭН-іне ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға әзірленген БИЖ ТЭН-ін енгізеді.

МИЖ бойынша инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытынды, оның ішінде қаржыландырудың түрі мен тәсілдерін айқындағаннан кейін үш жыл ішінде әзірлеу басталмаған, ол бойынша түзетілгенге (әзірленбеген) Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі, жобалық-сметалық құжаттамасы, ҚЭН, конкурстық құжаттамасы ескірген болып саналады.

3-параграф. Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыруға арналған қаражатты бөлу

40. ББӘ МИЖ-дің инвестициялық ұсыныстарына оң экономикалық қорытындының негізінде бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға оң экономикалық қорытынды алынған ағымдағы жылы не келесі жоспарланатын қаржы жылында БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге бөлінетін бюджеттік бағдарлама бойынша қаражат бөлу қажеттігі туралы сұрау салуды (бұдан әрі – БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуді қаржыландыруға арналған сұрау салу) және техникалық тапсырманы ұсынады.

41. БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге арналған техникалық тапсырма, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше айтылмаса, осы Қағидаларда айқындалған БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптар негізінде жасалады және қаралады.

Техникалық тапсырма жобасында:

1) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес БИЖ ТЭН-інің әлеуетті әзірлеушісіне қойылатын біліктілік талаптары;

2) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес әзірлеушінің міндеттерін қолдану және шектеу аясы;

3) БИЖ ТЭН-ін әзірлеудің немесе түзетудің, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізудің болжамды мерзімдері де көрсетіледі.

42. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, экономикалық сараптаманы қоспағанда, БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету шеңберінде тиісті қажетті сараптамаларды жүргізу қаржыландырылады.

БИЖ-дің ТЭН-ін қаржыландыру және сараптамалар жүргізу бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты қаржы жылы ішінде бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның бұйрығымен немесе жергілікті атқарушы органның актісімен бекітілген ТЭН әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыру бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын БИЖ тізбесі негізінде түрлі ББӨ арасында бөлінуге жатады.

Егер жергілікті БИЖ-ді қаржыландыру республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке берілетін нысаналы даму трансферттері қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жағдайда, ТЭН әзірлеуді қаржыландыру мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бөлінетін бюджеттік бағдарламасы есебінен жүзеге асырылады.

43. Бөлінетін бюджеттік бағдарламалар қаражаты есебінен БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыру процесі мынадай негізгі кезеңдерді қамтитын іс-шаралар кешенін білдіреді:

1) ББӨ-ге БИЖ ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыруға өтінімдер беру;

2) БИЖ ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландырудың тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын тізбесін қалыптастыру және бекіту;

3) БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыру.

44. ББӨ бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыруға сұрау салуды ұсынады.

45. БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыруға арналған сұрау салуда қаражатты игеру кезеңі бір жылдан асуы мүмкін, бірақ тиісті бюджет комиссиясының ұсынысында айқындалған мерзімнен аспауы керек және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес ұсынылады.

46. БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыруға арналған сұрау салуға БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге мәлімделген құнды растайтын есептеу ("Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 6-2) тармақшасына сәйкес құрылыстағы баға белгілеу туралы нормативтік құжатқа және сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен сметалық нормаларға сәйкес) қоса беріледі.

47. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге оң экономикалық қорытындының, ББӨ-нің қаржыландыруға арналған хатының, техникалық тапсырманың негізінде МИЖ инвестициялық ұсыныстары бойынша қорытынды қалыптастырады және республикалық бюджет комиссиясының (бұдан әрі – РБК) қарауына енгізеді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган инвестициялық ұсыныстарды қарау қорытындылары бойынша олардың қорытындысын қалыптастырады және БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге оң экономикалық қорытындының, ББӨ-ні қаржыландыруға арналған хатының, техникалық тапсырманың негізінде оларды бюджет комиссиясының қарауына жібереді.

48. Тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізілетін инвестициялық ұсыныстар бойынша қорытындыда мынадай негізгі мәліметтер қамтылады:

1) БИЖ атауы;

2) ББӨ қаржыландыруға ұсынылатын БИЖ ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу құны;

3) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган қаржыландыруға ұсынатын БИЖ ТЭН әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу құны;

4) БИЖ-дің мемлекеттік органдардың немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму және (немесе) іс-шаралар жоспарларын қоса алғанда, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында айқындалған бағыттарға, мақсаттарға, міндеттерге және ережелерге сәйкестігі;

5) міндеттерді орындаудан күтілетін нәтиже.

49. Инвестициялық ұсыныстарда қамтылған, бюджет комиссиялары мақұлдаған БИЖ бойынша бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган тізбе қалыптастырады, олар бойынша МИЖ ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Әрбір жоба бойынша қаржыландырудың атауы мен сомасын қамтитын БИЖ-дің ТЭН тізбесі, әзірленуі немесе түзетілуі, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның бұйрығымен немесе жергілікті атқарушы органның актісімен бекітіледі, оларды дайындауды бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

50. Тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламалар қаражатының қалған сомасына арналған тізбелерге толықтырулар мен өзгерістерді қалыптастыру, тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізу және бекіту осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша БИЖ ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуді қаржыландыруға бөлінген бюджет қаражаты қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған немесе ішінара пайдаланылған жағдайларда, ББӨ тиісті бюджетті соңғы нақтылауға дейін бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылмаған бөлігін қайтаруды қамтамасыз етеді.

Бюджет шығыстарын секвестрлеуді жүргізген кезде бюджеттік бағдарламалардың қысқаруын қоспағанда, ББӨ-де үнемдеу нәтижелері бойынша қалыптасқан бюджет қаражатын қайтару бюджет комиссиясының тиісті шешімінсіз, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен әзірленген және қабылданған тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлу туралы бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның бұйрығына немесе жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісіне өзгерістер енгізу туралы бұйрығының негізінде кейіннен төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырулардың жиынтық жоспарына және міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізіле отырып, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның

немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның тиісті бюджеттік бағдарламаларын қалпына келтіру жолымен жүзеге асырылады.

Бюджет шығыстарын секвестрлеуді жүргізген кезде бюджеттік бағдарламалардың қаражатын қысқарту бөлінетін бюджеттік бағдарлама есебінен қаражат алған ББӨ-нің бюджеттік бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

Қалған жағдайларда пайдаланылмаған бюджет қаражатын қайтару бюджет комиссиясының оң шешімі және белгіленген тәртіппен әзірленген және қабылданған тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлу туралы бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның бұйрығына немесе жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісіне өзгерістер енгізу туралы бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның бұйрығы немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісі негізінде кейіннен төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырулардың жиынтық жоспарына және міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізіле отырып, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның тиісті бюджеттік бағдарламаларын қалпына келтіру жолымен жүзеге асырылады.

БИЖ ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуді қаржыландыруға тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламаларға бөлінген бюджет қаражаты қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған немесе ішінара пайдаланылған жағдайларда, ББӨ-нің екінші жартыжылдықта республикалық бюджет нақтыланғаннан кейін тиісті бюджет саясаты жөніндегі орталық мемлекеттік органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылмаған бөлігін, оның ішінде үнемдеу нәтижелері бойынша қалыптасқан қаражатты қайтаруына жол берілмейді.

БИЖ ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуді қаржыландыруға тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінген бюджет қаражатын алған ББӨ бірінші басшысы осы қаражатты пайдаланбағаны не ішінара пайдаланғаны үшін жауапты болады.

51. ББӨ Тізбелер негізінде БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуді қамтамасыз етеді.

52. БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуді қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

53. БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуге арналған шарт бойынша өнім берушінің міндеттемелерінде тиісті сараптамалар жүргізудің нәтижесінде ескертулер мен ұсыныстар туындаған, оның

ішінде жобаға экономикалық сараптама жүргізу кезінде жоба пысықтауға қайтарылған жағдайда шарттың жалпы құны шегінде өнім берушінің БИЖ ТЭН-ін міндетті пысықтауы туралы талап қамтылады.

4-параграф. Бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу

54. БИЖ ТЭН-ін әзірлеу Қазақстан Республикасының тиісті заңнамаларында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Қағидалардың 3-тарауында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

55. Егер жобаны іске асыру мемлекеттік органдардың немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму және (немесе) іс-шаралар жоспарларын қоса алғанда, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында айқындалған бағыттарда, мақсаттарда, міндеттерде және ережелерде көзделген жағдайда, БИЖ ТЭН-ін әзірлеу жүзеге асырылады.

56. Сыртқы үкіметтік қарыздар қаражатынан қаржыландыру және республикалық бюджет қаражатынан сыртқы қарыздарды қоса қаржыландыру болжанатын БИЖ құнына, қажет болған жағдайда, техникалық көмекке, тауарларға, оқытуға, жоба құрылысын басқару, сүйемелдеу, институционалдық дамыту, қадағалау бойынша консультациялық көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстар қосылады.

57. Қазақстан Республикасында іске асыруд аналогтары жоқ жобалар бойынша халықаралық тәжірибе ескеріле отырып, деректер қолданылады.

58. БИЖ ТЭН-і мынадай құрылымға сәйкес келеді:

- 1) БИЖ ТЭН-нің түйіндемесі;
- 2) "Маркетингтік" бөлім;
- 3) "Техникалық-технологиялық" бөлім;
- 4) "Институционалдық" бөлім;
- 5) "Қаржы-экономикалық" бөлім;
- 6) "Әлеуметтік" бөлім;
- 7) "Тәуекелдерді талдау" бөлімі;
- 8) жалпы тұжырымдар;

10) осы Қағидаларға 8-18-қосымшаларда көрсетілген нысандарға сәйкес БИЖ ТЭН-іне қосымшалар, сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес жобаның ерекшелігіне қарай ұсынылатын БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге арналған бастапқы құжаттар.

БИЖ ТЭН-іне жобаның ерекшелігіне қарай қосымша бөлімдер мен қосымшаларды қосуға жол беріледі.

59. БИЖ ТЭН түйіндемесінде:

1) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша БИЖ-дің қысқаша сипаттамасы көрсетіледі;

2) жобаның қолданыстағы саяси (хаттамалық және өзге де тапсырмаларды, нормативтік құқықтық актілерді көрсете отырып), әлеуметтік-экономикалық және басқа да шарттары сипатталады;

3) жобаның мақсаттарына және нәтиже көрсеткіштеріне, оның ішінде инвестициялық ұсыныс сатысында қаралғандарына қол жеткізудің ықтимал нұсқалары көрсетіледі;

4) қолданыстағы материалдар мен зерттеулер негізінде техникалық-экономикалық бағалаулардың, сондай-ақ оны әзірлеу тапсырмасында баяндалған талаптар мен шарттардың нәтижелері көрсетіледі.

60. БИЖ ТЭН-інің "Маркетингтік" бөлімінде қаралатын өңірдегі жобада болжанатын өнімдерге (тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) қолданыстағы және перспективадағы сұраныстың талдауы не жобаның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігі көрсетіледі.

Осы бөлімде:

1) өндірілетін және жобаны іске асыруда есепке алмай жүргізілетін не жобаны іске асыру нәтижесінде өндіру болжанатын өнімдердің (тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) көлемін, түрлерін және бағаларын бағалау мен негіздеуді қоса алғанда, сұраныстың талдауын, сондай-ақ төлемге қабілетті сұраныстың сандық параметрлерін;

2) құқықтық негізін көрсете отырып, жобаның әлеуметтік-экономикалық қажеттігін талдауды;

3) жобаны іске асыру шеңберінде (инвестициялық кезеңде) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемін, түрлері мен бағаларын, сондай-ақ тиісті прайс-парақтарды, баға ұсыныстарын және басқа да растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жобаның қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігін бағалауды және негіздеуді қоса алғанда, талдауды;

4) пайдалану кезеңінде (инвестициялаудан кейінгі кезеңде) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемін, түрлері мен бағаларын, сондай-ақ тиісті прайс-парақтарды, баға ұсыныстарын және басқа да растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жобаның қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігін бағалауды және негіздеуді қоса алғанда, талдауды;

5) пайдаланылатын ақпарат көздері мен маркетингтік зерттеулер жүргізу әдістемелерін қамтиды;

6) прайс-парақтар мен баға ұсыныстарын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің кемінде екі өнім берушісі ұсынады (ұқсас тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша прайс-парақтар және баға ұсыныстары болмаған жағдайда кемінде екі тәуелсіз бағалау қорытындысы беріледі).

Бағаларды талдау:

сатып алынуы техникалық-технологиялық талдауда көрсетілген талаптарға негізделген;

сипаттамалары техникалық-технологиялық талдауда көрсетілген талаптарға сәйкес келетін тауарларды қамтиды;

консалтингтік көрсетілетін қызметтер құны (бағдарламалық қамтылымды әзірлеу, жобаны басқару, аттестаттау) ресурстар құнының есептеулерімен және бағаларымен расталады.

61. Егер БИЖ шет мемлекеттердің аумағында іске асырылатын жағдайда, БИЖ-дің құнын растайтын, аумағында осы жоба іске асырылатын мемлекеттің құрылыс саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген тиісті құжаттар аталған заңнаманың мәтіні қоса беріле отырып және оның қазақ және (немесе) орыс тілдеріне аударылуы қамтамасыз етіле отырып ұсынылады.

62. БИЖ ТЭН-інің "Техникалық-технологиялық" бөлімі жобаны іске асырудың әртүрлі техникалық-технологиялық шешімдерінің талдауын, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін, маркетингтік бөлімде ұсынылған талдау ескеріле отырып, таңдалған нұсқаның негіздемесін қамтиды.

Бұл бөлімде мыналар:

1) объектіні орналастыру орындарының ықтимал нұсқаларын талдау, шикізат көздері мен өнім берушілеріне, нысаналы топтар мен негізгі пайда алушыларға қатысты орналасқан жері туралы, сондай-ақ жобаның орналасқан жерінің баламалы нұсқалары туралы ақпарат беріле отырып, жобаның орналасқан жерін таңдаудың негіздемесі қамтылады. Қорғаныс саласындағы жобалар бойынша жобаның орналасқан жерінің баламалы нұсқалары туралы ақпарат беру міндетті емес.

2) жоба ауқымының сипаттамасы және жоба қуатын, жоба қуатының игерілу серпінін есептеу негіздемесі;

3) технологиялар мен жабдықтарды таңдау негіздемесі, қазірдің өзінде пайдаланылатын жабдықтармен технологиялық үйлесімділігі, оңтайлы баға-сапа арақатынасы, технологиялар мен жабдықтарды таңдаудың баламалы нұсқалары, инновациялық жабдықтардың қолданылуы, жобада сапа стандарттарының пайдаланылуы туралы ақпарат;

4) таңдалған шешімдер мен схемаларды негіздей отырып, жобаның қажетті инженерлік, көліктік және телекоммуникациялық инфрақұрылыммен (энергия үнемдеу, жылумен, сумен жабдықтау, кәріз) қамтамасыз етілуі туралы ақпарат, сондай-ақ қажет болған жағдайда, іске қосу-баптау жұмыстары туралы ақпарат;

5) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның құрамдауыштары бойынша қаржыландыру бөліне отырып, жобаны іске асыру графигі (оның ішінде технологиялық кезеңдер бойынша);

6) пайдаланылатын ақпарат көздері қамтылады.

Құрылыс саласындағы жобалар бойынша БИЖ ТЭН-інің "Техникалық-технологиялық" бөлімі мыналарды қамтиды:

мыналарды:

қағидаттық сәулеттік, көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдерді қамтитын негізгі сәулет-құрылыс шешімдерді, оның ішінде: жоспарлау шешімдерінің негізділігі, жер учаскелерін ұтымды пайдалану, ғимараттарды тиімді бұғаттау, құрылыс ауданында табиғи қауіпті құбылыстардың (сейсмика, шөгу, карсттар, көшкіндер) болуына ерекше назар аударылады, қағидаттық сәулеттік-композициялық шешімдердің қоршаған құрылыстың қала құрылыстық жағдайларына сәйкестігі. Техникалық жағынан неғұрлым күрделі ғимараттар мен құрылысжайлардың негізгі параметрлері көлемдік-жоспарлау және конструктивтік (құрылыстық) шешімдерді және олардың конструктивтік ерекшеліктерін қамтиды. Құрылыс өнімдері мен материалдарына қажеттілікті;

ғимараттар мен құрылысжайлардың, оның ішінде өнеркәсіптік және басқа да мақсаттағылар арасындағы талап етілетін өртке қарсы және санитариялық-эпидемиологиялық алшақтықтардың сақталуын бағалай отырып, көлік схемасының нұсқаларын, алаңшiлiк жолдар мен автожолдарды таңдау негiздемесiн;

технологиялық процестердің (схемалардың) ықтимал нұсқаларын талдау негізінде таңдалған технологияның қысқаша сипаттамасы мен негіздемесін, құрамын және өндірістік құрылымын қамтитын негізгі сәулет-құрылыс шешімдерді;

БИЖ ТЭН-інің техникалық-технологиялық бөлімінде салыстырма талдау жүргізілетін және таңдалған нұсқаның негіздемесі берілетін жобаның мақсаты мен нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізудің кемінде екі ықтимал нұсқасы көрсетіледі.

Жобалық шешімдерді таңдау кезінде қоршаған ортаға әсерге жүргізілген бағалаудың нәтижелерін ескеру және қоршаған орта мен адам денсаулығына ең аз зиян келтіретін нұсқаның қабылдануын қамтамасыз ету қажет.

63. БИЖ ТЭН-інің "Институционалдық" бөлімі жобаның институционалдық схемасын, оның ішінде:

1) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның институционалдық схемасын;

2) құқықтық негізі көрсетілген жобаны басқару схемасын қамтиды.

Қажет болған жағдайда жоба қатысушылары бойынша толық заңды атауы, шыққан елі, ұйымдық-құқықтық нысаны, жарғылық капиталы, құрылтайшылар және олардың қатысу үлестері, құрылған жылы, негізгі қызмет түрлері, осы саладағы жобаларды іске асыру тәжірибесі және басқа да мәліметтер көрсетіледі.

64. БИЖ ТЭН-інің "Қаржы-экономикалық" бөлімі :

1) инвестициялық шығасылардың есептеуін, жобаның кезеңдері, құрамдауыштары мен қаржыландыру көздері бойынша қаржыландыру қажеттіліктерін бөлуді, қажет болған жағдайда объектілерді пайдалануға беру шығыстарын (іске қосу-баптау жұмыстары);

2) пайдалану шығасыларының есептеуін;

3) балама нұсқаларды талдау негізінде қаржыландыру көздерін (республикалық/жергілікті бюджет, қарыз қаражаты), шарттары мен көлемін (оның ішінде қаржыландыруды жылдарға бөле отырып) көрсете отырып, қаржыландыру схемасының негіздемесін;

4) жобаға қатысушылардың ағымдағы қаржылық жағдайын (қажет болған жағдайда);

5) мыналарды:

өнімдердің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) өзіндік құнының, тарифтерінің, жіберу бағасының есептеуін;

сатудан түскен кірістердің және таза пайданың есептеуін;

ақшалай қаражат ағынының жиынтық есептеуін;

таза дисконтталған кірістің (Net present value – NPV), ішкі пайдалылық нормасының (Internal rate of return – IRR), өзін-өзі ақтаудың дисконтталған және қарапайым мерзімдерінің есептеуін;

таза дисконтталған кірістің (NPV) және ішкі пайдалылық нормасының (IRR) негізгі параметрлер бойынша (өткізу көлемі, өткізу бағасы, инвестициялық және пайдалану шығыстары) сезімталдығын талдауды, жобаның шығынсыздық нүктесінің есептеуін қамтитын жобаның қаржылық талдауын;

6) мыналарды:

жоба іске асырылмаған жағдайда, бюджет қаражатының есебінен болжамды шығындардың есептеуін қамтитын, жобасы бар және жобасыз әлеуметтік-экономикалық жағдайды талдауды;

ең аз шығындарды талдауды немесе шығындар тиімділігін талдауды немесе жобаның экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептеуін, оның ішінде экономикалық пайда мен шығындарды бағалауды, экономикалық таза дисконтталған кірістің (Economic net present value – ENPV) және экономикалық ішкі кірістілік нормасының (Economic internal rate of return – EIRR) есептеуін;

экономикалық таза дисконтталған кірістің (ENPV) және экономикалық ішкі кірістілік нормасының (EIRR) негізгі параметрлер (өткізу көлемі, инвестициялық және пайдалану шығындары) бойынша сезімталдығын талдауды (осы көрсеткіштер бар болған жағдайда) қамтитын жобаның экономикалық талдауын;

7) пайдаланылатын ақпарат көздерін қамтиды.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өткізуден тікелей ақша ағындарын алу болжанбайтын жобалар бойынша жобаға қаржылық талдау жүргізу талап етілмейді.

Жобаның қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеген жағдайда, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салалық

көрсеткіштер мен макроэкономикалық индикаторларды ескере отырып, жобаның қаржылық және экономикалық үлгісінің базалық параметрлері БИЖ ТЭН-іне қоса беріледі.

Жобаның қаржылық тиімділік көрсеткіштерінің есептеулері осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Жобаның таза дисконтталған кірісінің (NPV) және ішкі пайдалылық нормасының (IRR) сезімталдығын талдау нәтижелері осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Жобаның ең аз шығындарын талдау көрсеткіштері осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Жоба шығындарының тиімділігін талдауға арналған көрсеткіштер осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Жобаның экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептеуі осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Жобаның экономикалық таза дисконтталған кірісінің (ENPV) және экономикалық ішкі кірістілік нормасының (EIRR) сезімталдығын талдау нәтижелері осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Қосымшалардағы көрсеткіштер мен есептеулер БИЖ ТЭН-інде негізделген болуға тиіс.

65. БИЖ ТЭН-інің "Әлеуметтік" бөлімі жобаның білікті кадрлармен қамтамасыз етілуін талдауды, оның ішінде:

- 1) жобаның инвестициялық және инвестициялықтан кейінгі кезеңдерінде білікті кадрлардың болуы туралы ақпаратты;
- 2) жұмысшылар мен мамандарды оқыту мен қайта даярлаудың (қажет болған жағдайда) қажеттігі туралы ақпаратты;
- 3) еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының нормалары туралы ақпаратты;
- 4) халықтың әлеуметтік-мәдени және демографиялық сипаттамалары тұрғысынан жобаның негізділігін;
- 5) пайдаланылатын ақпарат көздерін қамтиды.

66. БИЖ ТЭН-нің "Тәуекелдерді талдау" бөлімі:

- 1) тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалаудың пайдаланылған әдістері туралы ақпаратты;
- 2) тәуекелдердің басталу ықтималдығын және тәуекелдердің басталуынан келетін залалды айқындау нәтижелерін, сондай-ақ тәуекелдерді азайту бойынша болжанатын іс-шараларды ұсына отырып, жобаның инвестициялық және инвестициялықтан кейінгі кезеңдерінде басталуы ықтимал сәйкестендірілген тәуекелдердің (коммерциялық, техникалық-технологиялық, экологиялық, институционалдық, қаржылық, әлеуметтік және өзге) тізбесін қамтиды.

Жобаның тәуекелдері бойынша ақпарат осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

67. БИЖ ТЭН-нің жалпы тұжырымдары:

- 1) жобаны іске асырудың неғұрлым оңтайлы нұсқасын таңдаудың негіздемесін;
- 2) жобаны іске асырудың таңдалған нұсқасының негізгі кемшіліктері мен артықшылықтарын;
- 3) таңдалған нұсқа бойынша негізгі техникалық-экономикалық параметрлерді (көрсеткіштерді):
 - жобаның іске асырылатын орнын;
 - түпкілікті нәтиже көрсеткіштері;
 - жобаның құрамдауыштарын;қаржыландырылуы жылдарға және құрамдауыштар бойынша бөлінген жобаның жалпы құнын қамтиды.

68. БИЖ ТЭН-ге қосымшалар осы Қағидаларға 7-17-қосымшаларда көрсетілген нысандарға сәйкес қосымша ақпаратты: диаграммаларды, суреттерді, жергілікті жердің карталарын және БИЖ ТЭН-де келтірілген ақпаратты растайтын және ашатын басқа да материалдар мен құжаттарды қамтуы мүмкін.

69. Құрылыс саласындағы жобалар бойынша БИЖ ТЭН-іне қосымшалар картографиялық және басқа да графикалық материалдарды, оның ішінде құрылыс объектісін орналастыратын және оның инженерлік желілер мен коммуникацияларға жалғасатын жері көрсетіле отырып, ахуалдық жоспар схемасын, жер учаскесінің көлемдерін негіздейтін объектінің бас жоспарының схемаларын, сондай-ақ тиісті технологиялық, сәулеттік және көлемдік-жоспарлау шешімдерінің схемаларын, сызбаларын (эскиздік жобаларды) да қамтиды.

70. Іске асырылуы сыртқы қарыз есебінен болжанатын жобалар бойынша ТЭН қарыз алудың мынадай құрамдауыштарының: жобаны басқару, құрылысты қадағалау, институционалдық дамыту бойынша көрсетілетін консультациялық қызметтердің құны мен қажеттігін негіздейтін қосымшаны қамтиды.

Аталған қосымша:

- 1) жобаны басқару мен құрылысты қадағалау бойынша жергілікті (отандық) және халықаралық (шетелдік) консультанттардың нарығын салыстырып талдауды, тиісті халықаралық сертификаттар мен жұмыс тәжірибесінің болуын;
- 2) жұмыстардың көлемі мен күтілетін нәтижелерді, мерзімдерді, көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу мөлшерлемелері мен қаржыландыру көздерінің талдауын;
- 3) консультанттардың қажетті саны (егер жоба жеке консультанттарды жалдауды талап етсе) мен олардың талап етілетін мамандандырылуының негіздемесін;
- 4) консультанттарды тарту бойынша техникалық тапсырманың жобасын;
- 5) пайдаланылатын ақпарат көздерін қамтиды.

Іске асырылуы сыртқы қарыз алу есебінен болжанатын БИЖ ТЭН-ін әзірлеу бойынша есептеулер халықаралық қаржы ұйымдары ұсынатын ақпарат негізінде жүзеге асырылады.

5-параграф. Бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің қажетті сараптамаларын жүргізу

71. Белгіленген техникалық-экономикалық параметрлерді растау үшін БИЖ ТЭН Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген экономикалық және басқа да сараптамалардан өтуі тиіс.

72. Құрамында сәулет, қала құрылысы және құрылыс шешімдері бар БИЖ ТЭН-інің сараптамасы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

73. Республикалық БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға жүзеге асырады.

74. Жергілікті БИЖ ТЭН-інің, сондай-ақ нысаналы даму трансферттері мен республикалық бюджеттен берілетін кредиттер есебінен қаржыландырылуы жоспарланатын жобалардың ТЭН-іне экономикалық сараптаманы БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғалар жүзеге асырады.

75. БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасы ұсынылған БИЖ ТЭН-інің, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның инвестициялық ұсынысқа арналған экономикалық қорытындысының және жобаның ерекшелігіне қарай талап етілетін БИЖ ТЭН-і сараптамаларының тиісті оң қорытындыларының, атап айтқанда:

- 1) ведомстводан тыс кешенді сараптама қорытындысының;
- 2) салалық сараптама қорытындысының негізінде жүргізіледі.

76. Жобаның ерекшелігіне байланысты БИЖ бойынша мынадай бастапқы құжаттар:

1) құрылыс қызметін болжайтын жобалар бойынша БИЖ ТЭН-іне салалық, ведомстводан тыс кешенді сараптамалардың қорытындылары, сондай-ақ БИЖ ТЭН-ін әзірлеу тапсырмасына қоса берілетін құжаттардың көшірмелері, оның ішінде техникалық шарттар, жергілікті атқарушы органдардың жаңа объектілердің құрылысын болжайтын жобалар бойынша жер учаскелерін бөлу туралы шешімдері (қажет болған жағдайда жер учаскелерінің меншік иелері мен жерді пайдаланушылар шығындарының, алып қойылатын алқаптардың түріне қарай ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісі ысыраптарының есептеулерін қоса бере отырып) және қолданыстағы объектілерді реконструкциялауды болжайтын жобалар бойынша жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін тиісті құжаттардың көшірмелері;

2) объектіні пайдалануға беру шығындары болған жағдайда, ведомстволық нормативтерге сәйкес объектіні пайдалануға беру шығындары (іске қосу-баптау жұмыстары) бойынша уәкілетті мемлекеттік органның салалық сараптамасының және ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындылары талап етіледі.

Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа қауіп төнуіне байланысты кідіртпей пайдалануға беруді талап ететін ірі бірыңғай энергетикалық жүйе объектілері мен техникалық күрделі атом және жылу энергетикалық кешен объектілері үшін іске қосу-баптау жұмыстары бойынша шығындар елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына қауіп төнуі туралы растауы бар уәкілетті мемлекеттік органның салалық сараптама қорытындысында көрсетілген есептеулерге сәйкес жүзеге асырылады;

3) инновациялық және/немесе ғарыш қызметін болжайтын жобалар бойынша салалық және мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамалардың қорытындылары талап етіледі;

Осы тармақта көрсетілген қорытындыларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

77. Салалық сараптама қорытындысы:

1) БИЖ ТЭН-інің БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге арналған техникалық тапсырмаға сәйкестігін;

2) саланың одан әрі дамуына ықпал ететін оның ағымдағы жай-күйінің проблемаларын;

3) БИЖ-ді іске асыру болжанатын қазіргі саяси, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және басқа да жағдайларды;

4) өнімдерге/көрсетілетін қызметке қазіргі және болжанатын сұраныстың (БИЖ өмірлік циклінің кезеңіне) немесе осы өңірде бар бәсекелестік ескеріле отырып, әлеуметтік-экономикалық қажеттіктің көрсеткіштерін;

5) БИЖ-ді іске асырудан болатын пайда мен шығындарды бөлуді;

6) БИЖ ТЭН-інде қабылданған технологиялық, техникалық шешімдерді, оның ішінде БИЖ-ді іске асыру кестесін бағалауды;

7) баға шешімдерін, оның ішінде БИЖ ТЭН-інде келтірілген инвестициялық және пайдалану шығындарының барлық құрамдауыштары бойынша баға-сапа арақатынасының оңтайлылығын, тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге жоспарланып отырған бағаларды тиісті нарықтық бағалармен салыстыруды;

8) БИЖ таңдаудың негіздемесімен қоса, проблеманы шешу нұсқасын таңдау кезінде оны шешудің оңтайлы жолы ретінде қаралған балама нұсқаларды;

9) БИЖ іске асырылған және іске асырылмаған жағдайдағы экономика салаларына (аяларына) болжамды мультипликативтік әсерді, оның ішінде бюджеттің кіріс бөлігін толықтыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға ықпалын;

10) салалық уәкілетті мемлекеттік органдардың ведомстволық нормативтеріне сәйкес объектіні пайдалануға беру шығындарының негізділігін;

11) БИЖ іске асырылған жағдайдағы ықтимал тәуекелдерді және оларды барынша азайту жөніндегі іс-шараларды бағалауды көздейді.

78. Егер БИЖ-ді республикалық бюджет қаражаты есебінен іске асыру ұсынылған жағдайда, БИЖ салалық сараптама қорытындысын тиісті саладағы орталық уәкілетті орган ұсынады, БИЖ-ді белгілі бір салаға жатқызу мүмкін болмаған жағдайда салалық қорытындыны ББӘ-нің өзі ұсынады.

Егер республикалық бюджет қаражаты есебінен іске асыру болжанатын БИЖ бірнеше салалық орталық мемлекеттік органдардың жауапкершілік аясын қозғаған жағдайда, көрсетілген салалық орталық мемлекеттік органдар БИЖ-дің тиісті салалық сараптамаларын қорытындыларын қосымша ұсынады.

Бұл ретте, мемлекеттік органның бірінші басшысы не оны алмастыратын адам не мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адам қол қойған қосымша салалық сараптамалардың қорытындыларын тиісті салалық орталық мемлекеттік органдар БИЖ-дің іске асырылуының жетекшілік ететін салаға ықпалын бағалау және саланың басымдықтарына сәйкестігі бөлігінде ғана ұсынады.

79. Егер БИЖ-ді жергілікті бюджет қаражаты немесе жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асыру ұсынылған жағдайда, БИЖ салалық сараптамасының қорытындысын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын салалық жергілікті атқарушы орган ұсынады, БИЖ-ді қандай да бір салаға жатқызу мүмкін болмаған жағдайда салалық қорытындыны ББӘ өзі ұсынады.

Егер жергілікті бюджет қаражаты немесе жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асыру болжанатын БИЖ бірнеше салалық жергілікті органның жауапкершілік аясын қозғайтын болса, көрсетілген салалық жергілікті мемлекеттік органдар БИЖ салалық сараптамаларының тиісті қорытындыларын қосымша ұсынады.

80. Салалық сараптаманың қорытындысына ББӘ – мемлекеттік органның бірінші басшысы не оны алмастыратын адам не ББӘ – мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адам қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында ресми құжаттар үшін белгіленген тәртіппен ресімделеді.

81. БИЖ ТЭН-іне экономикалық сараптама жүргізу кезінде БИЖ-дің ерекшелігіне қарай жүргізілген сараптамаларда қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптамалар талап етілуі мүмкін.

Жүргізілген сараптамаларда қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптамалар жүргізуді ББӘ қамтамасыз етеді.

Қосымша сараптамаларға мыналар:

- 1) ведомстводан тыс кешенді сараптама;
- 2) уәкілетті мемлекеттік органның салалық сараптамасының қорытындысы жатады.

82. Қажетті/пысықталған ақпаратты ұсыну және/немесе жүргізілген сараптамалармен қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптамаларды жүргізу бойынша сұрау салулар тиісті ББӘ-ге, сұрау салудың көшірмесі осы Қағидалардың 76-79, 82-тармақтарында көрсетілген құжаттардың толық топтамасы түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жіберіледі.

Бұл ретте олардың сканерленген көшірмелері БИЖ қысқаша сипаттамасында көрсетілген ББӘ өкілінің электрондық пошта мекенжайына жіберіледі.

83. ББӘ сұрау салу күнінен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындаған заңды тұлғаға қажетті ақпаратты ұсынады.

Қосымша ақпаратты (құжаттарды) белгіленген мерзімдерде ұсынбау БИЖ ТЭН-ін және оған қоса берілген құжаттарды пысықтауға қайтару үшін негіз болып табылады.

БИЖ ТЭН сұралған материалдарды ұсынудың белгіленген мерзімдері өткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін кешіктірілмейтін мерзімде бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға пысықтауға арналған қорытындымен қайтарылады.

84. Басқа мемлекеттердің аумағында жүзеге асырылуы жоспарланған, сондай-ақ құрылыс қызметін көздемейтін БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасы БИЖ ТЭН-і және салалық сараптаманың қорытындысы негізінде жүргізіледі.

Сондай-ақ БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасына аумағында БИЖ-ді іске асыру болжанатын мемлекеттердің заңнамасына сәйкес талап етілетін сараптамалар және осы қызметті реттейтін тиісті нормативтік құқықтық актілер ұсынылады. Қажет болған жағдайда тиісті сараптамалар мен талап етілетін нормативтік құқықтық актілердің аудармасын қамтамасыз етуді ББӘ жүзеге асырады.

85. БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасының нәтижесі оң қорытынды немесе теріс қорытынды немесе себептері көрсетіле отырып, қайта қарауға қорытынды болып табылады.

БИЖ ТЭН экономикалық сараптамасының оң қорытындысы құрылымы мен мазмұны осы Қағидаларға сәйкес келетін, сондай-ақ жобаның жүзеге асатындығына және тиімділігіне алғышарттары бар БИЖ ТЭН-іне беріледі.

Оң қорытындыда ескертпелермен пікір білдіруге ықпал еткен факторлар сипаттала отырып, ескертпелердің болуына жол беріледі. Экономикалық қорытындының ескертпелері жобаны басқарудың тиісті жоспары шеңберінде инвестицияларды жүзеге асыру кезінде ескеріледі.

БИЖ ТЭН экономикалық сараптамасының теріс қорытындысы бағалау нәтижелері жобаның іске аспайтындығын және/немесе тиімсіздігін көрсетіп отырған не БИЖ-ді іске асырудың басқа түрлері мен тәсілдері айқындалған БИЖ ТЭН-іне беріледі.

Мынадай:

1) қосымша материалдар белгіленген мерзімдерде ұсынылмаған;

2) БИЖ ТЭН-і Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда БИЖ ТЭН-ін және оның құжаттарын пысықтауға қорытындыны ББӨ бір мезгілде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органды хабардар ете отырып жібереді.

86. Сыртқы үкіметтік қарыздар қаражатынан қаржыландыру және республикалық бюджет қаражатынан сыртқы қарыздарды қоса қаржыландыру болжанатын БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасының қорытындысы техникалық көмекке, тауарларға, оқытуға, жоба құрылысын басқару, сүйемелдеу, институционалдық дамыту, қадағалау жөніндегі консультациялық көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстарды бағалауды да қамтиды.

87. БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасы Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындаған заңды тұлғаға толық құжаттар топтамасы келіп түскен күннен бастап 26 (жиырма алты) жұмыс күні ішінде жүргізіледі, оның нәтижелері бойынша тиісті қорытынды бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жіберіледі.

88. БИЖ ТЭН-нің экономикалық сараптамасының қорытындысы:

- 1) "Жобаның қысқаша сипаттамасы" бөлімін;
- 2) "Жоба бойынша құжаттама құрамын бағалау" бөлімін;
- 3) "Жобаның орындылығы туралы ақпарат" бөлімін;
- 4) "Жобаның жүзеге асатындығына алғышарттардың болуын бағалау" бөлімін;
- 5) "Жобаның тиімділігіне алғышарттардың болуын бағалау" бөлімін;
- 6) "Жоба тәуекелдерін талдауды бағалау" бөлімін;
- 7) "Жоба бойынша жалпы тұжырымдар" бөлімін қамтиды.

89. "Жобаның қысқаша сипаттамасы" деген бөлімде БИЖ ТЭН-іне сәйкес мынадай ақпарат:

- 1) жобаның атауы;
- 2) ББӨ-нің атауы;
- 3) жобаның іске асырылу кезеңі;
- 4) жобаның мақсаты мен міндеттері;
- 5) түпкілікті нәтиже көрсеткіштері;
- 6) жобаны іске асыру орны;
- 7) жобаның ауқымы мен қуаты;
- 8) нысаналы топтар, оның ішінде негізгі пайда алушылар;

9) жобаның құрамдауыштары;

10) қаржыландырылуы жылдарға бөлінген жобаның жалпы құны;

11) жобаны қаржыландыру көздері және нысаны көрсетіледі.

90. "Жоба бойынша құжаттама құрамын бағалау" деген бөлім мыналарды:

1) экономикалық сараптама жүргізу кезінде назарға алынған құжаттар мен материалдардың тізбесін:

экономикалық сараптама жүргізу үшін қарауға ұсынылған құжаттар;

нормативтік құқықтық актілер;

2) ұсынылған құжаттардың құрамы мен мазмұнына ескертулерді қамтиды.

91. "Жобаның орындылығы туралы ақпарат" деген бөлім мыналарды қамтиды:

1) жобаның мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігі (іске асыру кезеңі, қаржыландыру көздері бойынша сәйкестігі) туралы ақпаратты;

2) БИЖ ТЭН-інің бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның инвестициялық ұсынысқа арналған оң экономикалық қорытындысына сәйкестігі туралы ақпаратты қамтиды.

92. "Жобаның жүзеге асатындығына алғышарттардың болуын бағалау" деген бөлімде мыналар:

1) сұраныстың талдауын немесе жобаның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін бағалау (тиісті сараптамалардың қорытындылары негізінде);

2) жобаны іске асыру (инвестициялық кезеңде) және пайдалану кезеңі (инвестициялаудан кейінгі кезең) шеңберінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің нарығын талдауды бағалау (тиісті сараптамалар қорытындыларының, сондай-ақ берілген прайс-парақтардың, коммерциялық ұсыныстардың және басқа да растаушы құжаттардың негізінде);

3) ТЭН-де келтірілген жобаны іске асырудың таңдап алынған техникалық-технологиялық шешімін бағалау (тиісті сараптамалардың қорытындылары негізінде);

4) қабылданған жобалық шешімдердің қоршаған ортаға әсері туралы ақпаратты бағалау (тиісті сараптамалардың қорытындылары негізінде);

5) жобаның институционалдық схемасын бағалау (тиісті сараптамалардың қорытындылары негізінде);

6) қаржыландыру схемасын бағалау (тиісті сараптамалардың қорытындылары негізінде);

7) жобаның білікті мамандармен қамтамасыз етілгендігін талдауды бағалау (тиісті сараптамалардың қорытындылары негізінде) қамтылады.

ТЭН-де келтірілген техникалық-экономикалық параметрлер мен жобалық шешімдердің мақұлданғанын, келісілгендігін және/немесе сараптамалардың тиісті

қорытындыларымен оң бағаланғанын растау жобаның жүзеге асатынын айқындауды білдіреді.

93. "Жобаның тиімділігіне алғышарттардың болуын бағалау" деген бөлімде мыналар:

1) инвестициялық шығыстарды есептеуді бағалау (тиісті сараптамалардың қорытындылары негізінде);

2) пайдалану шығыстарын есептеуді бағалау (тиісті сараптамалардың қорытындылары негізінде);

3) жобаның қаржылық талдауын бағалау (қажет болғанда);

4) жобаның экономикалық талдауын бағалау қамтылады.

94. "Жоба тәуекелдерін талдауды бағалау" деген бөлім БИЖ ТЭН-де көрсетілген коммерциялық, техникалық-технологиялық, экологиялық, институционалдық, қаржылық, әлеуметтік және өзге де тәуекелдердің талдауын бағалауды қамтиды.

95. "Жоба бойынша жалпы тұжырымдар" (экономикалық сараптаманың қорытындылары бойынша) деген бөлімде:

1) негізгі техникалық-экономикалық параметрлер:

жобаны іске асыру орны;

жобаның мақсаты;

түпкілікті нәтиже көрсеткіштері;

жобаның құрамдауыштары;

қаржыландырылуы жылдар және құрамдауыштар бойынша бөлінген жобаның жалпы құны;

2) жоба бойынша негізгі тұжырымдар:

тәуекелдерді талдауды бағалау;

жобаның жүзеге асатындығына алғышарттардың болуын бағалау;

жобаның тиімділігіне алғышарттардың болуын бағалау;

3) жоба бойынша қорытынды (оң қорытынды немесе теріс қорытынды немесе пысықтауға қорытынды) көрсетіледі.

96. Экономикалық сараптаманың қорытындысы мынадай сапа өлшемшарттарына сәйкес болуы тиіс:

1) қорытынды құрылымының осы Қағидалардың 89-тармағында (қорытынды құрылымы) белгіленген ережелерге сәйкестігі;

2) қорытынды мазмұнының осы Қағидалардың 90-96-тармақтарында (құрылым мазмұны) белгіленген ережелерге сәйкестігі.

6-параграф. Техникалық-экономикалық негіздемені талап ететін бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау

97. БИЖ-ді қарауды осы Қағидаларға сәйкес әзірленген ТЭН-нің және БИЖ ТЭН экономикалық сараптамасының қорытындысы негізінде бюджет саясаты жөніндегі

орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

98. БИЖ ТЭН-і әзірленгеннен кейін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін сараптамалар жүргізілгеннен кейін ББӨ 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей БИЖ ТЭН-інің электрондық нұсқасын, оның ішінде БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге жауапты ББӨ-нің құрылымдық бөлімшесінің басшысы әр парағына қол қоятын БИЖ бойынша қаржылық-экономикалық модельді ұсына отырып, олардың түпнұсқалары мен көшірмелерін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жібереді.

Құжаттар редакцияланбайтын графикалық форматта МЖАЖ арқылы ұсынылады.

99. БИЖ-ге экономикалық қорытынды осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылатын БИЖ-дің экономикалық талдауын кешенді бағалаудың нысаны болып табылады және осы Қағидалардың 76-79, 82, 98-тармақтарында көрсетілген құжаттардың толық топтамасы енгізілгеннен кейін 32 (отыз екі) жұмыс күні ішінде жүргізіледі, онда Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындаған тиісті заңды тұлға жүзеге асыратын БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасына 26 (жиырма алты) жұмыс күні беріледі.

100. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган құжаттар топтамасы келіп түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оларды ББӨ-ге мынадай:

1) БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүргізу үшін болуы қажет сараптамалар болмаған;

2) БИЖ ТЭН-де осы Қағидаларға сәйкес болуы қажет бөлімдер болмаған жағдайларда қайтарады.

101. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган БИЖ-ді БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасы қорытындысының негізінде қарайды және олар бойынша экономикалық қорытындыны ББӨ-ге жолдайды.

102. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган БИЖ ТЭН-і бойынша құжаттардың толық топтамасы алынған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындаған заңды тұлғаға ТЭН түпнұсқалары мен тиісті сараптамаларды қоса бере отырып, БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүргізу қажеттігі туралы хат жолдайды.

103. БИЖ ТЭН-і экономикалық сараптамасының қорытындысын Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындаған тиісті заңды тұлғалар БИЖ ТЭН-і бойынша құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап 26 (жиырма

алты) жұмыс күнінен кешіктірмей бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жібереді.

104. Осы Қағидалардың 101-тармағында көзделген жағдайларда, сондай-ақ БИЖ ТЭН-ін пысықтау қажет болған жағдайда ББӨ 30 (отыз) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 76-79, 82-тармақтарында көзделген тәртіппен пысықталған құжаттарды қайта енгізеді.

105. Тиісті сараптамалардың оң қорытындыларын алған ТЭН, оның ішінде түзетілген БИЖ ТЭН-і мен ЖСҚ-ны Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес мемлекеттік органның бірінші басшысы – ББӨ не оны алмастыратын адам не мемлекеттік органның бірінші басшысы уәкілеттік берген адам бекітеді.

106. ТЭН бекітілгеннен кейін үш жыл ішінде ЖСҚ әзірлеу немесе жобаны іске асыру басталмаған (әзірленбеген) БИЖ ТЭН-ге, оның ішінде түзетілген БИЖ ТЭН-ге арналған экономикалық қорытынды ескірген болып есептеледі.

7-параграф. Техникалық-экономикалық негіздемені талап ететін бюджеттік-инвестициялық жобаларды іріктеу

107. БИЖ-ді іріктеу алдын ала іріктелген және негізделген ББӨ жобалары негізінде жүзеге асырылады.

Тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығаруды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

108. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ББӨ БИЖ-ді олардың қаржылай қаражатпен қамтамасыз етілуі, растайтын құжаттарының болуы тұрғысынан қарайды және олар бойынша қорытындыны Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес МИЖ инвестициялық ұсынысының оң экономикалық қорытындысын, БИЖ бойынша экономикалық қорытындыны ескере отырып, бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Нысаналы трансферттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламаларға (кіші бағдарламаларға) бюджеттік сұрау салулар бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындылары жалпы сипаттағы нысаналы емес трансферттерді және жергілікті атқарушы органдарға бюджеттік кредиттерді дамытуға арналған шығыстар өңірлік саясат мәселелері жөніндегі комиссияның ұсынымдарын ескере отырып, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

109. Бекітілген БИЖ ТЭН-інің, БИЖ бойынша оң экономикалық қорытындының және тиісті бюджет комиссиясының оң шешімінің негізінде БИЖ тиісті бюджет жобасына енгізіледі.

110. БИЖ олардың белгіленген тәртіппен бекітілген ТЭН-іне сәйкес іске асырылады.

111. БИЖ іске асыру шеңберінде көзделетін құрылыс қызметі белгіленген тәртіппен бекітілген ЖСҚ-ға сәйкес жүзеге асырылады.

8-параграф. Техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуді талап етпейтін бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау және іріктеу

112. ТЭН әзірлеуді талап етпейтін БИЖ-ді қарауды осы Қағидалардың 3-тарауында айқындалған тәртіппен МИЖ инвестициялық ұсынысының негізінде бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

113. Тиісті бюджеттің жобасына енгізу үшін ТЭН әзірлеуді талап етпейтін БИЖ-ді айқындауды және тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығаруды МИЖ портфелінің негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

114. Құрылыс қызметін болжайтын БИЖ-ге Қазақстан Республикасының барлау және қарсы барлау салаларындағы арнаулы мемлекеттік органдары іске асыруды жоспарлап отырған жобаларды қоспағанда, жер учаскесіне құқық беру туралы жерге орналастыру жобасы (қажет болған жағдайда жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар шығындарының, алынып қойылатын алқаптардың түріне қарай ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісі шығындарының есептеулерін қоса бере отырып) қоса беріледі.

115. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ТЭН әзірлеуді талап етпейтін ББӘ БИЖ-ін олардың қаржы қаражатымен қамтамасыз етілуі, растайтын құжаттарының болуы тұрғысынан қарайды және олар бойынша қорытындыны Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес МИЖ инвестициялық ұсынысының оң экономикалық қорытындысын ескере отырып, бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Жергілікті атқарушы органдарға нысаналы даму трансферттері мен бюджеттік кредиттерді беруге бағытталған бюджеттік бағдарламаларға берілетін бюджеттік сұрау салуы бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындылары өңірлік саясат мәселелері жөніндегі комиссияның ұсынымдары ескеріле отырып, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

116. МИЖ-дің инвестициялық ұсынысына оң экономикалық қорытындының және тиісті бюджет комиссиясының оң шешімінің негізінде ТЭН әзірлеуді талап етпейтін БИЖ тиісті бюджет жобасына енгізіледі.

117. Тиісті қаржы жылының бюджетіне енгізілген, ТЭН әзірлеуді талап етпейтін БИЖ бойынша ББӘ Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес ЖСҚ әзірлеуді қамтамасыз етеді.

118. Бірыңғай техникалық параметрлері бар БИЖ бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үлгілік жобаны әзірлеу жүзеге асырылады.

119. БИЖ-ді іске асыру кезінде үлгілік жобаларды қолдану нақты құрылыс алаңына байланыстыру жолымен жүзеге асырылады.

9-параграф. Сметалық құнын ұлғайтуды болжайтын жобаларды қарау және іріктеу

120. ЖСҚ-ны түзетуге немесе оған бекітілген ТЭН-де немесе БИЖ үлгілік жобасында көзделмеген бюджеттен қосымша шығыстарға алып келетін қосымша құрамдауыштар енгізуге байланысты республикалық БИЖ сметалық құнының ұлғаюына байланысты шығыстар республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

121. ЖСҚ-ны түзетуге немесе оған бекітілген ТЭН-де немесе БИЖ үлгілік жобасында көзделмеген бюджеттен қосымша шығыстарға алып келетін қосымша құрамдауыштар енгізуге байланысты жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын жергілікті БИЖ сметалық құнының ұлғаюына байланысты шығыстар тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Республикалық бюджет комиссиясының ұсынысы бойынша техникалық-экономикалық негіздемені немесе жобалау-сметалық құжаттаманы түзетуге немесе оған аса маңызды объектілерді немесе жалпы елдік маңызы бар жобаларды іске асыруға бағытталған жергілікті мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерінің қосымша компоненттерін енгізуге байланысты ұлғайтуды республикалық бюджет есебінен қаржыландыруға жол беріледі.

122. ЖСҚ-ны түзетуге немесе оған бекітілген ТЭН-де немесе БИЖ-дің үлгілік жобасында көзделмеген, қосымша бюджет шығыстарына алып келетін қосымша құрамдауыштарды енгізуге байланысты БИЖ-дің сметалық құнын бюджет комиссиясының қарауынсыз және ұсынысынсыз ұлғайтуға жол берілмейді.

Бекітілген құны 260 000 (екі жүз алпыс мың) айлық есептік көрсеткіштен асатын жергілікті БИЖ-дің сметалық құны ұлғайған кезде жергілікті атқарушы орган тиісті саланың уәкілетті орталық мемлекеттік органдарымен қажетті құжаттаманы келіседі.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған Қазақстан Республикасының Үкіметі жасаған қарыз туралы шарт шеңберінде іске асырылып жатқан БИЖ бойынша бюджеттік инвестициялық жобалардың сметалық құнын ұлғайтуды, егер қарыз шартының талаптарына сәйкес мердігермен азаматтық-құқықтық шартта құнын ұлғайтуды қаржыландыру жөнінде өзге де талаптар белгіленген болса, азаматтық-құқықтық шартқа сәйкес ЖСҚ-ны түзетусіз қаржыландыруға болады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген БИЖ бойынша азаматтық-құқықтық шарттың талаптарына сәйкес жол учаскелерінің сметалық құнын ұлғайтуды РБК-ның қарауынсыз қаржыландыруға жол берілмейді.

123. Инвестициялық жоспарған және республикалық немесе жергілікті бюджетке енгізілмеген БИЖ бойынша ЖСҚ әзірлеуге жол берілмейді.

124. БИЖ ТЭН-ін түзету не ТЭН-ді түзетуді талап ететін БИЖ-дің сметалық құнын ұлғайту мәселелерін шығару екі кезеңмен жүзеге асырылады.

Бірінші кезең бойынша:

1) осы Қағидалардың 271-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ББӨ-нің БИЖ ТЭН-ін түзету бойынша инвестициялық ұсыныс әзірлеуі және оны бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынуы;

2) тиісті бюджет комиссиясының ББӨ ұсынатын құжаттардың және бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға БИЖ ТЭН-ін түзету жөніндегі инвестициялық ұсынысына оң экономикалық қорытындының негізінде БИЖ ТЭН-ін түзетудің және БИЖ ТЭН-ін түзетуді қаржыландырудың (қажет болған жағдайда) орындылығын айқындау жөніндегі шешімі . Осы Қағидалардың 271-тармағында көзделген жағдайда БИЖ ТЭН-ін түзету бойынша инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытынды талап етілмейді.

Бірінші кезеңде БИЖ ТЭН-ін түзету бойынша инвестициялық ұсыныстарды әзірлеу, қарау және іріктеу процесі осы Қағидалардың 3-тарауында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

БИЖ ТЭН-ін түзетудің орындылығы мәселесін тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығару үшін ББӨ бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті салыстырма кестесі қоса берілген, өзгеруі болжанатын техникалық шешімдер және қосымша шығыстар көрсетіле отырып, мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысының не оны

алмастыратын адамның не мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған хат;

2) мемлекеттік органның бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолы қойылған және Қазақстан Республикасының заңнамасында ресми құжаттар үшін белгіленген тәртіппен ресімделген, техникалық шешімдерді өзгертудің және қосымша шығыстар көздеудің орындылығын растайтын тиісті саланың уәкілетті органының салалық сараптамасының қорытындысы;

3) БИЖ-дің ерекшелігіне қарай қажетті сараптамалардың қорытындылары;

4) осы Қағидалардың 271-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, БИЖ ТЭН-ін түзету бойынша инвестициялық ұсынысқа бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысы;

5) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның оң қорытындысын алған кезде бұрын қаралған БИЖ ТЭН-і бойынша сараптама қорытындысы мен құжаттары (бекітілген бастапқы БИЖ ТЭН-і бойынша);

6) ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған жүргізіліп жатқан түзету туралы хабарлама-хат.

БИЖ ТЭН-ін қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатының мақсатына сай пайдаланылуы тұрғысынан жасалған актісі, сондай-ақ егер жоба бойынша қаржыландыру басталған болса, құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей датасы қойылған бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады.

7) тиісті саланың уәкілетті орталық мемлекеттік органының бекітілген құны 260 000 (екі жүз алпыс мың) айлық есептік көрсеткіштен асатын жергілікті БИЖ инвестициялық ұсынысына келісім-хаты;

8) қол жеткізбеудің себептері көрсетіле отырып, бекітілген БИЖ ТЭН-інде бөлінген бюджет қаражаты толық игерілген кезде де аталған көрсеткіштерге қол жеткізу не жеткізбеу туралы ақпаратты қамтитын, мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы не оны алмастыратын адам не мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адам қол қойған түсіндірме жазба.

ББ тиісті бюджет комиссиясының оң шешімін алған кезде БИЖ ТЭН-іне тиісті түзетулер енгізеді.

Екінші кезең бойынша:

1) осы Қағидалардың 271-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ББӨ-нің түзетілген БИЖ ТЭН-ін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынуы;

2) тиісті бюджет комиссиясының түзетілген ТЭН бойынша БИЖ-ді қаржыландырудың орындылығын айқындау жөніндегі шешімі.

Екінші кезеңде түзетілген БИЖ ТЭН-ін қарауды осы Қағидалардың 5-тарауының 2-параграфында айқындалған тәртіппен бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган түзетілген БИЖ ТЭН-і бойынша қаржыландырудың орындылығы мәселесін тиісті бюджет комиссиясының қарауына ББӨ ұсынатын мынадай құжаттардың негізінде шығарады:

1) БИЖ-дің ерекшелігіне қарай талап етілетін түзетілген БИЖ ТЭН-іне сараптамалардың қорытындылары;

2) осы Қағидалардың 271-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, түзетілген БИЖ ТЭН-іне экономикалық сараптаманың оң қорытындысы және экономикалық қорытынды;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында ресми құжаттар үшін белгіленген тәртіппен ресімделген, техникалық шешімдерді өзгертудің және қосымша шығыстар көздеудің орындылығын растайтын тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органының салалық сараптама қорытындысы;

4) түзетілген БИЖ ТЭН-і;

5) ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген жүргізіліп жатқан түзету туралы хабарлама-хат.

БИЖ ТЭН-ін қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатының мақсатына сай пайдаланылуы тұрғысынан жасалған актісі, сондай-ақ егер жоба бойынша қаржыландыру басталған болса, құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей датасы қойылған бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады;

6) түзетілген БИЖ ТЭН-іне кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысы;

7) БИЖ-дің сметалық құнының ұлғаю себептерінің негіздемесімен бірге түзетілген құнға арналған ведомстволық нормативтерге сәйкес объектіні пайдалануға беру шығыстары бойынша кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысы (бар болса).

Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа қауіп төнуіне байланысты кідіртпей пайдалануға беруді талап ететін бірыңғай энергетикалық жүйенің ірі объектілері мен техникалық тұрғыдан күрделі атом және жылу энергетикалық кешен объектілері үшін

іске қосу-баптау жұмыстарының шығындары уәкілетті мемлекеттік органның елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына қауіп төнуін де растайтын салалық сараптама қорытындысында ұсынылған есептеулерге сәйкес жүзеге асырылады.

Екінші кезеңде:

сметалық құнының ұлғаюын республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру болжанатын республикалық БИЖ бен жергілікті БИЖ-дің түзетілген ТЭН-і бойынша қаржыландырудың орындылығын РБК қарайды;

сметалық құнының ұлғаюын жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру болжанатын жергілікті БИЖ-дің түзетілген ТЭН-і бойынша қаржыландырудың орындылығын тиісті бюджет комиссиясы қарайды.

Тиісті бюджет комиссиялары іріктеп алған сметалық құнының ұлғаюы болжанатын БИЖ бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке енгізіледі.

125. ТЭН әзірлеуді немесе түзетуді талап етпейтін БИЖ құнын өзгерту мәселелерін шығару екі кезеңмен жүзеге асырылады.

Бірінші кезең – ББӨ ұсынатын құжаттар негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның қорытындысы негізінде ЖСҚ-ны түзетудің орындылығын айқындау жөніндегі тиісті бюджет комиссиясының шешімі.

Екінші кезең – түзетілген БИЖ ЖСҚ бойынша ұлғайтылған құнды қаржыландыру туралы тиісті бюджет комиссиясының шешімі.

Бірінші кезеңде ББӨ БИЖ-дің ерекшелігіне қарай бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға мыналарды ұсынады:

1) болжанатын қымбаттау сомасы көрсетілген мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған хат;

2) мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы не оны алмастыратын адам не мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адам қол қойған түсіндірме жазба, онда мынадай ақпарат қамтылады:

БИЖ-ді іске асыруды аяқтау үшін талап етілетін болжанатын қосымша бюджет шығыстарының негіздемесі;

мемлекеттік сатып алуды өткізу нәтижесінде үнемделген соманы (егер үнемдеу бар болса) көрсете отырып, БИЖ-ді іске асыру шеңберінде жасалған шарттар туралы ақпарат (ЖСҚ әзірлеу және басқалар);

әрбір жыл үшін жобаны бюджеттен қаржыландыру (құрылыс үшін ЖСҚ әзірлеу басталғаннан бастап). Игерілмеу жағдайлары орын алған болса, оның себептері көрсетіле отырып, бұл ақпарат әрбір жылдағы жоспармен және фактімен сүйемелденеді

;

қымбаттауға алып келетін себептерді егжей-тегжейлі көрсету (ББӨ-ні шартта көрсетілген бағаны (сметаны) ұлғайту қажеттігі туралы ескертудің уақтылылығын растайтын мердігерлер хаттарының көшірмелерін қоса бере отырып);

оның кінәсінен қымбаттау орын алған ұйым не жеке тұлға, сондай-ақ осы ұйымға не жеке тұлғаға қатысты қабылданған шаралар;

техникалық зерттеп-қараумен және техникалық қадағалау актісімен расталған аяқталмаған құрылыстың жай-күйі туралы мәліметтер;

бөлінген бюджет қаражаты толық игерілген кезде қол жеткізбеудің себептері көрсетіле отырып, бекітілген БИЖ-де аталған көрсеткіштерге қол жеткізу не жеткізбеу туралы ақпарат;

3) мемлекеттік органның бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолы қойылған, мөрмен расталған ресми хат нысанында ұсынылатын және ББӨ түсіндірмесін қоса бере отырып, жобаның сметалық құнын ұлғайтудың негізділігі мен анықтығын растайтын БИЖ-дің ерекшелігіне қарай тиісті уәкілетті мемлекеттік органның салалық сараптамасының қорытындысы;

4) ЖСҚ-ның бастапқы құнына кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысы;

5) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнамада көзделген жағдайларда бастапқы құнға бұйрық;

6) ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген жүргізіліп жатқан түзету туралы бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған хабарлама-хат.

БИЖ-ді қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуы тұрғысынан, сондай-ақ егер жоба бойынша құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей қаржыландыру басталған болса, бұзушылықтардың жоқтығы туралы актісі ұсынылады;

7) осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға электрондық нысанда ұсынылатын, мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған салыстырма кесте және құнын ұлғайту болжанатын жобалар бойынша құжаттаманың тізбесі;

8) құжаттарды ұсынған күнге дейін 1 (бір) ай бұрын түсірілген объектінің іс жүзіндегі жай-күйі туралы толық көрініс беретін материалдар, фото немесе бейне түсірілімдер;

9)бұрын бекітілген БИЖ ЖСҚ-ның жобалық шешімдеріне енгізу болжанатын өзгерістердің орындылығы туралы кешенді ведомстводан тыс сараптама хаты.

10)тиісті саласының уәкілетті орталық мемлекеттік органының бекітілген құны 260 000 (екі жүз алпыс мың) айлық есептік көрсеткіштен асатын жергілікті БИЖ-ге келісім-хаты. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган осы тармақта көрсетілген құжаттар топтамасын қарайды және олар бойынша қорытындыны тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді. ББӨ тиісті бюджет комиссиясының оң қорытындысын алған кезде ЖСҚ-ға тиісті түзетулер енгізеді.

Екінші кезеңде ББӨ бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға түзетілген ЖСҚ-ны енгізеді, сондай-ақ БИЖ-дің ерекшелігіне қарай:

ЖСҚ-ның кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысын;

салалық уәкілетті мемлекеттік органның қорытындысын;

БИЖ-дің сметалық құнының ұлғаю себептерінің негіздемесімен бірге түзетілген құнға арналған ведомстволық нормативтерге сәйкес объектіні пайдалануға беру шығыстары бойынша кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысын (бар болса) енгізеді.

Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа қауіп төнуіне байланысты кідіртпей пайдалануға беруді талап ететін бірыңғай энергетикалық жүйенің ірі объектілері мен техникалық тұрғыдан күрделі атом және жылу энергетикалық кешен объектілері үшін іске қосу-баптау жұмыстарының шығындары уәкілетті мемлекеттік органның елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына қауіп төнуін де растайтын салалық сараптама қорытындысында ұсынылған есептеулерге сәйкес жүзеге асырылады.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган БИЖ-дің ерекшелігіне қарай тиісті бюджет комиссиясының қарауына осы тармақтың 1) – 8) тармақшаларында көрсетілген ББӨ ұсынған құжаттардың негізінде түзетілген ЖСҚ бойынша БИЖ құнының ұлғаюын , сондай-ақ түзетілген БИЖ ЖСҚ-сына кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысын енгізеді.

Екінші кезеңде:

құнының ұлғаюын республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру болжанатын республикалық БИЖ бен жергілікті БИЖ құнының ұлғаюын қаржыландырудың орындылығын РБК қарайды;

құнының ұлғаюын жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру болжанатын жергілікті БИЖ құнының ұлғаюын қаржыландырудың орындылығын тиісті бюджет комиссиясы қарайды.

Тиісті бюджет комиссиялары іріктеп алған құнының ұлғаюы болжанатын БИЖ бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке енгізіледі.

126. Осы Қағидалардың 125 және 126-тармақтарының ережелері осы Қағидалардың 123-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген БИЖ-ге қолданылмайды.

Осы Қағидалардың 123-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген БИЖ бойынша ББӘ бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға:

1) болжанатын қымбаттау сомасын көрсете отырып, мемлекеттік органның бірінші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған хатты;

2) мемлекеттік органның бірінші басшысы қол қойған түсіндірме жазбаны ұсынады, онда мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

болжанатын қосымша бюджет шығыстарының негіздемесі;

ЖСҚ әзірлеу басталғаннан бастап жобаны бюджеттен әр жылда қаржыландыру туралы ақпарат. Бұл ақпарат игерілмеу не қаражат үнемдеу болған жағдайда себептері көрсетіле отырып, әрбір жылдағы жоспармен және фактімен сүйемелденеді;

қымбаттауға әкеп соғатын себептерді егжей-тегжейлі көрсету;

3) тиісті уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы қол қойған салалық қорытындыны;

4) бірінші басшы қол қойған, мөрмен расталған осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салыстырма кестені;

5) бірінші басшы қол қойған, жалғасатын және аяқталған жобалар бойынша жеке-жеке төлеуге арналған фискалдық сертификатты (жұмыстардың көлемі бойынша ведомостерді, құндық деректері бар эскалация бойынша есептеулерді қоса бере отырып);

6) бірінші басшы қол қойған сертификаттар тізілімін;

7) жобаның қымбаттауы бойынша шығыстар сметаларын және тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құны қымбаттаған жағдайда бағалар бойынша;

8) бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылып, ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген жүргізіліп жатқан түзету туралы хабарлама-хатты ұсынады.

БИЖ ТЭН-ін қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатының мақсатына сай пайдаланылуы тұрғысынан жасалған актісі, сондай-ақ егер жоба бойынша қаржыландыру басталған болса, құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей датасы қойылған бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган осы тармақта көрсетілген құжаттар топтамасын қарайды және ол бойынша қорытындыны РБК-ның қарауына енгізеді.

РБК-ның оң шешімін алған кезде Қазақстан Республикасы ратификациялаған Қазақстан Республикасының Үкіметі жасасқан қарыз шарты шеңберінде іске асырылатын БИЖ бойынша азаматтық-құқықтық шарттың талаптарына сәйкес жол учаскелерінің сметалық құнының ұлғаюын қаржыландыруға жол беріледі.

127. Ұлттық валютаның шетел валютасына қатысты бағамының елеулі өзгеруі себебінен, бірақ техникалық шешімдерді өзгертуге алып келмейтін, жаңа объектілерді құруға (салуға) не бар объектілерді реконструкциялауға бағытталған БИЖ-дің сметалық құны ұлғайған жағдайда, кейіннен ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу арқылы ЖСҚ-ны түзету жүргізіледі.

Ұлттық валютаның шетел валютасына қатысты бағамының елеулі өзгеруі себебінен, бірақ техникалық шешімдерді өзгертуге алып келмейтін, ЖСҚ әзірлеуді қажет етпейтін БИЖ-дің құны ұлғайған жағдайда, ТЭН-ді түзету жүргізіледі, бұл ретте экономикалық сараптама мен қорытынды талап етілмейді.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган аталған мәселені осы Қағидалардың 125 және 126-тармақтарында айқындалған тәртіппен тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығарады.

128. Егер БИЖ шет мемлекеттердің аумағында іске асырылатын жағдайда, осы жоба іске асырылатын мемлекеттің құрылыс саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген БИЖ-нің бастапқы және түзетуге ұсынылатын құнын растайтын тиісті құжаттар аталған заңнама мәтіні қоса беріліп және оның қазақ және/немесе орыс тілдеріне аударылуы қамтамасыз етіле отырып ұсынылады.

129. Құжаттаманың толық топтамасы ұсынылмаған не қымбаттаудың пайда болуының айқын және негізді себептері берілмеген, сондай-ақ кінәлі адамдар немесе ұйымдар және оларға қолданылған шаралар (егер ондай болса) көрсетілмеген БИЖ сметалық құнының ұлғаюы тұрғысынан қаралмайды.

10-параграф. Мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы, институционалдық МЖӘ жобалары, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу арқылы іске асырылуы жоспарланған бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесін әзірлеу

130. Инвестициялар ҚЭН-інде Инвестициялардың орындылығын растау, сондай-ақ жоспарланған іс-шаралардың Инвестициялар ҚЭН-і іс-шараларының толық инвестициялық кезеңін ескере отырып, негізділігі мен нәтижелілігі өлшемдеріне сәйкестігін растау ұсынылады.

Егер қаржыландыру бірнеше көздерден болжанатын болса, Инвестициялар ҚЭН-і Инвестициялар сомасының негіздемесін көрсете отырып, барлық іс-шаралардың негізділігі мен тиімділігі өлшемшарттарының орындылығы мен сәйкестігін ашады.

131. Инвестициялардың ҚЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді Алушы не Қатысушылар не ББӨ жүзеге асыра алады.

Инвестициялардың ҚЭН-і мақсаттары инвестициялық ұсынысқа сәйкес келеді.

Егер Инвестициялар институционалдық МЖӨ жобалары бойынша заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға бағытталған болса, Инвестициялардың мақсаттары мен міндеттері МЖӨ жобасының тұжырымдамасына сәйкес келеді.

132. Заңды тұлғаның жарғылық капиталын бюджет қаражаты есебінен ұлғайтуға заңды тұлғаны дамыту мақсатында жол беріледі.

Заңды тұлғалар бюджет қаражатын бөлу, жарғылық капиталдарды қалыптастыру немесе ұлғайту үшін төлемге мемлекеттік меншік объектілерін беру арқылы олардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы нәтижесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларда квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жатады.

Залалдарды жабу бойынша түпкілікті нәтижелердің тиісті көрсеткіштерімен заңды тұлғаның залалдарын тікелей жабу және ағымдағы шығыстарды қаржыландыру мақсаттарына бағытталған іс-шараларға заңды тұлғаның жарғылық капиталын ұлғайтуға жол берілмейді.

133. Инвестициялар ҚЭН-і келесі құрылымға сәйкес келеді:

- 1) Инвестициялар паспорты;
- 2) "Ретроспектива" бөлімі;
- 3) "Негізділік" бөлімі.;
- 4) "Нәтиже" бөлімі;
- 5) қосымшалар.

Егер мақсаттарды, міндеттерді, негізгі көрсеткіштерді, қаржылық-шаруашылық қызметтің көрсеткіштерін және ұйым туралы басқа ақпаратты ашуға сәйкес келген жағдайда Инвестициялар ҚЭН-і басқа бөлімдермен, тараулармен, параграфтармен және қосымшалармен толықтырылуы мүмкін. Инвестициялар ҚЭН-і бөлімдермен, бөлімдер тараулармен, тараулар параграфтармен толықтырылған жағдайда, әрбір қосымша ұсынылатын бөлімнің және (немесе) тараудың және (немесе) параграфтың тиісті белгісі ("бөлім", "тарау", "параграф"), сондай-ақ атауы болуы тиіс.

134. Инвестициялар паспорты осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды игеру Инвестициялар паспортында көрсетілген іс-шараларды іске асыру кезеңі мен құнына сәйкес жүзеге асырылады.

135. "Ретроспектива" деген бөлім келесі құрылымға сәйкес келеді:

1) "Қатысушылардың қаржылық жағдайының жай-күйі" деген параграф, онда қатысушылардың қаржылық жағдайы, оның ішінде қолда бар талаптар мен міндеттемелердің мөлшері мен сапасы туралы ақпарат келтіріледі.

Талдау қаржылық есептілік ұсынылған барлық кезең үшін жүргізіледі.

Егер Инвестициялар институционалдық МЖӨ жобалары бойынша заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға бағытталған болса, бұл параграф ұсынылмайды;

2) егер Инвестицияларды Алушы қаржы ұйымы болып табылған жағдайда "Несие портфелі" деген параграф. Параграфта Инвестициялар ҚЭН-ін енгізгенге дейінгі айдың соңындағы, Инвестициялар ҚЭН-ін енгізгенге дейінгі соңғы 3 (үш) жыл ішіндегі жағдай бойынша қаржыландыру көздері (бюджеттік қаражаттар, меншікті қаражаттар, үшінші тұлғалардың қарыздары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының қаражаттары) бөлінісінде Инвестицияларды Алушының несиелік портфелінің жай-күйі туралы тоқсан сайынғы ақпарат келтірілген;

136. "Негізділік" деген бөлімде іс-шараларды іске асыруға арналған Инвестициялар көлемінің негіздемесі және Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын баламалы көздерден қаржыландырудың мүмкін еместігі келтірілген.

"Негізділік" бөлімі мынадай:

1) "Инвестициялар көлемі" тарауы;

2) "Инвестициялар ҚЭН-і мақсаттарының инвестициялық ұсынысқа сәйкестігі" тарауы;

3) "Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің салалық картасы" тарауы;

4) "Болжамды техникалық-технологиялық шешімдерді әзірлеу сипаттамасы мен негіздемесі";

5) "Стратегиялық алғышарттар" тарауынан тұрады.

Инвестициялар институционалдық МЖӨ жобасын іске асыруға бағытталған жағдайда "Баламалы қаржыландыру көздері" мен "Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің салалық картасы" деген тараулар ұсынылмайды.

Егер Инвестициялар ұлттық басқарушы холдингті және оның еншілес және тәуелді акционерлік қоғамдарын қаржыландыруға бағытталған жағдайда "Баламалы қаржыландыру көздері" деген тарау экономиканың басым секторларында жобаларды іске асыру үшін бюджеттік инвестициялардың сомасынан кем емес сомаға нарықтық қаржыландыру жолымен қоса қаржыландыру тартылған шарттарда ұсынылмайды.

137. "Инвестициялар көлемі" деген тарауда құжаттамамен және есептеулермен расталған әрбір құрамдауыш бөлінісінде Инвестициялар көлемінің негіздемесі келтіріледі.

"Инвестициялар көлемі" деген тарау келесі параграфтардан тұрады:

1) "Сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер" деген параграф, онда сатып алынатын өнімдердің тізбесі, саны мен сапасының негіздемесі келтіріледі;

2) "Бағаларды негіздеу" деген параграф, онда Инвестициялар есебінен сатып алынатын өнімдердің бағасына талдау жасалады. Инвестициялар есебінен сатып алынатын өнімдердің бағалары осы Қағидалардың 149-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген құжаттармен расталады.

Бағаны талдау мыналарды:

соңғы екі жылдағы баға динамикасы және ағымдағы бағалардың ықтимал өзгерістері мен осындай өзгерістерге әкелуі мүмкін оқиғалар туралы ақпарат;

бағадан мүмкін болатын жеңілдіктер, жеңілдіктер беру шарттарын (сатып алу көлемі, төлем шарттары) қамтиды;

3) "Айналым қаражатын толықтыру" деген параграф, онда:

қаржы өнімдерінің бөлінісінде клиенттердің болжамды санын, қаржылық көрсетілетін қызметтің орташа сомасын көрсете отырып, қаржылық қызметтерді көрсету;

пруденциалдық нормативтердің сақталуы;

Инвестицияларды Алушының ағымдағы шығыстарын қаржыландыру үшін ақшаға қажеттілік айқындалады, бірақ осы тізбемен шектелмейді;

4) "Инвестициялар көлемі" деген параграф, онда жоспарланған Инвестициялардың көлемін растайтын есептеулер келтірілген.

Есептеулер әрбір іс-шара. Қажет болған жағдайда объектілерді пайдалануға беру шығыстары (іске қосу-жөндеу жұмыстары) бөлінісінде келтіріледі.

Егер Инвестициялар мемлекеттік кәсіпорын нысанындағы заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асырылатын болса, жоспарланған Инвестициялардың көлеміне осы Қағидалардың 149, 150-тармақтарында көрсетілген растайтын құжаттарды қоса бере отырып, әзірлеуге қаражаттың жоқтығы туралы негіздеме ұсынылған жағдайда ЖСҚ әзірлеуге арналған шығыстар қосылады.

Объекті құрылысының түпкілікті құны ЖСҚ әзірлеу және ведомстводан тыс кешенді сараптама нәтижелері бойынша айқындалады. Бұл ретте Инвестициялар ҚЭН-і ББӨ-нің қайта бекітуіне жатады.

Егер Инвестициялар қаржылық қызметтерді көрсетуге арналған болса, "Инвестициялар көлемі" деген тараудың құрылымдық элементтері мыналар:

"Айналым қаражатын толықтыру" деген тармақ;

"Инвестициялар көлемі" деген тармақ болып табылады.

Егер Инвестициялар шет мемлекеттердің аумағында іске асырылатын болса, аумағында осы жоба іске асырылып жатқан мемлекеттің құрылыс саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген Инвестициялардың құнын растайтын тиісті құжаттар ұсынылады, оған көрсетілген заңнаманың мәтіні қоса беріледі және оның қазақ және (немесе) орыс тілдеріндегі аудармасы қамтамасыз етіледі.

Егер Инвестициялар институционалдық МЖӨ жобалары бойынша заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға бағытталған жағдайда "Өнімдер", "

Бағалардың негіздемесі", "Айналым қаражатын толықтыру" деген параграфтар ұсынылмайды. Инвестициялар көлемі мемлекеттік және жекеше әріптестер арасындағы тиісті құжаттармен (келісімдер, шарттар, меморандумдар) расталады.

138. "Инвестициялар ҚЭН-і мақсаттарының инвестициялық ұсынысқа сәйкестігі" деген тарау Инвестициялар ҚЭН-і мақсаттарының инвестициялық ұсынысқа сәйкестігі немесе сәйкес келмеуі тұрғысынан талдауды қамтиды.

139. "Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің салалық картасы" деген тарау "Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің салалық картасы" нысаны бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іске асырылған, іске асырылып жатқан және іске асырылуы жоспарланып отырған инвестициялық жобалары бойынша ақпаратты қамтиды, ол осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес электрондық нысанда ұсынылады.

140. "Болжанатын техникалық-технологиялық шешімдердің сипаттамасы мен негіздемесі" деген тарау мыналарды:

1) жоба ауқымының сипаттамасы және жоба қуатының, жоба қуатын игеру серпінінің есептік негіздемесі;

2) технологиялар мен жабдықтарды таңдаудың негіздемесі, бұрыннан қолданылып жүрген жабдықпен технологиялық үйлесімділігі, баға мен сапаның оңтайлы арақатынасы, технологиялар мен жабдықтарды таңдаудың баламалы нұсқалары, инновациялық жабдықты қолдану, жобада сапа стандарттарын пайдалану туралы ақпаратты;

3) жобаның құрамдас бөліктері бойынша қаржыландыруды бөле отырып, жобаны іске асыру гарфигі (оның ішінде технологиялық кезеңдер бойынша);

4) автоматтандырылатын функциялардың, процестердің және оларды тұтынушылардың тізбесі;

5) телекоммуникациялар схемасы және байланыс арналарына қойылатын талаптар, жобаның ауқымы мен қуатының сандық көрсеткіштеріне негізделген есептеу құралдарының есептеу қуаты мен сақтау көлеміне және санына қойылатын талаптардың негіздемесі;

6) жүйе құрылымының, жүйе құрамдастарының және олардың өзара байланыстарының жалпы сипаттамасы;

8) сыртқы ақпараттық жүйелермен интеграцияларды көрсету;

9) ақпараттық қауіпсіздік талаптарын көрсетуді қамтиды.

Бұл ҚЭН бөлімінде салыстырмалы талдау жүргізілетін және таңдалған нұсқаның негіздемесі ұсынылатын жобаның мақсатына және нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізудің кемінде екі ықтимал нұсқасы көрсетіледі.

141. "Стратегиялық алғышарттар" тарауында іске асырылуында Инвестициялар жоспарланған стратегиялық құжаттар туралы ақпарат (нормативтік құқықтық актілер, мемлекеттік органдардың немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің

даму жоспарларын және (немесе) іс-шараларын, бюджеттік бағдарламаны қоса алғанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары) қамтылған.

142. "Нәтиже" бөлімінде түпкілікті нәтижені алу мүмкіндігінің есептермен расталған негіздемесі, сондай-ақ Инвестициялар Алушының қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарланған нәтижелері келтіріледі.

"Нәтиже" бөлімі келесі құрылымға сәйкес келеді:

- 1) "Өндіру және өткізу" тарауы;
- 2) "Ресурстар" тарауы;
- 3) "Қаржы" тарауы;
- 4) "Тәуекелдер" тарауы;
- 5) "Қорытындылар" тарауы.

143. "Өндіру және өткізу" тарауында өнімді өндіру және өткізу жоспары келтірілген

"Өндіру және өткізу" тарауы келесі параграфтардан тұрады:

- 1) "Лицензиялар мен патенттер" деген параграф, онда мыналар:

қызметтің белгілі бір түрлерін жүзеге асыруға лицензиялардың болуы, лицензияның берілген күні мен нөмірі, кім бергені;

кешенді кәсіпкерлік лицензиясының болуы, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының мәні мен жасалған күні, қолданылу мерзімі, кешенді лицензиар;

лицензияларды алу қажеттілігі, лицензияларды алу шығыстары;

патенттердің және уақытша патенттердің болуы, қашан және кім бергені, қолданылу мерзімі туралы ақпарат келтіріледі, бірақ бұл тізбемен шектелмейді;

- 2) "Өндіріс жоспары" деген параграф, онда:

нарықтағы жағдайға, жасалған шарттарға, тұтынушылармен алдын ала келісімдерге сүйене отырып өндірістік бағдарламаның (өнімдер бөлінісінде);

өндіріс жоспарын орындауға бекітілген нормалар негізінде шығындардың негіздемесі келтіріледі;

- 3) "Іске асыру жоспары" деген параграф, онда:

өткізілетін, оның ішінде Инвестициялар есебінен өндірілетін өнімдердің тізбесі мен сипаттамасы;

негізгі өнімдерге, оның ішінде Инвестициялар есебінен өндірілетін өнімдерге бағалардың негіздемесі, оның ішінде:

Қазақстан Республикасы заңнамасының уәкілетті мемлекеттік органдармен бағаларды (тарифтерді) бекіту (белгілеу) немесе келісу жөніндегі талаптары;

кірістілік: шығындарды өтеу, орташа немесе ең жоғары кірісті алу;

нарықтағы конъюнктуралар: жаңа өнімді жылжыту, қолданыстағы сату көлемін сақтау, бәсекелестерді дәстүрлі нарықтардан ығыстыру, бос тұрған сегментті толтыру;

өнім құндылықтары: жаңалық, сапа, сатудан кейінгі кепілдіктер;

нарықтағы жағдайға, тұтынушылармен жасалған шарттарға, алдын ала келісімдерге сүйене отырып, іске асыру бағдарламасының негіздемесі (өнімдер бойынша);

жаңа сатып алушыларды тарту бойынша жоспарланған іс-шаралар (жарнама, баға саясаты, сатудан кейінгі қызмет көрсету) келтіріледі.

Егер Инвестицияларды Алушының қызметі франшиза туралы шарт немесе лицензиялық шарт негізінде жүзеге асырылса, франшиза немесе зияткерлік меншік лицензиясын сатушының Инвестициялар Алушының бағалары мен баға саясатына құқықтары мен ықпал ету дәрежесі туралы ақпарат беріледі.

144. "Ресурстар" деген тарауда өндіріс жоспары мен іске асыру жоспарын орындау үшін қажетті ресурстардың барлық түрлеріне қажеттіліктің негіздемесі келтірілген. "Ресурстар" деген тарау келесі параграфтардан тұрады:

1) "Нормалар" деген параграфта шикізат пен материалдар, жылу және электр энергиясын, еңбекті, ақшаны жұмсау нормалары, оның ішінде оларды қашан және кім бекіткені туралы ақпарат көрсетіледі;

2) "Лимиттер" деген параграфта әкімшілік шығыстар бойынша лимиттердің мөлшерлері туралы ақпарат келтіріледі: лимиттердің мөлшерлері, оның ішінде оларды қашан және кім бекіткені туралы ақпарат келтіріледі;

3) "Қызметкерлер" деген параграфта мыналар:

Инвестициялармен байланысты персоналдың штаттық санын ұлғайту (қысқарту) жөніндегі жоспарлар;

персоналдың кәсіби деңгейін арттыру (қайта даярлау) бойынша жоспарланған іс-шаралар және олардың кәсіби деңгейін арттыруға байланысты шығындар (қайта даярлау) туралы ақпарат келтіріледі, бірақ бұл тізбемен шектелмейді;

4) "Негізгі құралдар" деген параграфта мыналар:

негізгі құралдардың құрылымы (ғимараттар, құрылыстар, машиналар, жабдықтар, көліктер, компьютерлер және ақпаратты өңдеуге арналған жабдықтар, басқа да негізгі құралдар), оның ішінде меншікте, қаржылық жалдауда (лизингте), операциялық жалдауда болған негізгі құралдар туралы ақпаратты ашу;

қызметті жүзеге асыру үшін негізгі құралдардың санына, өнімділігіне және техникалық жағдайына сәйкестігі туралы ақпарат (Инвестицияларды ескере отырып) беріледі;

5) "Қорлар" деген параграфта мыналар:

қорлардың негізгі түрлеріне (заттай өлшем бірліктеріне) қажеттілік;

қорлардың негізгі түрлерінің бағалары;

қорларды сатып алуға жоспарланған шығындар туралы ақпарат келтіріледі;

6) "Коммуналдық қызметтер" деген параграфта мыналар:

жылу және электр энергиясына, сумен жабдықтауға және кәрізге қажеттіліктер;

жылу және электр энергиясының, сумен жабдықтаудың және кәріздің бағаларына;

жылу және электр энергиясын, сумен жабдықтауды және кәрізді сатып алуға жоспарланған шығыстар туралы ақпарат келтіріледі;

7) "Ақша" деген параграфта мыналар:

борышкерлердің мінездемесі;

берешекті талап ету бойынша жүргізілетін іс-шаралар;

кредиторлар;

міндеттемелерді орындау бойынша жүргізілетін іс-шаралар;

ақшалай емес операциялар: мәмілелер көлемі және контрагенттер;

ақшаға деген қажеттілік, кассадағы олқылықтар, ақша тарту іс-шаралары;

уақытша бос ақшаны пайдалану жоспарлары: салымдарға орналастыру, қаржы активтерін сатып алу, кредиттер беру (уақытша қаржылық көмек көрсету), сомалар, кірістер, орналастыру мерзімдері келтіріледі.

Ақшаны тартуға байланысты іс-шаралар туралы ақпаратты ашқан кезде дереккөздер көрсетіледі, оның ішінде:

акцияларды (қатысу үлестерін) орналастыру – шығару және орналастыру көлемдері, орналастырудың жоспарланған бағасы;

облигациялар шығарылымы – шығарылым көлемі, шығарылымдағы облигациялар саны, оларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, сыйақы төлеу, өтеу рәсімі мен тәртібі және басқа да маңызды мәліметтер;

қарыздарды тарту – қарыз берушілер, қарыз мөлшері, қарыз алу мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі, сыйақы төлеу шарттары, негізгі қарызды төлеу шарттары көрсетіледі.

145. "Қаржы" деген тарауда кірістер, шығыстар бойынша жоспарлар, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы мәліметтер, дивидендтер туралы мәліметтер келтіріледі. "Қаржы" деген тарау келесі параграфтардан тұрады:

1) "Кірістер" деген параграфта:

өнімді өткізуден түсетін жоспарланған кірістер, оның ішінде олардың өсуінің немесе төмендеуінің негіздемесі (ақпаратты ашу әрбір өнім бойынша жүзеге асырылады);

қаржыландыру бойынша жоспарланған кірістер;

дивидендтер бойынша кірістер (ақпарат үлестік бағалы қағаздары Инвестицияларды Алушының меншігінде болатын әрбір ұйым бойынша жеке ұсынылады);

активтерді шығарудан жоспарланған кірістер;

мемлекеттік бюджеттен жоспарланған субсидиялар;

операциялық жалдаудан жоспарланған кірістер;

үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар бойынша жоспарланған кірістер;

өзге де жоспарланған кірістер негіздемесі келтіріледі.

Мемлекеттік тапсырманы, мемлекеттік тапсырысты орындау шеңберінде не мемлекеттік мекемелерге өнімді өткізуден алынатын кірістер туралы ақпарат жеке ашылады;

2) "Шығыстар" деген параграфта мына:

өткізілетін өнімнің өзіндік құны, оның ішінде оның өсуінің немесе төмендеуінің негіздемесі (ақпаратты ашу әрбір өнім бойынша жүзеге асырылады);

өнімді өткізу бойынша жоспарланған шығыстар, оның ішінде олардың өсуінің немесе төмендеуінің негіздемесі (ақпаратты ашу әрбір кіші топ бойынша жүзеге асырылады);

жоспарланып отырған әкімшілік шығыстардың, оның ішінде олардың өсуінің немесе төмендеуінің негіздемесі (ақпаратты ашу әрбір кіші топ бойынша жүзеге асырылады);

маркетинг және жарнама бойынша жоспарланған шығыстар, оның ішінде олардың өсуінің немесе төмендеуінің негіздемесі (ақпаратты ашу әрбір кіші топ бойынша жүзеге асырылады);

сыйақылар бойынша жоспарланған шығыстар;

активтердің шығуына байланысты шығыстар;

операциялық жалдауға байланысты шығыстар;

үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар бойынша шығыстар;

тоқтатылатын қызметпен байланысты жоспарланған шығыстар;

өзге де жоспарланған шығыстар негіздемесі келтіріледі;

3) "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер" деген параграфта салықтың және бюджетке төленетін міндетті төлемдердің әрбір түрі бойынша жоспарланған төлемдердің негіздемесі, оның ішінде салық салу базаларының негіздемесі келтіріледі;

4) "Дивидендтер" деген параграфта акцияға (қатысу үлесіне) есептелетін дивидендтер, дивидендтерді есептеудің жалпы сомасы, оның ішінде акциялардың (қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакетіне, мемлекеттік кәсіпорын бюджетке аудару үшін жоспарлайтын таза кірістің сомасы туралы ақпарат келтіріледі.

146. "Тәуекелдер" деген тарауда тәуекелдерді бағалау (қолайсыз жағдайдың туындау ықтималдығын айқындау) және өлшеу (қолайсыз жағдайдың туындауынан болатын залалды анықтауайқындау) келтіріледі, сондай-ақ іс-шараларды орындаумен және жалпы Инвестицияларды Алушының қызметімен байланысты тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалаудың қолданылған әдістері туралы ақпарат, сондай-ақ осы тәуекелдерді басқару шаралары қамтылады. "Тәуекелдер" деген тарау келесі параграфтардан тұрады:

1) "Операциялық тәуекелдер" деген параграфта мыналар:

персонал: Инвестиция Алушының негізгі менеджерлері мен мамандарының жоғалуы, қызметкерлердің біліктілігінің жеткіліксіздігі, қызметкерлердің алаяқтығы;

өндіріс: техникалық ақаулардың қаупі, жабдықтың істен шығуы, технологиялық процестің бұзылуы;

бизнес-процестер: ұйымдық құрылымның Инвестицияларды Алушының міндеттері мен қызметінің көлеміне сәйкестігі, бизнес-процестердің тиімсіздігі, Инвестицияларды Алушының бизнес-процестерінің сәйкессіздігі талданады, бірақ осы тізбемен шектелмейді;

2) "Қаржылық тәуекелдер" деген параграфта мыналар:

төлем қабілеттілігін жоғалту: Инвестицияларды Алушының міндеттемелерді, оның ішінде қаржылық міндеттемелерді, олардың орындалу мерзіміне қарай уақтылы орындауы үшін ақшасының болмауы немесе жеткіліксіздігі;

өтімділікті жоғалту: активтердің құнын айтарлықтай төмендетпей, олардың жеткіліксіздігі немесе тез сатылмауы талданады, бірақ осы тізбемен шектелмейді;

3) "Нарықтық тәуекелдер" деген параграфта мыналар:

пайыздық тәуекел: тартылған ресурстар бойынша пайыздық шығыстардың ұлғаюы;

инфляциялық тәуекел: инфляциялық процестер нәтижесінде активтердің немесе кірістердің құнсыздануы;

валюталық тәуекел: шетел валюталарының ұлттық валютаға қатысты нарықтық бағамының өзгеруі талданады, бірақ осы тізбемен шектелмейді;

4) "Кредиттік тәуекел" деген параграфта тұтынушылардың (борышкерлердің) төлем қабілеттілігін жоғалту мүмкіндігі және олардың шарттардың талаптарына сәйкес өз міндеттемелерін орындай алмауы талданады;

5) "Маркетингтік тәуекелдер" деген параграфта мыналар:

саланың даму серпінінің нашарлауы;

тұтынушылардың өнім сапасына қоятын талаптарды арттыруы;

өнімге сұраныстың қысқаруы;

бәсекелестердің позициясын күшейту;

өнімге нарықтық бағаның төмендеуі;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер талданады, бірақ осы тізбемен шектелмейді.

147. "Қорытындылар" деген тарауда Инвестициялардың ҚЭН-і іс-шараларын іске асырудың саланы, мемлекет (аймақ) экономикасын дамытуға әсері ашылады. "Қорытындылар" деген тарау келесі параграфтардан тұрады:

1) "Түпкілікті нәтижелер" деген параграфта мыналар:

Инвестициялық ҚЭН-і іс-шараларының жоспарланған түпкілікті нәтижелерінің есептеулермен расталған негіздемесі;

Инвестициялардың ҚЭН-і іс-шараларын іске асыру жағдайында саладағы және Қазақстан Республикасындағы (өңірдегі) әлеуметтік-экономикалық ахуалдың даму перспективаларын талдау және олардың әсер етуі:

негізгі әлеуметтік көрсеткіштер (халықтың кіріс деңгейі, жұмыссыздық, жұмыспен қамту деңгейі);

негізгі салалық (өңірлік) көрсеткіштер (өнім (тауар/көрсетілетін қызмет) өндірісінің көлемі, саланың (өңірдің) жалпы ішкі өнім құрылымындағы үлесі, салаға (өңірге) инвестициялардың көлемі және олардың жоспарланып отырған кезеңдегі үрдістері);

нәтижелерді, салдарларды және әсерді талдауды, қосымша пайдалар мен шығындарды, тұтынушының қосымша пайдасын, қайтарылмайтын шығындарды, сыртқы әсерлерді, халықаралық әсерлерді, жобаны іске асырудан түсетін жанама пайданы қамтитын Инвестициялық ҚЭН шаралары бойынша пайдалар мен шығындарды талдау;

Инвестициялар ҚЭН-і іс-шараларын іске асырудың сабақтас салаларды (көршілес өңірлерді) дамытуға әсерін талдау;

Инвестициялар ҚЭН-і іс-шараларының Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетінің өсуіне және импортты алмастыруға, инновацияларды дамытуға әсерін талдау (бар болса) келтіріледі;

2) "Бюджеттік тиімділік" деген параграфта Инвестициялардың ҚЭН-і іс-шараларын жүзеге асыру нәтижелерінің тиісті бюджеттердің кірістері мен шығыстарына әсерінің есептеулері келтірілген.

Бюджеттің тиімділігін бағалау кезінде ақша қаражаттарының қозғалысы мыналарды :

Инвестицияларды өткізуге байланысты шығарылған (қалыптастырылған) мемлекетке тиесілі акциялар (қатысу үлестері) бойынша дивидендтер;

республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдерді (салықтар және басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ басқа төлемдер) ескереді, бірақ олармен шектелмейді.

Бюджеттің тиімділігін бағалау кезінде ақша қаражатының кетуінде мыналар:

Инвестициялар көлемі;

инвестициядан кейінгі кезеңде жүргізілетін Инвестициялардың ҚЭН-і іс-шараларына байланысты бюджеттің шығыстары;

белгілі бір баға саясатын жүргізуге және белгілі бір әлеуметтік басымдықтардың сақталуын қамтамасыз етуге байланысты субсидиялар ескеріледі, бірақ шектелмейді.

148. Қосымшалар құжаттармен толықтырылады:

1) "Ретроспектива" деген бөлімге:

бюджеттік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға Инвестициялардың ҚЭН-ін енгізудің алдындағы соңғы үш жылдағы мемлекеттік органның бірінші басшысының – ББӨ не оны алмастыратын тұлғаның, не мемлекеттік органның бірінші басшысы – ББӨ әрбір Инвестиция бойынша жеке уәкілеттік берілген тұлғаның және бас бухгалтердің мөрі мен қолы қойылған қатысушылардың қаржылық есептілігі (жеке және шоғырландырылған), сондай-ақ қаржылық есептілікке түсіндірме жазбалар;

Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес қаржылық есептілігінің аудиті міндетті болып табылатын қатысушылар үшін соңғы үш жылда жасалған аудиттелген қаржылық есептілік пен аудиторлық есептер ұсынылады. Бұл ретте қатысушы қолданыстағы заңнамаға сәйкес объективті себептер болған жағдайда, соңғы есепті кезеңдегі аудиттелмеген қаржылық есептілік ұсына алады.

Қаржылық есептілік қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес, оның ішінде басқа ұйымдардағы қаржылық қатысулар туралы ақпаратты берумен, баланстық валютада 10% немесе одан да көп пайыз иеленетін баланстық баптардың егжей-тегжейлі түсіндірмесін қоса бере отырып ұсынылады;

2) "Негізділігі" деген бөлімге:

осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Сатып алынатын (жасалатын) активтердің құны мен сипаттамалары";

прайс-парақтар көшірмелері (құжаттардың мерзімі "Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы" АҚ-ға ҚЭН енгізілген күннен бастап 6 айдан ерте болмауы керек), ұқсас тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер бойынша прайс-парақтар болмаған жағдайда кемінде екі тәуелсіз бағалау қорытындысы), бағалау актілері және осы Қағиданың 138-тармағының 2) тармақшасындағы ақпаратты растайтын, ақпаратты қамтитын басқа құжаттар ұсынылады. Бұл ретте егер бұл құны ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысында расталған технологиялық және инженерлік жабдық болса, онда қосымша растайтын құжаттар талап етілмейді.

Инвестицияларды жүзеге асыру кезінде тиісті уәкілетті мемлекеттік органның салалық сараптамасының қорытындысы ұсынылады.

Егер Инвестицияларды іске асыру бірнеше салалық мемлекеттік органдардың жауапкершілік аясын қозғаған жағдайда, көрсетілген салалық мемлекеттік органдар Инвестицияларға тиісті сараптамалардың қорытындыларын қосымша ұсынады.

Бұл ретте салалық сараптамалардың қосымша қорытындыларын тиісті салалық мемлекеттік органдар Инвестицияларды іске асырудың жетекшілік ететін салаға әсерін бағалау және саланың басымдықтарына сәйкестігі бөлігінде ғана ұсынады.

Салалық сараптаманың қорытындысы мыналарды:

саладағы қазіргі жағдайдың талдауын бағалауды;

Инвестициялардың ҚЭН-інде көрсетілген іс-шаралар іске асырылмаған жағдайда, саладағы жағдайдың талдауын бағалауды;

Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын іске асырудың саланы дамытуға әсерін сандық және сапалық көрсеткіштерді келтіре отырып және мыналарды:

Инвестициялардың ҚЭН-і іс-шараларының сала экономикасының құрылымындағы рөлі мен орнын;

Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын іске асырудың орналасқан орнын таңдау мен ауқымының негізділігін;

Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын іске асырудың мүмкіндігін;

Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шаралары бойынша техникалық шешімдердің жеткілікті болуын және олардың тиімділігінің бағасын көрсете отырып бағалауды;

Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларының халықаралық стандарттарға сәйкестігін бағалауды, оңтайлы жаңа технологияларды қолдануды;

Инвестициялардың ҚЭН-і іс-шараларының мақсаттарына қол жеткізудің баламалы нұсқаларын бағалауды;

бар болған жағдайда, салалық уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін ведомстволық нормативтерге сәйкес объектіні пайдалануға енгізу шығындарының негізділігін қамтиды.

Жаңа объектілерді құруға (салуға) не бұрынан бар объектілерді реконструкциялауға бағытталған Инвестицияларды жүзеге асыру кезінде Инвестициялар ҚЭН-інің құрамында ТЭН немесе ЖСК, жерге орналастыру жобасы немесе жер-кадастрлық жоспар (қажет болған кезде жер учаскелері иелерінің және жер пайдаланушылардың шығындарын, алынатын алқаптардың түрлеріне байланысты ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын есептеулерді қоса бере отырып), техникалық шарттар ұсынылады.

Объектіні пайдалануға беру шығындары болған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органның салалық сараптамасының және ведомстволық нормативтерге сәйкес объектіні пайдалануға беру (іске-қосу-баптау жұмыстары) шығыстары бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама қорытындылары талап етіледі.

Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа қауіпке байланысты кідіртпей пайдалануға беруді талап ететін бірыңғай энергетикалық жүйенің ірі объектілері мен техникалық жағынан күрделі атомдық және жылу энергетикалық кешендері үшін уәкілетті мемлекеттік органның, оның ішінде елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына қауіп туралы растауды қамтыған салалық сараптама қорытындысында берілген есептемелерге сәйкес іске қосу жұмыстары бойынша шығындар жүзеге асырылады;

Инновациялық және (немесе) ғарыштық қызметті болжайтын іс-шараларды іске асыруға бағытталған Инвестицияларды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың қорытындысы ұсынылады.

Егер Инвестициялар ұлттық басқарушы холдингті және оның еншілес және тәуелді акционерлік қоғамдарын қаржыландыруға жұмсалған жағдайда, экономиканың басым секторларында жобаларды іске асыру үшін бюджеттік инвестициялардың сомасынан кем емес сомаға нарықтық қорландыру жолымен қоса қаржыландыруды тарту шарты кезінде салалық сараптаманың қорытындысында Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларының мақсаттарына қол жеткізудің баламалы нұсқаларын бағалау ұсынылмайды;

4) "Нәтиже" деген бөлімге:

осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Өнім өндіру бағдарламасы" ;

осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Өнімді өткізу бағдарламасы";

осы Қағидаларға 25-қосымшада көрсетілген "Қаржылық модельге қойылатын талаптар" нысанына сәйкес дайындалған қаржылық модель.

Коммерциялық емес акционерлік қоғамдар, әлеуметтік маңызы бар салада қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар нысанындағы заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланатын және кірісінің негізгі көзі республикалық және (немесе) жергілікті бюджет болып табылатын бюджеттік инвестициялар бойынша қаржылық модельдің, экономикалық және қаржылық тиімділік дәлелдемелерінің болуы талап етілмейді;

осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Инвестициялардың нәтижелері";

осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ҚЭН іс-шараларының бюджеттік тиімділігі";

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 15384 болып тіркелген) Жария мүдделі ұйымдардың (қаржылық ұйымдардан басқа) жариялауы үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарында айқындалған нысандарға сәйкес, Инвестициялар Алушының Инвестицияларды есепке алмағандағы қаржылық көрсеткіштерінің болжамы:

"Бухгалтерлік теңгерім";

"Пайдалар мен шығындар туралы есеп";

"Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс)" не "Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (жанама әдіс)";

"Капиталдағы өзгерістер туралы есеп";

осы инвестициялық ұсынысқа мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның экономикалық қорытындысы.

149. Қажет болған жағдайда, Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындаған тиісті заңды тұлғалар жүргізілген сараптамаларда және/немесе тәуелсіз сараптамада, сондай-ақ ұсынылған құжаттамада қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша ақпаратты талап етуге және (немесе) қосымша сараптамалар жүргізе алады.

Қосымша ақпаратқа қатысушылардың бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға Инвестициялар ҚЭН-іне жасалған қаржылық есептілігі, сондай-ақ қаржылық есептілікке түсіндірме жазбалар жатады.

Қосымша сараптамаларға мыналар:

- 1) Инвестицияларға банктік сараптама;
- 2) ведомстводан тыс кешенді сараптама;
- 3) мемлекеттік уәкілетті органның салалық сараптама қорытындысы жатады.

150. Егер Инвестициялар еншілес, тәуелді немесе үлестес ұйымдар болып табылмайтын Инвестициялар Алушының жарғылық капиталын қалыптастыру үшін жоспарланған жағдайда, "Ретроспектива" бөлімінде "Қатысушылардың қаржылық жай-күйін талдау" параграфы болмайды".

151. Егер Инвестициялар Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленген барынша аз жарғылық капитал мөлшері бар акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанындағы не жарғылық капиталы жиырма бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі жауапкершілігі шектеулі серіктестік немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға бағытталған жағдайда, экономикалық сараптама жүргізу талап етілмейді.

152. Егер Инвестициялар Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленген барынша аз жарғылық капитал мөлшері бар акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанындағы не жарғылық капиталы жиырма бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі жауапкершілігі шектеулі серіктестік немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға бағытталған жағдайда, мыналар Инвестициялар ҚЭН-нің құрылымдық элементтері болып табылады:

- 1) Инвестициялар паспорты;
- 2) "Ретроспектива" бөлімі.

Инвестициялар еншілес, тәуелді немесе үлестес ұйымдар болып табылмайтын Инвестициялар Алушының жарғылық капиталын қалыптастыру үшін жоспарланған жағдайда, "Ретроспектива" бөлімінде "Қатысушылардың қаржылық жай-күйін талдау" параграфы болмайды;

- 3) "Институционалдық" бөлімі;
- 4) "Негіздеме" бөлімі, оның ішінде:

"Инвестициялар көлемі" тарауы "Инвестициялар көлемі" және "Айналым қаражатын толтыру" параграфтарын қамтиды;

"Қаржыландырудың баламалы көздері" тарауы, егер Инвестициялар Алушы еншілес және/немесе үлестес ұйым болып табылған жағдайда;

- 5) "Нәтиже" бөлімі;

6) егер Инвестициялар Алушы еншілес, тәуелді және/немесе үлестес ұйым болып табылған жағдайда, осы Қағидалардың 149-тармағының 1) тармақшаларында көрсетілген ҚЭН-ге қосымшалар;

7) тиісті мемлекеттік уәкілетті органның салалық сараптамасы, егер Инвестициялар оның жауапты саласын қозғаған жағдайда;

8) "Өнім өндіру бағдарламасы" осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысанда;

9) "Өнімді іске асыру бағдарламасы" осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысанда;

10) қаржылық модель, осы Қағидаларға 22-қосымшада көрсетілген "Қаржы моделіне қойылатын талаптар" нысанына сәйкес дайындалады;

11) "Инвестициялар нәтижелері" осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысанда;

12) "ҚЭН іс-шараларының бюджеттік тиімділігі" осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысанда.

153. Егер Инвестициялар ҚЭН-і Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленген барынша аз жарғылық капитал мөлшері бар акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанындағы не жарғылық капиталы жиырма бес мың еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі жауапкершілігі шектеулі серіктестік немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға бағытталған жағдайда, Инвестициялар ҚЭН-і осы Қағидаларда белгіленген жалпы тәртіпке сәйкес әзірленеді.

154. Инвестициялар ҚЭН-і ББӨ бюджеттік бағдарламасында (кіші бағдарламасында) көзделген нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды қаржылық қамтамасыз ету мақсатында әзірленеді.

155. ББӨ осы Қағидалардың 149 және 163-тармақтарында айтылған қосымша материалдарды мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы әрбір инвестиция бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолы қойылған титулдық бланкіде жеке ілеспе хатпен МЖАЖ арқылы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Бір ББӨ-нің құзыретіне жатқызуға болмайтын, экономиканың әртүрлі салаларында жобаларды іске асыруды көздейтін, ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдингтің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар бойынша ҚЭН-нің түпнұсқасы, сондай-ақ осы Қағидалардың 149, 163-тармақтарында көрсетілген құжаттар мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы әрбір инвестиция бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолы қойылып

ұсынылатын салалық сараптама қорытындысын қоспағанда, осы ұлттық холдингтердің, ұлттық басқарушы холдингтің және ұйымның бірінші басшыларының не оларды алмастыратын адамдардың қолы қойылып ұсынылады.

Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі үшін құжаттар редакцияланбайтын графикалық форматта ұсынылады.

Ілеспе хатта Инвестициялар ҚЭН-інің атауы, мәлімделетін сома және Инвестицияларды жүзеге асыру жылы, қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

Инвестициялардың ҚЭН-і, сондай-ақ қосымша материалдар, оның ішінде теріске шығарулар, қосымша дәлелдемелер не Инвестициялардың ҚЭН-іне өзгерістер енгізу туралы ақпарат электрондық нысанда ұсынылады және Инвестициялардың ҚЭН-ін әзірлеуге жауапты ББӘ-нің құрылымдық бөлімшесі басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылады.

Экономиканың әртүрлі салаларында жобаларды іске асыруды көздейтін Ұлттық әл-ауқат қорының жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру жоспарланған бюджеттік бағдарламалар бойынша әкімші тиісті орталық мемлекеттік органдар болады.

Бюджеттік инвестицияларды ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдингтің жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы жүзеге асырған кезде, осы заңды тұлғалар акцияларының мемлекеттік пакетін иеленуге және пайдалануға құқығы жоқ бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес, ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдингтер акцияларының эмиссиясын төлей алады.

Бюджеттік кредиттеу бағдарламаларын, бюджеттік инвестициялық бағдарламаларды, сондай-ақ олардың түзетулерін жоспарлау және іске асыру кезінде "Самрук-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамның (бұдан әрі – Қор) еншілес және тәуелді ұйымдары әзірлеген ҚЭН мен ТЭН-ді мақұлдауды Қор Басқармасы жанындағы тиісті Комитет жүзеге асырады.

11-тармақ. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланған бюджеттік инвестицияларды іріктеу

156. Инвестициялардың экономикалық сараптамасы іс-шаралардың негізділік және нәтижелілік критерийлеріне сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізіледі.

Коммерциялық емес акционерлік қоғам, жедел басқару құқығындағы мемлекеттік қазыналық кәсіпорын нысандағы Инвестицияларға экономикалық сараптама жүргізген жағдайда қаржылық тиімділік бөлігінде осы қоғамның қызметі шығынсыз болған жағдайда нәтижелілік критерийлері талап етілмейді.

157. Республикалық бюджет есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланатын бюджеттік инвестициялардың

экономикалық сараптамасын Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға жүзеге асырады.

158. Жергілікті бюджет есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланатын бюджеттік инвестициялардың экономикалық сараптамасын Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға жергілікті атқарушы орган айқындаған заңды тұлға жүзеге асырады.

159. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган құжаттар пакеті келіп түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 3-тарауының 10-тармағында көзделген құжаттар болмаған жағдайда оларды ББӘ-ге қайтарады.

Осы Қағидалардың 3-тарауының 10-параграфында көзделген құжаттардың толық топтамасы болған жағдайда, 1 (бір) жұмыс күні ішінде Инвестицияларға экономикалық сараптама жүргізу үшін Инвестициялардың ҚЭН-ін немесе түзетілген Инвестициялар ҚЭН-ін:

1) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаға;

2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғаларға жібереді.

160. Инвестициялардың экономикалық сараптамасының қорытындылары Инвестициялардың экономикалық сараптамасының қорытындысы (бұдан әрі – Қорытынды) түрінде ресімделеді.

161. Қорытынды Инвестициялар ҚЭН-ін:

1) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындаған заңды тұлғаға;

2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғаларға ұсынғаннан кейін 26 (жиырма алты) жұмыс күні ішінде дайындалады.

Жарғылық капиталды ең аз мөлшерде қалыптастыруға арналған Инвестициялар жағдайында қорытынды 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде дайындалады.

162. Осы Қағидалардың 134-тармағында көрсетілген құрылымға сәйкес келмеуі және (немесе) осы Қағидалардың 135-149-тармақтарында көрсетілген бөлімдердің, тараулардың және параграфтардың болмауы және (немесе) осы Қағидалардың 149, 151, 153 және 154-тармақтарында көрсетілген құжаттардың болмауы анықталған жағдайда, Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындаған тиісті заңды

тұлға 10 (он) жұмыс күні ішінде (жарғылық капиталын ең аз мөлшерде қалыптастыруға Инвестициялар берілген жағдайда 5 (бес) жұмыс күні ішінде) Инвестициялардың экономикалық сараптамасының нәтижелері бойынша қажетті/пысықталған ақпараттарды ұсыну және/немесе жүргізілген сараптамаларда қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптама жүргізу бойынша сұрату (бұдан әрі - Сұрату) дайындайды.

Сұрату жіберілген күннен бастап және қажетті ақпарат ұсынылғанға дейін экономикалық сараптама жүргізу мерзімдері тоқтатыла тұрады.

ББӘ қажетті ақпаратты хат пен сұрау салудың сканерленген көшірмелерін алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде ұсынады.

Қосымша материалдар ұсынылған кезде олардың толық тізбесі көрсетіледі, оның ішінде Инвестициялар ҚЭН-і осы Қағидалардың 134-тармағында көрсетілген құрылымға сәйкес ұсынылған жағдайда, бұрын ұсынылған Инвестициялар ҚЭН-інің қайтарып алынуы туралы көрсетіледі.

Қосымша материалдарды ұсыну мерзімі өткен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қосымша материалдар белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, Инвестициялар ҚЭН-і мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға Сұрау салуды қоса бере отырып, Қорытынды жасалмастан хатпен қайтарылады.

163. Қорытынды мынадай элементтерді қамтиды:

- 1) тақырыбы;
- 2) "Инвестициялар паспорты" бөлімі;
- 3) "Қорытынды" бөлімі;
- 4) қойылатын қолдар;
- 5) күні;
- 6) мекенжайы.
- 7) 1-қосымша "Құжаттар";
- 8) 2-қосымша "Ретроперспектива";
- 9) 3-қосымша "Негізділік";
- 10) 4-қосымша "Нәтижелілік".

164. Қорытындының Инвестициялар атауы көрсетілген тақырыбы, сондай-ақ Қорытындыны дайындаған ұйымның атауы болады.

165. "Инвестициялар паспорты" бөлімі осы Қағидаға 20-қосымшаға сәйкес нысанда ресімделеді.

166. "Тұжырымдар" деген бөлім мынадай құрылымға сәйкес келеді:

1) "Негізділік" деген тарау, Инвестициялар көлемдерін, оның ішінде жылдар бойынша растау немесе растамау туралы, сондай-ақ баламалы көздерден қаржыландыру мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы ақпарат келтіріледі;

2) "Нәтижелілік" деген тарау, онда Инвестициялардың экономикалық, қаржылық тиімділігі, түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы ақпарат келтіріледі.

Егер Инвестициялар ұлттық басқарушы холдингі және оның еншілес және тәуелді акционерлік қоғамдарын қаржыландыруға бағытталған жағдайда, экономиканың басым секторларында жобаларды іске асыру үшін бюджеттік инвестициялар сомасынан кем емес сомаға нарықтық қорландыру жолымен қоса қаржыландыруды тарту шартымен баламалы көздерден қаржыландыру мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы растау берілмейді.

167. "Қорытындылар" деген бөлімде Инвестициялардың, оның ішінде іс-шаралардың және инвестициялық кезеңнің жылдары бөлінісінде расталған көлемін көрсете отырып, іс-шаралардың өлшемшарттарына сәйкестігіне қатысты пікір айтылады, бұл ретте:

1) оң қорытынды, егер іс-шаралар өлшемшарттарға сәйкес келсе;

Оң қорытындыда ескертпелермен пікір білдіруге әсер еткен факторлар сипатталған ескертпелердің болуына жол беріледі. Экономикалық қорытындының ескертпелері жобаны басқарудың тиісті жоспары шеңберінде Инвестицияларды іске асыру кезінде ескеріледі.

2) іс-шаралар бір немесе екі өлшемшартқа сәйкес келмегенде теріс қорытынды не МИЖ іске асырудың басқа түрлері мен тәсілдері айқындалса;

3) іс-шаралар өлшемшарттарға сәйкес келсе ескертпелері бар оң қорытынды, алайда экономикалық сараптама жүргізу барысында төменде келтірілген тізбемен шектелмей, мынадай фактілер анықталғанда:

Бұрын жүргізілген Инвестицияларға байланысты түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілмеді;

Инвестициялар Алушы қызметінің үздіксіздігі мүмкіндігіне күмән туындаған кезде.

Төменде қатысушылар қызметінің үздіксіздігіне жеке алғанда немесе жиынтығында күмән тудыруы мүмкін оқиғалар мен жағдайлар мысалы келтіріледі.

Қаржылық оқиғалар немесе жағдайлар:

ағымдағы міндеттемелердің ағымдағы активтерден артық болуы;

өтеу мерзімі жақындаған міндеттемелердің болуы, оларды өтеудің немесе қарыз мерзімін ұзарту перспективасы нақты болмаған жағдайда;

ағымдағы қарыздардың есебінен ұзақ мерзімді активтерді қаржыландыру;

борышкерлердің өтеу мерзімі өткен талаптарының елеулі сомасының болуы;

қаржылық есептілікте берілген деректермен расталған операциялық қызмет бойынша теріс сальдо;

қаржылық есептілікте берілген деректермен расталған жалпы пайданың теріс мәні және (немесе) шығындардың болуы;

ақша түсімдерін алудың негізі ретінде қолданылатын активтер құнының едәуір төмендеуі;

орындалу мерзімі өткен міндеттердің елеулі сомасының болуы;

өнімдерді жеткізу бойынша шарттардың талаптарын сақтау қабілетсіздігі;

Инвестициялар Алушының қаржылық жағдайының талдауы Инвестициялар Алушыда қосылған құн салығы (бұдан әрі - ҚҚС) бойынша шығыстарды дербес төлеу мүмкіндігі бар екендігін көрсеткен жағдайда, сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бойынша ҚҚС сомасының Инвестициялар көлемінен алып тасталуы;

капиталдандырылатын болып табылмайтын шығыстардың Инвестициялар көлемінен алып тасталуы.

Операциялық оқиғалар немесе шарттар:

лайықты ауысымы жоқ негізгі басқарушылық персоналдың кетуі;

негізгі нарықты, франшизаны, лицензияларды, негізгі өнім берушілерді немесе тұтынушыларды жоғалту;

өнім бағаларының төмендеуі немесе өнім берушілердің өніміне бағаның арттуы.

Басқа да оқиғалар немесе шарттар:

пруденциялық нормативтердің орындалмауы;

жасалған шарттарға, оның ішінде қарыздарға сәйкес белгіленген ковенанттардың орындалмауы;

қатысушылардың қаржы-шаруашылық қызметіне теріс ықпал етуі мүмкін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары.

Ескертпелері бар оң қорытындыда ескертпелері бар пікір білдіруге ықпал еткен факторлар сипатталады.

Экономикалық қорытындының ескертпелері тиісті жобаны басқару жоспары шеңберінде Инвестицияларды іске асыру кезінде ескеріледі.

168. Қорытындыны оны дайындаған ұйымның басшысы немесе оған уәкілетті тұлға бекітеді және оған Қорытындыны дайындаған ұйымның орындаушысы қолы қояды.

Қойылған қолдар Қорытындыны дайындаған ұйымның мөрімен бекітіледі.

169. Қорытындыға олардың негізінде Инвестициялар ҚЭН-і іс-шараларының өлшемшарттарға сәйкестігі жөнінде пікір қалыптастырылған, жеткілікті және сенімді дәлелдер алынған күннен ерте емес күн қойылады.

170. Қорытындыға "Құжаттар" деген 1-қосымшада мыналардың әрқайсысының:

1) осы Қағидалардың 149-тармағында жазылған талаптарға сәйкес ұсынылған құжаттың, сондай-ақ қосымша ұсынылған әр құжаттың атауы;

2) орындаушы сараптама жүргізу барысында басшылыққа алған техникалық және технологиялық стандарттары бар нормативтік құқықтық акті мен нормативтік актінің, сондай-ақ пайдаланылған ақпараттық материалдар, шолулар мен басқа да құжаттар атауы көрсетіледі.

171. Қорытындыға "Ретроперспектива" деген 2-қосымшада бұрын бөлінген және игерілген қаражат жөніндегі, оның ішінде ағымдағы бағдарламалар бойынша, ақпараттың егжей-тегжейлі сипаттамасы келтіріледі.

172. Қорытындыға "Негізділік" деген 3-қосымшада негізділік критерийі бойынша пікір білдіруге ықпал еткен факторлардың егжей-тегжейлі сипаттамасы келтіріледі;

173. Қорытындыға "Нәтижелілік" деген 4-қосымшада нәтижелілік критерийі бойынша пікір білдіруге ықпал еткен факторлардың егжей-тегжейлі сипаттамасы келтіріледі

174. Түзетілген Инвестициялар ҚЭН қорытындысының құрылымы және мазмұны осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес болуы тиіс.

175. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган түзетілген Инвестициялар ҚЭН-ін қарайды.

Түзетілген Инвестициялар ҚЭН-іне экономикалық қорытынды Қазақстан Республикасының Үкіметі және жергілікті атқарушы органдар Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындайтын заңды тұлғалардың экономикалық сараптамалары негізінде Қорытынды алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде дайындалады.

176. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ББӨ-нің Инвестицияларды жүзеге асыру туралы ұсыныстарын және олардың Инвестициялар ҚЭН-ін стратегиялық және (немесе) олар әзірлеген даму құжаттарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан қарайды және олар бойынша осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экономикалық қорытынды дайындайды.

Инвестициялар бойынша экономикалық қорытынды Инвестицияларды жүзеге асырудың экономикалық орындылығы, олардың ел экономикасына әсері және стратегиялық және (немесе) олар әзірлеген даму құжаттарына сәйкестігі мәніне дайындалады.

Республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен Инвестициялардың экономикалық қорытындысы Қорытынды алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі және жергілікті атқарушы органдар Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындайтын заңды тұлғалардың экономикалық сараптамалары негізінде дайындалады.

177. Тиісті бюджеттің жобасына енгізу үшін Инвестицияларды айқындауды және тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығаруды МИЖ портфелінің негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар жүзеге асырады.

178. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ББӨ-нің Инвестицияларды жүзеге

асыру туралы ұсыныстарын және олардың ҚЭН-ін қаржы қаражатымен қамтамасыз етілу, растайтын құжаттарының болуы тұрғысынан қарайды және олар бойынша қорытындыны МИЖ-дің инвестициялық ұсынысына оң экономикалық қорытындыны, Инвестициялар бойынша экономикалық қорытындыны ескере отырып, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Жергілікті атқарушы органдарға нысаналы даму трансферттері мен бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламаларға берілетін бюджеттік сұрау салулар бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілеттік органның қорытындылары мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы есепке алынып қалыптастырылады.

179. Инвестициялар бойынша оң экономикалық қорытынды мен тиісті бюджет комиссиясының оң шешімі негізінде Инвестициялар тиісті бюджет жобасына қосылады.

Инвестицияларды іске асыруға арналған шығыстар ҚЭН-де айқындалған бюджеттік инвестицияларды іске асыру мерзімдеріне сәйкес бюджет жобасына қосылады.

Мемлекеттік кәсіпорын нысанындағы заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асырылуы жоспарланатын бюджеттік инвестициялар бойынша ТЭН немесе ЖСК-ға ведомстводан тыс кешенді сараптаманың нәтижелері бойынша тиісті бюджет жобасына жобаларды іске асырудың жалпы құны қосылады.

180. Инвестициялар ҚЭН-ін осы ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдингтер бекітетін бір ББӘ құзыретіне жатқызуға болмайтын жобаларды экономиканың түрлі салаларында іске асырылуын көздейтін ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдингтердің Инвестицияларын қоспағанда, оң экономикалық қорытынды және тиісті бюджет комиссиясының оң шешімін алған Инвестициялар ҚЭН-і немесе түзетілген Инвестициялар ҚЭН-і ББӘ бекітуіне жатады.

181. ҚЭН бекітілгеннен кейін үш жыл ішінде жоба іске асырылуы басталмаған Инвестициялардың ҚЭН, оның ішінде түзетілген, бойынша экономикалық қорытынды ескірген болып есептеледі.

12-параграф. Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптар

182. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобаның ТЭН-і Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органына қағаз және электрондық жеткізгіште:

1) егер жоба бойынша құрылыс (құрылыс-монтаж) жұмыстары автомобиль жолының ақауларының алдын алу және оларды жою, сондай-ақ көліктік-пайдалану

сапасын қалпына келтіру және жақсарту (бұдан әрі - автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жоба), сондай-ақ магистральдық темір жол желісін дамыту және жаңғырту (бұдан әрі - МТЖ дамыту жөніндегі инвестициялық жоба) жөніндегі жұмыстар кешені жөніндегі инвестициялық жобаларды қоспағанда, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 39-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген заңды тұлға (бұдан әрі - Заңды тұлға) жүзеге асыратын ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы;

2) мынадай ақпаратты бағалаудың оң нәтижелерін қамтитын тиісті саланың уәкілетті органы сараптамасының қорытындысы:

саланың одан әрі дамуына әсер ететін ағымдағы жай-күйінің проблемалары және жоба мақсаттарының, саладағы бар проблемалар бойынша шешімдердің сәйкестігі;

инвестициялық жобаның ТЭН-інде көрсетілген схема бойынша жобаны іске асырудың орындылығы мен мүмкіндіктері;

жобаның Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарына сәйкестігі;

3) инвестициялық жобаның ТЭН-ін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізу алдындағы соңғы үш жылдағы (қызмет кезеңі жоғарыда көрсетілген мерзімнен аз тұлғалар үшін қаржылық есептілік қызметті жүзеге асыру кезеңі үшін ұсынылады) бірінші басшының және бас бухгалтердің мөрімен және қолымен қарыз алушының (жеке және шоғырландырылған) қаржылық есептілігін, сондай-ақ қаржылық есептілікке түсіндірме жазбаларын қоса беріледі. Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік аудиті міндетті болып табылатын қарыз алушылар үшін соңғы үш жылда жасалған аудиттелген қаржылық есептілік пен аудиторлық есептер ұсынылады (қызметінің кезеңі жоғарыда көрсетілген мерзімнен аз тұлғалар үшін қаржылық есептілік қызметті жүзеге асыру кезеңінде беріледі);

4) осындай жұмыстарды (автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жобаны немесе МТЖ-ны дамыту жөніндегі инвестициялық жобаны ұсынған кезде) жүргізу қажеттілігін құжаттамалық-техникалық растауды қоса бере отырып, сатып алынатын материалдар мен негізгі құралдардың, жұмыстардың құны мен санын көрсете отырып, инвестициялық жобаны іске асыруға арналған шығындарды растайтын құжаттар.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жобаның немесе МТЖ дамыту жөніндегі инвестициялық жобаның ТЭН-іне салалық мемлекеттік органның бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға және қарыз алушының бірінші басшысы қол қояды.

183. Жобаны іске асыру үшін, оның ішінде мемлекеттік кепілдік берілген бұрын тартылған мемлекеттік емес қарызды өтеу үшін мемлекеттік кепілдікпен жаңа

мемлекеттік емес қарызды тарту ТЭН-ді түзету және инвестициялық жобаның жаңа ТЭН-ін әзірлеу үшін негіз болып табылмайды.

Бұрын мемлекеттік кепілдік берілген инвестициялық жобалар бойынша оған сәйкес мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз тартылған, сондай-ақ тиісті қорытындылар берілген инвестициялық жобаның ТЭН-і негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы беріледі.

Бұл ретте қарыз алушы ішкі нарықта мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарызды тартқаннан кейін бір ай ішінде мемлекеттік кепілдікпен бұрын тартылған қарызды толық көлемде өтеуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы Кодекстің 141-бабына сәйкес бекітілетін тиісті жылдың мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесіне енгізу үшін негіз болып табылады.

184. ББӘ МИЖ инвестициялық ұсыныстарын қалыптастырады және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

13-тармақ. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобаның ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге қойылатын талаптар

185. Инвестициялық жобаның ТЭН-ін әзірлеудің мақсаты оңтайлы жобалық шешімдерді, оның ішінде жобаның неғұрлым оңтайлы құрылымы мен ауқымын, жобаны іске асыру шеңберінде болжанатын неғұрлым орынды маркетингтік, техникалық-технологиялық, қаржылық, институционалдық, экономикалық және басқа да шешімдер бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

186. Инвестициялық жобаның ТЭН-і осы Талаптарға сәйкес келмеген жағдайда пысықтауға жіберіледі.

187. Инвестициялық жобалардың ТЭН-і мынадай құрылымға сәйкес келеді:

- жобаның паспорты;
- кіріспе;
- институционалдық бөлім;
- маркетингілік бөлім;
- техникалық-технологиялық бөлім;
- қаржылық бөлім;
- әлеуметтік-экономикалық бөлім;
- тәуекелдерді бағалау және бөлу;
- жоба бойынша қорытындылар;
- қосымшалар (қажет болған жағдайда).

Автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жобаның немесе МТЖ дамыту жөніндегі инвестициялық жобаның ТЭН-і бойынша маркетингтік бөлім әзірлеу талап етілмейді;

188. Жобаның ерекшелігіне қарай инвестициялық жобаның ТЭН шеңберінде қабылданған шешімдерді егжей-тегжейлі ашуға және негіздеуге мүмкіндік беретін қосымша бөлімдер енгізіледі.

189. Жобаның паспортында жоба туралы қысқаша ақпарат ашылады. Жобаның паспорты мынадай ақпаратты қамтиды:

қарыз алушының (инвестициялық жобаның өтінім берушісінің) – инвестициялық жобаның ТЭН-іне тапсырыс берушінің атауы;

инвестициялық жобаның ТЭН-ін әзірлеушінің атауы;

жобаның атауы;

жобаны іске асыру орны;

жобаның мақсаты мен міндеттері, оның ішінде сандық мәнде;

жобаның ауқымы;

жобаның қуаты;

жобаны іске асыру кезеңі;

объектіні салу кезеңі немесе автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жобаны немесе МТЖ дамыту жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру кезеңі;

объектіні пайдалану кезеңі;

инвестициялық жобаның ТЭН шеңберінде есеп айырысу үшін қабылданған ұлттық валютадағы және шетел валютасындағы жобаның жоспарланған жалпы құны, оның ішінде:

инвестициялық шығыстар;

пайдалану шығындары;

өзге де шығыстар;

жобаны қаржыландырудың болжамды көздері;

жобаны іске асырудан негізгі пайда алушылар.

190. "Кіріспе" бөлімінде жобаны іске асыру арқылы шешу жоспарланып отырған саладағы (аймақ) проблема сипатталады, сондай-ақ осы проблеманы шешудің, оның ішінде технологиялық, институционалдық, қаржылық шешімдер бойынша баламалы нұсқалары көрсетіледі.

191. Институционалдық бөлімде жобаны оның өмірлік циклі бойы басқарудың ұсынылатын оңтайлы схемасы, жобаға қатысушылар және олардың функциялары, олардың өзара іс-қимыл тәртібі сипатталады.

Сондай ақ осы бөлімде институционалдық шешімдер бойынша жобаны іске асырудың баламалы нұсқаларына салыстырмалы талдау жүргізіледі.

192. Маркетинг бөлімінде жобаны іске асыру нәтижесінде пайда болатын өнімге (тауарларға/көрсетілетін қызметтерге) сұраныстың қолданыстағы және болжанатын (жобаны іске асыру кезеңіне) конъюнктурасын және тұтынылатын өндіріс факторларының ұсынысын талдау қамтылады.

Бөлім мыналарды қамтиды:

сұраныстың сандық параметрлерін, оның үдерістерін талдау және негіздеу немесе жоба шеңберінде өндіруге жоспарланған өнімге (тауарларға/ көрсетілетін қызметтерге) қажеттілікті бағалау;

тұтынушылардың санаттары бойынша саладағы (өңірдегі) ағымдағы жағдайды ескере отырып жүргізілетін өнімнің (тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің) көлемдерін, түрлері мен бағаларын талдау;

тұтынушылардың санаттары бойынша жобаны іске асыру нәтижесінде жүргізілетін өнімнің (тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің) көлемдерін, түрлері мен бағаларын талдау;

жобаны іске асыру үшін қажетті шикізат, материалдар, жабдықтар нарықтарын талдау, оның ішінде өндірушілер мен жеткізушілер, бағалар, сапа және өнімді жеткізу шарттары бойынша салыстырмалы талдау;

инвестициялық кезеңде де, инвестициядан кейінгі кезеңде де тиісті біліктілігі бар мамандардың жобаны қамтамасыз етуін талдау, сондай-ақ қажет болған жағдайда шетелдік мамандарды тартудың негіздемесі.

Әрбір кіші бөлімде маркетингтік зерттеулер бойынша есепті қоса бере отырып, пайдаланылатын ақпарат көздері мен маркетингтік зерттеулер жүргізу әдістемелері көрсетіледі.

193. Техникалық-технологиялық бөлім инвестициялық жобаның ТЭН шеңберінде қабылданған жобаның параметрлері мен компоненттерін айқындайтын жобаны іске асырудың техникалық-технологиялық шешімдерін қамтиды.

Бөлім мыналарды қамтиды:

жобаны іске асырудың таңдалған оңтайлы нұсқасын негіздей отырып, техникалық-технологиялық шешімдердің сипаттамасы және салыстырмалы талдауы;

өңірдің географиялық ерекшеліктерін ескере отырып, шикізатты, материалдарды, өнімді (тауарды/көрсетілетін қызметті) тұтынушылардың жабдықтарын әлеуетті жеткізушілердің көздері мен орналасқан жеріне және көлік магистральдарына жақындығына қатысты жобаны іске асыру орнын негіздеу;

қабылданған техникалық-технологиялық шешімдерді ескере отырып, жоба қуатының есептік негіздемесі;

жобаны іске асыру болжанатын өңірдің инфрақұрылымына жобаның әсерін бағалау ;

таңдалған жобалық жабдықтың негіздемесі, оның ішінде бұрыннан қолданылып жүрген жабдықпен технологиялық үйлесімділік (егер бұл жобаны іске асыру

шеңберінде болжанса), "баға-сапа" оңтайлы арақатынасы, жабдықты таңдау бойынша баламалы нұсқалар, инновациялық жабдықты қолдану, ноу-хау пайдалану, жобаның сапа стандарттарын пайдалануы, жобаға техникалық және технологиялық талаптарды белгілейтін нормативтік құжаттар;

еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы нормалары;

қолда бар көлік кіреберістері мен құралдарын, энергиямен, жылумен, сумен жабдықтау мен кәрізді ескере отырып, жобаны инженерлік құрылыстармен іске асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ қойма үй-жайларымен қамтамасыз ету;

объектіні құру/реконструкциялау кезеңін және оны іске асыру жылдары мен технологиялық кезеңдер бойынша пайдалану кезеңін көрсететін жобаны іске асыру кестесі, жоба бойынша уақыт бойынша іс-шаралардың реттілігі мен ұзақтығын графикалық түрде көрсете отырып (жоспар-кесте).

Жоба бойынша техникалық-технологиялық шешімдерді таңдау кезінде, ең алдымен, ең аз экологиялық теріс әсері бар немесе теріс экологиялық әсері жоқ, сондай-ақ жобаны іске асырудан үлкен әлеуметтік-экономикалық әсері бар шешімдер таңдалады.

194. Автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жобаның немесе МТЖ дамыту жөніндегі инвестициялық жобаның ТЭН шеңберіндегі техникалық-технологиялық бөлім мыналарды қамтиды:

жобаны іске асырудың таңдалған оңтайлы нұсқасын негіздей отырып, техникалық-технологиялық шешімдердің сипаттамасы;

жобаның сипаттамасы, қабылданған техникалық-технологиялық шешімдерді ескере отырып, жобаның қуатын сипаттау;

жобаны іске асыру болжанатын өңірдің инфрақұрылымына жобаның әсерін бағалау ;

жобаны іске асыру кестесі.

Жоба бойынша техникалық-технологиялық шешімдерді таңдау кезінде, ең алдымен, ең аз экологиялық теріс әсері бар немесе теріс экологиялық әсері жоқ, сондай-ақ жобаны іске асырудан үлкен әлеуметтік-экономикалық әсері болатын шешімдер таңдалады.

195. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кепілдік беру негіздемесіне есептеулерде ұсынылатын коэффициенттер тізбесіне сәйкес қаржы бөлімінде жобаны қаржыландырудың баламалы схемалары мен көздерін, жобаның іске асырылуына инфляция әсерін, жобаның қаржылық тиімділігін бағалауды ескере отырып, қаржылық пайдалар мен шығындарға талдау келтіріледі, инвестициялық жобаның ТЭН шеңберінде қабылданған қаржылық шешімдер айқындалады.

Бұл бөлімге мыналар кіреді:

жалпы инвестициялық шығындарды есептеу;

пайдалану шығындарын есептеу (өндірістік шығындар, ағымдағы ұстау шығындары);

өнімнің (тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің) өзіндік құнын, тауарларға сату бағаларын (көрсетілетін қызметтерге тарифтер) есептеу;

сатудан түскен кірісті есептеу;

ақша қаражаттары ағынын есептеу;

бөлінбеген және таза пайданы есептеу;

инфляцияны, валюта бағамын есепке алу, дисконт нормасын және тәуекелге түзетулерді айқындау;

ең аз шығындарды талдау;

ең үлкен пайданы талдау;

дисконттау әдістері арқылы жобаны талдау, оның ішінде таза ағымдағы құнын (Net Present Value – NPV), кірістіліктің ішкі нормасын (Internal Rate of Return, IRR), дисконтталатын пайда мен шығындар қатынасын, дисконтталған өтелу мерзімін есептеу;

жобаны қаржыландыру үшін қарыз қаражатын тартудың қолайлы параметрлерін анықтау;

пайдалану шығындарын қаржыландыру көздері, мұндай шығындарды кім және қашан қаржыландыратынын анықтай отырып;

осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес қарыз алушының талдау;

жобаның сезімталдығын талдау және шығынсыздық шекараларын есептеу.

196. Әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданылатын) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен қорғаныс, қауіпсіздікті және құқық тәртібін қамтамасыз ету мұқтаждарына арналған әскери мақсаттағы қызметтердің импорты кезінде инвестициялық жобаның ТЭН-нің қаржылық бөлімі мыналарды қамтиды:

сатып алынатын әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданылатын) тауарлар (өнімдер), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтер құнының сипаттамасы;

жалпы инвестициялық шығындардың сипаттамасы;

қарыз тарту шарттарының сипаттамасы.

Бұл бөлім орталық және арнаулы мемлекеттік органдардың салалық сараптамасының қорытындыларымен расталады.

197. Инвестициялық жобаның ТЭН-інің қаржылық бөлімі МТЖ дамыту жөніндегі автомобиль жолын немесе инвестициялық жобаны қалпына келтіру бойынша мыналарды қамтиды:

қарыз алушының қаржылық жай-күйін талдау, оның ішінде қарыз алушының қаржылық есептілігін деңгейлес және сатылас талдау;

жобаны қаржыландыру үшін қарыз қаражатын тартудың қолайлы параметрлерін айқындау;

мұндай шығыстарды кім және қашан қаржыландыратынын айқындай отырып, пайдалану шығыстарын қаржыландыру көздері.

198. Әлеуметтік-экономикалық бөлім жобаның әлеуметтік-экономикалық аспектілерін және жобаны іске асырудан түсетін пайданы көрсетеді.

Бұл бөлім мыналарды қамтиды:

1) саладағы (өңірдегі) және Қазақстан Республикасындағы қазіргі әлеуметтік-экономикалық ахуалды және жобаны ескермей, оның даму перспективаларын талдау, оның ішінде:

негізгі әлеуметтік көрсеткіштер (халық табысының деңгейі, жұмыссыздық, жұмыспен қамту, өлім-жітім, туу деңгейі және т.б.);

негізгі салалық (өңірлік) көрсеткіштер (өнім (тауар/қызмет) өндірісінің көлемі, жалпы ішкі өнім құрылымындағы саланың (өңірдің) үлесі, салаға (өңірге) инвестициялар көлемі және олардың жоспарланған кезеңдегі үрдістері);

2) жоба іске асырылған жағдайда саладағы (өңірдегі) және Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды дамыту перспективаларын талдау, оның ішінде:

негізгі әлеуметтік көрсеткіштер (халық табысының деңгейі, жұмыссыздық, жұмыспен қамту, өлім-жітім, туу деңгейі және т.б.);

негізгі салалық (өңірлік) көрсеткіштер (өнім (тауар/қызмет) өндірісінің көлемі, жалпы ішкі өнім құрылымындағы саланың (өңірдің) үлесі, салаға (өңірге) инвестициялар көлемі және олардың жоспарланған кезеңдегі үрдістері);

нәтижелерді, салдарлар мен әсерлерді, өсірілген пайдалар мен шығындарды, тұтынушының қосымша пайдаларын, қайтарымсыз шығындарды, сыртқы әсерлерді, халықаралық әсерлерді, жобаны іске асырудан жанама пайдаларды қамтитын жоба бойынша пайдалар мен шығындарды талдау;

тікелей, жанама және жиынтық макроэкономикалық әсерді ағымдағы бағаларда және өткен жылдың салыстырмалы бағаларында есептеу;

объектіні пайдалану кезінде мемлекеттік бюджетке жоспарланатын салық түсімдері ;

таза қоғамдық пайданың, келтірілген экономикалық таза табыстың (Economic net present value - ENPV), кірістіліктің экономикалық ішкі нормасының (Economic Internal Rate of Return - EIRR) көрсеткіштерін есептеу;

жобаны іске асырудың аралас салаларды (көршілес өңірлерді) дамытуға әсерін талдау);

жобаның Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетінің өсуіне және импортты алмастыруға, инновацияларды дамытуға әсерін талдау.

199. Автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жобаның немесе МТЖ дамыту жөніндегі инвестициялық жобаның ТЭН-інің әлеуметтік-экономикалық бөлімі жоба іске асырылған жағдайда саладағы (өңірдегі)

және Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды дамыту перспективаларын талдауды қамтиды, оның ішінде:

негізгі салалық (өңірлік) көрсеткіштер (өнім (тауар/қызмет) өндірісінің көлемі, жалпы ішкі өнім құрылымындағы саланың (өңірдің) үлесі, салаға (өңірге) инвестициялар көлемі және олардың жоспарланған кезеңдегі үрдістері);

нәтижелерді, салдарлар мен әсерлерді, өсірілген пайдалар мен шығындарды, тұтынушының қосымша пайдаларын, қайтарымсыз шығындарды, сыртқы әсерлерді, халықаралық әсерлерді, жобаны іске асырудан жанама пайдаларды қамтитын жоба бойынша пайдалар мен шығындарды талдау;

объектіні пайдалану кезінде мемлекеттік бюджетке жоспарланатын салық түсімдері ;

жобаны іске асырудың аралас салаларды (көршілес өңірлерді) - мультипликативтік әсерді дамытуға әсерін талдау.

200. "Тәуекелдерді бағалау және бөлу" немесе МТЖ дамыту бойынша инвестициялық жоба бөлімінде жобаны іске асыру кезінде, оның ішінде дайындық кезеңінде, объектіні салу/реконструкциялау және оны пайдалану кезеңінде туындауы мүмкін тәуекелдер сипатталады.

Бұл бөлім:

коммерциялық тәуекелдерді бағалау;

әлеуметтік тәуекелдерді бағалау;

экономикалық тәуекелдерді бағалау;

техникалық тәуекелдерді бағалау;

қаржы тәуекелдерін бағалау;

тәуекелдердің негізгі факторларын, олардың болжамды сипаты мен өзгеру ауқымын , оларды төмендету жөніндегі болжамды іс-шараларды айқындайтын жобаға қатысушылар үшін ерекше тәуекелдерді бағалау;

жобаға қатысушылар арасында тәуекелдерді бөлуді талдау;

белгісіздік жағдайларында талдау, оның ішінде негізгі параметрлер бойынша сезімталдықты талдау (өткізу көлемі, өткізу бағасы, тікелей шығындар), оның ішінде параметр өзгеруінің жол берілетін шекті мәндерін айқындау.

Тәуекелдерді бағалау сандық және сапалық талдау әдісімен жүргізіледі.

201. "Тәуекелдерді бағалау және бөлу" бөлімі автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жобаның ТЭН-ін қамтиды:

әлеуметтік тәуекелдерді бағалау;

техникалық тәуекелдерді бағалау;

қаржы тәуекелдерін бағалау;

тәуекелдердің негізгі факторларын, олардың болжамды сипаты мен өзгеру ауқымын , оларды төмендету жөніндегі болжамды іс-шараларды айқындайтын жобаға қатысушылар үшін ерекше тәуекелдерді бағалау.

202. "Жоба бойынша қорытындылар" деген бөлімде мыналар сипатталады:
жоба бойынша негізгі артықшылықтар мен кемшіліктер;
жобаны іске асырудың оңтайлы нұсқасы;
жоба бойынша сыни тәуекелдер және оларды төмендету жөніндегі шаралар.

203. Инвестициялық жобаның ТЭН-і жобаны іске асырудың қаралатын нұсқаларының әрқайсысы бойынша (жобаны қаржыландыру көздері бойынша) қаржы-экономикалық модельдерін, инвестициялық жобаның ТЭН-інде келтірілген ақпаратты растайтын және айқындайтын кестелерді, диаграммаларды, суреттерді, жергілікті жердің карталарын қамтитын қосымшалардан тұрады.

14-тармақ. Инвестициялық жобаның ТЭН-ін сараптауға қойылатын талаптар

204. Инвестициялық жобаның ТЭН-інің экономикалық сараптамасы (бұдан әрі - инвестициялық жобаның сараптамасы) мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

жобаның нәтижелілігі - оны жүзеге асыру әсерінің жағымдылығы, яғни қосылатын нәтижелерді бағалаудың жобаны іске асыру үшін талап етілетін жиынтық шығындарды бағалаудан асып түсуі;

барабарлығы мен объективтілігі - дәйексіздік пен белгісіздік дәрежесін ескере отырып, жоба қаралатын объектінің құрылымы мен сипаттамаларын дұрыс көрсету;

кешенділігі - жобаны іске асырудың экономикалық, сол сияқты әлеуметтік, экологиялық және басқа да экономикалық салалардағы жан-жақты салдарларын есепке алу және нәтижелер мен шығындардың тиісті түрлері мен шамаларын айқындау;

жекелілігі - әрбір қатысушының ұстанымынан жобаның тиімділігін бағалау;

келісімділігі - инвестициялық жобаның ТЭН-інің әртүрлі бөлімдерінде көрсетілген және құжаттарда ұсынылған деректер мен ақпарат өзара келісіледі;

дұрыстығы - инвестициялық жобаның ТЭН бөлімдерінде ұсынылған, инвестициялық жобаның ТЭН-інің басқа сараптамаларының қорытындыларында расталған, сондай-ақ құжаттарда және есептерде ұсынылған ақпарат пен деректер;

негізділігі - инвестициялық жобаның ТЭН шеңберінде қабылданған шешімдер негізделген болып табылады.;

есептеу дұрыстығы – есептеу тәртібі және алынған көрсеткіштер дұрыс болып табылады.

205. Автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жобаларды немесе МТЖ дамыту жөніндегі инвестициялық жобаны қоспағанда, инвестициялық жобаның сараптамасы ұсынылған инвестициялық жобаның ТЭН-і, қарыз алушының инвестициялық жобаның ТЭН-ін енгізу алдындағы соңғы үш жылдағы қаржылық есептілігі және жобаның ерекшелігіне байланысты инвестициялық жобаның ТЭН-інде жүргізуге қажетті тиісті оң сараптамалар негізінде жүргізіледі, атап айтқанда:

1) егер жоба бойынша құрылыс (құрылыс-монтаж) жұмыстарын жүргізу болжанған жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген заңды тұлға жүзеге асыратын ведомстводан тыс кешенді сараптама;

2) тиісті саланың уәкілетті органының сараптамасы.

206. Инвестициялық жоба сараптамасының қорытындысы мыналарды қамтиды:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде жобаның іске асырылуын талдау;

жобаны іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін талдау;

жобаны іске асырудың коммерциялық тиімділігін талдау;

мемлекеттік кепілдіктер бойынша ықтимал төлемдерді ескере отырып, жобаны іске асырудың бюджеттік тиімділігін талдау;

жобаның тәуекелдерін және оларды төмендету жөніндегі шараларды талдау;

тұжырымдар мен ұсынымдар.

207. Автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жобаның немесе МТЖ дамыту жөніндегі инвестициялық жобаның инвестициялық жобасы сараптамасының қорытындысы мыналарды қамтиды: Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде жобаның іске асырылуын талдау;

жобаны іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін талдау;

мемлекеттік кепілдіктер бойынша ықтимал төлемдерді ескере отырып, жобаны іске асырудың бюджеттік тиімділігін талдау;

жобаның тәуекелдерін және оларды төмендету жөніндегі шараларды талдау;

тұжырымдар мен ұсынымдар.

208. Экономикалық сараптаманың қорытындысы ТЭН ұсынылғаннан кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде дайындалады.

ТЭН экономикалық сараптамасының нәтижелері бойынша 10 (он) жұмыс күні ішінде қажетті/пысықталған ақпаратты ұсыну және/немесе жүргізілген сараптамаларда қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптамалар жүргізу бойынша сұрау салу дайындалады.

Сұрау салу жіберілген күннен бастап және қажетті ақпарат ұсынылғанға дейін экономикалық сараптама жүргізу мерзімдері тоқтатыла тұрады.

ББӘ хаттың және сұрау салудың сканерленген көшірмелерін алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде қажетті ақпаратты ұсынады.

Қосымша материалдарды ұсынған кезде олардың толық тізбесі көрсетіледі, оның ішінде, ТЭН түзетілген жағдайда, бұрын ұсынылған ТЭН-ді кері қайтарып алу туралы көрсетіледі.

Қосымша материалдарды белгіленген мерзімде ұсынбау ТЭН-ді қараусыз қайтару үшін негіз болып табылады. ТЭН мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе

жергілікті уәкілетті органға сканерленген көшірмелерді ұсынудың белгіленген мерзімі өткен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде хатпен қайтарылады.

Құрылымға сәйкессіздік қайта анықталған және (немесе) бөлімдер, тараулар және тармақтар болмаған және (немесе) осы Қағидаларда көзделген құжаттар болмаған жағдайда, ТЭН қосымша материалдардың сканерленген көшірмелерін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға сұранысты қоса ұсынумен, қорытындыны жасамай, хатпен қайтарылады.

16-тармақ. Экспортты қолдау жөніндегі мемлекеттік кепілдіктерді беру үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысын әзірлеуге немесе түзетуге қойылатын талаптар

209. Қорытынды Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға беретін, қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынған мынадай құжаттар негізінде әзірленеді:

1) мемлекеттік кепілдік сомасын, оның қолданылу мерзімін, мемлекеттік кепілдікті пайдаланудың институционалдық схемасын қамтитын мемлекеттік кепілдік жөніндегі ақпаратты (процеске барлық қатысушылар туралы ақпарат, олардың өзара іс-қимылы);

2) құрылтай құжаттарының, сондай-ақ Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігінің мәртебесін, компанияның даму стратегиясын, рейтингтік есепті растайтын құжаттардың көшірмелерін қамтитын Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі туралы ақпарат;

3) бағалаудың оң нәтижелерін қамтитын сыртқы сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның оң қорытындысы мынадай ақпаратты қамтиды:

шикізаттық емес экспортты осындай мемлекеттік қолдау шарасын берудің мүмкіндігі мен орындылығын;

саланың жағдайы және оның дамуына әсер ететін мәселелерді;

экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік беру мақсаттарының салада орын алып отырған мәселелерді шешуге сәйкес келуін;

Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігіне экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік берудің және жетекшілік ететін сала мен экономиканың аралас салаларындағы (аяларындағы) болжамды әсердің негізділігін (негізгі қатысушылар, олардың өзара іс-қимыл схемасы, экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік жөніндегі міндеттемелерді орындауға бөлінген қаражатты пайдалану және қайтару схемасы);

экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік жөніндегі міндеттемелердің орындалуын талап етуі мүмкін болжамды тәуекелдерді (сақтандыру, саяси, қаржылық тұрақтылық тәуекелдері) және оларды барынша азайту жөніндегі іс-шараларды;

Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі жүзеге асыратын қызметтің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының мақсаттарына, оның ішінде тиісті салада қызметтерді көрсету қажеттіліктеріне, сондай-ақ экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік беруден болатын болжамды түпкілікті нәтижеге сәйкестігін, экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік берудің Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларына не актілеріне сәйкестігін;

экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктің мөлшері мен қолданылу мерзімінің негізділігін;

экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдікті қолданудан түсетін пайданың бөлінуін;

экономиканың аралас салаларына (аяларына) экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдікті қолданудың болжамды мультипликативтік әсерін бағалауды қамтиды.

Салалық қорытындыға уәкілетті органның бірінші басшысы не оны алмастыратын адам қол қояды және ресми құжаттар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделеді.

210. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Қағидалардың 211-тармағында көрсетілген құжаттарды қарайды.

211. Осы Қағидалардың 211-тармағында көрсетілген құжаттарды қарау қорытындылары бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган оларды Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ұсынған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қорытынды дайындайды, онда мыналар қамтылуға тиіс:

экспортты қолдау жөніндегі мемлекеттік кепілдіктерді ұсыну үшін Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысын әзірлеуге немесе түзетуге қойылатын Қағидалардың 211-тармағында көзделген ұсынылған құжаттаманың болуын талдау;

Қазақстанның тиісті Экспорттық-кредиттік агенттігіне мемлекеттік кепілдік беру негіздемесін талдау (сыртқы сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның қорытындысына сәйкес);

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігін талдау;

қорытындылар мен ұсынымдар.

212. Егер қорытынды ұсынылғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігіне мемлекеттік кепілдік бермеген жағдайда, осы қорытынды түзетуге жатады.

213. Қорытынды түзетілген жағдайда Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға осы Қағидалардың 211-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады.

17-тармақ. Мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру

214. МИЖ-ге экономикалық сараптамалар негізінде бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган болашақта республикалық бюджет шығыстарына әкеп соғатын орталық мемлекеттік органдар және (немесе) жергілікті атқарушы органдар республикалық бюджет қаражаты немесе мемлекеттің міндеттері мен функцияларын қаржыландырудың басқа да көздері есебінен іске асыратын МИЖ портфелін қалыптастырады.

МИЖ портфелі экономика салалары бөлінісінде қалыптастырылады және:

МИЖ тиімділігінің көрсеткіштерін және МИЖ-дің жүзеге асырылуы мен тиімділігі туралы шешім қабылдау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтиды;

жариялануға тиіс.

215. МИЖ портфелі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өтінімдері негізінде қалыптастырылады, оған мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) қысқаша ақпаратты ашатын жоба паспорты (бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы, іске асыру орны, объектінің мақсаты мен міндеттері, оның ішінде сандық мәнде, іске асыру кезеңі, құрамдас бөліктері, инвестициялардың жоспарланған көлемі);

2) аналитикалық анықтама;

3) МИЖ инвестициялық ұсынысына немесе МЖӘ жобасының бизнес-жоспарына оң экономикалық қорытынды;

4) МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасына немесе МЖӘ жобасының бизнес-жоспарына Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган айқындаған заңды тұлғаның ТЭН-ге немесе ҚЭН-ге оң экономикалық қорытындысы;

5) МЖӘ ерекшелігіне қарай бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның ТЭН-ге немесе ҚЭН-ге, МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасына оң экономикалық қорытындысы ;

6) объектіні аса маңызды және жалпы елдік маңызы бар жобаларға жатқызу туралы орталық уәкілетті органның салалық сараптамасының қорытындысы (қажет болған жағдайда);

7) ұлттық холдингтердің және ұлттық басқарушы холдингтің инвестицияларын қоспағанда, экономиканың әртүрлі салаларында жобаларды іске асыруды көздейтін, олар бойынша ҚЭН бір ББӘ-нің құзыретіне жатқызыла алмайтын, МЖӘ жобасының ТЭН-ін немесе ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдинг бекітетін

инвестицияларды ҚЭН-ін немесе конкурстық құжаттамасын бекіту жөніндегі ББӘ бұйрығы.

216. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган 10 (он) жұмыс күні ішінде МИЖ бойынша ұсынылған құжаттаманың жиынтықтылығын және жоба мақсаттарының мемлекеттік органдардың немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шараларын қоса алғанда, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында белгіленген экономика саласын (аясын) дамыту басымдықтарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган жалпы ішкі өнім көлеміне салымның болжамды үлесін, бюджет түсімдерінің болжамды өсімін, салаға инвестициялардың болжамды өсімін және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басқа да параметрлерін айқындау арқылы мемлекеттік инвестициялық жобалар портфеліне енгізілген салалық мемлекеттік инвестициялық жобалардың экономиканың дамуына ықтимал әсерін талдауды жүзеге асырады.

217. Республикалық бюджеттің жобасына енгізу үшін мемлекеттік инвестициялық жобаларды айқындауды ББӘ ұсыныстары негізінде Кодекстің 149-бабының 3-тармағына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелінің негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Жергілікті бюджеттің жобасына енгізу үшін мемлекеттік инвестициялық жобаларды айқындауды ББӘ ұсыныстары негізінде Кодекстің 149-бабының 3-тармағына сәйкес қалыптастырылатын МИЖ портфелінің негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

Тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшылары осы Кодекстің 41-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

4-тарау. Төмен тұрған бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға бағытталған бюджеттік кредиттерді қоспағанда, бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау тәртібі

1-параграф. Төмен тұрған бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға бағытталатын бюджеттік кредиттерді қоспағанда, бюджеттік кредит беру ретінде мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлудің орындылығын қарау және айқындау

218. Бюджеттік кредиттер:

1) ағымдағы қаржы жылына бекітілген республикалық бюджетте;

2) мәслихаттардың шешімдерімен бекітілген ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде тиісті бюджеттік бағдарламаларда көзделген мақсаттарға және сомалар шегінде беріледі.

219. Бюджеттік кредиттер беру мынадай қағидаттарға:

- 1) кредиттік шартқа сәйкес бюджеттік кредитті өтеу міндеттілігін көздейтін;
- 2) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәсілдермен міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің болуын көздейтін;
- 3) қарыз алушының бюджеттік кредит бергені үшін сыйақы төлеуін көздейтін ақылылыққа;
- 4) бюджеттік кредит беру мерзімін белгілеуді көздейтін мерзімділікке сәйкес жүзеге асырылады.

220. Қарыз алушылар, түпкілікті қарыз алушылар, сондай-ақ бюджеттік кредит беру шарттары Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес айқындалады.

221. Республикалық бюджеттен, облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерден бюджеттік кредиттер тиісінше облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне, аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерге және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттеріне бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға, қаржы жылының ішінде қолма-қол ақшаның болжамды тапшылығы кезінде және мемлекеттің әлеуметтік саясатының міндеттерін шешуге берілуі мүмкін.

222. Бюджеттік кредиттер Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған шарттар мен өлшемдер сақталған кезде беріледі.

223. Бюджеттік кредиттер заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу мақсаттарына, қарыз алушылардың шаруашылық қызметінің залалдарын жабуға, сенім білдірілген өкілдердің (агенттердің) қызметтеріне ақы төлеуге берілмейді.

Шаруашылық қызметтің шығындары деп шаруашылық қызметтің нәтижесінде туындаған ақшалай нысанда көрсетілген шығындар, материалдық және ақша ресурстарының азаюына әкеп соғатын заңды тұлға шығыстарының кірістерден асып түсуі түсініледі.

224. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ББӘ бюджеттік кредит беру арқылы іске асыруға ұсынатын бюджеттік бағдарламаларды олардың бюджеттік кредит беру өлшемдеріне сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

225. Төмен тұрған бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға бағытталған бюджеттік кредиттерді қоспағанда, республикалық бюджет қаражаты есебінен бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындауды бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Төмен тұрған бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға бағытталған бюджеттік кредиттерді қоспағанда, жергілікті бюджет қаражаты есебінен бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

226. Бюджет комиссиясы бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламаны тиісті бюджеттің жобасына енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

2-параграф. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі

227. ББӘ бюджеттік кредит беру кезінде кредиттік шарттың тарапы болып табылады және:

1) қаржы агенттіктерін және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту мен дамыту жөніндегі ұйымды қоспағанда, мамандандырылған ұйымдарды және сенім білдірілген өкілдерді (агенттерді) конкурстық негізде айқындауды;

2) бюджеттік кредиттердің мақсатты және тиімді пайдаланылуын, өтелуі мен оларға қызмет көрсетілуін бақылау және мониторингілеуді жүзеге асырады.

228. ББӘ ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік сұрау салуларды жасайды және оларды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

229. ББӘ немесе бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қаржы агенттігін және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту мен дамыту жөніндегі ұйымды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес сенім білдірілген өкілді (агентті) айқындайды.

Тапсырма шартының негізінде кредитордың (сенім білдірушінің) немесе ББӘ атынан және оның есебінен және олардың нұсқауларына сәйкес бюджеттік кредиттеуге байланысты белгілі бір тапсырмаларды жасайтын тұлға сенім білдірілген өкіл (агент) болып табылады.

Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке немесе ұлттық холдингке не Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйым сенім білдірілген өкілдер (агенттер) болып табылады.

230. Инвестициялық ұсынысты және бюджеттік кредиттеудің ҚЭН-ін әзірлеуді ББӘ мамандандырылған ұйым немесе қарыз алушы айқындалғаннан кейін жүзеге асырады.

3-параграф. Бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау кезінде сыйақы мөлшерлемелерін айқындау

231. Инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде бюджеттік кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі мынадай: соңғы қарыз алушы үшін – қарыз алушылар үшін реттілігімен айқындалады. ББӘ жобаны іске асыруға мүмкіндік беретін кірістілік мөлшерлемесі және қарыз алушылардың маржасына салынатын параметрлердің шамалары бойынша есептер мен негіздемелер ұсынады.

Инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде түпкілікті қарыз алушы үшін сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері жобаның қаржылық-экономикалық тиімділігі негізге алына

отырып, есеп айырысу жолымен белгіленеді және кірістіліктің ішкі нормасының мәніне тең болады.

Бұл ретте агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне берілетін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін қоспағанда, соңғы қарыз алушы үшін мамандандырылған ұйым белгілейтін сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері бюджеттік кредит мерзіміне сәйкес келетін айналыс мерзімімен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган эмиссиялаған, тиісті мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірістіліктің орташа өлшемді мөлшерлемесінің қайталама бағалы қағаздар нарығындағы операциялардың нәтижелері бойынша алдыңғы тоқсанда қалыптасқан деңгейден төмен емес деңгейде белгіленетін екі еселенген сыйақы мөлшерлемесінен аспайды.

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының міндеттерін шешуге және қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына бюджеттік кредит беру кезінде тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге салымшыларға аралық тұрғын үй қарыздарын және алдын ала тұрғын үй қарыздарын беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қаржы агенттіктерін қоспағанда, агроөнеркәсіптік кешен саласында инвестициялық жобаларды іске асыруға кредит беру салынатын операциялық шығыстардың шамасын негізге ала отырып айқындалады және жыл сайын бюджеттік кредит сомасынан 0%-дан 1,5%-ға дейін құрайды. Бұл ретте қарыз алушы маржасының құрамында әкімшілік шығыстардың деңгейі жыл сайын бюджеттік кредит сомасының 1%-нан аспайды, тәуекелді бағалау жыл сайын бюджеттік кредит сомасының 1%-нан аспайды.

Тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге аралық тұрғын үй және алдын ала тұрғын үй қарыздарын беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қаржы агенттіктерінің соңғы қарыз алушысы үшін сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері маржаны ескере отырып, жылдық 9,5%-дан аспайды, агроөнеркәсіптік кешен саласында инвестициялық жобаларды іске асыруға кредит беру маржаны ескере отырып, жылдық 6%-дан аспайды.

Мемлекеттік кәсіпорын нысанындағы заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланған бюджеттік инвестициялар бойынша ТЭН-ге немесе ЖСҚ-ға ведомстводан тыс кешенді сараптаманың нәтижелері бойынша тиісті бюджет жобасына жобаларды іске асырудың жалпы құны енгізіледі.

Ескерту. 231-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

232. Инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде бюджеттік кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі мынадай реттілікпен айқындалады: түпкілікті қарыз алушы үшін - қарыз алушылар үшін. ББЭ жобаны іске асыруға мүмкіндік беретін кірістілік мөлшерлемесі және қарыз алушылардың маржасына салынатын параметрлердің шамалары бойынша есептер мен негіздемелер ұсынады.

Инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде түпкілікті қарыз алушы үшін сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері жобаның қаржылық-экономикалық тиімділігіне сүйене отырып, есеп айырысу жолымен белгіленеді және кірістіліктің ішкі нормасының мәніне тең.

Бұл ретте, соңғы қарыз алушы үшін мамандандырылған ұйым белгілейтін сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне берілетін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін қоспағанда, ұйымдастырылған қайталама бағалы қағаздар нарығындағы операциялардың нәтижелері бойынша бюджеттік кредит мерзіміне сәйкес келетін айналыс мерзімімен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган эмиссиялаған тиісті мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірістіліктің орташа мөлшерлемесінің алдыңғы тоқсанда қалыптасқан деңгейден төмен емес деңгейде белгіленетін екі еселенген сыйақы мөлшерлемесінен аспайды.

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының міндеттерін шешуге және қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына бюджеттік кредит беру кезінде тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге салымшыларға аралық тұрғын үй қарыздарын және алдын ала тұрғын үй қарыздарын беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қаржы агенттіктерін қоспағанда, салынатын операциялық шығыстардың шамасын негізге ала отырып, есеп айырысу жолымен айқындалады және жыл сайын бюджеттік кредит сомасының 0% -дан 1,5% -ға дейін құрайды. Бұл ретте қарыз алушы маржасының құрамында әкімшілік шығыстардың деңгейі жыл сайын бюджеттік кредит сомасының 1% -ынан аспайды, тәуекелді бағалау жыл сайын бюджеттік кредит сомасының 1% -ынан аспайды.

Тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге аралық тұрғын үй және алдын ала тұрғын үй қарыздарын беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қаржы агенттіктерінің түпкілікті қарыз алушысы үшін сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері маржаны ескере отырып, жылдық 9,5% -дан аспайды.

233. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына бюджеттік кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі осы Қағидалардың 230-тармағының талаптары ескеріле отырып, бірақ жоғары тұрған бюджет берген мөлшерлемеден төмендетілмей, кредитордың шешімімен белгіленеді.

234. Айналым қаражатын толықтыру мақсатында бюджеттік кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі есептер мен негіздемелерді ұсыну кезінде ББӨ ұсыныстары бойынша айқындалады.

Бұл ретте, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар бойынша қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның пруденциалдық нормативтері сақталуға тиіс.

4-параграф. Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау

235. Бюджеттік инвестициялық жобаларды бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау үшін жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға:

1) бюджеттік кредит беру есебінен қаржыландыруға ұсынылатын шығыстар мен іс-шаралар түрлері бойынша есеп айырысулар (егер жобада тауарлар өндіру немесе құрылыс көзделген жағдайда);

2) жобаны іске асыру мақсатында бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау үшін негіздеуші ақпарат:

жобаны іске асыруға арналған шығындар көлемін растау;

тиісті салада, оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің кредиттерін тарту есебінен іске асырылатын жобаларды қаржыландыру көздерін талдау;

кредит беру шарттарының негіздемесі (оның ішінде мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі, кредит сомасы және оны өтеу кестесі);

түпкілікті қарыз алушыларға кредит беру шарттарының негіздемесі (олар болған жағдайда);

3) саланы дамыту басымдықтарына сәйкестігі мәніне түсіндірме жазба және тиісті салалық сараптаманың қорытындысы, сондай-ақ бюджеттік кредит беру жолымен іс-шараларды іске асырудың оңтайлы нұсқасын таңдау. Объектіні пайдалануға беруге шығындар болған жағдайда тиісті салалық сараптаманың қорытындысында ақпаратты көрсету қажет;

4) техникалық-экономикалық негіздеме (егер жобада тауарлар өндірісі немесе құрылыс көзделген жағдайда);

5) құрылыс қызметін көздейтін іс-шаралар болған жағдайда ведомстводан тыс кешенді сараптаманың техникалық-экономикалық негіздемеге қорытындысы, оның ішінде техникалық шарттар бойынша құжаттардың көшірмелері (қажет болған жағдайда жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шығындарын, алынатын алқаптардың түріне қарай ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын есептеуді қоса бере отырып), қолданыстағы объектілерді реконструкциялауды көздейтін жобалар бойынша жылжымайтын мүлікке тиісті құқық белгілейтін құжаттар және көшірмелері ұсынылады.

236. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның бюджеттік инвестициялық жобаларды, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен ТЭН әзірлеуді талап ететін бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындауы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғаның экономикалық сараптамасының қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың бюджеттік инвестициялық жобаларды, оның ішінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен ТЭН

әзірлеуді талап ететін бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындауы жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғалардың экономикалық сараптамасының қорытындысы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

237. Тиісті салалық орталық мемлекеттік орган ұсынылған құжаттаманы қарайды және жоспарланатын бюджеттік инвестициялық жоба бойынша салалық қорытындыны ұсынады. Оң салалық қорытынды болған жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі бюджеттік кредиттеудің орындылығы туралы экономикалық қорытынды дайындау үшін осы Қағидалардың 234-тармағына сәйкес құжаттаманы бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізеді.

Жергілікті бюджеттен бюджеттік кредит беру жолымен қаржыландыруға мәлімделетін жергілікті бюджеттік инвестициялық жоба бойынша тиісті ББӘ жергілікті бюджеттен бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау үшін осы Қағидалардың 234-тармағына сәйкес құжаттаманы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға енгізеді.

238. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган құжаттар пакеті келіп түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 4-тарауының 4, 5, 6 және 7-тармақтарында көзделген құжаттар болмаған жағдайда оларды ББӘ-ге қайтарады.

Осы Қағидалардың 4-тарауының 4, 5, 6 және 7-параграфтарында көзделген құжаттардың толық пакеті ұсынылған жағдайда, бюджеттік кредиттің ҚЭН-і экономикалық сараптама жүргізу үшін 1 (бір) жұмыс күні ішінде:

1) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаға;

2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғаларға экономикалық сараптамаға жіберіледі.

239. Экономикалық сараптама құжаттар пакеті ұсынылғаннан кейін 26 (жиырма алты) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

240. ТЭН экономикалық сараптамасының қорытындысын ТЭН экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға айқындалған тиісті заңды тұлғалар бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жібереді.

241. ТЭН экономикалық сараптамасының нәтижелері оң қорытынды немесе теріс қорытынды болып табылады.

Экономикалық сараптаманың қорытындысын қорытындыны дайындаған ұйымның басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға бекітеді, қорытындыны дайындаған ұйымның орындаушылары қол қояды және мөрмен растайды.

242. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган экономикалық сараптаманың

қорытындысын ескере отырып, осы Қағидалардың 234-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттар топтамасын қарайды және олар бойынша экономикалық қорытындыны ББӨ-ге жібереді.

Экономикалық қорытынды экономикалық сараптама қорытындысын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде дайындалады.

5-параграф. Мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметін жүзеге асыруға бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау

243. Мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметін жүзеге асыруға бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау ҚЭН талдауға негізделеді.

244. Бюджеттік кредиттердің ҚЭН-і тиісті бюджеттік бағдарламаны іске асыруға бюджет қаражатын салудың негіздемесін, орындылығын және нәтижесін бағалауды қамтитын құжатты білдіреді.

245. Бұл ретте инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде көзделетін шет мемлекеттердің аумағында құрылыс қызметін көздейтін іс-шаралар болған жағдайда, аумағында осы жобаны іске асыру жоспарланып отырған мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен әзірленген ТЭН және ол бойынша қорытынды ұсыну қажет.

6-параграф. Қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау

246. Қаржы агенттіктеріне бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау:

1) бюджеттік кредиттер есебінен іске асырылатын инвестициялық жобалардың тиімділігі;

2) қарыз алушының (мамандандырылған ұйымдар) талдауына негізделеді.

Бұл ретте, айналым қаражатын толықтыруға бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау кезінде мамандандырылған ұйымдарды талдау ғана жүзеге асырылады.

247. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның қаржы агенттіктерінің республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындауы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғаның экономикалық сараптамасының қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

248. Қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау үшін ББӨ тиісті бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ББАЖ арқылы бюджеттік кредиттің ҚЭН-ін ұсынады.

249. Бюджеттік кредиттің ҚЭН-інде бюджеттік кредиттеудің орындылығын растау, сондай-ақ бюджеттік заңнамаға сәйкес жоспарланатын іс-шаралардың бюджеттік кредиттеудің мынадай өлшемдеріне сәйкестігін растау келтіріледі:

бюджеттік кредит беру арқылы іс-шараларды іске асырудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігі;

бюджеттік кредит есебінен іске асырылатын іс-шаралардың өзін-өзі ақтауы;

бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын өлшемдерге сәйкес қарыз алушының кредиттік қабілеттілігі.

250. Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар экономикалық сараптаманы жүзеге асыруға айқындаған заңды тұлғаның бюджеттік кредиті ҚЭН-інің экономикалық сараптамасы бюджеттік кредит ҚЭН-інің іс-шараларының бюджеттік кредит беру өлшемдеріне сәйкестігі мәніне жүргізіледі.

251. Бюджеттік кредиттің ҚЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді не ББӘ, не қаржылық схемаға қатысушылардың бірі жүзеге асыруы мүмкін.

252. Бюджеттік кредит ҚЭН-інің мақсаттары инвестициялық ұсынысқа сәйкес келуге тиіс.

253. Бюджеттік кредиттің ҚЭН-і мынадай құрылымға сәйкес құрылады:

- 1) жобаның паспорты;
- 2) институционалдық бөлім;
- 3) қаржылық бөлім;
- 4) әлеуметтік-экономикалық бөлім;
- 5) жоба бойынша қорытындылар;
- 6) қосымшалар.

Егер бюджеттік кредит шет мемлекеттердің аумағында бөлінетін болса, аталған заң мәтінін қоса бере отырып және оның қазақ және/немесе орыс тілдеріне аудармасын қамтамасыз ете отырып, аумағында осы жоба іске асырылатын мемлекеттің құрылыс саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген жобалардың бастапқы және түзетуге ұсынылатын құнын растайтын тиісті құжаттар ұсынылады.

Жобаның ерекшелігіне қарай бюджеттік кредит ҚЭН шеңберінде қабылданған шешімдерді егжей-тегжейлі ашуға және негіздеуге мүмкіндік беретін қосымша бөлімдер енгізіледі.

Бұл ретте қосымшалар мынадай құжаттармен жинақталады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша ұсынылатын қаржы-экономикалық модельдің базалық параметрлері мен экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептерін қамтитын қаржыландырудың ықтимал түрлері мен тәсілдері бойынша есептермен;

2) осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес жасалған қаржы моделінің қағаз және электрондық нұсқасы;

3) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген нысандар бойынша жасалған бюджеттік кредит ескерілмеген бюджеттік кредиттің қаржылық схемасына қатысушылардың қаржылық көрсеткіштерінің болжамы:

"Бухгалтерлік баланс";

"Пайдалар мен шығындар туралы есеп";

"Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (тікелей немесе жанама әдіс)";

"Капиталдағы өзгерістер туралы есеп";

4) осы Қағидаларға 33-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылатын бюджеттік кредит есебінен іске асыру жоспарланатын инвестициялық жобаның тиімділігін талдау;

5) осы Ережеге 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылатын қарыз алушының талдауы;

6) болжамды кепілді қамтамасыз етуге меншік құқығын және кепіл мүлікке өзге ауыртпалықтардың болмауын растайтын құжат;

7) салық берешегінің және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жоқ (бар) екендігі туралы тиісті салық органының анықтамасы;

8) бұрын берілген бюджеттік кредиттер бойынша мерзімі өткен берешектің жоқ екендігі туралы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның анықтамасы (хаты);

9) Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы заңнамаға сәйкес жасалған бюджеттік кредитті уақтылы қайтаруды қамтамасыз ету үшін берілетін мүлікті бағалау туралы есеп;

10) түпкі қарыз алушыға бюджеттік кредит беру кезінде алынатын маржаны негіздейтін құжат;

11) жаңа объектілер салуды не жұмыс істеп тұрғандарын қайта жаңартуды көздейтін жобалар бойынша жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін тиісті құжаттардың көшірмелері;

12) қаржы схемасына қатысушылардың құрылтай құжаттарының көшірмелері;

13) қаржы схемасына қатысушылардың кредиттік саясаты туралы құжаттар;

14) мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыру шеңберінде жоспарланған жобаға (жобаларға) бюджеттік кредиттеуді тартуды бекіту туралы мамандандырылған ұйымның атқарушы органының оң шешімі:

сұратылатын бюджеттік кредит қаражатының көлемі мен шарттарын;

қаржылық-экономикалық модельге сәйкес жылдар бойынша түпкілікті нәтижелерді

;

экономикалық әсерді;

әлеуметтік-экономикалық тиімділікті растаумен;

15) қаржылық схемаға қатысушылардың қаржылық есептілігінің электрондық нұсқасы (жеке және шоғырландырылған) электрондық нысанда ұсынылған және бюджеттік кредиттің ҚЭН-ін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға енгізудің

алдындағы соңғы үш жылдағы бірінші басшының не оны алмастыратын бас бухгалтер тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған, сондай-ақ қаржылық есептілікке түсіндірме жазбалар;

16) Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік аудиті міндетті болып табылатын қаржылық схемаға қатысушылар үшін аудиттелген қаржылық есептілік пен соңғы үш жылда жасалған аудиторлық есептер ұсынылады. Бұл ретте қаржылық схемаға қатысушының қолданыстағы заңнамаға сәйкес объективті себептер болған кезде соңғы есепті кезең үшін аудиттелмеген қаржылық есептілікті ұсынуға құқығы бар;

17) осы инвестициялық ұсынысқа инвестициялық ұсыныстың және бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның экономикалық қорытындысының көшірмесі;

18) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың тиісті қорытындысы (егер жобада құрылыс көзделген жағдайда);

19) тиісті саланың уәкілетті органының салалық сараптамасының қорытындысы;

20) бюджеттік кредиттің ҚЭН-ін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға енгізудің алдындағы соңғы тоқсан үшін жасалған қаржылық схемаға қатысушылардың қаржылық есептілігінің электрондық нұсқасы, сондай-ақ қаржылық есептілікке түсіндірме жазбалар.

Қаржылық есептілік қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес, оның ішінде теңгерім валютасында 10% және одан жоғары алатын баланс баптарының егжей-тегжейлі талдамасымен қоса, басқа ұйымдардағы қаржылық қатысу туралы ақпаратты қоса бере отырып ұсынылады.

Тиісті саланың уәкілетті органының салалық сараптамасының қорытындысы мыналардың оң бағасын қамтиды:

1) мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыру шеңберінде жобаға бюджеттік кредиттің сұратылатын көлемі бойынша жоспарланатын тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге сұраныстың сандық негіздемесімен саладағы қазіргі ахуалды талдау;

2) қаржы-экономикалық модельге сәйкес жылдар бойынша нәтиженің сандық және сапалық көрсеткіштерін келтіре отырып және сала экономикасының құрылымындағы жобаның рөлі мен орнын, экономикалық тиімділігі мен әлеуметтік-экономикалық тиімділігін көрсете отырып, жобаны іске асырудың саланы дамытуға әсері;

3) бюджеттік кредит беру көлемін, оның іс-шаралар мен компоненттер бойынша нысаналы мақсатын бағалай отырып, жобаның іс-шаралары бойынша (құрылысты және (немесе) жабдықтарды сатып алуды көздейтін жобалар бойынша) техникалық шешімдердің жеткіліктілігі мен тиімділігі;

4) тиісті сараптамалардың, оның ішінде ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындылары болмаған кезде техникалық шешімдерді және объектілердің не олардың объектілерді салуды және (немесе) реконструкциялауды көздейтін бөліктерінің құнын айқындау;

5) бюджеттік кредит қаражатын, сондай-ақ олардың маржаларын алушыларды қаржыландыру.

254. Жобаның паспортында жоба туралы қысқаша ақпарат айқындалады. Жоба паспорты мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы;
- 2) жобаның атауы;
- 3) жобаны іске асыру орны (құрылыс жағдайында);
- 4) жобаның мақсаты мен міндеттері, оның ішінде сандық мәнде;

5) жобаны іске асыру кезеңі, оның ішінде объектіні салу кезеңі (құрылыс жағдайында);

- 6) жобаның құрамдауыштары;
- 7) бюджеттік кредиттің жоспарланған көлемі;

8) бюджеттік кредит беру шарттары (кредит беру мақсаты, сыйақы мөлшерлемесі, қарыз алушының кредитті игеру кезеңі, негізгі борышты өтеу және ол бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі, жеңілдікті кезеңнің болуы, кредитті өтеу әдісі);

- 9) жобаны іске асырудан негізгі пайда алушылар.

255. Институционалдық бөлімде жобаны басқарудың ұсынылатын тиімді схемасы, олардың функциялары, олардың өзара іс-қимыл жасау тәртібі сипатталады, бұл ретте схема кредиттік шарт жасасатын негізгі қатысушылардың деңгейіне дейін сипатталады.

Бұл бөлім мыналарды қамтиды:

1) қаржы схемасының әрбір қатысушысы бойынша ақпарат, сондай-ақ ақша ағындарының сомалары мен бағыттарын көрсете отырып, іс-шараларды іске асырудың қаржылық схемасы;

2) іске асыруға бюджеттік кредиттің ҚЭН-і бойынша іс-шаралар жоспарланатын жобаның стратегиялық алғышарттары туралы ақпарат (мемлекеттік органдардың немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарларын және (немесе) іс-шараларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің нормативтік құқықтық актілері, құжаттары).

256. Қаржы бөлімінде бюджеттік кредит көлемінің және кредит беру мақсатының негіздемесі, қаржы моделінің бастапқы деректерінің сипаттамасы мен негіздемесі, жобаның қаржылық тиімділігін талдау, бюджеттік кредитті беру шарттарының және уақтылы қайтару мүмкіндігінің негіздемесі, сондай-ақ қарыз алушы мен қаржы схемасының өзге де қатысушыларының талдауы келтіріледі. Бұдан басқа, бюджеттік кредиттің ҚЭН шеңберінде қабылданған қаржылық шешімдер айқындалады.

Бұл бөлім мыналарды қамтиды:

1) бюджеттік кредиттің ҚЭН-інің әрбір іс-шарасы бөлінісінде құжаттамамен және есептермен расталған бюджеттік кредит көлемінің негіздемесі, оның ішінде:

сатып алынатын өнімдердің тізбесін, санын және сапасын негіздеу (олар сатып алынған жағдайда);

бюджеттік кредит есебінен сатып алынатын өнімдердің бағаларын талдау (соңғы екі жылдағы бағалар динамикасы және ағымдағы бағалардың ықтимал өзгерістері және осындай өзгерістерге әкелуі мүмкін оқиғалар туралы ақпарат), оларды сатып алған жағдайда;

2) қаржылық схеманың барлық қатысушылары үшін қаржылық модельдің есептеулерінде қолданылатын барлық бастапқы деректердің негіздемесі:

бюджеттік кредит беру шарттары мен негіздемесінің егжей-тегжейлі сипаттамасы (кредит беру мақсаты, сыйақы мөлшерлемесі, қарыз алушының кредитті игеру кезеңі, негізгі борышты өтеу және ол бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі, жеңілдікті кезеңнің болуы, кредитті өтеу әдісі және басқалар);

жобаны іске асыру кезеңінің ұзақтығын негіздеу;

қаржы схемасына қатысушылардың ковенанттарды қамтамасыз етуге және сақтауға қойылатын талаптардың болуы/болмауы туралы ақпарат;

қаржылық схемаға қатысушылардың кредиттік портфелінің құрылымы және жоба іске асырылған жағдайда оның өзгеруін бағалау;

өткізілетін өнімнің (тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің) өзіндік құнын негіздеу, оның ішінде оның өсуін немесе төмендеуін негіздеу (ақпаратты ашу әрбір өнім бойынша жүзеге асырылады);

өнімді өткізу бойынша жоспарланған шығыстарды негіздеу, оның ішінде олардың өсуін немесе төмендеуін негіздеу (ақпаратты ашу әрбір кіші топ бойынша жүзеге асырылады);

жоспарланатын әкімшілік шығыстарды негіздеу, оның ішінде олардың өсуін немесе төмендеуін негіздеу (ақпаратты ашу әрбір кіші топ бойынша жүзеге асырылады);

маркетинг және жарнама бойынша жоспарланған шығыстарды негіздеу, оның ішінде олардың өсуін немесе төмендеуін негіздеу (ақпаратты ашу әрбір кіші топ бойынша жүзеге асырылады);

сыйақылар бойынша жоспарланған шығыстардың негіздемесі;

активтердің істен шығуына байланысты шығыстардың негіздемесі;

операциялық жалдауға байланысты шығыстардың негіздемесі;

үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар бойынша шығыстардың негіздемесі;

тоқтатылатын қызметке байланысты жоспарланған шығыстар;

өзге де жоспарланған шығыстар;

сатудан түсетін кірістерді және өзге де көздерді келтіре отырып, жобаның кіріс бөлігінің негіздемесі;

қаржы схемасына қатысушылар маржасының негіздемесі.

Қаржылық модель осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес жасалады және Excel электрондық форматында ұсынылады;

3) бюджеттік кредит есебінен іске асырылатын жобаның тиімділігін талдау.

Осы тарауда мынадай көрсеткіштерді есептеу нәтижелерінің сипаттамасын ұсыну қажет:

қарапайым өтелім мерзімі (payback period, PP);

дисконтталған өзін-өзі ақтау кезеңі (discounted payback period, DPP)

таза дисконтталған кіріс (net present value, NPV);

кірістіліктің ішкі нормасы (internal rate of return, IRR);

кірістілік индексі (profitability index, PI).

Көрсеткіштерді есептеу осы Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Қаржы агенттіктеріне бюджеттік кредит беру кезінде, егер қаржы моделінде түпкі қарыз алушы үшін сыйақы мөлшерлемесінен жоғары деңгейде дисконттау мөлшерлемесі қолданылған жағдайда, таза дисконтталған кірістің мәні нөлден кем болуына жол беріледі ($NPV < 0$).

Бұл ретте осындай дисконттау мөлшерлемесін қолдану негізделген болуы тиіс;

4) қарыз алушыны және жобаның қаржылық схемасының өзге де қатысушыларын талдау (қаржылық есептілік ұсынылған барлық кезеңдер үшін).

Бұл үшін жобаның қаржылық схемасына қатысушылардың қаржылық есептілігін талдаудың мынадай түрлері жүргізіледі:

сатылас талдау (vertical analysis);

деңгейлік талдау (horizontal analysis);

коэффициенттік талдау (coefficient analysis).

Көрсеткіштерді есептеу осы Қағидаларға 33-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

257. Әлеуметтік-экономикалық бөлім жобаны іске асырудан түсетін экономикалық және әлеуметтік-экономикалық пайдалар мен шығындарды көрсетеді.

Бұл бөлім мыналарды қамтиды:

1) бюджеттік кредиттің ҚЭН іс-шараларының жоспарланған түпкілікті нәтижелерінің есептермен расталған негіздемесі;

2) түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге негізделген бюджеттік кредиттің ҚЭН іс-шараларының әлеуметтік-экономикалық, оның ішінде бюджеттік тиімділігі туралы ақпаратты;

3) мамандандырылған ұйымның атқарушы органының бекіткен шешіміне сәйкес келетін қаржы-экономикалық моделін растай отырып, бюджеттік кредитті іске асырудан экономикалық тиімділік пен әлеуметтік-экономикалық тиімділік есебі;

4) тікелей, жанама және жиынтық макроэкономикалық әсерді ағымдағы бағаларда және өткен жылдың салыстырмалы бағаларында есептеу;

5) таза қоғамдық пайданың, экономикалық таза келтірілген табыстың (economic net present value, ENPV), кірістіліктің экономикалық ішкі нормасының (economic internal rate of return, EIRR) көрсеткіштерін есептеу;

6) жобаны іске асырудың аралас салаларды (көршілес өңірлерді) дамытуға әсерін талдау;

7) жобаның Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетінің өсуіне және импортты алмастыруға, инновацияларды дамытуға әсерін талдау;

8) жоба бойынша қатысушылардың қызметін қолдау үшін ұсынуға жоспарланған мемлекеттік қолдаудың түрлері мен мөлшерлері, олардың есептері мен негіздемесі;

9) жобаны іске асыру жылдары бойынша мемлекеттік бюджетке (республикалық немесе жергілікті) жүктемені есептеу;

10) таза бюджеттік пайда, бюджеттік таза келтірілген кіріс (мемлекеттік бюджеттің NPV), бюджеттік ішкі кірістілік нормасы (мемлекеттік бюджеттің IRR) көрсеткіштерінің есебі;

11) мемлекеттік бюджетке, оның ішінде бюджеттік кредиттің түпкілікті қарыз алушыларын ескере отырып жоспарланатын салықтық түсімдер.

258. "Жоба бойынша қорытындылар" бөлімінде мыналар сипатталады:

1) жобаның негізгі артықшылықтары мен кемшіліктері;

2) жобаны бюджеттік кредит беру арқылы іске асыру қажеттілігінің негіздемесі;

3) жоба паспортына сәйкес бюджеттік кредит беру шарттарын бағалау;

4) жоба бойынша дағдарысты тәуекелдер және оларды төмендету жөніндегі шаралар.

259. Бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау үшін ББӘ бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға осы Қағидалардың 252-тармағына сәйкес әзірленген бюджеттік кредиттің ҚЭН-і бойынша құжаттар пакетін ұсынады.

Бюджеттік кредиттің, оның ішінде түзетілген кредиттің ҚЭН-і бойынша құжаттар топтамасын қарау мерзімі ол бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға келіп түскен күннен бастап 33 (отыз үш) жұмыс күнін құрайды.

260. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган құжаттар пакеті келіп түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 4-тарауының 4, 5, 6 және 7-параграфтарында көзделген құжаттар болмаған жағдайда оларды ББӘ-ге қайтарады.

Осы Қағидалардың 4-тарауының 4, 5, 6 және 7-параграфтарында көзделген құжаттардың толық пакеті болған жағдайда, бюджеттік кредиттің ҚЭН-іне экономикалық сараптама жүргізу үшін тиісінше 1 (бір) жұмыс күні ішінде:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджеттік кредиттің, оның ішінде түзетілген кредиттің ҚЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға айқындаған заңды тұлғаға;

2) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары бюджеттік кредиттің, оның ішінде түзетілген кредиттің ҚЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға айқындайтын заңды тұлғаларға экономикалық сараптамаға жіберіледі.

261. Бюджеттік кредиттің, оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындайтын түзетілген заңды тұлғаның ҚЭН-інің экономикалық сараптамасы бюджеттік кредиттің, оның ішінде түзетілген кредиттің қаржылық-экономикалық негіздемесі бойынша құжаттар пакеті ұсынылған күннен бастап 26 (жиырма алты) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Бюджеттік кредиттің ҚЭН-інің экономикалық сараптамасы ҚЭН ұсынған бюджеттік кредиттің, уәкілетті органдардың салалық оң қорытындыларының, мамандандырылған ұйымның атқарушы органының оң шешімінің және жобаның ерекшелігіне қарай талап етілетін сараптамалардың тиісті оң қорытындыларының негізінде жүргізіледі.

Экономикалық сараптама ҚЭН, уәкілетті органдардың оң салалық қорытындылары, мамандандырылған ұйымның атқарушы органының оң шешімі негізінде жоба бойынша мамандандырылған ұйымға бюджеттік кредит берудің сұратылатын сомасына ғана жүргізіледі.

Жүргізілген сараптамаларда және/немесе тәуелсіз сараптамада қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша, сондай-ақ ұсынылған құжаттамада қосымша ақпарат беру және (немесе) қосымша сараптамалар жүргізу қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар бюджеттік кредиттің, оның ішінде түзетілген ҚЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға айқындаған тиісті заңды тұлғалар, тиісті ақпаратты және (немесе) қосымша сараптамалар жүргізуді сұратады.

Қосымша ақпаратқа қатысушылардың бюджеттік кредиттің ҚЭН-ін енгізудің алдындағы айдың соңғы күніне жасалған, оның ішінде бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға түзетілген қаржылық есептілігі, сондай-ақ қаржылық есептілікке түсіндірме жазбалар жатады.

Қосымша сараптамаларға:

1) ведомстводан тыс кешенді сараптама;

2) уәкілетті мемлекеттік органның салалық сараптамасы жатады.

Қажетті ақпаратты ұсыну және (немесе) жүргізілген сараптамаларда қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптамалар жүргізу жөніндегі сұрау салулар тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісіне, сұрау салудың көшірмесі - бюджеттік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік

жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға осы Қағиданың 252-тармағында көрсетілген құжаттардың толық пакеті келіп түскеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде жіберіледі.

ББӘ Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар бюджеттік кредиттің, оның ішінде түзетілген ҚЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға айқындаған заңды тұлғаға ресми хат түрінде сұрау салу келіп түскен сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде қажетті ақпаратты ұсынады.

Экономикалық сараптама жүргізу мерзімі ұзартылған жағдайда, бюджеттік кредиттің, оның ішінде түзетілген кредиттің ҚЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындаған заңды тұлға ББӘ хатымен бірге экономикалық сараптама жүргізуді ұзарту туралы бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органды немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органды хабардар етеді.

Сұрау салу жіберілген күннен бастап және қажетті ақпарат ұсынылғанға дейін экономикалық сараптама жүргізу мерзімдері тоқтатыла тұрады.

Қосымша материалдарды ұсынған кезде олардың тізбесі көрсетіледі, бюджеттік кредиттің ҚЭН-і жаңа редакцияда енгізілген жағдайда, бұрын ұсынылған бюджеттік кредиттің ҚЭН-ін кері қайтарып алу туралы көрсетіледі.

Қосымша материалдарды белгіленген мерзімде ұсынбау бюджеттік кредиттің ҚЭН-ін және оның құжаттарын Қорытынды жасамай қайтаруға негіз болып табылады.

Бюджеттік кредиттің ҚЭН-і сұратылған материалдарды ұсынудың белгіленген мерзімдері өткен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде сұратуды қоса бере отырып, хатпен бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға қайтарылады.

Бюджеттік кредиттің, оның ішінде түзетілген кредиттің ҚЭН-інің экономикалық сараптамасының нәтижесі оң қорытынды немесе теріс қорытынды болып табылады.

БК ҚЭН-інің экономикалық сараптамасының оң қорытындысы іс-шаралары негізділік және кредитке қабілеттілік өлшемдеріне сәйкес келетін, сондай-ақ жобаның өзін-өзі ақтауы расталған БК ҚЭН-ге ұсынылады.

Оң қорытындыда ескертпелермен пікір білдіруге әсер еткен факторлар сипатталған ескертпелердің болуына жол беріледі. Экономикалық қорытындының ескертпелері жобаны басқарудың тиісті жоспары шеңберінде Инвестицияларды іске асыру кезінде ескеріледі.

БК ҚЭН-інің экономикалық сараптамасының теріс қорытындысы бағалау нәтижелері негізділік, кредиттік қабілеттілік критерийлеріне сәйкес келмеу, өзін-өзі ақтамау, сондай-ақ қажетті ақпараттың болмауы себебінен осы критерийлерге бағалау жүргізу мүмкін болмаған жағдайда БК ҚЭН-ге ұсынылады.

262. Бюджеттік кредиттің ҚЭН-інің экономикалық сараптамасының қорытындысы (бұдан әрі - Қорытынды) мыналарды қамтиды:

- 1) тақырыбы;
- 2) "Жобаның қысқаша сипаттамасы" бөлімі;
- 3) "Қорытындылар" бөлімі;
- 4) қолтаңбалары;
- 5) күні;
- 6) мекенжайы;
- 7) "Құжаттар" қорытындысына 1-қосымша.

Қорытындының жобаның атауын, сондай-ақ Қорытындыны дайындаған ұйымның атауын көрсететін тақырыбы бар.

"Жобаның қысқаша сипаттамасы" деген бөлімде бюджеттік кредиттің ҚЭН-іне сәйкес мынадай ақпарат көрсетіледі:

- 1) жобаның атауы;
- 2) ББӨ атауы;
- 3) қаржылық схемаға қатысушылардың атаулары;
- 4) бюджеттік кредит берудің мақсаты;
- 5) жылдар бойынша қаржыландыруды бөле отырып, жобаның жалпы құны;
- 6) жобаны қаржыландыру көздері мен нысаны;
- 7) бюджеттік кредит беру шарттары.

"Қорытындылар" бөлімі мынадай құрылымға сәйкес келеді:

1) "Негізділігі" тарауы, онда экономикалық және әлеуметтік тиімділік, іс-шаралардың өтімділігі талданады және уәкілетті органдардың оң салалық қорытындылары, мамандандырылған ұйымның атқарушы органының оң шешімі және жобаның ерекшелігіне қарай талап етілетін сараптамалардың тиісті оң қорытындылары негізінде бюджеттік кредиттің мөлшері туралы ақпарат келтіріледі;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 тіркелген) бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларында айқындалатын критерийлерге сәйкес мамандандырылған ұйымның кредиттік қабілеттілігіне талдау жүргізілетін "Кредиттік қабілеттілік" тарауы.

Қорытындыға 1-қосымша "Құжаттар" мыналарды қамтиды:

1) экономикалық сараптама жүргізу кезінде назарға алынған құжаттар мен материалдардың тізбесі:

экономикалық сараптама жүргізу үшін қарауға ұсынылған құжаттар;
нормативтік құқықтық актілер;

2) ұсынылған құжаттардың құрамына және мазмұнына ескертулер.

263. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган Қорытынды келіп түскен күннен бастап

5 (бес) жұмыс күні ішінде Қорытындыны ескере отырып, бюджеттік кредиттің ҚЭН-і бойынша құжаттар топтамасын қарайды және олар бойынша экономикалық қорытынды дайындайды.

Бюджеттік кредиттің ҚЭН-і бойынша экономикалық қорытындыны бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган осы Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дайындайды.

264. Бюджеттік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бюджеттік кредиттің орындылығы туралы экономикалық қорытындысын алу бойынша ББӘ бюджеттік сұрау салу құрамында бюджеттік кредит бойынша экономикалық қорытындыны республикалық бюджетті қалыптастыру (нақтылау) шеңберінде заңнамада белгіленген тәртіппен бюджеттік жоспарлау жөніндегі тиісті орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға енгізеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бюджеттік кредит беру қаржы жылы ішінде жобаның қажеттілігіне қарай қаржыландыру жоспарына сәйкес қолма-қол ақшаны бақылау шотынан транштармен жүзеге асырылады.

7-параграф. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының міндеттерін шешуге бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау

265. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының міндеттерін шешуге бюджеттік кредит беру бюджетаралық кредит беру шеңберінде жүзеге асырылады.

266. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының міндеттерін шешуге бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау бюджеттік кредит беру арқылы қаржыландыруға жоспарланатын іс-шараларды көздейтін Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің тиісті құжатын келісу немесе Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің осы құжатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мынадай құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

1) бюджеттік кредиттеу есебінен қаржыландыруға ұсынылатын шығыстар мен іс-шаралар түрлері бойынша есеп айырысулар;

2) жобаны іске асыру мақсатында бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау үшін негіздеуші ақпарат:

жобаны іске асыруға арналған шығындар көлемін растау;

тиісті салада, оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің кредиттерін тарту есебінен іске асырылатын жобаларды қаржыландыру көздерін талдау;

кредит беру шарттарының негіздемесі (оның ішінде мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі, кредит сомасы және оны өтеу кестесі);

түпкілікті қарыз алушыларға кредит беру шарттарының негіздемесі (олар болған жағдайда);

3) саланы дамыту басымдықтарына сәйкестігі мәніне түсіндірме жазба және тиісті салалық сараптаманың қорытындысы, сондай-ақ бюджеттік кредит беру жолымен іс-шараларды іске асырудың оңтайлы нұсқасын таңдау. Объектіні пайдалануға беруге шығындар болған жағдайда тиісті салалық сараптаманың қорытындысында ақпаратты көрсету қажет;

4) ТЭН әзірлеуді талап ететін құрылыс қызметін көздейтін іс-шаралар болған жағдайда, ТЭН-ге ведомстводан тыс кешенді сараптаманың тиісті қорытындысын, оның ішінде техникалық шарттар бойынша құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, ТЭН ұсынылады (қажет болған жағдайда жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шығындарын, алынатын алқаптардың түріне байланысты ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын есептеуді қоса бере отырып)және қолданыстағы объектілерді реконструкциялауды көздейтін жобалар бойынша жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін тиісті құжаттардың көшірмелері.

267. Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжатының жобасы, сондай-ақ бюджеттік кредит беру арқылы қаржыландыруға жоспарланатын іс-шараларды көздейтін Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің осы құжатына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда бюджет комиссиясына шығарылуға тиіс.

268. Бюджеттік кредиттер осы Қағидалардың 219-тармағына сәйкес қағидаттарға сәйкес келмейтін іс-шараларға берілмейді.

5-тарау. Мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін түзету тәртібі

1-параграф. Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу

269. МИЖ-ді түзетуге арналған инвестициялық ұсыныс мынадай жағдайларда әзірленеді:

- 1) БИЖ ТЭН-ін түзету;
- 2) Инвестициялардың ҚЭН-ін түзету;
- 3) бюджеттік кредиттеудің ТЭН-ін не ҚЭН-ін түзету;

4) егер БИЖ ТЭН-ін, Инвестициялар ҚЭН-ін, бюджеттік кредит беру ТЭН-ін не ҚЭН-ін қарау қорытындылары бойынша бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның экономикалық қорытындысымен МИЖ-ді іске асырудың басқа түрлері мен тәсілдері ұсынылса.

МИЖ-ді түзетуге арналған инвестициялық ұсыныс оң экономикалық қорытындысы бар біртекті (біртипті) МИЖ бойынша бұрын енгізілген инвестициялық ұсыныстан

техникалық-экономикалық параметрлерді өзгерту болжанатын жоба бойынша ғана енгізіледі.

Техникалық-экономикалық параметрлерді өзгертуді көздемейтін жобалар бойынша осы Қағидаларда көзделген сараптамаларды жүргізу үшін түзетілген инвестициялық ұсыныс енгізу талап етілмейді.

270. МИЖ-ді түзетуге арналған инвестициялық ұсынысты әзірлеу, қарау және оған қажетті сараптамалар жүргізу осы Қағидалардың 3-тарауында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

2-параграф. Бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу

271. Кейіннен қажетті сараптамалар жүргізе отырып, БИЖ ТЭН-ін түзету техникалық шешімдердің өзгеруіне және қосымша шығыстарға әкеп соғатын бюджеттік инвестициялық жобаның белгіленген техникалық-экономикалық параметрлері өзгерген жағдайда жүргізіледі.

Егер БИЖ бойынша сыртқы үкіметтік қарыз алуды тартуға қаржыландыру көзін өзгерту (толықтыру) жоспарланған жағдайда, онда ТЭН кейіннен қажетті сараптамалар жүргізе отырып, жобаны басқару, сүйемелдеу, құрылысты қадағалау, институционалдық даму бойынша консультациялық қызметтер бойынша қосымша қосымшаны енгізу бөлігінде ғана түзетіледі.

Бұл ретте қосымша қосымша осы Қағидалардың 71-тармағында көрсетілген ақпаратты қамтиды.

Егер тапсырыс берушінің шешімі бойынша Жобаларды бекіту қағидаларына сәйкес белгіленген тәртіппен бекітілген (жобалау-сметалық) құжаттаманы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 304 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10632 тіркелген, бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілерді салуға арналған (техникалық-экономикалық негіздемелер мен жобалау-сметалық құжаттама) жобалық құжаттаманы түзетудің негізделген қажеттілігі туындаған жағдайда, жобалау алдындағы құжаттаманы (болған жағдайда) түзету талап етілмейді.

272. Экономикалық сараптама жүргізбей және экономикалық қорытынды алмай ТЭН түзету мынадай жағдайда жүргізіледі:

- 1) осы Қағиданың 128-тармағында көзделсе;
- 2) егер іс-шараны іске асырудың дәйектілігі және (немесе) мерзімдері техникалық шешімдер мен қосымша шығыстарды өзгертпей өзгерсе.

Бюджет комиссиясының қарауынсыз және ұсынысынсыз түзетілген БИЖ ТЭН-ін бекітуге жол берілмейді.

273. ТЭН-ді түзетуге және кейіннен республикалық БИЖ-ге қажетті сараптамалар жүргізуге байланысты шығыстар республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жергілікті бюджет есебінен іске асырылатын БИЖ ТЭН-ін, сондай-ақ жоғары тұрған бюджеттен нысаналы даму трансферттері есебінен қаржыландыруға жоспарланатын жергілікті БИЖ-ді түзетуге байланысты шығыстар және кейіннен қажетті сараптамалар жүргізу тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

274. БИЖ ТЭН түзету мәселелерін қарау осы Қағидалардың 125-тармағында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

275. Осы Қағидаларға сәйкес қажетті БИЖ ТЭН түзету және түзетілген БИЖ ТЭН сараптама жүргізілгеннен кейін ББӨ олардың түпнұсқаларын түзетілген БИЖ ТЭН электрондық нұсқасын, оның ішінде жоба бойынша қаржы-экономикалық моделін ұсына отырып, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жібереді.

276. Осы Қағидалардың 103-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, түзетілген БИЖ ТЭН қарау үшін ББӨ бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, өзгереді деп болжанатын техникалық шешімдер және қосымша шығыстар көрсетілген, ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолы қойылған тиісті салыстырма кесте қоса берілген хат;

2) мемлекеттік органның бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолы қойылған және ресми құжаттарға арналған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген техникалық шешімдерді өзгертудің және қосымша шығыстарды көздеудің орындылығын растайтын, тиісті саланың уәкілетті органының салалық сараптамасының қорытындысы;

3) бірінші басшының не оны алмастыратын адамның не ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолы қойылған және техникалық шешімдерді өзгертудің болжамды параметрлерінің негізділігі мен дұрыстығын және қосымша шығыстардың көзделгенін растайтын ресми хат нысанында ұсынылатын жобаның ерекшелігіне қарай тиісті уәкілетті мемлекеттік органның салалық сараптамасының қосымша қорытындысы;

4) түзетілген БИЖ ТЭН;

5) сараптамалардың қорытындылары және осы Қағидалардың 76 және 77-тармақтарына сәйкес БИЖ ерекшелігіне қарай қажетті, түзетілген БИЖ ТЭН-ге талап етілетін құжаттар;

6) сараптамалардың қорытындылары және бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның оң қорытындысын алған кезде бұрын қаралған БИЖ ТЭН бойынша құжаттар (бекітілген бастапқы БИЖ ТЭН бойынша);

7) БИЖ ТЭН түзетудің орындылығы туралы тиісті бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі;

8) бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген жүргізілген түзету туралы хабарлама-хат.

БИЖ ТЭН қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуы тұрғысынан, сондай-ақ егер жоба бойынша құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей қаржыландыру басталған болса, бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады.

9) егер БИЖ шет мемлекеттердің аумағында іске асырылатын болса, аумағында осы жоба іске асырылатын мемлекеттің құрылыс саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген БИЖ-дің құнын растайтын тиісті құжаттар көрсетілген заңнаманың мәтінін қоса берумен және оның қазақ және (немесе) орыс тілдеріне аудармасын қамтамасыз ете отырып ұсынылады.

277. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган құжаттар топтамасы келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде олардың жинақтылығын және түзетілген БИЖ ТЭН құрылымының осы Қағидаларға сәйкестігін тексереді және осы Қағидаларға сәйкес болуға тиіс құжаттар мен БИЖ ТЭН бөлімдері болмаған кезде оларды ББӨ-ге қайтарады.

Құжаттар топтамасы осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес келген жағдайда, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган осы тармақта белгіленген мерзімнен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар БИЖ ТЭН экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға айқындаған тиісті заңды тұлғаға түзетілген БИЖ ТЭН қарау үшін ББӨ ұсынған құжаттар топтамасын қоса бере отырып, түзетілген БИЖ ТЭН экономикалық сараптама жүргізу қажет екені туралы хат жібереді.

278. Түзетілген БИЖ ТЭН экономикалық сараптамасы осы Қағидалардың 274 және 275-тармақтарында көрсетілген құжаттардың толық топтамасы Қазақстан

Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар БИЖ ТЭН экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға айқындаған тиісті заңды тұлғаға келіп түскен күннен бастап 26 (жиырма алты) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

279. Түзетілген БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасы БИЖ ТЭН экономикалық сараптамасы үшін осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

280. Түзетілген БИЖ ТЭН құрылымы мен мазмұны БИЖ ТЭН тиісті бөлімдерінде бұрын бекітілген БИЖ ТЭН-мен салыстырғанда техникалық шешімдер мен қосымша шығыстар бойынша негіздемелер мен есептерді келтіре отырып, осы Қағидалардың 3-тарауының 1-параграфының ережелеріне сәйкес келеді.

281. Түзетілген БИЖ ТЭН экономикалық сараптамасы қорытындысының құрылымы мен мазмұны осы Қағидалардың 3-тарауының ережелеріне сәйкес келеді.

3-параграф. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланған, оның ішінде құнын ұлғайтуды болжайтын бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесін түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу

282. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейіннен қажетті сараптамалар жүргізе отырып, Инвестициялардың ҚЭН түзету:

1) іс-шараларды, техникалық-технологиялық шешімдерді толықтыруға және (немесе) өзгертуге, бекітілген іс-шараларға көзделген шығыстарды ұлғайтуға алып келетін белгіленген қаржы-экономикалық параметрлерді өзгерткен;

2) заңды тұлғаның және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының мақсаттары мен міндеттерінің өзгеруіне байланысты егер, оның ішінде заңды тұлғаның үлестес тұлғалары арасында бұрын бөлінген қаражатты қайта бөлу талап етілген;

3) түпкілікті нәтижелер көрсеткіштерінің төмендеуі;

4) бекітілген ҚЭН шеңберінде жаңа іс-шараны (іс-шараларды) немесе компоненттерді іске асыруға бюджет қаражатын үнемдеу түрінде олардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды іске асыру қорытындылары бойынша пайда болған қолма-қол ақшаның бақылау шоттарындағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ағымдағы шоттарындағы пайдаланылмаған қалдықтарды бағыттау жағдайларында жүргізіледі.

Қажетті сараптамадан өткен түзетілген Инвестициялар ҚЭН бюджет комиссиясының қарауынсыз және ұсынысынсыз бекітуге жол берілмейді.

Ағымдағы қаржы жылының төртінші тоқсанында квазимемлекеттік сектор субъектісіне қаржылық-экономикалық негіздемеде айқындалған түпкілікті нәтижелер көрсеткіштерінің төмендеуін көздейтін бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесін түзетуге жол берілмейді.

Түзетілген Инвестициялар ҚЭН құрылымы мен мазмұны Инвестициялар ҚЭН-інің тиісті бөлімдерінде бұрын бекітілген Инвестициялар ҚЭН-імен салыстырғанда болжамды өзгерістер бойынша негіздемелер мен есептеулерді келтіре отырып, осы Қағидалардың 3-тарауының 10-тармақтының ережелеріне сәйкес келеді.

283. Экономикалық сараптама жүргізбей және экономикалық қорытынды алмай Инвестициялардың ҚЭН түзету мынадай:

- 1) осы Қағиданың 285-тармағында көзделген;
- 2) техникалық шешімдердің өзгеруіне әкеп соқтырмайтын бір іс-шараның ішіндегі компоненттер арасында қаражатты қайта бөлу;
- 3) техникалық шешімдердің өзгеруіне және нәтижелердің төмендеуіне әкеп соқтырмайтын ҚЭН-ді қаржыландыру және (немесе) іске асыру мерзімдерінің өзгеруі.
- 4) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің тиісті жоғары тұрған құжаттарында қаржы институтының қаржыландыруының негізгі шарттарын өзгерту (өтініш берушілерге арналған сыйақы ставкасын, мерзімін, бюджеттік және өзге де қаражаттың арақатынасын, өтініш берушінің аванстық төлемін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) жағдайларында жүргізіледі.

284. Ағымдағы қаржы жылында пайдаланылмаған бюджет қаражатын Кодекстің 115-бабының 2-тармағына сәйкес қалыптастырылатын тізбенің негізінде бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) орындалмау болжамы жағдайында келесі қаржы жылында толық пайдалануға рұқсат етіледі.

285. Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің ағымдағы қаржы жылында пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) қаражаты квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарында есепті кезеңнің аяғында пайдаланылмаған қалған бюджеттен алынған қаражаттың қалдықтары болып табылады.

Ағымдағы қаржы жылында пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және мерзімдерде бюджетке қайтарылуға жатады.

Есепті кезеңде квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бөлінетін бюджеттік инвестициялар үшін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың бекітілген қаржылық-экономикалық негіздемесінде белгіленген мерзім қабылданады.

286. Ұлттық валютаның шетел валютасына қатысты бағамының елеулі өзгеруі, сондай-ақ салық заңнамасында белгіленген мөлшерлемелердің өзгеруі себебінен техникалық шешімдердің өзгеруіне әкеп соқпайтын Инвестициялардың құны ұлғайған жағдайда кейіннен ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізе отырып, ҚЭН, оның ішінде ТЭН және (немесе) ЖСҚ түзету жүргізіледі, бұл ретте экономикалық сараптама мен қорытынды талап етілмейді.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган осы мәселені осы Қағидалардың 286-тармағында көрсетілген тәртіппен тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығарады.

287. Инвестициялар ҚЭН түзету, оның ішінде бекітілген іс-шаралардың құнын ұлғайтуды көздейтін мәселелерді тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығару тәртібі екі кезеңде жүзеге асырылады.

Бірінші кезең:

1) осы Қағидалардың 282-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ББӨ-нің Инвестициялардың ҚЭН түзету бойынша инвестициялық ұсынысты әзірлеуі және бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынуы;

2) ББӨ ұсынатын құжаттар және бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға Инвестициялар ҚЭН түзету жөніндегі инвестициялық ұсынысына оң экономикалық қорытынды негізінде Инвестициялар ҚЭН түзетудің орындылығын айқындау жөніндегі тиісті бюджет комиссиясының шешімі.

Осы Қағидалардың 282-тармағында көзделген жағдайларда, Инвестициялар ҚЭН түзету бойынша инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытындының болуы талап етілмейді.

Бірінші кезеңде Инвестициялардың ҚЭН түзету бойынша инвестициялық ұсыныстарды әзірлеу, қарау және іріктеу процесі осы Қағидалардың 3-тарауында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Құжаттама топтамасы толық ұсынылмаған не қымбаттаудың туындауының нақты және негізделген себептері берілмеген, сондай-ақ кінәлі тұлғалар немесе ұйымдар және оларға қабылданған шаралар (олар болған жағдайда) көрсетілмеген Инвестициялардың ҚЭН түзету жөніндегі инвестициялық ұсыныстар бойынша сметалық құнның ұлғаю мәні көзделмейді.

Тиісті бюджет комиссиясының қарауына Инвестициялар ҚЭН түзетудің орындылығы мәселесін енгізу үшін ББӨ 30 (отыз) жұмыс күні ішінде ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолтаңбасымен бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның келісімшарттары құнының ұлғаюы жөніндегі салыстырма кестені қоса бере отырып, Инвестициялар ҚЭН-інде іс-шаралардың, техникалық-технологиялық шешімдердің болжамды

толықтыруларын және (немесе) өзгерістерін, бекітілген іс-шараларға көзделген шығыстардың ұлғаюын көрсете отырып, бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған хат;

ББӨ (бір ББӨ-нің құзыретіне жатқызылуы мүмкін емес экономиканың әртүрлі салаларында жобаларды іске асыруды көздейтін ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдинг) Инвестициялар ҚЭН-інің бастапқы параметрлерін қоса бере отырып, оң экономикалық қорытынды алған Инвестициялар ҚЭН (болған жағдайда) бекіту туралы бұйрығының көшірмесі;

жобаларды қоспағанда, бұрын ұсынылған Инвестициялар ҚЭН-іне бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысының көшірмесі;

бұрын бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысы алынған сараптамалардың және Инвестициялар ҚЭН-інің қорытындылары;

осы Қағидалардың 282-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның ҚЭН түзету жөніндегі инвестициялық ұсынысқа оң экономикалық қорытындысы;

Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын іске асыру шеңберінде, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды жүргізу нәтижесінде үнемдеу сомасын көрсете отырып, ЖСҚ әзірлеуден бастап құрылыс қызметін көздейтін жобалар бойынша жасалған шарттар туралы ақпарат (егер үнемдеу болған жағдайда);

іске асыру басталғаннан бастап әрбір жыл үшін бюджеттен Инвестициялардың ҚЭН іс-шараларын қаржыландыру. Бұл ақпарат игерілмеу болған жағдайда олардың себептерін көрсете отырып, әрбір жыл үшін жоспармен және фактімен сүйемелденеді;

қымбаттауға әкеп соғатын себептерді егжей-тегжейлі көрсету (шартта көрсетілген бағадан (смета) асыру қажет екені туралы ББӨ уақтылы ескертуді растайтын мердігерлер хаттарының көшірмелерін қоса бере отырып);

қымбаттауға кінәлі ұйым не жеке тұлға, сондай-ақ осындай ұйымға не жеке тұлғаға қатысты қабылданған шаралар;

ББӨ-нің түсіндірмелерін қоса бере отырып, тиісті уәкілетті мемлекеттік органның жоба құнын ұлғайтудың негізділігі мен дұрыстығын растайтын салалық сараптамасының қорытындысы, сала болмаған жағдайда ББӨ-ге ұсынылады;

бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген жүргізілген түзету туралы хабарлама-хат

Инвестициялар ҚЭН қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет

қаражатының мақсатты пайдаланылуы тұрғысынан, сондай-ақ егер жоба бойынша құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей қаржыландыру басталған болса, бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады;

бекітілген Инвестициялар ҚЭН-інде, оның ішінде бөлінген бюджет қаражаты толық игерілген кезде, қол жеткізбеу себептерін көрсете отырып, көрсетілген көрсеткіштерге қол жеткізу не қол жеткізбеу туралы ақпаратты қамтитын түсіндірме жазба.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган құжаттар топтамасын қарайды және олар бойынша қорытындыны тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Бюджет комиссиясының оң шешімін алған кезде ББӨ кейіннен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті сараптамалар жүргізе отырып, Инвестициялар ҚЭН тиісті түзетулер енгізеді.

Екінші кезең:

1) осы Қағидалардың 282-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ББӨ-нің түзетілген Инвестициялардың ҚЭН бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынуы;

2) тиісті бюджет комиссиясының түзетілген ҚЭН бойынша Инвестицияларды қаржыландыру туралы шешімі.

Екінші кезеңде түзетілген Инвестициялар ҚЭН қарауды бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысы не оны алмастыратын адам не ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір Инвестициялар бойынша жеке уәкілеттік берген адам қол қойған мынадай құжаттардың негізінде жүзеге асырады:

осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның келісімшарттарының құнын ұлғайту жөніндегі салыстырма кестені қоса бере отырып, Инвестициялар ҚЭН-інде іс-шаралардың, техникалық-технологиялық шешімдердің болжамды толықтыруларын және (немесе) өзгерістерін, бекітілген іс-шараларға көзделген шығыстардың ұлғаюына алып келетін мән-жайлар мен себептерді көрсете отырып, бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған хат ;

ББӨ (бір ББӨ-нің құзыретіне жатқызылуы мүмкін емес экономиканың әртүрлі салаларында жобаларды іске асыруды көздейтін ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдинг) Инвестициялар ҚЭН-інің бастапқы параметрлерін қоса бере отырып, оң экономикалық қорытынды алған Инвестициялар ҚЭН (болған жағдайда) бекіту туралы бұйрығының көшірмесі;

бұрын ұсынылған Инвестициялар ҚЭН-іне бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысының көшірмесі;

сараптама қорытындылары және құжаттар, оның ішінде бұрын бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысы алынған бекітілген Инвестициялардың ҚЭН ;

түзетілген Инвестициялардың ҚЭН;

Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын іске асыру шеңберінде, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды жүргізу нәтижесінде үнемдеу сомасын көрсете отырып, ЖСҚ әзірлеуден бастап құрылыс қызметін болжайтын жобалар бойынша жасалған шарттар туралы ақпарат (егер үнемдеу болған жағдайда);

іске асыру басталғаннан бастап әрбір жыл үшін бюджеттен Инвестициялардың ҚЭН іс-шараларын қаржыландыру. Бұл ақпарат игерілмеу болған жағдайда олардың себептерін көрсете отырып, әрбір жыл үшін жоспармен және фактімен сүйемелденеді;

қымбаттауға әкеп соғатын себептерді егжей-тегжейлі көрсету (шартта көрсетілген бағадан (смета) асыру қажет екені туралы ББӨ уақтылы ескертуді растайтын мердігерлер хаттарының көшірмелерін қоса бере отырып);

қымбаттауға кінәлі ұйым не жеке тұлға, сондай-ақ осындай ұйымға не жеке тұлғаға қатысты қабылданған шаралар;

ББӨ-нің түсіндірмелерін қоса бере отырып, тиісті уәкілетті мемлекеттік органның жоба құнын ұлғайтудың негізділігі мен дұрыстығын растайтын салалық сараптамасының қорытындысы, сала болмаған жағдайда ББӨ-ге ұсынылады;

түзетілген Инвестициялардың ТЭН және (немесе) ЖСҚ кешенді ведомстводан тыс сараптамасының қорытындысы;

Инвестициялардың ҚЭН-де көрсетілген іс-шараларды іске асыруды аяқтау үшін талап етілетін болжамды қосымша бюджеттік шығыстардың негіздемесі;

бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген жүргізілген түзету туралы хабарлама-хат .

Инвестициялар ҚЭН қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуы тұрғысынан, сондай-ақ егер жоба бойынша құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей қаржыландыру басталған болса, бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады;

Инвестициялар ҚЭН түзетудің орындылығы туралы тиісті бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі;

бекітілген ҚЭН-інде, оның ішінде бөлінген бюджет қаражаты толық игерілген кезде , қол жеткізбеу себептерін көрсете отырып, көрсетілген көрсеткіштерге қол жеткізу не қол жеткізбеу туралы ақпарат;

құжаттарды ұсыну күніне дейін кемінде 1 (бір) ай бұрын түсірілген объектінің нақты жай-күйі туралы толық түсінік беретін фото немесе бейнетүсірілім материалдары.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган түзетілген Инвестициялар ҚЭН бойынша қаржыландырудың орындылығы мәселесін ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысы не оны алмастыратын адам не ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір Инвестициялар бойынша жеке уәкілеттік берген адам қол қойған мынадай құжаттардың негізде тиісті бюджет комиссияларының қарауына шығарады:

осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның келісімшарттарының құнын ұлғайту жөніндегі салыстырма кестені қоса бере отырып, Инвестициялар ҚЭН-інде іс-шаралардың, техникалық-технологиялық шешімдердің болжамды толықтыруларын және (немесе) өзгерістерін, бекітілген іс-шараларға көзделген шығыстардың ұлғаюына алып келетін мән-жайлар мен себептерді көрсете отырып, бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған хат ;

ББӨ (бір ББӨ-нің құзыретіне жатқызылуы мүмкін емес экономиканың әртүрлі салаларында жобаларды іске асыруды көздейтін ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдинг) Инвестициялар ҚЭН-інің бастапқы параметрлерін қоса бере отырып, оң экономикалық қорытынды алған Инвестициялар ҚЭН (болған жағдайда) бекіту туралы бұйрығының көшірмесі;

бұрын ұсынылған Инвестициялар ҚЭН-іне бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысының көшірмесі;

сараптама қорытындылары және құжаттар, оның ішінде бұрын бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысы алынған Инвестициялар ҚЭН;

түзетілген Инвестициялардың ҚЭН;

осы Қағидалардың 282-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, түзетілген Инвестициялардың ҚЭН оң экономикалық қорытынды;

Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын іске асыру шеңберінде, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды жүргізу нәтижесінде үнемдеу сомасын көрсете отырып, ЖСҚ әзірлеуден бастап құрылыс қызметін болжайтын жобалар бойынша жасалған шарттар туралы ақпарат (егер үнемдеу болған жағдайда);

іске асыру басталғаннан бастап әрбір жыл үшін бюджеттен Инвестициялардың ҚЭН іс-шараларын қаржыландыру. Бұл ақпарат игерілмеу себептері болған жағдайда оларды көрсете отырып, әрбір жыл үшін жоспармен және фактімен сүйемелденеді;

қымбаттауға әкеп соғатын себептерді егжей-тегжейлі көрсету (шартта көрсетілген бағадан (смета) асыру қажет екені туралы ББӨ уақтылы ескертуді растайтын мердігерлер хаттарының көшірмелерін қоса бере отырып);

қымбаттауға кінәлі ұйым не жеке тұлға, сондай-ақ осындай ұйымға не жеке тұлғаға қатысты қабылданған шаралар;

ББӨ-нің түсіндірмелерін қоса бере отырып, тиісті уәкілетті мемлекеттік органның жоба құнын ұлғайтудың негізділігі мен дұрыстығын растайтын салалық сараптамасының қорытындысы, сала болмаған жағдайда ББӨ-ге ұсынылады;

түзетілген ТЭН-ге және (немесе) Инвестициялардың ЖСҚ-сына кешенді ведомстводан тыс сараптаманың қорытындысы;

Инвестициялар ҚЭН-інде көрсетілген іс-шараларды іске асыруды аяқтау үшін талап етілетін болжамды қосымша бюджет шығыстарының негіздемесі;

бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген жүргізілген түзету туралы хабарлама-хат.

Инвестициялар ҚЭН қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуы тұрғысынан, сондай-ақ егер жоба бойынша құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей қаржыландыру басталған болса, бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады;

құжаттарды ұсыну күніне дейін кемінде 1 (бір) ай бұрын түсірілген объектінің нақты жай-күйі туралы толық түсінік беретін фото немесе бейнетүсірілім материалдары.

Бір ББӨ-нің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның құзыретіне жатқызылмайтын экономиканың әртүрлі салаларында жобаларды іске асыруды көздейтін ұлттық холдингтердің және ұлттық басқарушы холдингтің жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік Инвестициялар бойынша, түзетілген ҚЭН түпнұсқасы, сондай-ақ Қағидалардың осы тармағында көрсетілген құжаттар мемлекеттік органның бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолы қойылып ұсынылатын салалық сараптама қорытындысын қоспағанда, осы ұлттық холдингтердің, ұлттық басқарушы холдингтің және ұйымның бірінші басшыларының не оларды алмастыратын адамдардың қолы қойылып ұсынылады.

288. Құжаттама топтамасы толық ұсынылмаған не қымбаттаудың туындауының нақты және негізделген себептері берілмеген, сондай-ақ кінәлі адамдар немесе

ұйымдар және оларға қабылданған шаралар (олар болған жағдайда) көрсетілмеген Инвестициялардың ҚЭН сметалық құнның ұлғаюы мәніне қаралмайды.

289. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган осы Қағидалардың 286-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын қарайды және түзетілген Инвестициялар ҚЭН бойынша Инвестициялар құнын ұлғайту бойынша қорытындыны тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

290. Тиісті бюджет комиссиялары іріктеп алған, сметалық құнды ұлғайтуды көздейтін Инвестициялар бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке енгізіледі.

4-параграф. Бюджеттік кредиттеудің ТЭН немесе ҚЭН түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу

291. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейіннен қажетті сараптамалар жүргізе отырып, бюджеттік кредиттеудің ТЭН немесе ҚЭН түзету техникалық шешімдердің өзгеруіне және қосымша шығыстарға алып келетін жобаның белгіленген техникалық-экономикалық параметрлері өзгерген жағдайда жүргізіледі.

292. Экономикалық сараптама жүргізбей және экономикалық қорытынды алмай бюджеттік кредиттеудің ТЭН немесе ҚЭН түзету техникалық шешімдердің өзгеруіне және нәтижелердің төмендеуіне алып келмейтін ҚЭН қаржыландыру және (немесе) іске асыру мерзімдері өзгерген жағдайда жүргізіледі.

293. Бюджеттік кредиттеудің ТЭН не ҚЭН түзету екі кезеңде жүзеге асырылады.

Бірінші кезең бойынша:

1) ББӨ-нің бюджеттік кредиттеудің ТЭН не ҚЭН түзету бойынша инвестициялық ұсынысты әзірлеуі және бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынуы;

2) ББӨ бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынатын құжаттар негізінде бюджеттік кредиттеудің ТЭН не ҚЭН түзетудің орындылығын айқындау жөніндегі тиісті бюджет комиссиясының шешімі.

Бірінші кезеңде бюджеттік кредиттеудің ТЭН не ҚЭН түзету бойынша инвестициялық ұсыныстарды әзірлеу, қарау және іріктеу процесі осы Қағидалардың 3-тарауында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

294. Бюджеттік кредиттеудің ТЭН не ҚЭН түзетудің орындылығы мәселесін тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізу үшін ББӨ бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысы уәкілеттік берген адамның

электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, өзгеруі болжанатын техникалық шешімдер және қосымша шығыстар көрсетілген хат;

2) мемлекеттік органның бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік органның бірінші басшысы уәкілеттік берген адамның қолы қойылған және ресми құжаттарға арналған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген, техникалық шешімдерді өзгертудің және қосымша шығыстарды көздеудің орындылығын растайтын, тиісті саланың уәкілетті органының салалық сараптамасының қорытындысы;

3) жобаның ерекшелігіне қарай қажетті сараптамалардың қорытындылары;

4) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бюджеттік кредиттеудің ТЭН не ҚЭН түзету жөніндегі инвестициялық ұсынысқа оң экономикалық қорытындысы;

5) ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген жіберілген жүргізілген түзету туралы хабарлама-хат.

Бюджеттік кредиттеудің ТЭН не ҚЭН қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуы тұрғысынан, сондай-ақ егер жоба бойынша құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей қаржыландыру басталған болса, бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады ;

6) Бюджеттік кредиттеудің бекітілген ТЭН не ҚЭН көрсетілген көрсеткіштерге қол жеткізу не қол жеткізбеу туралы ақпаратты қамтитын түсіндірме жазба.

Тиісті бюджет комиссиясының оң шешімін алған кезде ББӨ бюджеттік кредиттеудің ТЭН не ҚЭН тиісті түзетулер енгізеді.

295. Екінші кезең бойынша:

1) ББӨ-нің түзетілген бюджеттік кредиттеудің ТЭН не ҚЭН бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынуы;

2) тиісті бюджет комиссиясының түзетілген бюджеттік кредиттеудің ТЭН не ҚЭН бойынша қаржыландыру туралы шешімі.

Екінші кезеңде ББӨ түзетілген бюджеттік кредиттеудің ТЭН не ҚЭН бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ұсынылатын мынадай құжаттар негізінде тиісті бюджет комиссияларының қарауына түзетілген бюджеттік кредиттеудің ТЭН не ҚЭН бойынша қаржыландырудың орындылығы мәселесін шығарады:

1) ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысы уәкілеттік берген адамның қолы қойылған, өзгеруі болжанатын техникалық шешімдер және қосымша шығыстар көрсетілген сұрау салу-хаттар;

2) мемлекеттік органның бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік органның бірінші басшысы уәкілеттік берген адамның қолы қойылған және ресми құжаттарға арналған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген техникалық шешімдерді өзгертудің және қосымша шығыстарды көздеудің орындылығын растайтын, тиісті саланың уәкілетті органының салалық сараптамасының қорытындысы;

3) жобаның ерекшелігіне байланысты қажетті сараптама қорытындылары;

4) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бюджеттік кредиттеудің ТЭН не ҚЭН түзету жөніндегі инвестициялық ұсынысқа оң экономикалық қорытындысы;

5) түзетілген бюджеттік кредиттеудің ТЭН не ҚЭН;

6) түзетілген бюджеттік кредиттеудің ТЭН не ҚЭН оң экономикалық қорытынды;

7) ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген, жүргізіліп жатқан түзету туралы хабарлама-хат.

Бюджеттік кредиттеудің ТЭН не ҚЭН қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуы тұрғысынан, сондай-ақ егер жоба бойынша құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей қаржыландыру басталған болса, бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады ;

8) бекітілген бюджеттік кредиттеудің ТЭН немесе ҚЭН көрсетілген көрсеткіштерге қол жеткізу не қол жеткізбеу туралы ақпаратты қамтитын түсіндірме жазба.

6-тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуын бағалауды қоспағанда, мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына бағалау жүргізу тәртібі

1-параграф. Жоспарлау кезеңінде бюджеттік инвестициялық жобаларға мониторинг жүргізу

296. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тиісінше бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға іріктелген инвестициялық ұсыныстардың тізбесін осы Қағидаларға 35-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық жеткізгіште тоқсан сайын есептік тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне дейін мынадай ақпаратты көрсете отырып ұсынады:

- 1) БИЖ атауы;
- 2) инвестициялық ұсыныс енгізген ББӨ атауы;
- 3) БИЖ ТЭН әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге қажетті (бөлінген) ақша қаражатының мөлшері;
- 4) БИЖ ТЭН әзірлеу немесе түзету кезінде игерілген ақша қаражатының мөлшері, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу;
- 5) БИЖ ТЭН әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу мерзімдері;
- 6) БИЖ ТЭН әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу барысы туралы ақпарат.

2-параграф. Бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына мониторинг жүргізу

297. БИЖ іске асыру мониторингі БИЖ-ді тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында ықтимал ауытқуларды уақтылы анықтау үшін экономикалық қорытындыға /инвестициялық ұсынысқа/БИЖ ТЭН/Инвестициялардың ҚЭН/ есептік күнге сәйкес жоспарланған нәтижелермен нақты алынған нәтижелерді салыстыру арқылы жүргізіледі.

298. БИЖ және Инвестицияларды іске асыру мониторингі мыналарды:

- 1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың БИЖ және Инвестицияларды іске асыру барысы мен нәтижелері туралы ақпаратты жинауын және өңдеуін;

- 2) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың БИЖ және Инвестицияларды іске асыру барысы мен нәтижелері туралы есептерді тиісінше бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға ұсынуы көздейді.

Бұрын жоспарланғаннан (жоспар-график бойынша) нақты көрсеткіштердің ауытқуы анықталған БИЖ бойынша БИЖ-ді тиімді іске асыру бойынша ұсынымдар мен шаралар қалыптастырылады.

299. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық БИЖ және Инвестициялар мониторингінің барысы мен нәтижелері туралы есептерді жинауға және талдауға "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаны есептік жылдан кейінгі жылғы 20 (жиырмамыншы) ақпанға дейінгі мерзімде тартады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті БИЖ және Инвестициялар мониторингінің барысы мен нәтижелері туралы есептерді жинауға және талдауға "Мемлекеттік сатып алу туралы"Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес жергілікті атқарушы орган айқындаған заңды

тұлғаны есептік жылдан кейінгі жылғы 20 (жиыrmасыншы) ақпанға дейінгі мерзімде тартады.

300. Республикалық БИЖ және Инвестицияларды іске асыру мониторингін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады.

Жергілікті БИЖ және Инвестицияларды, оның ішінде республикалық бюджеттен, бюджеттен тыс қорлардан нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатындарын іске асыру мониторингін жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады.

Республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тоқсан сайын мемлекеттік органның ресми интернет-ресурстарында республикалық және жергілікті БИЖ іске асыру мониторингі бойынша есептерді жариялайды.

301. Бюджеттік Инвестицияларды дайындау мен іске асырудың жоспар-графикті әрбір жоба бойынша есептік көрсеткіштерді айқындайтын құжат болып табылады және оны осы Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері дайындайды.

302. Жоспар-графикте сондай-ақ есептік жылдың басына дейінгі кезеңге арналған нақты көлемдер, ағымдағы жылға және алдағы үш жылға арналған болжамды көлемдер де көрсетіледі.

Жоспар-график бекітілген БИЖ ТЭН және мақұлданған бюджеттік сұрау салу негізінде қалыптастырылады, ал ТЭН әзірлеуді талап етпейтін жобалар бойынша жоспар-графикті дайындауға инвестициялық ұсыныс не ЖСҚ және мақұлданған бюджеттік сұрау салу негіз болып табылады.

Жобаны іске асыру кезеңі жоспар-графикте тиісті бюджет комиссиясы мақұлдаған бюджеттік сұрау салуға сәйкес көрсетіледі.

Мониторинг жөніндегі есепке жоспар-графикке енгізілген жобалардың тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджет туралы заңды іске асыру немесе тиісті қаржы кезеңіне арналған жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімін іске асыру туралы қаулыларымен бекітілген жобалардың тізбесіне сәйкес келеді.

303. Нысаналы даму трансферттері, бюджеттен тыс қорлар және республикалық бюджеттен берілетін кредиттер есебінен іске асырылатын республикалық БИЖ-дің іске асырылуы жөніндегі есеп орындалған жұмыстардың нақты және жоспарлы көлемі және БИЖ бойынша қаржы қаражатын игеру сомалары туралы ақпаратты қамтиды және оны республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тоқсан сайынғы негізде есептік тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне дейін осы Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дайындайды.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері БИЖ іске асыру мониторингі жөніндегі есепті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға тоқсан сайынғы негізде есептік тоқсаннан кейінгі айдың 1 (бірінші) күніне дейін ұсынады.

304. БИЖ мониторингі бойынша жиынтық анықтама осы Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дайындалады.

305. Қажетті ақпаратты республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тоқсан сайын есептік тоқсаннан кейінгі 10 (оныншы) күнге дейін қазақ және орыс тілдерінде электрондық жеткізгіште дайындайды және мыналарды:

- 1) жоспар-графикті;
- 2) мониторинг бойынша есепті және мониторинг бойынша жиынтық анықтаманы;
- 3) ішкі бақылау қызметі анықтаған бұзушылықтар фактілерін жою бойынша қабылданған шаралар туралы ақпаратты;
- 4) БИЖ іске асырудан экономикалық және әлеуметтік табыстың ұзақ мерзімді көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі ағымдағы жай-күй туралы ақпаратты;
- 5) осы Қағидаларға 39-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның паспортын қамтиды.

306. Тоқсанның қорытындысы бойынша орталық мемлекеттік органдар мен облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың ішкі бақылау қызметтері БИЖ іске асыру сатысында ықтимал бұзушылықтарды анықтау мақсатында объектілерге шығуға құқылы.

307. Республикалық БИЖ және Инвестициялардың жылдық мониторингі бойынша ақпаратты республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жыл сайын, қазақ және орыс тілдерінде есептік жылдан кейінгі жылғы 15 (он бесінші) ақпаннан кешіктірмей ұсынады.

308. Жергілікті БИЖ және Инвестициялардың, оның ішінде республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері, бюджеттен тыс қорлар есебінен іске асырылатын Инвестициялардың жылдық мониторингі жөніндегі ақпаратты жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жыл сайын қазақ және орыс тілдерінде есептік жылдан кейінгі жылғы 15 (он бесінші) ақпаннан кешіктірмей ұсынады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті БИЖ және Инвестициялардың, оның ішінде республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері, бюджеттен тыс қорлар есебінен іске асырылатын Инвестициялардың іске асырылуын мониторингтеу жөніндегі ақпаратты жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылатын тиісті жергілікті уәкілетті органдардан алғаннан кейін жергілікті БИЖ және Инвестициялар мониторингінің барысы мен нәтижелері туралы есептерді жинауға және талдауға жергілікті атқарушы органдар

айқындаған заңды тұлғаға есептік жылдан кейінгі жылдың 20 ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде электрондық жеткізгіште ақпарат береді

Жиынтық ақпарат мыналарды:

1) жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын, оның ішінде республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері, бюджеттен тыс қорлар есебінен іске асырылатын БИЖ туралы ақпаратты;

2) аяқталған және өтпелі жобалар, әзірленетін ЖСҚ саны бойынша ақпаратты;

3) аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің қаражаты және облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен қаржыландырылатын БИЖ, қаржыландыру жоспарының сомалары, нақты орындалуы, аяқталған жобалардың саны, игерілмеу сомалары мен себептері туралы ақпаратты қамтиды.

309. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар айқындаған заңды тұлғалар республикалық БИЖ және Инвестициялар мониторингінің барысы мен нәтижелері туралы есептерді жинауды және талдауды жүргізеді және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға қазақ және орыс тілдерінде тиісінше есептік жылдан кейінгі жылғы 10 (оныншы) сәуірге дейін ақпарат ұсынады.

310. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар қаржы жылының қорытындылары бойынша мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асыру мониторингінің нәтижелері бойынша жиынтық есепті қалыптастырады.

311. Ішкі бақылау қызметтерінен анықталған бұзушылық фактілері туралы ақпарат алған орталық атқарушы органдар мен жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына қабылданған шаралар мен проблемаларды шешу тәсілдері туралы ақпаратты ұсынады.

312. ББӘ тиісті бюджетті жоспарлау (нақтылау) кезінде республикалық БИЖ, жергілікті БИЖ, сондай-ақ нысаналы даму трансферттері және республикалық бюджеттен берілетін кредиттер есебінен іске асырылатын жобалардың іске асырылуы мониторингінің нәтижелерін БИЖ-ді іске асырудан экономикалық және әлеуметтік табыстың ұзақ мерзімді көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі ағымдағы жай-күй туралы ақпаратты ескере отырып пайдаланады.

3-параграф. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды, оның ішінде бюджеттік инвестициялық жобаларды және бюджеттік инвестицияларды іске асыруды бағалау

313. БИЖ және Инвестицияларды іске асыруды бағалау БИЖ және Инвестицияларды тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында ықтимал ауытқуларды

уактылы анықтау үшін нақты алынған нәтижелерді есептік күнге жоспарланған нәтижелермен салыстыру арқылы жүргізіледі.

Республикалық БИЖ және Инвестициялардың іске асырылуын бағалауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаны тарта отырып, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Жергілікті БИЖ және Инвестициялардың, оның ішінде республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері, бюджеттен тыс қорлар есебінен іске асырылатын жергілікті БИЖ және Инвестициялардың іске асырылуын бағалауды жергілікті атқарушы органдар айқындаған заңды тұлғаларды тарта отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар жүзеге асырады.

314. БИЖ және Инвестицияларды іске асыруды бағалау олар аяқталғаннан кейін үш жыл өткен соң Инвестициядан кейінгі кезеңде жүзеге асырылады.

Егер БИЖ белгіленген мерзімде пайдалануға берілмеген жағдайда, республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері немесе жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері объектіні мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға пайдалануға бергеннен кейін келесі жылдары БИЖ іске асырылуын бағалау жөніндегі ақпаратты ұсынады.

Егер ҚЭН-де көзделген іс-шаралар белгіленген мерзімде аяқталмаған жағдайда, республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері немесе жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ҚЭН-дегі экономикалық қорытындыда көзделген іс-шаралар аяқталғаннан кейін кейінгі жылдары Инвестициялардың іске асырылуын бағалау бойынша ақпарат береді.

Бұл ретте, республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері объектіні уактылы пайдалануға бермеудің және ҚЭН-де көзделген іс-шаралардың уактылы аяқталмауының себептері туралы ақпаратты мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

315. БИЖ және Инвестицияларды іске асыруды бағалау мыналарды:

1) ББӘ-ден осы Қағидаларға 41-қосымшаға сәйкес бюджеттік инвестициялық жобаларды және заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды іске асыру барысы туралы есепті қамтитын ақпарат жинау;

2) БИЖ-дің және Инвестициялардың қол жеткізілген түпкілікті нәтижелерін (өнім шығару, қызметтер көрсету) оларды Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында және/немесе БИЖ/Инвестициялар ҚЭН-інің ТЭН-інде/инвестициялық ұсыныста көзделген көрсеткіштермен салыстыру жолымен талдау;

3) БИЖ және Инвестицияларды іске асыруды бағалау бойынша жиынтық есепті дайындауды көздейді.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында және/немесе БИЖ ТЭН мен Инвестициялардың ҚЭН бұрын жоспарланғаннан нақты көрсеткіштердің ауытқулары анықталған БИЖ және Инвестициялар бойынша тиімді басқару мақсатында мемлекеттің бюджет қаражаты мен активтерін жоспарлау мен пайдаланудың тиімділігі мен тиімділігін арттыру және мемлекет ресурстарын тиімді бөлу жөнінде ұсынымдар қалыптастырылады.

316. БИЖ іске асырылуын бағалауды жүргізу үшін ақпарат мынадай есептілік құрамында қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады:

- 1) осы Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік Инвестицияларды дайындаудың және іске асырудың жоспар-графикі;
- 2) осы Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттік Инвестициялық жобаларды және нысаналы даму трансферттері, бюджеттен тыс қорлар және республикалық бюджеттен берілетін кредиттер есебінен іске асырылатын жобаларды іске асыру мониторингі жөніндегі есептер;
- 3) осы Қағидаларға 39-қосымшаға сәйкес жобаның паспорты;
- 4) осы Қағидаларға 40-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараларды іске асыру мониторингі бойынша тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің есептері.

317. БИЖ және Инвестициялардың іске асырылу барысы туралы есеп тоқсан сайынғы мониторинг негізінде әзірленеді және есептік кезеңде БИЖ-дің іске асырылуынан және Инвестициялардың жүзеге асырылуынан экономикалық және әлеуметтік табыстың ұзақ мерзімді көрсеткіштеріне қол жеткізуді ескере отырып, өнімнің (көрсетілетін қызметтердің) нақты және жоспарлы көлемі туралы ақпаратты қамтиды және оны бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылатын орталық және жергілікті уәкілетті органдар осы Қағидаларға 41-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық жеткізгіште бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

БИЖ және Инвестицияларды іске асырудан түсетін экономикалық және әлеуметтік табыстың ұзақ мерзімді көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі ақпарат инвестициялық ұсыныста және/немесе Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары тиімділігінің түйінді көрсеткіштеріне байланыстырылған көрсеткіштер негізінде дайындалады.

318. Республикалық БИЖ және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау жөніндегі ақпаратты республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылатын тиісті орталық уәкілетті органдар мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жыл сайын жылына бір рет есептік жылдан кейінгі жылғы 15 ақпаннан кешіктірмей электрондық жеткізгіште ұсынады.

Жергілікті БИЖ және Инвестициялардың, оның ішінде республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері, бюджеттен тыс қорлар есебінен іске

асырылатын Жергілікті БИЖ және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау жөніндегі ақпаратты тиісті уәкілетті жергілікті атқарушы органдар, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ретінде электрондық жеткізгіште мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жыл сайын жылына бір рет есептік жылдан кейінгі жылғы 15 ақпаннан кешіктірмей ұсынады.

319. Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын республикалық БИЖ және Инвестициялардың іске асырылуына бағалауды жүргізу кезінде бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган БИЖ және Инвестициялардың іске асырылуын бағалауды жүргізуге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғаны тартады.

Жергілікті БИЖ және Инвестициялардың, оның ішінде республикалық бюджеттен, бюджеттен тыс қорлардан берілетін даму трансферттерінің есебінен іске асырылуына бағалауды жүргізу кезінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті атқарушы органдар БИЖ және Инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізуге айқындайтын заңды тұлғаларды тартады.

320. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға БИЖ және Инвестициялардың іске асырылуына бағалауды жүргізеді және ақпаратты қазақ және орыс тілдерінде есептік жылдан кейінгі жылғы 10 (оныншы) сәуірге дейін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

Бағалауды жүргізуге уәкілетті мемлекеттік органдар нәтижелерді бағалау қорытындыларын бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға, бюджеттің атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға, жергілікті атқарушы органға есептік жылдан кейінгі жылғы 15 сәуірден кешіктірмей ұсынады.

321. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Қағидалардың 317-тармағына сәйкес республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылатын орталық уәкілетті органдардың республикалық БИЖ және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау жөніндегі ақпаратты алғаннан кейін БИЖ және Инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізуге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаға электрондық жеткізгіште есептік жылдан кейінгі жылғы 20 (жиырмамыншы) ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде ақпаратты ұсынады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар осы Қағидалардың 317-тармағына сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылатын тиісті жергілікті уәкілетті органдардан жергілікті БИЖ және Инвестициялардың, оның ішінде республикалық бюджеттен, бюджеттен тыс қорлардан берілетін даму трансферттерінің іске асырылуын бағалау жөніндегі ақпаратты алғаннан кейін БИЖ және Инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізуге жергілікті атқарушы орган айқындаған заңды тұлғаға электрондық жеткізгіште есептік жылдан кейінгі жылғы 20 ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде ақпаратты ұсынады.

322. БИЖ іске асырылуына бағалауды жүргізуге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінен қажетті ақпаратты дербес сұратады және алады.

БИЖ мен Инвестициялардың іске асырылуын бағалау жөніндегі есеп Қазақстан Республикасының Үкіметінен қайтарылған және/немесе пысықтау қажет болған жағдайда БИЖ және Инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізуге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсыныстарын ескере отырып, есепті кемшіліктерді жояды және есепті пысықтайды.

БИЖ іске асырылуына бағалауды жүргізуге жергілікті атқарушы органдар айқындаған заңды тұлғалар жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінен қажетті ақпаратты дербес сұратады және алады.

БИЖ мен Инвестициялардың іске асырылуын бағалау жөніндегі есеп облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктерінен қайтарылған және/немесе пысықтау қажет болған жағдайда БИЖ және Инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізуге жергілікті атқарушы органдар айқындаған заңды тұлға облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктерінің ұсыныстарын ескере отырып, кемшіліктерді жояды және есепті пысықтайды.

323. Бюджеттік саясат жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау жөніндегі жиынтық есепті жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 10 (оныншы) мамырына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

Жергілікті БИЖ және Инвестициялардың, оның ішінде республикалық бюджеттен, бюджеттен тыс қорлардан нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын Инвестициялардың іске асырылуын бағалау жөніндегі жиынтық есепті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жыл сайын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктеріне есептік жылдан кейінгі жылғы 25 (жиырма бесінші) сәуірге дейін ұсынады.

324. Ағымдағы және болжанатын әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайды ескере отырып, БИЖ және Инвестицияларды іске асыруды бағалау деректерінің негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктеріне БИЖ және Инвестицияларды тиімді жүзеге асыру шараларын іске асыру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар енгізе алады.

4-параграф. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік Инвестициялардың іске асырылуына мониторинг жүргізу

325. Инвестициялардың тиімділігін қадағалау мақсатында бастапқы жарғылық капиталды қалыптастыру, заңды тұлғалардың акциялар пакетін (қатысу үлесін) сатып

алу арқылы республикалық немесе жергілікті бюджеттен тартылған Инвестициялардың іске асырылуын есепке алу және талдау, тұрақты және жүйелі ақпарат жинау Инвестициялардың мониторингі болып табылады.

326. Инвестицияларды бақылау мыналарды:

1) республикалық немесе жергілікті бюджеттен тартылған Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараның барысы туралы ақпарат жинауды;

2) Инвестициялар есебінен заңды тұлға іске асыратын іс-шаралар нәтижелерінің нақты қол жеткізілген көрсеткіштерін және Инвестициялардың ҚЭН және (немесе) Мемлекеттік органдардың даму жоспарларында және (немесе) заңды тұлғаларды дамытудың стратегиялық құжаттарында жоспарланған тиісті нәтижелерді, сондай-ақ оларға қол жеткізбеу себептерін салыстыру арқылы әрбір кезеңде қол жеткізілген іске асыру көлемі мен шығындарын талдауды;

3) орындалған жұмыстардың нақты және жоспарлы көлемі және есепті кезеңдегі қаржы қаражатын игеру сомалары туралы ақпаратты қамтитын Инвестицияларды іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есепті дайындауды қамтиды.

327. Инвестициялар есебінен іс-шараларды іске асыратын квазимемлекеттік сектор субъектісі ББӨ-ге есепті кезеңде осы Қағидаларға 42-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараларды іске асыру мониторингі бойынша есепті (бұдан әрі –Квазимемлекеттік сектор субъектісінің есебі), сондай-ақ түсіндірме жазба (нақты көрсеткіштер ауытқудың егжей-тегжейлі негіздемесімен жоспарлы көрсеткіштерден теріс бағытталған ауытқу жағдайында) береді, сонымен бір мезгілде соңғы есептік кезең үшін қаржылық есептілікті, квазимемлекеттік сектор субъектісін дамытудың стратегиялық құжаттарының көшірмелерін ұсынады.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің есебін ББӨ тоқсан сайын есептік тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне дейін ұсынады.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің есебінде:

1) бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы;

2) Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараның әрбір кезеңінің құны;

3) бағалы қағаздар нарығын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның тиісті куәлігімен расталатын акциялар (бағалы қағаздар) шығарылымын мемлекеттік тіркеу мәліметтері, акционердің (қатысушының) және директорлар кеңесінің жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайтуға және олардың еншілес ұйымдарының жарғылық капиталын ұлғайтуға заңды тұлғалардың жарияланған акцияларына ақы төлеуге ақша аударған кездегі шешімдері;

4) заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу мәліметтері;

5) Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараның әрбір кезеңін іске асыру графигі;

6) іске асыруға Инвестициялар жүзеге асырылған Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының деректемелері;

7) Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараны қаржыландыру схемасы;

8) нысаналы индикаторларға сәйкес Инвестициялар ҚЭН-де қол жеткізу жоспарланған Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараның сандық-сапалық көрсеткіштері;

9) квазимемлекеттік сектор субъектісінің жауапты орындаушысының деректемелері көрсетіледі.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің есебіне Инвестициялар мониторингіне және олардың іске асырылуы туралы есепті дайындауға жауапты заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің басшысы, ал олар болмаған жағдайда – заңды тұлғаның басшысы не оны алмастыратын тұлға әр параққа қол қояды.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің есебіне заңды тұлғаның басшысы не оны алмастыратын тұлға қол қояды. Бұл ретте жауапты орындаушы, құрылымдық бөлімшенің басшысы және заңды тұлғаның басшысы ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен дұрыстығына жауап береді.

328. ББӨ Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараларды іске асыру мониторингі бойынша есебі (бұдан әрі – ББӨ есебі), сондай-ақ түсіндірме жазбасы (нақты көрсеткіштер ауытқудың егжей-тегжейлі негіздемесімен жоспарлы көрсеткіштерден теріс бағытталған ауытқу жағдайында) осы Қағидаларға 40-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді, сонымен бір мезгілде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің соңғы есептік кезең үшін қаржылық есептілігі, заңды тұлғалардың стратегиялық даму құжаттарының көшірмелері ұсынылады.

329. Республикалық Инвестициялар және республикалық бюджеттен берілетін нысаналы бойынша ББӨ есебін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүргізеді.

Жергілікті, оның ішінде республикалық бюджеттен, бюджеттен тыс қорлардан берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын Инвестициялар бойынша ББӨ есебін жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүргізеді.

ББӨ тоқсан сайын мемлекеттік органның ресми интернет-ресурстарында республикалық және жергілікті Инвестицияларды іске асыру мониторингі бойынша есептерді жариялайды.

330. ББӨ есебінде:

1) Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) сипаттамасы;

2) Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараның әрбір кезеңінің құны;

3) бағалы қағаздар нарығын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның тиісті куәлігімен расталатын акциялар (бағалы қағаздар) шығарылымын мемлекеттік тіркеу мәліметтері, акционердің (қатысушының) және директорлар кеңесінің жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың

жарғылық капиталын ұлғайтуға және олардың еншілес ұйымдарының жарғылық капиталын ұлғайтуға заңды тұлғалардың жарияланған акцияларына ақы төлеуге ақша аударған кездегі шешімдері;

4) заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу мәліметтері;

5) Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараның әрбір кезеңін іске асыру графигі;

6) іске асыруға Инвестициялар жүзеге асырылған Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының деректемелері;

7) ББӨ тиісті бюджеттік бағдарламасы (кіші бағдарлама) бойынша республикалық немесе жергілікті бюджеттен қаражат бөлу туралы ақпарат;

8) Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараны қаржыландыру схемасы;

9) ББӨ жауапты орындаушысының деректемелері;

10) ішкі бақылау қызметі анықтаған бұзушылықтар фактілерін жою бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат;

11) Инвестицияларды іске асырудан түсетін экономикалық және әлеуметтік табыстың ұзақ мерзімді көрсеткіштеріне қол жеткізудің ағымдағы жай-күйі туралы ақпарат көрсетіледі.

Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шаралар бойынша есептік тоқсанда әрбір объект бойынша заттай мәнде жоспарланған және нақты жүргізілген жұмыстардың көлемі туралы ақпарат ұсынылады.

331. Тоқсанның қорытындысы бойынша орталық мемлекеттік органдар мен облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың ішкі бақылау қызметтері жобаларды іске асыру сатысында ықтимал бұзушылықтарды анықтау мақсатында объектілерге барады.

Ішкі бақылау қызметінің қорытындысы анықталған бұзушылық фактілері туралы ақпаратты, сондай-ақ проблемаларды жою және шешу жөніндегі ұсынымдар мен шараларды қамтиды.

Анықталған бұзушылық фактілері туралы ақпаратты ішкі бақылау қызметі тиісті органның бірінші басшысына ұсынады.

332. Республикалық Инвестициялар мен республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асырылатын Инвестициялардың іске асырылуы жөніндегі жылдық мониторингті республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жыл сайын, қазақ және орыс тілдерінде есептік жылдан кейінгі жылғы 15 ақпаннан кешіктірмей бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

333. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын Инвестициялардың іске асырылу барысы туралы жылдық мониторингті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі

жергілікті уәкілетті орган қазақ және орыс тілдерінде дайындайды және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктеріне жыл сайын, есептік жылдан кейінгі жылғы 15 (он бесінші) ақпаннан кешіктірмей ұсынады.

334. Ішкі бақылау қызметтерінен анықталған бұзушылық фактілері туралы ақпарат алған орталық атқарушы органдар мен жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына қабылданған шаралар мен проблемаларды шешу тәсілдері туралы ақпаратты ұсынады.

335. ББӨ Инвестицияларды іске асырудан экономикалық және әлеуметтік табыстың ұзақ мерзімді көрсеткіштеріне қол жеткізудің ағымдағы жай-күйі туралы ақпаратты ескере отырып, тиісті бюджетті жоспарлау (нақтылау) кезінде республикалық Инвестицияларды, жергілікті Инвестицияларды және республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері және кредиттер есебінен іске асырылатын Инвестицияларды іске асыру мониторингінің нәтижелерін пайдаланады.

5-параграф. Бюджеттік кредиттеуді іске асыру мониторингін жүргізу тәртібі

336. Бюджеттік кредиттеуді іске асыру мониторингі жобаны тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында ықтимал ауытқуларды уақтылы анықтау үшін нақты алынатын нәтижелерді экономикалық қорытындыға/инвестициялық ұсынысқа/ТЭН-ге немесе бюджеттік кредиттеудің ҚЭН-іне сәйкес жоспарланған нәтижелермен салыстыру арқылы жүргізіледі.

337. Бюджеттік кредит беру мониторингі мыналарды қамтиды:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік кредиттеуді іске асыру барысы мен нәтижелері туралы ақпаратты жинауы және өңдеуі;

2) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік кредиттеуді іске асыру барысы мен нәтижелері туралы есептерді бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға ұсынуы.

Іс жүзіндегі көрсеткіштердің бұрын жоспарланғаннан ауытқуы анықталған бюджеттік кредиттеу жобалары бойынша бюджеттік кредит беру жобасын тиімді іске асыру жөніндегі ұсынымдар мен шаралар қалыптастырылады.

338. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаны есепті жылдан кейінгі жылдың 20 (жиырмасыншы) ақпанына дейінгі мерзімде республикалық бюджеттік кредиттеу жобаларының жылдық мониторингінің барысы мен нәтижелері туралы есептерді жинауға және талдауға тартады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 25)

тармақшасына сәйкес жергілікті атқарушы орган айқындаған заңды тұлғаны есепті жылдан кейінгі жылдың 20 (жиырмасыншы) ақпанына дейінгі мерзімде бюджеттік кредиттеудің жергілікті жобалары мониторингінің барысы мен нәтижелері туралы есептерді жинауға және талдауға тартады.

339. Бюджеттік кредиттеудің республикалық жобаларының іске асырылу мониторингін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады.

Жергілікті, оның ішінде республикалық бюджеттен, бюджеттен тыс қорлардан нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын бюджеттік кредиттеу жобаларының іске асырылу мониторингін жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тоқсан сайын мемлекеттік органның ресми интернет-ресурстарында республикалық және жергілікті бюджеттік кредит беру жобаларының іске асырылу мониторингі бойынша есептерді жариялайды.

340. Республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік кредиттеудің іске асырылу мониторингі жөніндегі есепті республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы Қағидаларға 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті тоқсаннан кейінгі 10 (оны) күніне дейін тоқсан сайынғы негізде дайындайды.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік кредиттеудің іске асырылу мониторингі бойынша есепті жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға тоқсан сайынғы негізде есепті тоқсаннан кейінгі 10 (оны) күніне дейін ұсынады.

341. Орталық мемлекеттік органдар мен облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың ішкі бақылау қызметтері тоқсанның қорытындылары бойынша жобаларды іске асыру сатысында ықтимал бұзушылықтарды анықтау мақсатында объектілерге баруға құқығы бар.

Ішкі бақылау қызметінің қорытындысы анықталған бұзушылық фактілері туралы ақпаратты, сондай-ақ проблемаларды жою және шешу жөніндегі ұсынымдар мен шараларды қамтиды.

Ішкі бақылау қызметі анықталған бұзушылық фактілері туралы ақпаратты тиісті органның бірінші басшысына ұсынады.

342. Ішкі бақылау қызметтерінен анықталған бұзушылық фактілері туралы ақпарат алған орталық атқарушы органдар мен жергілікті атқарушы органдар қабылданған шаралар және проблемаларды шешу тәсілдері туралы ақпаратты мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына ұсынады.

343. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік кредиттеудің республикалық жобаларын іске асыру жөніндегі жылдық мониторингті қазақ және орыс тілдерінде бюджеттік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органға жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 (он бесінші) ақпанынан кешіктірмей ұсынады .

Бюджеттік саясат жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік кредиттеудің республикалық жобаларының іске асырылу мониторингі жөніндегі ақпаратты алғаннан кейін есепті жылдан кейінгі жылдың 20 (жиырмасыншы) ақпанынан кешіктірмейтін мерзімде бюджеттік кредиттеудің республикалық жобалары мониторингінің барысы мен нәтижелері туралы есептерді жинауды және талдауды жүргізуге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаға электрондық жеткізгіште ақпарат береді.

344. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік кредиттеуді іске асыру жөніндегі жылдық мониторингті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган қазақ және орыс тілдерінде дайындайды және жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 (он бесінші) ақпанынан кешіктірмей облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктеріне ұсынады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджеттік кредиттеудің жергілікті жобаларының іске асырылу мониторингі жөніндегі ақпаратты алғаннан кейін есепті жылдан кейінгі жылдың 20 (жиырмасыншы) ақпанынан кешіктірмейтін мерзімде жергілікті атқарушы органдар бюджеттік кредиттеудің жергілікті жобалары мониторингінің барысы мен нәтижелері туралы есептерді жинауды және талдауды жүргізуге айқындаған заңды тұлғаға электрондық жеткізгіште ақпарат береді.

345. Қазақстан Республикасының Үкіметі және жергілікті атқарушы органдар айқындаған заңды тұлғалар бюджеттік кредиттеу мониторингінің барысы мен нәтижелері туралы есептерді жинауды және талдауды жүргізеді және тиісінше есепті жылдан кейінгі жылдың 10 (оныншы) сәуіріне дейін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға қазақ және орыс тілдерінде ақпарат береді.

346. ББӨ бюджеттік кредиттеудің республикалық жобаларын, бюджеттік кредиттеудің жергілікті жобаларын, сондай-ақ бюджеттік кредиттеу жобаларын іске асырудан экономикалық және әлеуметтік қайтарымның ұзақ мерзімді көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша ағымдағы жай-күйі туралы ақпаратты ескере отырып, тиісті бюджетті жоспарлау (нақтылау) кезінде нысаналы даму трансферттері мен республикалық бюджеттен берілетін кредиттер есебінен іске асырылатын жобаларды іске асыру мониторингінің нәтижелерін пайдаланады.

Мониторинг нәтижелері Кодекстің 45-бабына сәйкес қолданылады.

6-параграф. Бюджеттік кредиттеуді іске асыруды бағалау тәртібі.

347. Бюджеттік кредиттеудің іске асырылуын бағалау нақты алынатын нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстыру жолымен есепті күнге жүргізіледі.

Бюджеттік кредиттеудің республикалық жобаларының іске асырылуын бағалауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаны тарта отырып, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Бюджеттік кредиттеудің жергілікті жобаларының іске асырылуын бағалауды жергілікті атқарушы органдар айқындаған заңды тұлғаларды тарта отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар жүзеге асырады.

348. Бюджеттік инвестициялық жобаларды бюджеттік кредиттеудің іске асырылуын бағалау олар аяқталғаннан кейін үш жылдан соң инвестициялаудан кейінгі кезеңде жүзеге асырылады.

Егер жоба аяқталмаған, белгіленген мерзімде пайдалануға берілмеген жағдайда бюджеттік кредиттеуді іске асыруды бағалау жөніндегі ақпаратты республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері немесе жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тиісінше объекті пайдалануға берілгеннен кейін келесі жылдары мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға береді.

Қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға бюджеттік кредиттеудің іске асырылуын бағалау қарыз алушы бюджеттік кредитті игергеннен кейін үш жылдан кейін жүзеге асырылады.

Егер қарыз алушы бюджеттік кредитті белгіленген мерзімде игермеген жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері немесе жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік кредит игерілген соң кейінгі жылдары бюджеттік кредиттеудің іске асырылуын бағалау жөнінде ақпарат береді.

Бұл ретте республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тиісінше жобаның уақтылы аяқталмауының, объектінің пайдалануға берілуінің және/немесе қарыз алушының бюджеттік кредитті уақтылы игермеуінің себептері туралы ақпаратты бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

349. Бюджеттік кредиттеуді іске асыруды бағалау:

1) ББӘ-ден осы Қағидаларға 43 және 44-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік кредиттеуді іске асыру мониторингі бойынша және бюджеттік кредиттеудің іске асырылу барысы туралы есептерді қамтитын ақпарат жинау;

2) бюджеттік кредиттеудің қол жеткізілген түпкілікті нәтижелерін Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің және/немесе бюджеттік кредиттеудің ТЭН-інің құжаттарында/

бюджеттік кредиттеудің ҚЭН-інде/инвестициялық ұсыныста көзделген көрсеткіштермен салыстыру жолымен талдау;

3) бюджеттік кредиттеуді іске асыруды бағалау бойынша жиынтық есепті дайындау

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында және/немесе бюджеттік кредиттеудің ТЭН-інде және ҚЭН-інде бұрын жоспарланған нақты көрсеткіштерден ауытқулар анықталған бюджеттік кредиттеу бойынша тиімді басқару мақсатында бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін жоспарлаудың және пайдаланудың нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру және мемлекет ресурстарын тиімді бөлу жөнінде ұсынымдар қалыптастырылады.

350. Бюджеттік кредиттеудің іске асырылуына бағалау жүргізу үшін ақпарат мынадай есептілік құрамында қазақ және орыс тілдерінде:

1) осы Қағидаларға 43-қосымшаға сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік кредиттеуді іске асыру мониторингі бойынша есеп;

2) осы Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес бюджеттік кредиттеудің іске асырылу барысы туралы есеп ұсынылады.

351. Бюджеттік кредиттеуді іске асыру барысы туралы есеп тоқсан сайынғы мониторинг негізінде әзірленеді және есепті кезеңде бюджеттік кредиттеуді іске асырудан және жүзеге асырудан экономикалық және әлеуметтік табыстың ұзақ мерзімді көрсеткіштеріне қол жеткізуді ескере отырып, өнімнің (көрсетілетін қызметтердің) нақты және жоспарлы көлемі туралы ақпаратты қамтиды және бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылатын орталық және жергілікті уәкілетті органдар осы Қағидаларға 44 қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық жеткізгіште бюджеттік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

352. Бюджеттік кредиттеудің республикалық жобаларының іске асырылуын бағалау жөніндегі ақпаратты республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылатын тиісті орталық уәкілетті органдар бюджеттік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органға жылына бір рет есепті жылдан кейінгі жылдың 15 (он бесінші) ақпанынан кешіктірмей электрондық жеткізгіште ұсынады.

Бюджеттік кредиттеудің жергілікті жобаларының іске асырылуын бағалау жөніндегі ақпаратты жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылатын тиісті уәкілетті жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей электрондық жеткізгіште ұсынады.

353. Бюджеттік кредиттеудің республикалық жобаларының іске асырылуына бағалау жүргізу кезінде бюджеттік саясат жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік

кредиттеудің іске асырылуына бағалау жүргізуге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғаны тартады.

Жергілікті бюджеттік кредиттеу жобаларының іске асырылуына бағалау жүргізу кезінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджеттік кредиттеудің іске асырылуына бағалау жүргізуге жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғаларды тартады.

354. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға бюджеттік кредиттеудің іске асырылуына бағалау жүргізеді және есепті жылдан кейінгі жылдың 10 (оныншы) сәуіріне дейін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға қазақ және орыс тілдерінде ақпарат береді.

Бағалауды жүргізуге уәкілетті мемлекеттік органдар нәтижелерді бағалау қорытындыларын бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға, жергілікті атқарушы органға есепті жылдан кейінгі жылдың 15 (он бесінші) сәуірінен кешіктірмей ұсынады.

355. Осы Қағидалардың 351-тармағына сәйкес бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі болып табылатын, орталық уәкілетті органдардан бюджеттік кредиттеудің республикалық жобаларының іске асырылуын бағалау жөніндегі ақпаратты алғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаға есепті жылдан кейінгі жылдың 20 (жиырмасыншы) ақпанынан кешіктірмейтін мерзімде бюджеттік кредиттеудің іске асырылуына бағалау жүргізуге электрондық жеткізгіште ақпарат береді.

Осы Қағидалардың 351-тармағына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылатын тиісті жергілікті уәкілетті органдардан бюджеттік кредиттеудің жергілікті жобаларының іске асырылуын бағалау жөніндегі ақпаратты алғаннан кейін, жергілікті атқарушы органдар айқындаған заңды тұлғаға есепті жылдан кейінгі жылдың 20 (жиырмасыншы) ақпанынан кешіктірмейтін мерзімде бюджеттік кредиттеудің іске асырылуына бағалау жүргізуге электрондық жеткізгіште ақпарат береді.

356. Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджеттік кредиттеудің іске асырылуына бағалау жүргізуге айқындаған заңды тұлға қажет болған кезде республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінен қажетті ақпаратты сұратады және алады.

Қазақстан Республикасының Үкіметінен қайтарылған және/немесе бюджеттік кредиттеудің іске асырылуын бағалау жөніндегі есепті пысықтау қажет болған жағдайда, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган және Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджеттік кредиттеудің іске асырылуына бағалау жүргізуге айқындаған заңды тұлға Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсыныстарын ескере отырып, есепті пысықтайды.

Жергілікті атқарушы органдар бюджеттік кредиттеудің іске асырылуына бағалау жүргізуге айқындаған заңды тұлғалар қажет болған жағдайда жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінен қажетті ақпаратты сұратады және алады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктерінен қайтарылған және/немесе бюджеттік кредиттеудің іске асырылуын бағалау жөніндегі есепті пысықтау қажет болған жағдайда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар және жергілікті атқарушы органдар бюджеттік кредиттеудің іске асырылуына бағалау жүргізуге айқындаған заңды тұлғалар облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің ұсыныстарын ескере отырып, есепті пысықтайды.

357. Бюджеттік кредиттеудің республикалық жобаларының іске асырылуын бағалау жөніндегі жиынтық есепті бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 10 (оныншы) мамырына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

Бюджеттік кредиттеудің жергілікті жобаларының іске асырылуын бағалау жөніндегі жиынтық есепті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 25 (жиырма бесінші) сәуіріне дейін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктеріне ұсынады.

358. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы және болжамды әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалды ескере отырып, бюджеттік кредиттеудің іске асырылуын бағалау деректерінің негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктеріне бюджеттік кредиттеуді тиімді жүзеге асыру шараларын іске асыру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар енгізе алады.

7-параграф. Квazимемлекеттік сектор субъектілері мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес қарыз есебінен іске асыратын жобалардың іске асырылуына мониторинг жүргізу тәртібі

359. Квazимемлекеттік сектор субъектілері мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес қарыз есебінен іске асыратын жобалардың (бұдан әрі - Мемлекет кепілдік берген жобалар) іске асырылуын мониторингтеу жобаның тиімді басқарылуын қамтамасыз ету мақсатында ықтимал ауытқуларды уақтылы анықтау үшін іс жүзінде алынатын нәтижелерді есепті күнге инвестициялық жобаның экономикалық қорытындысына/ТЭН сәйкес жоспарланғандармен салыстыру жолымен жүргізіледі.

360. Мемлекет кепілдік берген жобаларды мониторингтеу мыналарды:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, орталық мемлекеттік органдардың Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылу барысы мен нәтижелері туралы ақпаратты жинауын және өңдеуін;

2) орталық мемлекеттік органдардың Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылу барысы мен нәтижелері туралы есептерді бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынуы қамтиды.

Іс жүзіндегі көрсеткіштердің бұрын жоспарланғаннан ауытқуы анықталған Мемлекет кепілдік берген жобалар бойынша Мемлекет кепілдік берген жобаларды тиімді іске асыру бойынша ұсынымдар мен шаралар қалыптастырылады.

361. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган есепті жылдан кейінгі жылдың 20 (жиырмамыншы) ақпанына дейінгі мерзімде "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаны Мемлекет кепілдік берген республикалық жобаларды жылдық мониторингтеудің барысы мен нәтижелері туралы есептерді жинауға және талдауға тартады.

362. Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуын мониторингтеуді бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуын мониторингтеу бойынша есептерді мемлекеттік органның ресми интернет-ресурстарында тоқсан сайын жариялайды.

363. Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуын мониторингтеу бойынша есепті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тоқсан сайынғы негізде осы Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне дейін дайындайды.

364. Орталық мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтері тоқсанның қорытындысы бойынша жобалардың іске асырылу сатысында ықтимал бұзушылықтарды анықтау мақсатында объектілерге баруға құқығы бар.

Ішкі бақылау қызметінің қорытындысы анықталған бұзушылық фактілері туралы ақпаратты, сондай-ақ проблемаларды жою және шешу бойынша ұсынымдар мен шараларды қамтиды.

Ішкі бақылау қызметі анықталған бұзушылық фактілері туралы ақпаратты тиісті органның бірінші басшысына ұсынады.

365. Ішкі бақылау қызметтерінен анықталған бұзушылық фактілері туралы ақпаратты алған орталық атқарушы органдар қабылданған шаралар мен проблемаларды шешу тәсілдері туралы ақпаратты мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына ұсынады.

366. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуы бойынша жылдық мониторингті қазақ және орыс тілдерінде бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 15 (он бесінші) ақпанынан кешіктірмей ұсынады.

Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуын мониторингтеу бойынша ақпаратты алғаннан кейін есепті

жылдан кейінгі жылдың 20 (жиыrmасыншы) ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметі Мемлекет кепілдік берген жобаларды мониторингтеудің барысы мен нәтижелері туралы есептерді жинауды және талдауды жүргізуге айқындаған заңды тұлғаға ақпаратты электрондық жеткізгіште ұсынады.

367. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға Мемлекет кепілдік берген жобаларды мониторингтеудің барысы мен нәтижелері туралы есептерді жинауды және талдауды жүргізеді және есепті жылдан кейінгі жылдың 10 (оныншы) сәуіріне дейін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға қазақ және орыс тілдерінде ақпарат береді.

368. Мониторинг нәтижелері Кодекстің 45-бабына сәйкес қолданылады.

8-параграф. Квazимемлекеттік сектор субъектілері мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес қарыз есебінен іске асыратын жобалардың іске асырылуын бағалау тәртібі

369. Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуын бағалау іс жүзінде алынатын нәтижелерді есепті күнге жоспарланғандармен салыстыру жолымен жүргізіледі.

Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуын бағалауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаны тарта отырып, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

370. Объектілерді құруды (салуды) және реконструкциялауды көздейтін Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуын бағалау олар аяқталғаннан кейін үш жылдан соң жүзеге асырылады.

Егер жоба аяқталмаған, белгіленген мерзімде пайдалануға берілмеген жағдайда, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуын бағалау бойынша ақпаратты объекті аяқталып, пайдалануға берілгеннен кейінгі келесі жылдары бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

Объектілерді құруды (салуды) және реконструкциялауды көздемейтін Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуын бағалау қарыз алушы мемлекеттік емес қарызды игергеннен кейін үш жылдан соң жүзеге асырылады.

Егер мемлекеттік емес қарызды қарыз алушы белгіленген мерзімде игермеген жағдайда, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Мемлекет кепілдік берген жобаның іске асырылуын бағалау бойынша ақпаратты мемлекеттік емес қарыз игерілгеннен кейінгі келесі жылдары береді.

Бұл ретте бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері объектінің уақтылы пайдалануға берілмеу және/немесе қарыз алушының уақтылы игермеу себептері туралы ақпаратты бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

371. Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуын бағалау:

1) ББӘ-ден осы Қағидаларға 45 және 46-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілері мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес қарыз

есебінен іске асыратын жобалардың іске асырылуын мониторингтеу бойынша және квазимемлекеттік сектор субъектілері мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес қарыз есебінен іске асыратын жобалардың іске асырылу барысы туралы есептерді қамтитын ақпарат жинауды;

2) Мемлекет кепілдік берген жобаның қол жеткізілген нәтижелерін Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында және/немесе инвестициялық жобаның ТЭН-інде көзделген көрсеткіштермен салыстыру жолымен талдауды;

3) Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуын бағалау бойынша жиынтық есепті дайындауды көздейді.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында және/немесе инвестициялық жобаның ТЭН-інде бұрын жоспарланған нақты көрсеткіштерден ауытқулар анықталған Мемлекет кепілдік берген жобалар бойынша тиімді басқару мақсатында жобаларды жоспарлаудың нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар қалыптастырылады.

372. Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуына бағалау жүргізу үшін ақпарат мынадай есептілік:

1) осы Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілері мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес қарыз есебінен іске асыратын жобалардың іске асырылуын мониторингтеу бойынша есептің;

2) осы Қағидаларға 46-қосымшаға сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілері мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес қарыз есебінен іске асыратын жобалардың іске асырылу барысы туралы есептің құрамында қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

373. Квазимемлекеттік сектор субъектілері мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес қарыз есебінен іске асыратын жобалардың іске асырылу барысы туралы есеп тоқсан сайынғы мониторинг негізінде әзірленеді және есепті кезеңде Мемлекет кепілдік берген жобаларды іске асырудан және жүзеге асырудан экономикалық және әлеуметтік қайтарымның ұзақ мерзімді көрсеткіштерінің қол жеткізілуі ескеріле отырып, өнімнің (көрсетілетін қызметтердің) нақты және жоспарлы көлемдері туралы ақпаратты қамтиды және оны бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылатын орталық уәкілетті органдар осы Қағидаларға 46-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық жеткізгіште бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

374. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылатын тиісті орталық уәкілетті органдар Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуын бағалау бойынша ақпаратты есепті жылдан кейінгі жылдың 15 (он бесінші) ақпанынан кешіктірмей бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға электрондық жеткізгіште жылына бір рет ұсынады.

375. Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуына бағалау жүргізу кезінде бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуына бағалау жүргізуге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғаны тартады.

376. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуына бағалау жүргізеді және есепті жылдан кейінгі жылдың 10 (оныншы) сәуіріне дейін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға қазақ және орыс тілдерінде ақпарат ұсынады.

Бағалауды жүргізуге уәкілетті мемлекеттік органдар нәтижелерді бағалау қорытындыларын Кодекстің 46-бабына сәйкес есепті жылдан кейінгі жылдың 15 (он бесінші) сәуірінен кешіктірмей бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

377. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Қағидалардың 374-тармағына сәйкес республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылатын орталық уәкілетті органдардың Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуын бағалау бойынша ақпаратын алғаннан кейін, есепті жылдан кейінгі жылдың 20 (жиырмасыншы) ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуына бағалау жүргізуге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаға электрондық жеткізгіште ақпарат береді.

378. Қазақстан Республикасының Үкіметі Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуына бағалау жүргізуге айқындаған заңды тұлға қажет болған кезде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінен қажетті ақпаратты сұратады және алады.

Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуын бағалау бойынша есеп Қазақстан Республикасының Үкіметінен қайтарылған және/немесе оны пысықтау қажет болған жағдайда, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган және Қазақстан Республикасының Үкіметі Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуына бағалау жүргізуге айқындаған заңды тұлға Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсыныстарын ескере отырып, есепті пысықтайды.

379. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуын бағалау бойынша жиынтық есепті жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 10 (оныншы) мамырына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

380. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган Мемлекет кепілдік берген жобалардың іске асырылуын бағалаудың деректері негізінде ағымдағы және болжамды әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалды ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметіне Мемлекет кепілдік берген жобаларды тиімді жүзеге асыру шараларын іске асыру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар енгізе алады.

Мемлекеттік инвестициялық
жобаларды жоспарлау және іске

асыру, инвестициялық
ұсынысты, техникалық-экономикалық
және қаржылық-экономикалық
негіздемелерді әзірлеу немесе түзету,
қажетті сараптамалар жүргізу,
бюджеттік кредиттеудің
орындылығын айқындау, мемлекеттік
инвестициялық жобалар портфелін
қалыптастыру, сондай-ақ мемлекеттік
инвестициялық жобалардың бекітілген
(нақтыланған) параметрлерін түзету,
іріктеу, іске асырылуын мониторингтеу
және бағалау қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Инвестициялық ұсыныстың ақпараттық парағы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі және іске асыруға ұсынылатын мемлекеттік инвестициялық жоба (бұдан әрі – МИЖ) бойынша деректер

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі _____

МИЖ атауы _____

Мемлекеттік органдардың немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын, құрамында МИЖ іске асыру көзделген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарларын және (немесе) іс-шараларын қоса алғанда, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының атауы (нақты тармақтарға сілтемелер).

Инвестициялар алушы заңды тұлғаның атауы (бар болса)

МИЖ-ді іске асыру кезеңі (егер белгісіз болса, шамамен көрсету):

Іске асыру ұзақтығы: _____ ай

МИЖ-ді іске асырудың басталуы: жылы: _____ айы: _____

МИЖ-ді іске асыруды болжамды аяқтау: жылы: _____ айы: _____

МИЖ пайдалану (қызмет) кезеңі

"Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша өнім берушінің болжамды ең жоғары кірістілігі: _____ мың теңге/% (мемлекеттік міндеттемелерді қабылдай отырып, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары үшін)

Қарыз алу мөлшерлемесі: _____ % (мемлекеттік міндеттемелерді қабылдай отырып, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары үшін)

МИЖ-дің жалпы құны: _____ мың теңге, оның ішінде

(қажет болған жағдайда толтырылады):

техникалық-экономикалық негіздемені (бұдан әрі – ТЭН) әзірлеу құны: _____

мың теңге

ТЭН-ді түзету құны: _____ мың теңге

Объектіні ұстауға, сондай-ақ инвестициялаудан кейінгі кезеңге арналған жыл сайынғы шығындар (қаржыландыру көзін көрсете отырып)

МИЖ іске асырылатын орын:

(МИЖ-ді, оның негізгі құрамдауыштарын іске асыру орнын және МИЖ бойынша шығындарды өңірлер бойынша бөлуді көрсетіңіз)

Елді мекен (ауыл, аудан, қала, облыс, ел)

Баланс ұстаушы * (қажет болған жағдайда толтырылады)

МИЖ үшін бөлінген жердің болуы * (қажет болған жағдайда толтырылады)

иә (жер учаскесі және ондағы жылжымайтын мүлік соған сәйкес бөлінген шешімнің күні мен нөмірі көрсетіледі);

жоқ (жер учаскесін сатып алу үшін қажетті сома көрсетіледі).

4) инженерлік-көлік инфрақұрылымның болуы (теміржол магистральдары, автомобиль жолдары, құбырлар, электр, жылу желілері, су құбырлары, газ құбырлары және басқа инфрақұрылым)

иә (қандай екені көрсетіледі)

жоқ (қанша қосымша шығын қажет екені көрсетіледі)

Ескертпе:

* жаңа объект құрылған (салынған) жағдайда болашақ меншік иесі көрсетіледі, реконструкцияланған жағдайда қазіргі меншік иесі көрсетіледі

2. Ретроспектива (МИЖ бойынша, оның ішінде ағымдағы бағдарламалар бойынша бұрын бөлінген және игерілген қаражат туралы ақпарат)

Атауы		Инвестицияларды жүзеге асыру жылының алдындағы жылдар					
Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) нөмірі		20_жыл		20_жыл		20_жыл	
Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы							
Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы							
Стратегиялық бағыт	нөмір						
	атауы						
Мақсаты	нөмір						
	атауы						
Міндеті	нөмір						
	атауы						
Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) сомасы, мың теңге							

Бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бекітілген нормативтік құқықтық акт			Түрі						
			қабылданған күн						
			нөмір						
Нәтиже	Р/с №	Нысаналы индикатор	Өлшем бірлігі	жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт
Түпкілікті нәтиже (нәтиже көрсеткіштері)	1.								
	...								
	№								

3. Саланы маркетингтік талдау

1) объектілерді құруды (салуды) және реконструкциялауды болжайтын МИЖ үшін қаралатын өңірде жобада (жобаларда) болжанатын өнімге (тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) қазіргі және перспективалық сұранысты не жобаның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін талдауды көрсетеді.

2) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту арқылы саланы (салаларды) институционалдық дамытуды болжайтын МИЖ үшін іс-шараларды іске асыру әсер ететін негізгі көрсеткіштерді және даму серпінін көрсете отырып, іс-шараларды іске асыру болжанатын маркетингтік ортаны талдауды көрсетеді.

4. Іске асыруға болжанатын МИЖ-дің жалпы сипаттамасы (МИЖ-дің жалпы сипаттамасы басым тәртіппен жеке (жобалау бойынша) жазылады)

МИЖ-дің мақсаты мен міндеттері:

1) мақсаты (мақсаты Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында белгіленген экономика саласын (аясын) дамытудың неғұрлым кең міндеттерін/басымдықтарын көрсетуі тиіс);

2) сандық міндеттер (жобаның масштабын ауқымын айқындауға болатын жобаның сандық өлшенетін міндеттерін көрсетіңіз. Белгілі бір сандық көрсеткіштерді, мысалы, жобалық қуатты және басқаларды елестетіңіз);

3) түпкілікті нәтижелер (жобаны іске асыру нәтижесінде өндірілетін өнімнің/көрсетілетін қызметтің оларды алушылар үшін әсері, сондай-ақ бизнес субъектілеріне (оның ішінде шағын және орта бизнеске) әсері, мемлекеттік органдар тиімділігінің түйінді көрсеткіштері негізінде жобаны іске асырудан экономикалық және әлеуметтік қайтарымның ұзақ мерзімді көрсеткіштеріне қол жеткізу).

Жобаның негіздемесі: (осы жобаны іске асыру қажеттілігін негіздеңіз; егер жоба іске асырылатын болса, осы саланың көрсеткіші қаншалықты артатынын көрсетіңіз).

МИЖ сипаттамасы:

(1 және 2-кестелерге сәйкес жобаның мазмұнын және оның барлық іс-шаралары мен құрамдауыштарын сипаттаңыз)

1-кесте

Іс-шараны іске асыру кезеңі мен құны					
№	Іс-шаралар мен құрамдауыштардың атауы	Құны, мың теңге	Құны, мың теңге	Құны, мың теңге	Жиыны
1.					
1)					
2)					
2.					
1)					
2)					
Жиыны					

2-кесте

№	Жекелеген құрамдауыштар мен іске асыру кезеңдері	Сандық көрсеткіштер		
		Өлшем бірлігі	Жоба бойынша	Құны (мың теңге)
1.				
1)				
2)				
2.				
1)				
2)				
Жиыны				

5. МИЖ-ді басқарудың институционалдық сызбасы

Негізгі қатысушылардың сипаттамасы, олардың өзара іс-қимыл сызбасы, пайда мен шығындарды бөлу, инвестициялық және инвестициядан кейінгі кезеңдерде жобаны басқару сызбасы, сондай-ақ пайда алушылар (жобаны іске асырудан ұтатын адамдар санын және нысаналы топтарды көрсетіңіз).

6. Әлеуметтік және экологиялық әсер:

(жобаның халық пен қоршаған ортаға әсерін қысқаша сипаттаңыз)

Халықтың жұмыспен қамтылуына әсері (жобаны іске асыруға тікелей немесе жанама тартылатын адамдар санын бағалауды елестетіңіз).

7. МИЖ-ді қаржыландырудың ықтимал түрлері мен тәсілдері бойынша іске асырудың баламалы нұсқалары.

Тиісті негіздеуші есептерді қоса бере отырып, МИЖ-ді қаржыландырудың мынадай түрлері мен тәсілдері бойынша іске асыру мүмкіндігін (мүмкін еместігін) сипаттаңыз:

1) бюджеттік инвестициялық жоба (орындалатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер мен көзделген бюджет қаражаты шегінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемінің сандық сипаттамасы, оларға қол жеткізу толығымен осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызметтер көрсететін ұйымның қызметіне байланысты болады, әлеуметтік-экономикалық тиімділіктің болуы, балансы ұстаушысы тікелей бюджеттік бағдарламалар әкімшісі болып табылады);

2) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланған бюджеттік инвестициялар (орындалатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және көзделген бюджет қаражаты шегінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемінің сандық сипаттамасы, оларға қол жеткізу толығымен осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе Инвестициялар Алушының белгілі бір көлемі мен сапасы бар өнім өндіретін ұйымның қызметіне байланысты болады);

3) бюджеттік кредит (бюджеттік кредит беру қағидаттарына сәйкестігіне ақпаратты көрсету, оның ішінде: кредиттік шартқа сәйкес бюджеттік кредитті өтеу міндеттілігін көздейтін қайтарымдылық; Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәсілдермен міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің болуын көздейтін қамтамасыз етілу; қарыз алушының бюджеттік кредит бергені үшін сыйақы төлеуін көздейтін ақылылық; бюджеттік кредит беру мерзімін белгілеуді көздейтін мерзімділік);

4) мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобасы (ақпараттың сәйкестігін көрсету): "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген МЖӘ қағидаттарын сақтау; МЖӘ сызба бойынша жобаны іске асырудың әлеуметтік тиімділігі; МЖӘ сызба бойынша жобаны іске асырудың экономикалық тиімділігі; МЖӘ сызба бойынша ұсынылатын шешімдердің негізділігі;

5) мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз (квазимемлекеттік сектор субъектісінің белгіленген талаптарға сәйкестігіне, оның ішінде бұрын мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету бойынша берешегінің болмауы және кредиторлар алдында мерзімі өткен берешегінің болмауы бойынша ақпаратты көрсету) шаруашылық қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрмауға тиіс);

6) жеке инвестициялар (МИЖ-дің жоғары өтімділігіне сәйкес ақпаратты көрсету).

7) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы (жобаның Кодексте және осы Қағидаларда көзделген белгіленген талаптарға, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттары бойынша мемлекеттік міндеттемелер лимиттеріне сәйкестігін көрсету).

Байланысушы тұлғаның деректемелері

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): _____

Лауазымы: _____

Бөлімше/ұйым: _____

Мекенжайы: _____

Байланыс телефоны: _____

Электрондық пошта: _____

Мөрдiң орны (бар болса) _____

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) лауазымы қолы _____

Мемлекеттік инвестициялық
жобаларды жоспарлау және іске асыру,
инвестициялық ұсынысты,
техникалық-экономикалық және
қаржылық-экономикалық
негіздемелерді әзірлеу немесе түзету,
қажетті сараптамалар жүргізу,
бюджеттік кредиттеудің орындылығын
айқындау, мемлекеттік инвестициялық
жобалар портфелін қалыптастыру,
сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық
жобалардың бекітілген (нақтыланған)
параметрлерін түзету, іріктеу, іске
асырылуын мониторингтеу және
бағалау қағидаларына 2-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2025 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мына: бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынылады.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысан <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy> интернет-ресурсында орналастырылған:

Әкімшілік деректер нысанының атауы: Жобаның қаржылық-экономикалық моделінің базалық параметрлері _____.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанның индексі: 2-ЖҚЭМБП.

Кезеңділігі: біржолғы.

Есепті кезең: күн, ай, жыл.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: қажеттілігіне қарай.

Бизнес сәйкестендіру нөмірі

[illegible]

Жинау әдісі: электрондық түрде.

1-кесте

Р/с №	Параметр атауы	Параметр мәні	Негіздеме
1	2	3	4
1.	Жобаның жалпы құны	мың теңге	
2.	Инвестициялық кезең	жыл	
3.	Инвестициядан кейінгі кезең	жыл	
4.	Дисконттау мөлшерлемесі (коэффициенті) %		
5.	Инфляция деңгейі	%	
6.	Салық мөлшерлемелері	%	
7.	Амортизация нормалары		

2-кесте

№	Атауы	Ескертпе (негіздеме)	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл	...	n
1.	Экономикалық пайда						
1)	Тікелей ақша ағындары						
	оның ішінде :						
	жобаны іске асырудан шоғырландырылған бюджетке түсетін түсімдер						
2)	Жанама экономикалық пайдалар						
2.	Экономикалық шығындар						
1)	Инвестициялық шығындар/ Инвестиция						

	л ы қ шығындард ы өтеу *						
2)	Пайдалану шығындары / Операциял ы қ шығындард ы ң өтемақысы *						
3)	Жанама экономикал ы қ шығындар/ Басқару ү ш і н сыйақы *						
3.	Т а з а экономикал ық ағынның жиыны						
4.	Т а з а дисконтталғ а н экономикал ық ағынның жиыны						
5.	Экономикал ық таза дисконтталғ ан кіріс (ENPV)						
6.	Кірістілікті ң экономикал ық ішкі нормасы (EIRR)						
7.	Өтелімділік мерзімі (PP)						

Атауы Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

"Жобаның қаржылық-экономикалық
моделінің
базалық параметрлері"
өтеусіз негізде әкімшілік
деректер жинауға арналған
нысанға қосымша

"Жобаның қаржылық-экономикалық моделінің базалық параметрлері" өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индекс: 2-ЖҚЭМБП, кезеңділігі: біржолғы)

1-кесте бойынша:

1-бағанда "№" реті бойынша нөмір толтырылады;

2-бағанда параметрдің атауы толтырылады;

3-бағанда параметрдің мәні толтырылады;

4-бағанда негіздеме көрсетіледі;

1-жолда жобаның жалпы құны мың теңгемен көрсетіледі;

2-жолда инвестициялық кезең көрсетіледі;

3-жолда инвестициядан кейінгі кезең көрсетіледі;

4-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептеулерінде қолданылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі көрсетіледі;

5-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептерінде қолданылатын Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясаты және/немесе макроэкономикалық көрсеткіштерінің орта мерзімді болжамына сәйкес инфляция деңгейі көрсетіледі. Бұл ретте инвестициялаудан кейінгі кезең ішінде Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясаты көрсеткіштерінің немесе макроэкономикалық көрсеткіштерінің орта мерзімді болжамына сәйкес көрсетілген соңғы жылға арналған инфляция деңгейі қабылданады;

6-жолда Қазақстан Республикасының қолданыстағы Салық кодексіне сәйкес қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеуде қолданылатын салық мөлшерлемелері көрсетіледі;

7-жолда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеуде қолданылатын амортизация нормалары көрсетіледі.

2-кесте бойынша:

Осы нысан МИЖ-ді қаржыландырудың әрбір тәсілі бойынша жеке толтырылады (бюджеттік инвестициялық жоба ретінде, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына

мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар ретінде, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы ретінде, бюджеттік кредит ретінде, жеке инвестициялар ретінде, мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздар есебінен квазимемлекеттік сектор субъектілері іске асыратын жоба ретінде, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы ретінде).

1-тармақтың 1) тармақшасында инвестициялаудан кейінгі кезең ішінде жобаны іске асыруға байланысты барлық ақшалай түсімдер мен төлемдер көрсетіледі.

1-тармақтың 2) тармақшасында жобаны іске асыруға байланысты барлық пайдалар, оның ішінде инвестициялаудан кейінгі барлық кезең үшін айқындалатын экономиканың аралас салаларындағы (аяларындағы) қосымша әлеуметтік-экономикалық, экологиялық әсерлер көрсетіледі. Барлық пайда ақшалай баламада (мың теңге) келтіріледі.

1-тармақта тікелей ақша ағындары мен жанама экономикалық пайдалардың жиынтық құны көрсетіледі.

2-тармақтың 1) тармақшасында инвестициялық кезеңдегі барлық ақшалай салымдар ескерілген жобаның құны, оның ішінде жобалау-іздігіру жұмыстарының, жер учаскесін сатып алу немесе жалдау, оны құрылысқа бөлу және игеру құны, аумақты құрылысқа дайындау жөніндегі жұмыстардың және құрылыс-монтаждау жұмыстарының, жабдықтардың құны және басқалары көрсетіледі.

2-тармақтың 2) тармақшасында объектіні пайдалануға беру сәтінен бастап оны сүйемелдеуге және/немесе ұстауға бағытталған барлық ақшалай шығындар көрсетіледі.

2-тармақтың 3) тармақшасында барлық болжамды шығындар, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және пайдалану шығындарын қоспағанда, жобаны іске асырудың салдарларына байланысты экономиканың аралас салаларындағы (аяларындағы) шығындар көрсетіледі. Барлық шығындар ақшалай баламада (мың теңге) келтіріледі.

2-тармақта инвестициялық және пайдалану шығындарының, жобаның жанама экономикалық шығындарының жиынтық құны көрсетіледі.

3-тармақта экономикалық пайдалар мен шығындар арасындағы айырмашылық көрсетіледі.

4-тармақта таза экономикалық ағынды коэффициентке көбейту жолымен алынған шамалар көрсетіледі, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$k = 1/(1+r)^i$, мұндағы:

k – дисконттау мөлшерлемесі;

r – осы қосымшаның 1-кестесінде келтірілген дисконттау мөлшерлемесі;

i – жобаны іске асыру жылының реттік нөмірі (1-ден n -ге дейін).

5-тармақта 4-тармақта келтірілген таза дисконтталған экономикалық ағынды қосу арқылы алынған шама көрсетіледі.

6-тармақта экономикалық таза дисконтталған кіріс нөлге тең болған кезде дисконттау мөлшерлемесін табу арқылы алынған шама көрсетіледі.

7-тармақта мынадай формула бойынша есептелетін өтелу мерзімі көрсетіледі:

$PP = \min n$, мұнда

$$\sum_{i=1}^n$$

$CF_i > IC$, мұндағы:

IC (Invest Capital) – жобадағы бастапқы инвестициялық шығындар;

CF_i (Cash Flow) – таза пайда мен амортизация сомасын білдіретін уақыттың i -кезеңіндегі жобадан ақша ағыны.

Ақша ағынын есептеу үшін мынадай формулаларды пайдалану қажет:

$$CF_i = NP + A,$$

Немесе

$CF_i = \text{Кіріс} - \text{Операциялық шығасылар} - \text{Салық төлемдері мен қарыз капиталы бойынша төлемдер},$

мұндағы:

A (Amortization) – амортизация, шығын болып табылмайтын ақша ағынының түрі;

NP (Net Profit) – инвестициялық жобаның таза пайдасы.

*Қажеттісін таңдау

Мемлекеттік инвестициялық
жобаларды жоспарлау және іске
асыру, инвестициялық
ұсынысты, техникалық-
экономикалық және қаржылық-
экономикалық негіздемелерді
әзірлеу немесе түзету,
қажетті сараптамалар жүргізу,
бюджеттік кредиттеудің
орындылығын айқындау,
мемлекеттік инвестициялық
жобалар портфелін
қалыптастыру, сондай-ақ
мемлекеттік инвестициялық
жобалардың бекітілген
(нақтыланған) параметрлерін
түзету, іріктеу, іске асырылуын
мониторингтеу және бағалау
қағидаларына
3-қосымша

Объектілерді аса маңызды жобаларға және жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға жатқызу тәртібі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.02.2026 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Объектілерді аса маңызды объектілерге және жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға жатқызу Кодекстің 148-бабының 8-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Объектілерді аса маңызды объектілерге және жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға жатқызу тәртібін (бұдан әрі - Тәртіп) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

3. Жоғары тұрған бюджеттер дамуға арналған нысаналы трансферттерді қаржыландырудың балама көздері болмаған кезде аса маңызды объектілер мен жалпы ел үшін маңызы бар жобаларды қаржыландыруға төмен тұрған бюджеттерге береді.

4. Аса маңызды объектілерге мыналар жатады:

1) қызметін авариялық тоқтату жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайлардың туындауына алып келуі мүмкін объектілер:

ғылыми-зерттеу институттарының аумағында аса қауіпті патогендер мен бірегей биологиялық заттарды сақтауды қамтамасыз ететін биологиялық қауіпсіздік объектілері;

елді мекендердің су тасқыны және су басу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзендердің жағалауын нығайту жұмыстары;

гидротехникалық құрылысжайларды реконструкциялау;

желілердің кемінде 70 %-ы тозған кезде қуаты 100 Гкал/сағ және одан жоғары жылу электр орталықтары мен қазандықтарды реконструкциялау;

желілердің кемінде 70 %-ы тозған кезде кернеуі 35/10/0,4 кВ жоғары қосалқы станциялар мен электр беру желілерін реконструкциялау;

желілердің кемінде 70 %-ы тозған кезде техникалық күрделі объектілерге жататын кез келген диаметрдегі жылумен жабдықтаудың магистральдық желілерін және олардағы шартты (ішкі) диаметрі 350 мм (миллиметр) (қоса алғанда) жылумен жабдықтаудың тарату (орамішілік) желілерін және құрылысжайларын реконструкциялау;

ішкі диаметрі 300 мм (миллиметр) және одан астам топтық су тартқыштарды реконструкциялау;

өнімділігі тәулігіне кемінде 100 мың м³/тәулік (тәулігіне текше метр) кәріздік-тазарту құрылысжайлары;

2) ұзақ мерзімді перспективада экономикалық өсу орталықтарының әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін жалпымемлекеттік инфрақұрылымдық объектілер:

қуаты 100 Гкал/сағ және одан жоғары жылу электр орталықтары мен қазандықтар салу;

кернеуі 35/10/0,4 кВ жоғары қосалқы станциялар мен электр беру желілерін салу;

150 төсектен (қоса алғанда) астам мүгедектерге арналған оңалту орталықтары;

200-ден астам төсекке (қоса алғанда) арналған көпбейінді ауруханалар және ауысымына 250-ден астам адам (қоса алғанда) қабылдайтын емханалар;

200-ден астам төсекке (қоса алғанда) арналған перинаталдық орталықтар;
қан орталықтары;

200-ден астам төсекке (қоса алғанда) арналған жұқпалы аурулар ауруханалары;

300-нан астам төсекке (қоса алғанда) арналған ұлттық госпитальдар;

республикалық маңызы бар мәдениет объектілері;

бір мезгілде 500-ден астам адам (сыйымдылығы) болатын республикалық маңызы бар жабық спорттық-ойын-сауық ғимараттары немесе ашық құрылысжайлар;

Жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға мыналар жатады:

1) кемінде екі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономикалық дамуын қамтамасыз ететін объектілер:

республикалық маңызы бар тау шаңғысы инфрақұрылымының объектілері (аспалы арқан жолдары, кіреберіс автомобиль жолдары, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым);

метрополитендер;

2) белгілі бір саладағы біртекті жобаларды ел ауқымында біржолғы іске асыру арқылы міндеттерді белгіленген мерзімдерде шешуге бағытталған объектілер:

республикалық немесе коммуналдық меншіктегі туристік өңірлердегі, сондай-ақ Әлеуметтік-экономикалық даму жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген облыстық маңызы бар өнеркәсіптік қалалардағы әуежайлар, терминалдар, ұшу-қону жолақтары және ақпараттық авиациялық инфрақұрылым объектілері;

магистральдық газ құбырлары, магистральдық газ құбырларынан жоғары қысымды газ құбырлары-бұрғыштары, автоматтандырылған газ тарату станциялары, кенттер арасындағы жоғары қысымды жеткізуші газ құбырлары, елді мекендер шекарасындағы (шегіндегі) газ тарату желілері;

техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын кез келген диаметрдегі жылумен жабдықтаудың магистральдық желілерін және шартты (ішкі) диаметрі 350 мм (миллиметр) (қоса алғанда) жылумен жабдықтаудың тарату (орамішілік) желілерін және олардағы құрылысжайларды салу;

ішкі диаметрі 350 мм (миллиметр) және одан артық топтық сутартқыштар салу;

гидротехникалық құрылысжайлар салу;

бірнеше облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағы бойынша ағатын ірі өзендерді тазарту;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарға жеткізу;

"Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын білім беру объектілері;

"Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту" пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде іске асырылатын денсаулық сақтау объектілері;

"Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту" ұлттық жобасы шеңберінде іске асырылатын тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілері;

"Қолжетімді интернет" байланыс саласындағы ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілері.

5. Объектіні аса маңызды объектілерге және жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға жатқызуды Кодекстің 148-бабының 8-тармағында айқындалған жоғарыда аталған өлшемшарттардың негізінде тиісті орталық мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

6. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы объектіні аса маңызды объектілерге және жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға жатқызу үшін тиісті орталық мемлекеттік органға мыналарды:

объектінің паспорты қоса берілген, қысқаша ақпаратты (бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы, объектінің іске асыру орны, мақсаты мен міндеттері, оның ішінде сандық мәнде, іске асыру кезеңі, компоненттері, инвестициялардың жоспарланған көлемі) ашатын өтінімхатты;

баланс ұстаушы туралы мәліметтерді, меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелерін;

проблеманы шешудің оңтайлы жолы ретінде объектіні таңдауды негіздей отырып, оны шешу нұскасын таңдау кезінде қаралған балама нұскалар туралы мәліметтерді;

"Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңға сәйкес ұсынылатын объектінің сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау нәтижесін (реконструкциялау жүргізілген жағдайда);

МИЖ-дің ерекшелігіне байланысты ТЭН немесе ҚЭН әзірлеуді талап етпейтін жобаларды қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның инвестициялық ұсынысқа, ТЭН-ге оң экономикалық қорытындыларын;

объект туралы ақпаратты растайтын және ашатын басқа да материалдарды, құжаттарды ұсынады.

7. Тиісті орталық мемлекеттік орган 15 (он бес) жұмыс күні ішінде құжаттар топтамасын олардың жинақталуы және объектінің жоғарыда аталған өлшемшарттарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды және объектіні аса маңызды объектілерге және жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға жатқызу туралы салалық сараптаманың тиісті қорытындысын (бұдан әрі – Салалық сараптаманың қорытындысы) одан әрі тиісті ведомстволық бюджет комиссиясының қарауына енгізу үшін дайындайды.

Ведомстволық бюджет комиссиясы шешімінің қорытындысы бойынша тиісті орталық мемлекеттік орган 2 (екі) жұмыс күні ішінде тиісті Салалық сараптаманың қорытындысын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына жібереді.

8. Салалық сараптаманың қорытындысы:

1) саланың одан әрі дамуына әсер ететін, оның ағымдағы жай-күйінің проблемаларын;

2) жобаны іске асырудан күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсерлерді, оның ішінде бюджеттің кіріс бөлігін толықтыруға, тұрақты және уақытша жұмыс орындарын құруға әсерін;

3) проблеманы шешудің нұсқасын тандау кезінде қаралған қаржыландырудың балама көздерін;

4) жобалардың өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейтін және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкестігін бағалауды;

5) тұжырымдарды қамтиды.

9. Салалық сараптама қорытындысына мемлекеттік органның бірінші басшысы не оны алмастыратын адам не мемлекеттік органның бірінші басшысы уәкілеттік берген адам қол қояды және ресми құжаттар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделеді.

10. Осы Тәртіптің 6-тармағында көзделген құжаттар болмаған жағдайда, тиісті орталық мемлекеттік орган құжаттар топтамасы келіп түскен кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды қараусыз қайтарады.

11. Тиісті орталық мемлекеттік орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына салалық сараптаманың оң Қорытындысын бергеннен кейін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға осы Тәртіптің 6-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын жолдайды.

12. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган МИЖ бойынша ұсынылған құжаттаманы 15 (он бес) жұмыс күні ішінде МИЖ-дің мемлекеттік органдардың немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму және (немесе) іс-шаралар жоспарларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына және осы Тәртіптің 4-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

13. Құжаттардың толық топтамасы болмаған, сондай-ақ мемлекеттік органдардың немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму және (немесе) іс-шаралар жоспарларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында МИЖ болмаған және МИЖ осы Тәртіптің 4-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келмеген жағдайда, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган құжаттаманы пысықтауға қайтарады.

14. МИЖ осы Тәртіптің 4-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келген жағдайда, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісті орталық мемлекеттік органның салалық сараптамасының оң Қорытындысының және осы

Тәртіптің 6-тармағында көрсетілген құжаттардың негізінде аса маңызды жобалар мен жалпы ел үшін маңызы бар жобаларды осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес қалыптастырылатын МИЖ портфеліне қосады.

Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган жалпы ішкі өнім көлеміне салымның болжамды үлесін, бюджет түсімдерінің болжамды өсімін, салаға салынатын инвестициялардың болжамды өсімін және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басқа да параметрлерін айқындау жолымен МИЖ портфеліне қосылған салалық МИЖ-дің экономиканың дамуына ықтимал әсерін талдауды жүзеге асырады.

15. Республикалық бюджет жобасына енгізу үшін аса маңызды объектілерге және жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға жатқызылған МИЖ-ді айқындауды және оларды тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығаруды МИЖ портфелі негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

16. Күрделі (қалпына келтіру) жөндеу жүргізуге бағытталған объектіні аса маңызды объектілерге және жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға жатқызуға жол берілмейді.

Мемлекеттік инвестициялық
жобаларды жоспарлау және іске
асыру, инвестициялық ұсынысты,
техникалық-экономикалық және
қаржы-экономикалық негіздемелерді
әзірлеу немесе түзету, қажетті
сараптамаларды жүргізу, бюджеттік
кредит берудің орындылығын
айқындау,
мемлекеттік инвестициялық жобалар
портфелін
қалыптастыру, сондай-ақ бекітілген (
нақтыланған)
параметрлерді түзету, мемлекеттік
инвестициялық
жобаларды іріктеу, мониторингілеу
және іске
асырылуын бағалау қағидаларына
4-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy>.

Әкімшілік нысанның атауы: Квазимемлекеттік сектор субъектісінің инвестициялық картасы.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысанның индексі: 4-КССИК.
Кезеңділігі: біржолғы.

Есепті кезең: ____ күн ____ ай ____ жыл.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: қажеттілігіне қарай.

Бизнес сәйкестендіру нөмірі

[illegible]

Жинау әдісі: электрондық түрде.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

(атауы және коды)

[illegible]

	2.												
	...												

Атауы

Мекенжайы

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

"Квaзимемлекеттік сектор
субъектісінің инвестициялық
картасы" өтеусіз негізде
әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға
қосымша

"Квaзимемлекеттік сектор субъектісінің инвестициялық картасы" өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме 4-КССИК (біржолғы)

1-бағанда "№" реті бойынша нөмір толтырылады;

2-бағанда жобаның атауы көрсетіледі;

3-бағанда жобаның іс-шараларының/құрауыштарының атауы көрсетіледі. Тараулардың саны мен атауы қаржы-экономикалық негіздемелерде (егер қаржыландыру көзі республикалық не жергілікті бюджет, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты болып табылған жағдайда) не заңды тұлғаны дамыту жоспарында (егер қаржыландыру көзі қарыз не меншікті қаражат болып табылған жағдайда) көрсетілген және жоба активтерін сатып алуды көздейтін іс-шаралардың саны мен атауына сәйкес келуге тиіс;

4-бағанда квазимемлекеттік сектор субъектісінің атауы, сондай-ақ қаражат бөлінген /бөлінетін/бөлінетін инвестициялардың түпкілікті алушылары көрсетіледі;

5-бағанда қаржыландырудың барлық көздерін ескере отырып, жобаның жалпы құны көрсетіледі;

6, 7, 8, 9, 10, 11-бағандарда оның шеңберінде қаражат бөлінген/бөлінуде/бөлінетін қаржыландыру көзінің тиісті бағанында қаражат көрсетіледі;

12, 13-бағандарда инвестициялық жобаны іске асыру/салу мерзімі көрсетіледі;

14, 15-бағандарда инвестициялық жобаны пайдалану мерзімі көрсетіледі.

Мемлекеттік инвестициялық
жобаларды жоспарлау және іске

асыру, инвестициялық ұсынысты,
техникалық-экономикалық және
қаржы-экономикалық негіздемелерді
әзірлеу немесе түзету, қажетті
сараптамаларды жүргізу, бюджеттік
кредит берудің орындылығын
айқындау,
мемлекеттік инвестициялық жобалар
портфелін
қалыптастыру, сондай-ақ бекітілген (
нақтыланған)
параметрлерді түзету, мемлекеттік
инвестициялық
жобаларды іріктеу, мониторингілеу
және іске
асырылуын бағалау қағидаларына
5-қосымша

Мемлекеттік инвестициялық жобаны іріктеу әдістемесі

1. ББӘ МЖӘ ретінде МЖӘ инвестициялық ұсынысын одан әрі әзірлеу үшін МИЖ-ді бастапқы іріктеуді жүзеге асырады немесе МЖӘ емес, бірақ мыналармен шектелмейді:

МЖӘ іске асыру үшін объектіні беру бойынша заңнамалық шектеулердің болуы (мысалы, "Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру үшін, оның ішінде концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 06.11.2017 жылғы № 710 және т.б. қаулысына сәйкес объектіні МЖӘ іске асыру үшін беруге жатпайтын объектілердің тізбесіне енгізу);

МИЖ шеңберінде объектіні құру (салу және/немесе реконструкциялау және/немесе жаңғырту) жөніндегі іс-шаралардың болмауы;

МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде жекеше әріптестің объектіні пайдалану және немесе оған техникалық қызмет көрсету бойынша заңнамалық шектеулердің болуы.

МЖӘ ретінде МИЖ-ді айқындау үшін жобаның жоғарыда көрсетілген критерийлердің біріне сәйкестігі жеткілікті.

2. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі - МЖӘ) жобаларын іске асыру үшін басқалармен қатар, мемлекет үшін негізгі алғышарттар (өлшемдер), оның ішінде жиынтығында мынадай факторлардың болуы болып табылады:

1) жоба Қазақстан Республикасының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптестің ресурстарын біріктіру жолымен мемлекет экономикасына инвестициялар тартуға бағдарланады; ұзақ мерзімді кезеңге халық үшін құндылық жасау;

2) жобаның мақсаты халықтың, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасының деңгейін арттыру болып табылады;

3) жоба кәсіпкерлік субъектілері үшін экономикалық тартымды болып табылады;

4) жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға жәрдемдесуді қоса алғанда, Қазақстан Республикасында жалпы инновациялық белсенділікті арттыру жобаның мақсаты болып табылады;

Жекеше әріптестің меншікті ақша қаражатының қатысуы мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісі құнының кемінде он пайызын құрайды;

6) республикалық мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын және ерекше маңызы бар МЖӘ жобаларын қоспағанда, жоба бюджет есебінен валюталық тәуекелдерді жабуды көздемейді;

7) МЖӘ жобасында инвестициялық және пайдалану кезеңдерінің болуын болжайды ;

8) инвестициялық кезең МЖӘ объектісін жобалауды (қажет болған жағдайда), салуды және/немесе реконструкциялауды және/немесе жаңғыртуды не құруды қамтиды .

МЖӘ жобаларына мемлекеттің қатысуының негізгі критерийлері жеке инвестицияларды тарту арқылы, оның ішінде баға мен сапаның оңтайлы арақатынасын ескере отырып, мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу, сондай-ақ МЖӘ тетіктері арқылы мемлекеттік инвестициялық жобаны іске асырудың заңнамалық мүмкіндігі болып табылады.

1.1. Іріктелген МИЖ бойынша инвестициялық ұсынысты әзірлеу МИЖ-ді іске асырудың баламалы нұсқаларын әзірлеместен, таңдалған түрі және қаржыландыру тәсілі бойынша жүзеге асырылады.

МИЖ-дің қалған түрлері бойынша инвестициялық ұсынысты әзірлеу оны іске асырудың баламалы нұсқаларын ескере отырып жүзеге асырылады.

ББӘ мынадай критерийлер бойынша іріктелген МИЖ үшін қаржыландырудың басым түрі мен тәсілін одан әрі таңдауды жүзеге асырады, бірақ онымен шектелмейді:

1) БИЖ сияқты, мынадай жағдайда:

егер жоба жаңа объектілерді құруға (салуға) не қолда бар объектілерді реконструкциялауға, сондай-ақ белгілі бір уақыт кезеңі ішінде бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын және аяқталған сипаты бар ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған іс-шараларды көздесе;

егер объект мемлекеттік мекеменің балансында болса;

тікелей қаржылық кіріс болмаған не егер пайда алушы мемлекеттік мекеме болып табылса;

МИЖ құжаттамасын әзірлеу және сараптау құнының жобаны іске асыру құнынан асып кетуі.

2) бюджеттік кредит ретінде, мынадай жағдайда:

пруденциялық нормативтер мен ковенанттар бойынша шектеулердің болмауы;

іс-шаралардың өзін-өзі ақтауы;

мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыру кезінде қаржы агенттігі қарыз алушы ретінде әрекет етсе.

3) мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз ретінде:

инвестициялық жобаны іске асыру;

егер қарыз алушы Қазақстан Республикасының резиденті және Қазақстан Республикасының Үкіметін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін және жергілікті атқарушы органдарды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын квазимемлекеттік сектор субъектісі болып табылса;

пруденциялық нормативтер мен ковенанттар бойынша шектеулердің болмауы;
іс-шаралардың өзін-өзі ақтауы.

4) заңды тұлғаның жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы, мынадай жағдайда:

егер заңды тұлға квазимемлекеттік сектор субъектісі болып табылса;

егер объект квазимемлекеттік сектор теңгерімінде болса;

өз қаражаты және қарыз қаражаты есебінен іс-шараларды қаржыландырудың мүмкін еместігінің алғышарттарының болуы;

шаруашылық қызметтің ағымдағы шығындарын жабу және заңды тұлғаның ағымдағы шығыстарын қаржыландыру қажеттілігінің болмауы.

5. МИЖ инвестициялық ұсынысына экономикалық қорытынды екі деңгейден тұрады.

Экономикалық қорытындының бірінші деңгейі жобаның Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарына сәйкестігін бағалау жолымен МИЖ-ді іске асырудың басымдығын айқындайды.

МИЖ жүзеге асыру жолымен ойын-сауық қызметтерін көрсетуге, ойын бизнесіне, шаштараздар мен косметикалық қызметтер салондарына, монша-сауықтыру кешендеріне, сауда-ойын-сауық орталықтарына бағытталған жобалар іске асырылмайды.

Егер құжаттаманы әзірлеуге және сараптауға арналған шығындар жобаны іске асыру құнынан асып кетсе, онда МИЖ МЖӨ тетігі арқылы қаралмайды.

МИЖ инвестициялық ұсынысына экономикалық қорытындының екінші деңгейі баға мен сапа арақатынасын талдау әдісімен жүргізіледі (VFM).

МИЖ-ді қаржыландыру түрі мен тәсілі осы Қағидаларға 1-қосымшаның 4-тармағына сәйкес таңдалған МИЖ бойынша экономикалық қорытындының бұл деңгейі МИЖ-ді қаржыландырудың таңдалған түрі мен тәсілі бойынша ғана пайда мен шығындарға талдау жүргізу жолымен жүргізіледі.

Қалған МИЖ бойынша МИЖ инвестициялық ұсынысының экономикалық сараптамасының екінші деңгейі төмендегі талаптарды ескере отырып, баға мен сапа арақатынасына (VFM) талдау жүргізу жолымен жүргізіледі.

Баға мен сапа арақатынасын анықтау (VFM):

$$VFM = \sum_{t=0}^n \frac{Y_{Ct} + AR_{Ct}}{(1+r)^t} - \sum_{t=0}^n \frac{CC_{Ct} + OM_{Ct} + RR_{Ct} + AC_{Ot} + AC_{Nt} + ASE_{Ct} + AR_{Ct}}{(1+r)^t}$$

қайда,

МЖӘ жобасы бойынша шығындарды бағалау көрсеткіштері:

Y_{Ct} - мемлекет үшін t жылындағы МЖӘ схемасының жылдық құны (мысалы, қолжетімділік үшін төлемдер). Бұл көрсеткіш МЖӘ жобасын орындау шеңберінде жекеше әріптестің пайдасына мемлекет төлемдерінің көлемін көрсетеді (күрделі шығындарды (мысалы, құрылысқа арналған шығыстарды), Объектіні пайдалану және/немесе оған қызмет көрсету жөніндегі операциялық шығыстарды, жекеше әріптеске ол қабылдаған тәуекелдер үшін өтемақыларды қамтуы мүмкін).

AR_{Ct} - Реттеуші шығыстарға түзету

Реттеуші шығыстар - реттеуші талаптарға байланысты қосымша шығындарды есептеуге қосу (экологиялық нормаларды сақтауға, өнімді сертификаттауға, салықтар мен алымдарды төлеуге, рұқсат алуға және т.б. шығыстар).

Сондай-ақ салық төлеушілер үшін жанама шығындар болып табылатын мемлекеттік қолдаудың басқа да түрлерін қамтуы мүмкін (мысалы, Қарыз бойынша сыйақыларды Даму арқылы мемлекет тарапынан субсидиялау және т.б.)

r = дисконттау ставкасы, жобаны талдаудың осы кезеңінде инвестициялық ұсынысты әзірлеу күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық ставкасына не Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес болжанатын инфляцияның орташа мәніне тең қабылданады.

Ескерту:

МЖӘ жобасы бойынша шығындардың осы көрсеткіштері осы Қағидалардың 2-қосымшасының 7-тармағының б) тармақшасына сәйкес жобаның есептеріне сүйене отырып көрсетіледі.

БИЖ ретінде жобаны іске асыру үшін мемлекеттің түзетілген шығындары:

CC_{Ct} - t жылы PSC бойынша құрылысқа арналған шығыстар (артық шығысты қоса алғанда) көрсетіледі.

Құрылысқа арналған шығыстар - нормативтік көрсеткіштерді пайдалану жолымен айқындалады. Жобаны іске асырудың инвестициялық кезеңінде бюджеттік инвестициялардың баламалы құны бойынша шығыстарды қоса алғанда, (болған кезде) / ретроспективті (тарихи) көрсеткіштер/балама жобалар бойынша алдыңғы мемлекеттік келісімшарттар бойынша деректер/халықаралық тәжірибе (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің орналастырылатын ұзақ мерзімді облигацияларының

мөлшерлемесі бойынша инвестициялық кезеңде мемлекеттік бағалы қағаздар шығару жолымен Қазақстан Республикасының Үкіметі тартатын борышқа қызмет көрсету жөніндегі шығындар (<https://kase.kz/ru/gsecs/>).

OMt - t жылы PSC бойынша пайдалануға және/немесе техникалық қызмет көрсетуге арналған операциялық шығыстар.

Операциялық шығыстар - жобаны іске асырудың пайдалану кезеңіндегі бюджеттік инвестициялардың баламалы құны бойынша шығыстарды (инвестициялық кезеңде мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару жолымен Қазақстан Республикасының Үкіметі тартатын борышқа қызмет көрсету бойынша шығыстарды қоса алғанда, балама жобалар бойынша алдыңғы мемлекеттік келісімшарттар бойынша нормативтік көрсеткіштерді (болған кезде)/ретроспективті (тарихи) көрсеткіштерді/халықаралық тәжірибені пайдалану жолымен айқындалады Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің орналастырылатын ұзақ мерзімді облигациялары).

RRt - жылына PSC бойынша жаңарту және ауыстыру шығыстары.

Жаңартуға және ауыстыруға арналған шығыстар - нормативтік көрсеткіштерді (болған кезде)/ретроспективті (тарихи) көрсеткіштерді/балама жобалар бойынша алдыңғы мемлекеттік келісімшарттар бойынша деректерді/халықаралық тәжірибені пайдалану жолымен айқындалады.

Жоғарыда көрсетілген деректер болмаған кезде - жаңартылатын және ауыстырылатын активтер бойынша құн оларды сатып алуға арналған бастапқы инвестициялық шығындарды негізге ала отырып, экономиканың осы сегментінің инфляция көрсеткішіне түзетумен (инфляция болған кезде) пайдаланылады, салалық инфляция болмаған кезде - Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес болжанатын инфляцияның орташа мәніне түзетуге болады.

ARt - t жылына тәуекелге түзетулер.

Жекеше әріптеске МЖӘ моделі бойынша берілген ақшалай мәндегі тәуекелдер көрсетіледі.

ACNt - t жылындағы бәсекелестік бейтараптықты қамтамасыз ету үшін түзетулер.

Бәсекелестік бейтараптық: мемлекеттік компаниялардың салықтық артықшылықтары (ҚҚС, мүлік салығы және т.б.), МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттен кепілдіктер (жобаның тәуекелдерін төмендетуі мүмкін) және т.б. болуы мүмкін.

ASEt - жобаның әлеуметтік-экономикалық салдарларындағы айырмашылықтарды ескере отырып түзетулер t

Қаралып отырған сатып алу тәсілдерінен түсетін әлеуметтік-экономикалық салдарлар (пайдалар) (мысалы, МЖӘ жобалары бойынша құрылысты аяқтау мерзімдерін кешіктіру ықтималдығы аздау болуы мүмкін және әлеуметтік-экономикалық пайда алу мерзімдері дәстүрлі сатып алуларға қарағанда жеделдетілуі мүмкін).

$ACOt = t$ жылына операциялық шығыстарға түзету

Қосымша операциялық шығыстар - нормативтік көрсеткіштерді (болған кезде)/ретроспективті (тарихи) көрсеткіштерді/балама жобалар бойынша алдыңғы мемлекеттік келісімшарттар бойынша деректерді/халықаралық тәжірибені пайдалану жолымен айқындалады (мысалы, МЖӘ жобалары бойынша қосымша персоналды тарту, мемлекеттік кәсіпорындар тарапынан қарыздармен МЖӘ жобасын қолдау кезіндегі шығыстар, Даму желісі бойынша қарыздар бойынша пайыздарды субсидиялау)

Ескерту:

БИЖ бойынша шығындардың осы көрсеткіштері осы Қағидалардың 2-қосымшасының 7-тармағының б) тармақшасына сәйкес жобаның есептеріне сүйене отырып көрсетіледі.

VfM анықтамасы:

VfM талдауы жобаның мақсаттарына қол жеткізу үшін баға мен сапа (пайда мен шығындар) арақатынасын оңтайландыруға, жекеше әріптестің тәуекелдерді тиімді басқару ынталандырулары мен мүмкіндіктерінің болуын/болмауын бағалауға, оларды төмендетуге және мемлекеттік сатып алумен салыстырғанда үлкен пайда алуға бағытталуы тиіс.

Осы кезеңде баға мен сапа арақатынасын бағалау (VfM) қол жетімді көздерден алынған деректерді (ретроспективті/тарихи деректер/аналогтар/халықаралық тәжірибе, жанама көздерден алынған деректер және т.б.) пайдалана отырып жүргізіледі.

ртүрлі уақыт деректері бар шығыстардың екі құрылымынан алынған салыстырмалы мәндерді бірдей дисконттау ставкасын пайдалана отырып, көрсеткіштерді салыстыру үшін таза келтірілген құнға келтіру қажет.

Егер VfM көрсеткіші оң болса, онда МЖӘ жобасы ретінде емес, МИЖ өзге түрлері арқылы МИЖ-ді іске асыру неғұрлым тиімді болып табылады.

Егер VfM көрсеткіші теріс болса, онда МЖӘ тетігі арқылы МИЖ-ді іске асыру неғұрлым тиімді болып табылады.

Егер баға мен сапа арақатынасын (VfM) талдау нәтижелері бойынша МИЖ жобасы МЖӘ жобасы ретінде іске асыру үшін таңдалмаған жағдайда, онда МИЖ түрін және МИЖ-ді қаржыландырудың басым схемасын айқындау осы әдістеменің 4-тармағында айқындалған өлшемшарттар негізінде, бірақ шектелмей жүзеге асырылады.

Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру, инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық және қаржы-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамаларды жүргізу, бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін

қалыптастыру, сондай-ақ бекітілген (нақтыланған)
 параметрлерді түзету, мемлекеттік инвестициялық жобаларды іріктеу, мониторингілеу және іске асырылуын бағалау қағидаларына 6-қосымша

Үлгі

Инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытынды

1.	Жоба бойынша жалпы ақпарат
1.1.	Мемлекеттік инвестициялық жобаның атауы
1.2.	Жобаның қуаты (өлшем бірлігі)
1.3.	Іске асыру кезеңі (жыл)
1.4.	Пайдалану кезеңі (жыл)
1.5.	Жобаны іске асырудың негіздемесі (салалық сараптаманың қорытындысына сәйкес)
1.6.	Қаржыландыру тетіктері мен көлемі (пайдалануға берілгенге дейінгі барлық шығындар) (мың теңге)
1)	Бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу (түзету) құны (мың теңге)
2)	Жерді сатып алу құны (мың теңге)
3)	Нормативтік құқықтық актілерде белгіленген мемлекеттік міндеттемелер лимиттері шегінде мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мүмкіндігі (жобаны мемлекеттік-жекешелік әріптестік ретінде іске асырған жағдайда)
1.7.	Бюджеттік инвестициялық саясаттың басымдықтарына сәйкестігі
1.8.	Ұсынылған құжаттаманың болуы
2.	Мемлекеттік органдардың немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарларын және (немесе) іс-шараларын қоса алғанда, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының ережелеріне сәйкестігі (құжаттың деректемелерін көрсету)
3.	Жобаны басқарудың институционалдық схемасы (іске асыру барысында да, инвестициядан кейінгі кезеңде де жобаның барлық қатысушылары туралы ақпарат, олардың өзара іс-қимылы)
4.	Түпкілікті нәтиженің өлшенетін (сандық) көрсеткіштерінің болуы
5.	Тәуекелдерді бағалау тұрғысынан жобаны іске асыру мүмкіндігі

Бюджеттік инвестициялық жобаның қысқаша сипаттамасы

№ п/п	Көрсеткіштің атауы	сипаттама				
1	2	3				
1.	Жобаның атауы					
2.	Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы					
3.	Жобаның өтініш берушісінің атауы (республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері есебінен қаржыландыру арқылы іске асыру болжанатын жобаны қараған жағдайда көрсетіледі)					
4.	Жобаны іске асыру орны					
5.	Жобаның мақсаты					
6.	Нәтижелер көрсеткіштері					
7.	Жобаның құрамдас бөліктері					
8.	Жобаның ауқымы және жобаның қуаты					
9.	Нысаналы топтар, оның ішінде негізгі пайда алушылар					
10.	Жобаны іске асыру көзделетін нормативтік құқықтық актілер, оның ішінде мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары					
11.	Жоба бойынша инвестициялық ұсынысты экономикалық бағалау қорытындысының күні мен нөмірі					
12.	Жылдар бойынша қаржыландыруды бөле отырып жобаның жалпы құны					
	қаржыландыр у көзі	Қаржыландыр у нысаны	20_ жыл	Қаржыландыр у нысаны	20_ жыл	Барлығы
	Республикалы қ бюджет					
	Жергілікті бюджет					
	Басқа көздер					
	Барлығы:					
13.	ТЭН әзірлеу мен сараптаманы қаржыландыру көзі және сомасы					
	ТЭН әзірлеуді және сараптаманы қаржыландыру көзі					
	ТЭН әзірлеу және сараптау құны					
	ТЭН әзірлеушінің атауы					
	ТЭН әзірлеу жөніндегі шарттың деректемелері					
14.	Жобаны іске асыру кезеңі					
15.	Жобаның қалыпты жұмыс істеу режимін қамтамасыз ету үшін сапалық және сандық талаптар					

16.	Жобаның жұмыстарындағы, тауарларындағы және көрсетілетін қызметтеріндегі жоспарланған қазақстандық қамту көлемі	
17*.	Әкімші өкілі	
1)	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
2)	лауазым	
3)	байланыс телефоны	
4)	электрондық пошта	

Атауы

Мекенжайы

Телефоны

Электрондық пошта мекенжайы

Орындаушы

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдін орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

"Бюджеттік инвестициялық
жобаның қысқаша сипаттамасы"
өтеусіз негізде әкімшілік
деректер жинауға арналған
нысанға қосымша

"Бюджеттік инвестициялық жобаның қысқаша сипаттамасы" өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме 7- БИЖҚС (біржолғы)

1-бағанда "№" реті бойынша нөмір толтырылады;

2-бағанда көрсеткіштің атауы толтырылады;

3-бағанда көрсеткіштің сипаттамасы көрсетіледі;

1-жолда жобаның атауы көрсетіледі;

2-жолда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы көрсетіледі;

3-жолда жобаның өтінім берушісінің атауы көрсетіледі (республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері есебінен қаржыландыру арқылы іске асыру болжанатын жобаны қараған жағдайда көрсетіледі);

4-жолда жобаны іске асыру орны көрсетіледі;

5-жолда жобаның мақсаты көрсетіледі;

6-жолда нәтижелер көрсеткіштері көрсетіледі;

7-жолда жобаның компоненттері көрсетіледі;

8-жолда жобаның ауқымы және жобаның қуаты көрсетіледі;

10-жолда жобаны іске асыру көзделетін нормативтік құқықтық актілер, оның ішінде мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары көрсетіледі;

12-жолда жылдар бойынша қаржыландыруды бөле отырып, жобаның жалпы құны көрсетіледі;

14-жолда жобаны іске асыру кезеңі көрсетіледі;

16-жолда жобаның жұмыстарындағы, тауарларындағы және көрсетілетін қызметтеріндегі жоспарланған қазақстандық қамту көлемі көрсетіледі.

Үлгі

Жобаны іске асыру кестесі (оның ішінде технологиялық кезеңдер бойынша) жобаның құрауыштары бойынша қаржыландыруды бөле отырып

[illegible]

нент құрамд а с бөлік												
3 - құрамд а с бөлік												
п құрамд а с бөлік												

Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру, инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық және қаржы-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамаларды жүргізу, бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру, сондай-ақ бекітілген (нақтыланған) параметрлерді түзету, мемлекеттік инвестициялық жобаларды іріктеу, мониторингілеу және іске асырылуын бағалау қағидаларына 9-қосымша

Үлгі

Жобаның институционалдық схемасы

№ п/п	Ж о б а қатысушысының атауы	Жобаға қатысушы туралы ақпарат	Ж о б а ғ а қатысушының функциялары	Ж о б а ғ а қатысушының жауапкершілігі
1	2	3	4	5
1.	Бағдарлама әкімшісі			
2.	Жобаның өтініш берушісі (республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері есебінен қаржыландыру арқылы іске асыру болжанатын			

	жобаны қараған жағдайда көрсетіледі)			
3.	Жобаға қатысушы (Инвестициядан кейінгі кезеңдегі баланс ұстаушы)			
4.	Жобаға қатысушы (Пайдаланушы ұйым)			
5.	Жоба қатысушысы			
6.	n Жобаға қатысушы			

Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру, инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық және қаржы-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамаларды жүргізу, бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру, сондай-ақ бекітілген (нақтыланған) параметрлерді түзету, мемлекеттік инвестициялық жобаларды іріктеу, мониторингілеу және іске асырылуын бағалау қағидаларына 10-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy>.

Әкімшілік нысанның атауы: Салалық көрсеткіштер мен макроэкономикалық индикаторларды ескере отырып, жобаның қаржы-экономикалық моделінің базалық параметрлері

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-сандық көрінісі): 10-ЖКЭМБП.

Кезеңділігі: біржолғы.

Есепті кезең: __ күн __ ай __ жыл.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері

Өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:
қажеттілігіне қарай

Бизнес сәйкестендіру нөмірі

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электрондық түрде.

№ п/п	Параметр атауы	Параметр мәні	негіздеме
1	2	3	4
1.	Жобаның жалпы құны	тысяч тенге	
2.	Инвестициялық кезең	ГГГГ-ГГГГ	
3.	Инвестициядан кейінгі кезең	ГГГГ-ГГГГ	
4.	Дисконттау мөлшерлемесі (коэффициенті)	(%	
5.	Инфляция деңгейі	%	
6.	Салық мөлшерлемелері	%	
7.	Амортизация нормалары		
8.	Салалық көрсеткіштер		
9.	Макроэкономикалық индикаторлар		
10.	Басқа		

Атауы

Мекенжайы

Телефоны

Электрондық пошта мекенжайы

Орындаушы

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

"Салалық көрсеткіштер мен макроэкономикалық индикаторларды ескере отырып, жобаның қаржы-экономикалық моделінің базалық параметрлері" өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысанға қосымша

"Салалық көрсеткіштер мен макроэкономикалық индикаторларды ескере отырып, жобаның қаржы-экономикалық моделінің базалық параметрлері" өтеусіз негізде әкімшілік деректер

жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индексі: 10- ЖКЭМБП, кезеңділігі: біржолғы)

1-бағанда "№" реті бойынша нөмір толтырылады;

2-бағанда параметрдің атауы толтырылады;

3-бағанда параметрдің мәні толтырылады;

4-бағанда негіздеме көрсетіледі;

1-жолда жобаның жалпы құны мың теңгемен көрсетіледі;

2-жолда инвестициялық кезең көрсетіледі;

3-жолда инвестициядан кейінгі кезең көрсетіледі;

4-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеуде қолданылатын ТЭН әзірлеу сәтіндегі (бірақ 6 айдан аспайтын) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасы көрсетіледі.

5-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептерінде қолданылатын Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясаты және/немесе макроэкономикалық көрсеткіштерінің орта мерзімді болжамына сәйкес инфляция деңгейі көрсетіледі. Бұл ретте келесі инвестициялаудан кейінгі кезең ішінде Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясаты көрсеткіштерінің/немесе макроэкономикалық көрсеткіштерінің орта мерзімді болжамына сәйкес көрсетілген соңғы жылға арналған инфляция деңгейі қабылданады.

6-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептеулерінде қолданылатын ТЭН әзірлеу сәтіндегі Қазақстан Республикасының қолданыстағы Салық кодексіне сәйкес салық ставкалары көрсетіледі.

7-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеуде қолданылатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ТЭН әзірлеу сәтіндегі амортизация нормалары көрсетіледі.

8-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептерінде қолданылатын, мынадай сипаттамаларға жауап беретін көрсеткіштер көрсетіледі:

ұлттық шоттар жүйесінде деректердің, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының болуы;

нысаналы мәндердің, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының, оның ішінде мемлекеттік органның стратегиялық құжаттарының болуы.

9-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептерінде қолданылатын Қазақстан Республикасының макроэкономикалық көрсеткіштерінің орта мерзімді болжамына сәйкес макроэкономикалық индикаторлардың мәндері көрсетіледі. Сондай-ақ экономиканың макроэкономикалық дамуының түйінді немесе интеграцияланған индикаторын қолдануға болады (оны ұсыну мүмкіндігі болған жағдайда). Мысалы, ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі, өнеркәсіп өнімінің көлемі, мұнайдың әлемдік бағасы (Brent қоспасы) және басқалары.

10-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептеулерінде қолданылатын басқа да көрсеткіштер (параметрлер) көрсетіледі.

Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру, инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық және қаржы-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамаларды жүргізу, бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру, сондай-ақ бекітілген (нақтыланған) параметрлерді түзету, мемлекеттік инвестициялық жобаларды іріктеу, мониторингілеу және іске асырылуын бағалау қағидаларына 11-қосымша Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy>.

Әкімшілік нысанның атауы: Жобаның қаржылық тиімділік көрсеткіштерін есептеу _____.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысанның индексі: 11-ЖҚТКЕ.

Кезеңділігі: біржолғы.

Есепті кезең: __ күн __ ай __ жыл. Өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері

Өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: қажеттілігіне қарай

Бизнес сәйкестендіру нөмірі

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электрондық түрде.

Жобаның қаржылық тиімділік көрсеткіштерін есептеу

		Ескерту (негіздеме, ТЭН-ге					
--	--	----------------------------	--	--	--	--	--

№	Атауы	сілтеме, сараптамала р)	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл	...	n
1.	Тікелей ақша ағындары мың теңге						
2.	Инвестиция лық шығындар мың теңге						
3.	Пайдалану шығындары мың теңге						
4.	Шығындар жиынтығы мың теңге						
5.	Таза ақша ағынының жиыны мың теңге						
6.	Таза дисконтталғ ан ақша ағынының жиыны мың теңге						
7.	Таза дисконтталғ ан кіріс (NPV) мың теңге						
8.	Кірістілікті ң ішкі нормасы (IRR) %						
9.	Өзін-өзі ақтаудың қарапайым мерзімі (қаржылық) жыл						
10.	Дисконттал атын (қаржылық) өзін-өзі ақтау мерзімі жыл						

Атауы

Мекенжайы

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

"Жобаның қаржы-экономикалық
моделінің базалық параметрлері"
өтеусіз негізде әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысанға
қосымша

"Жобаның қаржылық тиімділігі көрсеткіштерін есептеу" өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме (индексі: 11-БПФЭМП, кезеңділігі: біржолғы)

1-бағанда "№" реті бойынша нөмір толтырылады;

2-бағанда параметрдің атауы толтырылады;

3-бағанда параметрдің мәні толтырылады;

4-бағанда негіздеме көрсетіледі;

1-жолда жобаның жалпы құны мың теңгемен көрсетіледі;

2-жолда инвестициялық кезең көрсетіледі;

3-жолда инвестициядан кейінгі кезең көрсетіледі;

4-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеуде қолданылатын ТЭН әзірлеу сәтіндегі (бірақ 6 айдан аспайтын) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасы көрсетіледі.

5-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептерінде қолданылатын Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясаты және/немесе макроэкономикалық көрсеткіштерінің орта мерзімді болжамына сәйкес инфляция деңгейі көрсетіледі. Бұл ретте келесі инвестициялаудан кейінгі кезең ішінде Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясаты көрсеткіштерінің/немесе макроэкономикалық көрсеткіштерінің орта мерзімді болжамына сәйкес көрсетілген соңғы жылға арналған инфляция деңгейі қабылданады.

6-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептеулерінде қолданылатын ТЭН әзірлеу сәтіндегі Қазақстан Республикасының қолданыстағы Салық кодексіне сәйкес салық ставкалары көрсетіледі.

7-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеуде қолданылатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ТЭН әзірлеу сәтіндегі амортизация нормалары көрсетіледі.

8-жолда мынадай сипаттамаларға жауап беретін қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептеулерінде қолданылатын көрсеткіштер көрсетіледі:

ұлттық шоттар жүйесінде деректердің, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының болуы;

нысаналы мәндердің, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының, оның ішінде мемлекеттік органның стратегиялық құжаттарының болуы.

9-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептерінде қолданылатын Қазақстан Республикасының макроэкономикалық көрсеткіштерінің орта мерзімді болжамына сәйкес макроэкономикалық индикаторлардың мәндері көрсетіледі. Сондай-ақ экономиканың макроэкономикалық дамуының түйінді немесе интеграцияланған индикаторын қолдануға болады (оны ұсыну мүмкіндігі болған жағдайда). Мысалы, ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі, өнеркәсіп өнімінің көлемі, мұнайдың әлемдік бағасы (Brent қоспасы) және басқалары.

10-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептеулерінде қолданылатын басқа да көрсеткіштер (параметрлер) көрсетіледі.

Мемлекеттік инвестициялық
жобаларды жоспарлау және іске
асыру, инвестициялық ұсынысты,
техникалық-экономикалық және
қаржы-экономикалық негіздемелерді
әзірлеу немесе түзету, қажетті
сараптамаларды жүргізу, бюджеттік
кредит берудің орындылығын
айқындау,
мемлекеттік инвестициялық жобалар
портфелін
қалыптастыру, сондай-ақ бекітілген (
нақтыланған)
параметрлерді түзету, мемлекеттік
инвестициялық
жобаларды іріктеу, мониторингілеу
және іске
асырылуын бағалау қағидаларына
12-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy>.

Әкімшілік нысанның атауы: Жобаның қаржылық тиімділік көрсеткіштерін есептеу

_____.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысанның индексі:

12-ЖҚТКЕ. Кезеңділігі: біржолғы.

Есепті кезең: __ күн __ ай __ жыл.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: қажеттілігіне қарай.

Бизнес сәйкестендіру нөмірі

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электрондық түрде

"Өткізу көлемі" көрсеткіші бойынша

Көрсеткіштің атауы	-20%	-10%	0%	+10%	+20%	n
Т а з а дисконтталған кіріс (NPV), мың теңге						
Кірістіліктің ішкі нормасы (IRR),%						

"Өткізу бағасы" көрсеткіші бойынша"

Көрсеткіштің атауы	-20%	-10%	0%	+10%	+20%	n
Т а з а дисконтталған кіріс (NPV), мың теңге						
Кірістіліктің ішкі нормасы (IRR),%						

